Karachaganak

# ҚАРАШЫҒАНАҚТАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

# 2016


Биберштейн қызғалдағы, Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген, ҚМГК кен орнында сирек кездесетін түр



БАЯНДЫ БОЛАШАҚҚА ҰМТЫЛУ ЖОЛЫНДА

eni Shell Chevron LUKOIL ҚазМұнайГаз

# МАЗМҰНЫ


**I. КІРІСПЕ**
Тұрақты даму есебі жөнінде 3
Біздің тұрақты даму бойынша міндеттемеміз 4
Бас директордың алғысөзі 5
Маңызды аспектілер және мүдделі тараптармен әрекеттесу 8

**II. ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ШОЛУ**
КПО өндірістік нысандары 14
Біздің өнімдер және экспорттық бағыттар 15
2016 жылдағы өндірістік қызметтер 16
Кен орнын игеру жұмыстары 19

**III. ЖАУАПТЫ ОПЕРАТОР**
Басшылық ету және басқару жүйелері 20
Этикалық тәртіп 28
Қауіпсіздік техникасы 30
Өндіріс тұтастығын басқару 42
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету 46
Денсаулықты сақтау 48
Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту 53

**IV. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ**
Экологиялық басқару жүйесі 69
2016 жылғы қоқ бойынша іс-шаралар жоспары 70
Атмосфераға тасталатын шығарындылар 73
Қоршаған орта мониторингі 78
Энергетикалық басқару 81
Су қорларын пайдалану 83
Қалдықтар мәселесін басқару 87
Биологиялық әртүрлілік 90

**V. ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕС**
Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттестік 96
Әлеуметтік инфрақұрылымға демеу 102
Жабдықтауды ұйымдастыру жүйесі 105
Жергілікті қамтуды дамыту 106
БҚО электр қуат қорымен қамтамасыз ету 111

**VI. ЕСЕП БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**
GRI көрсеткіштерінің кестесі 112
Даму кепілдігіміз 128
Терминдер мен қысқартулар 130
Кері байланыс 133




Орыс сепкілгүлі, ҚМГК кен орнында сирек кездесетін түр

# КПО-ның 2016 ЖЫЛҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ



Қарашығанақ өңдеу кешеніндегі күннің батуы

139,7 млн. б.м.э. – тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер өндірісі

Жұмыс уақытын жоғалтумен тіркелетін оқиғалар – 0,17

Жалпы тіркелетін оқиғалар көрсеткіші – 0,24

Жол-көлік оқиғалары көрсеткіші – 0,02

Газды пайдаға асыру көрсеткіші – 99,84 %

Шикізаттардың айтарлықтай төгілуі – 0

Жергілікті қамту көрсеткіші – 51,6 %

Шетелдік мамандарды жергілікті қызметкерлермен алмастыру:

- басқарушы лауазымдарда – 80 %
- кәсіби мамандар мен орта буын басшылары – 96 %





# КІРІСПЕ

## ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЕСЕБІ ЖӨНІНДЕ

### ЕСЕПТІҢ АЯСЫ МЕН ҚАМТУ ШЕГІ

Бұл Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. компаниясы Қазақстандық филиалы (КПО) шығарып отырған тұрақты дамуға деген ұстанымымызды айқындайтын 9-тұрақты даму есебі. Бұл есеп КПО-ның басқару және мүдделі тараптармен әрекеттесудегі тәсілдерін, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салалардағы, қызметкерлерге жетекшілік ету және қоғаммен қатынасу мәселелеріндегі тиімділігіне қатысты көрсеткіштерін жариялай отырып, компания қызметі туралы толық ақпарат ұсынуды көздейді.

Бұл есепте біздің 2016 жылдағы нәтижелеріміз бен келесі жылға жоспарларымыз берілген, сонымен қатар соңғы бірнеше жылдың динамикасындағы көрсеткіштеріміз ұсынылып, алдыңғы есептерде қозғалған тақырыптар жалғасын тапқан. Айта кетсек, компания тұрақты даму есебін әр жыл сайын шығарып келуде.

2009 жылы КПО Қазақстандағы халықаралық стандарттарға сәйкес тәуелсіз тұрақты даму туралы есепті шығаратын алғашқы компания болды. 2014 жылы КПО Қазақстандағы Есептілік жөніндегі жаһандық бастама (GRI G4) 4-нұсқаулығына сәйкес тұрақты даму есебін шығаратын алғашқы компания болды. 2015 жылғы тұрақты даму есебіміз 2016 жылдың маусым айында жарияланған болатын. Біздің барлық бұрынғы тұрақты даму есептерімізді корпоративтік жауапкершілік есептері бойынша ең ірі ғаламдық онлайн каталогтардың бірі болып табылатын www.corporateregister.com корпоративтік тіркелім вебсайтынан таба аласыз.

2016 жылғы есепті дайындау барысында, біз оның сапасын одан әрі жетілдіріп, құжатта берілген жетістіктерді ашықтық пен айқындықты сақтауға тырыстық.

### ЕСЕПТІЛІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАҺАНДЫҚ БАСТАМА

КПО-ның қаржылық емес есептері 2013 жылдан бастап, есептілік жөніндегі ғаламдық бастаманың (GRI) G4 төртінші нұсқаулығына сәйкес шығарылып келеді. КПО G4 GRI нұсқаулығы ережелерін Қазақстан Республикасында алғаш қолданған компаниялардың бірі.

2016 жылғы тұрақты даму есебі G4 нұсқаулығының «негізгі» нұсқасында, G4 GRI нұсқаулығы талаптарына сәйкес дайындалған болатын. Бұл есепте біз ашықтық тиісті деңгейінде орындалғанын қамтамасыз етуге тырыстық. GRI стандарттары талап ететін есептіліктің сапасын қамтамасыз ету үшін, осы есепті дайындау кезінде компания салыстырмалылық, анықтық, айқындық және сенімділік қағидаларын ұстанды.

### МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР ЖӘНЕ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕР

Тұрақты даму есебі біз үшін мүдделі тараптармен әрекеттесудің аса маңызды құралы. КПО қызметінің ауқымына байланысты көптеген топтар мен ұйымдар оның мүдделі тараптары болып табылады. Ең маңызды топтар осы Есептің 8-13 беттеріндегі «Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу» атты тарауында берілген.

Компанияда тұрақты даму туралы есептерді жариялау нәтижелері бойынша кері байланыс алудың әртүрлі тәсілдері бар. Соның ішінде телефон мен электронды пошта байланысы, есептің артқы мұқабасында мекенжайы берілген КПО-ның ресми сайты. Барлық пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңыз келесі есепті дайындау барысында ескеріледі.

### АҚПАРАТТЫҢ ТӘУЕЛСІЗ РАСТАЛУЫ

Есепте берілген деректердің айқындығы үшінші жақтың тәуелсіз расталуымен қамтамасыз етіледі.

Ақпараттың дұрыстығын сыртқы жақпен растау үдерісі есеп мазмұнын ISAE 3000 стандартына (ақпарттың дұрыстығын растау бойынша халықаралық стандарт) сәйкес шектеулі талдауды қамтиды. Есепте берілген ақпарат пен деректердің анықтығы мен дұрыстығын тексеру мақсатында, 2009 жылдан бері КПО сарапшы ұйымның аудиторлар тобын қабылдап келеді. Тексеріс нәтижесінде ақпарат сәйкестігі бойынша куәлік беріліп, бұл куәлік есептің ақырғы нұсқасына тіркеледі.

2016 жылғы тұрақты даму есебін растауды EY комапниясы жүргізді. Ақпараттың дұрыстығын растаудың көлемі мен шарттары 2016 жылғы Қарашығанақтағы тұрақты даму есебінің тәуелсіз тексерісі туралы мәлімет осы есептің 128-129 беттерінде берілген.

## БІЗДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕМІЗ G4-3

КПО Қарашығанақ кен орнын жергілікті қауымдастықтар үшін әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіндіктерін кеңейтумен қатар, экономикалық және экологиялық үйлесімде дамытуды көздейді.

КПО-ның коммерциялық ұйым ретінде тұрақты дамуға өз үлесін қосу мүддесі келесіні қамтиды:

- Компанияға байланысты туындаған мүмкіндіктерді барынша көбейту және оның кері әсерін азайту;
- Қабылданған шешімдердің ұзақ мерзімді салдарын назарға алу;
- Мүдделі тараптарды сындарлы сұхбатқа тарту;
- Корпоративтік басқару мен айқындықтың ең жақсы тәжірибелерін тиімді үндестіру.

КПО тұрақты дамудың *"Тұрақты даму – бүгінгі күн талаптарын қанағаттандыратын, сонымен қатар болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне кесірін тигізбейтін даму"* деген жалпылай белгілі анықтамасын ұстана отырып, тұрақты даму кодексінде айқындалған келесі тұрақты даму қағидаларын ұстануды жалғастыруда:

1. Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің әрекет ету уақыты барысында және одан кейін пайда әкелу мүддесіне еңбектену.
2. Қажет болған жағдайда, қызметімізден қоғамға тиер жағымды әсерді арттыру үшін әлеуетті кеңейту.
3. Халықаралық қағидалар мен кеңестерді ескере отырып, жергілікті, аймақтық және ұлттық басымдықтарды байыпты талдау.
4. Жергілікті мүдделі тараптармен олардың қажеттіліктерін және өзіміз жұмыс жасап жатқан орта жағдайын түсіну үшін әрекеттесу.
5. Өндірістік қызметіміздің экономикалық, әлеуметтік және қоршаған ортаға әсерлері аумағын және ұзақтығын анықтау.
6. Шешімдердің барлығын кешенді әдіс-тәсілдер негізінде қабылдау.
7. Табиғат қорларын қорғауды және/немесе оларды тиімді пайдалануды ескеру.



Бөктергі, Халықаралық табиғатты қорғау одағының тізіміне енгізілген, ҚМГК кен орнында сирек кездесетін түр

8. Жыныстық және тәртіптік аспектілерді ескеру.
9. Корпоративтік сенімді басқару мен айқындықтың ең жақсы тәжірибелерін тиімді үндестіру және сыртқы басқару үдерістеріне әсер етуге талпыну.
10. Жыл сайынғы тұрақты даму есебімізді ұсыну арқылы сыртқы мүдделі тараптарға жасалған жұмыс жөнінде толық әрі анық ақпарат беру.





## БАС ДИРЕКТОРДЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

Құрметті оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы Қазақстандық филиалының тұрақты даму туралы кезекті есебін ұсынамыз. Бұл есеп 2008 жылдан бері шығарылып келеді. G4-28

Күрделі экономикалық жағдайдың орын алуына қарамастан, 2016 жылы Компания бизнес жүргізудің шиеленісті және өзгеріп отыратын шарттарында тұрақтылық сақтау қабілетін көрсете білді. Біз барлық әлеуметтік және қаржылық міндеттемелерізді толықтай жүзеге асырып, өндірісті дамытуда маңызды табыстарға қол жеткіздік. Бұл нәтижелерге жету мүдделі тараптарымызбен тұрақты әрекеттесу арқасында мүмкін болғанын айта кеткен жөн. 2016 жылы конференциялардың, контрагенттермен, қызметкерлермен және Компанияның табысты әрекетіне құштар тараптармен кездесулердің саны едәуір өсті.

Ақпан айында «Роял Датч Шелл» компаниясы КПО акционерлерінің бірі болып табылатын «Би Джи Груп» компаниясымен қосылып, Қарашығанақ жобасы серіктестерінің қатарына қосылды. Бұл, өз кезегінде, мұнай-газ саласындағы ерекше әрі маңызды өзгерістердің бірі болды. Жаһандық энергия өндіруші көшбасшысы болып, «Шелл» компаниясы Қазақстан Республикасының ірі инвесторларының бірі, және Кәсіпорынға жаңа мүмкіндіктер беретініне сенімдіміз.

Осы басылымда 2016 жылы қол жеткізген әлеуметтік, экологиялық және экономикалық көрсеткіштерімізді жариялаймақпыз. Бұл тарауда аталмыш көрсеткіштерге қысқаша ғана шолу жасалса, олар бойынша толық ақпарат келесі бөлімдерде беріледі. G4-28

### ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІҢ ПАЙДАЛАНУ СЕНІМДІЛІГІ

Барлық жұмыстарды қауіпсіз жүргізу және оқиғалардың санын барынша азайтуға бағытталған мақсатымыз өзгеріссіз болып басты назарда қалуда.

2016 жылы КПО-да және мердігерлік ұйымдарда орын алған жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану жағдайларының көрсеткіші 0,17 құраса (2015 жылдағы 0,11 көрсеткішімен салыстырғанда), жол-көлік оқиғаларының көрсеткіші 2015 жылдағы 0,03-тен 0,02-ге дейін қысқарды. Тіркелетін оқиғалардың жалпы жиілігі 2015 жылдағы 0,30 көрсеткішінен 2016 жылда 0,24-ке дейін төмендеді, бұл - Халықаралық мұнай-газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) 2016 жылдағы 1,03 орташа көрсеткішінен және аймақтық (Ресей мен Орталық Азия) 0,52 көрсеткішінен жоғары. Алайда, былтырғы жылы тіркелуге жататын 7 оқиға тіркеліп, олардың біреуі де технологиялық үдеріске қатысты орын алған жоқ.



Әрбір әлеуетті қауіпті оқиғаларды болдырмау және кен орны аймағында жұмыс істейтін КПО компаниясы қызметкерлерінің де, сондай-ақ мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдар ұжымының да хабардар болу деңгейін арттыру мақсатында КПО активтердің тұтастығы және технологиялық үдерістердің қауіпсіздігі бойынша жұмысты 2016 жылы да жалғастырылды. Бұл орайда нысандардың тұтастығын басқару жүйесі, соның ішінде тосқауылдар үлгісі және өзгерістерді басқару құралдары кеңінен енгізілді.

2016 жылдың нәтижесі бойынша КПО-ның нысандар тұтастығы бөлімі және ЕҚ, ҚТ және ӨТ басқармасы «Тосқауылдар үлгісі және жекелеген аймақтар бойынша тосқауылдар үлгісі» жобасы үшін «Шелл» компаниясының барлау және өндіріс бөлімінің арнайы марапатына ие болды. 2016 жылы Қауіпсіздікті басқару жүйесін (ҚБЖ) дайындау және жүзеге асыру жұмыстары жалғастырылды. Сонымен қатар, біздің өндіріс және техникалық қызмет көрсету, ұңғымалық операциялар, ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ және Көшіру жобасы бөлімдеріміздің қызметкерлері «Шелл» компаниясының «Қауіп-қатерлердің нөлдік көрсеткіші батыры» және «ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ және әлеуметтік тиімділіктегі озаттық еңбек» бойынша мадақтау сыйлықтарына ие болды.

2016 жылы Қауіпсіздікті басқару жүйесін әзірлеу және іске асыру жалғасын тапты. КПО-ның негізгі өндірістік нысандарының қоршауларын техникалық жобалау және орнату бойынша жұмыстар басталды.

## ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨНІМДІ ӨТКІЗУ

2016 жылы Қарашығанақ кенінде мұнай баламасында 139,7 млн. баррель көмірсутек өндірілді. Құрғатылған қышқыл газдың қабатқа қайта айдау көлемі 8 млрд. текше метрін құрады, бұл – өз кезегінде, өндірілген газдың жалпы көлемінің 46%-на тең. 2016 жылы тұрақтандырылған мұнайдың батыс нарығына жеткізілімі 10 млн. тонна құрады. Бұл көрсеткіш 2015 жылғы көрсеткішпен тепе тең. «Жазғы газды» сату бойынша қосымша бағдарламаны сәтті жүзеге асыру нәтижесінде, КПО Орынбор газ өңдеу зауытына 8,9 млрд. текше метр тазартылмаған газды жеткізіп, газ жеткізу бойынша өзінің тарихи рекордтық жоғары көрсеткішіне қол жеткізді.

2016 жылы жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстары бекітілген кесте бойынша және ешбір оқиғасыз жүзеге асырылды. 2016 жылы ҚӨК, ГКДҚ-2 және жинақтау жүйесі нысандарында жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстары сәуір және мамыр айларында, ал ГКДҚ-3 нысанында маусым - қыркүйек айларында жүргізілді. ГКДҚ-2-дағы компрессорлар ауыстырылып, атмосфераға тасталатын шығарындалар мен қуат көзін пайдалануды азайтуға және тиімділікті жоғарлатуға үлес қосты.

2016 жылы бұрғылау жұмыстары барысында келесі жетістіктер бағындырылды:

- Жерасты жинақтаманы тереңге түсірудің ең жоғарғы көрсеткіші 449-1 ұңғымасында тіркелді; жерасты жинақтаманың ең төменгі бағанасының табаны өлшенген тереңдіктің 6603,5 метріне дейін түсірілді;
- Lamix (мұнай негізінде) ерітіндісін 3 ұңғымада пайдалану ұңғымаларды тазарту кезіндегі алауда жағу көлемін азайтуға мүмкіндік берді;
- WellTec сүйреуіш тракторын 8 ұңғымада қолданумен қатар, ұңғымаларды тез тазалау үшін айдалатын флюидтің көлемін азайту арқасында қашауды бір рет түсіру кезінде шарларды және дефлекторларды фрезерлеу саны 9 дана бойынша әлемдік көрсеткішке қол жеткізуге мүмкіндік берді.

## ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕР ЕТУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2016 жылы КПО-ның газды қайта пайдалану көрсеткіші 99,84% (2015 жылы - 99,85%) мөлшерді құрап, 2016 жылға арналған ілеспе газды өңдеуді дамыту бағдарламасы шеңберінде ҚР бақылаушы органдары мақұлдаған 99,6%-ды құрайтын нысаналы көрсеткішпен салыстырғанда әлемдік деңгейді тағы бір мәрте растап отыр. КПО нысандарының парниктік газдар шығарындыларының өндіріс бірлігіне шаққан үлестік көлемі өндірілген көмірсутектің әр бір мың тоннасына 72 мың тоннамен тең көрсеткішті құрады. Халықаралық мұнай-газ өндірушілердің қауымдастығы жариялаған деректерге сәйкес КПО көрсеткіштері орташаландырылған еуропалық және халықаралық көрсеткіштерден бұрынғыдай әлдеқайда жоғары.

Техникалық қажеттіліктері үшін тұщы су тұтыну көлемін азайту мақсатында Компания тазартылған сарқын суларды қайта пайдаланады. 2016 жылы бұрғылау ерітіндісін дайындау және шаңды басу үшін тазартылған сарқын суларды пайдалану көлему жалпы Қоншыбай жырасынан алынған техникалық судың 12,8 % құрап, нәтижесінде табиғи көздерден су тарту деңгейі азайды. 2016 жылдың қорытындысы бойынша, КПО компаниясында дайындалған «Қарашығанақ кенінде сарқын суларды қайта пайдалану» жобасының 2017 жылдың 5 маусымында Миланда өткен қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы Eni Safety and Environmental Award марапаттау салтанатында үздік деп танылған экологиялық жобалар қатарында енгенін айта кеткен жөн.

2016 жылы Компания энергия менеджменті жүйесінің ISO 50001 стандартына сәйкестікті растау үшін энергия менеджменті жүйесін дайындауды жалғастырды. Бұл шаралар шеңберінде ГКДҚ-2-дағы компрессорларды жетілдіру мен Атырау терминалында қызу шамдарын жарық диодты шамдармен алмастыру жұмыстары жүзеге асырылды.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ КӘСІБИ ДАМЫТУ

Батыс Қазақстан облысы аймағында ең ірі компания бола тұра, КПО компаниясы ұзақ мерзімді және жалақысы бәсекеге қабілетті мыңдаған жұмыс орындарын ұсынып отыр.



КПО-ның жергілікті қамту үлесін қызметкерлер арасында ұлғайту бағдарламасы аясында 2016 жылы шетелдік мамандар иеленіп келген 12 лауазымға қазақстандық қызметкерлер тағайындалды. 2016 жылдың аяғына орай, білікті мамандар мен супервайзерлердің 96% және барлық басқарушы лауазымдардың 80% үлесін қазақстандық қызметкерлер алуда.

Есеп беру кезеңі барысында қызметкерлерді міндетті оқыту курстарында, өткен жылдары басталып, әлі де жүріп жатқан халықаралық және кәсіби бағдарламалар бойынша және құрушы компанияларда тағылымдамадан өту бойынша мамандарды даярлау жұмыстарын жалғастырдық.

2016 жылдың сәуір айында кәсіподақтар мен КПО арасында 2016-2018 жылдарға арналған жаңа ұжымдық келісімшартқа қол қойылды. Мұнай-газ жалпы нарығының қалпы құбылмалы болуына қарамастан, КПО ұжымдық келісімшарттың шарттарын жақсартуға бел буды: сыйақы, әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер бойынша қосымша шарттар енгізілді.

## ЭКОНОМИКАҒА ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ

КПО жергілікті атқарушы органдармен өзара әрекеттестікті нығайту үшін 2016 жылдың маусым айында Орал қаласында жаңа кеңсе ашып, бір топ қызметкерді осы кеңсеге көшірді. Компанияның облыс орталығында кеңсе ашуы қызмет көрсету саласындағы шағын және орта бизнес өкілдерімен қоса жергілікті инфрақұрылымды дамытуға жаңа серпіліс береді.

Есептік кезеңде КПО 2016-2017 жылдарға арналған Жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасын дайындады және енгізді, ал оны белсенді жүзеге асыру өз жемістерін беруде.

2016 жылы КПО тауарларындағы, жұмыстарындағы және қызмет көрсетудегі жергілікті камту үлесі 51,6% немесе ақшалай баламада 530 млн АҚШ долларын құрады.

Әлеуметтік және инфрақұрылымдық дамытуға қатысты Өнімдерді бөлісу туралы түпкілікті келісім (ӨБТК) міндеттерімізді орындау шеңберінде КПО 2016 жылы Орал, Ақсай және Батыс Қазақстан облысының басқа да аудандарында жалпы құны 30,7 млн АҚШ долларын құрайтын бірнеше әлеуметтік жобаларды аяқтады. Жалпы алғанда, 1997 жылы КПО ӨБТК-нің күшіне енген кезден бастап 2016 жылдың аяғына дейін БҚО әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға 310,7 млн. астам АҚШ долларын жұмсады.

## ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

КПО жергілікті халықпен және жергілікті билік органдарымен кәсіби қарым-қатынасты сәтті жүргізіп келеді. Мәселен, өткен жылы КПО жергілікті халықпен 18 консультативтік кеңес отырысын өткізіп, 2016 жылға арналған әлеуметтік жобалар жоспарын жүзеге асырды. Бөрлі ауданы жергілікті атқарушы органдарының қолдауымен КПО өндірістік жобалардың бірқатарына қатысты бірнеше қоғамдық тыңдаулар өткізіп, жергілікті қауымдастықпен келісілген болатын.

2015 жылғы тұрақты даму есебінде көрсетілгендей Березов және Бестау ауыл тұрғындарын көшіру үдерісі Батыс Қазақстан облысының атқарушы органдарының жетекшілігімен және жобаны қаржыландырушы КПО компаниясының қатысуымен жүзеге асырылуда. Көшіру жобасының 2 кезеңі аясында Ақсай қаласының Қарашығанақ ықшам ауданындағы екі тоғыз қабатты және Аралтал ықшам ауданындағы 100 жер үй құрылысы 2016 жылы басталды. Сонымен қатар, Аралталда мектеп және Ақсайда балабақша құрылысы да осы есеп беру жылы басталған болатын.

2016 жылы Березов және Бестау ауылдарының тұрғындарымен жиналыстар мен кеңес беру отырыстары өткізілді. 2016 жылдың маусым және қазан айларында Бөрлі ауданының жергілікті атқарушы органдары өкілдері КПО-мен бірлесіп, «ашық есіктер күндері» үлгісінде тұрғындарға кеңес беру отырыстарын өткізді. Бұл жиналыстарға көшірілетін ауылдардың 400-ден астам тұрғыны қатысты.

Сонымен қатар, КПО 2015 жылы аяқталған көшірудің бірінші кезеңі аясында берілген әрбір жаңа пәтерге кіру және жаңа қоныстанушылардың ой-пікірлерін сұрастыру арқылы мониторинг өткізді. Нәтижесінде, үйлерге қатысты мәселелерді басқару мақсатында кондоминиум құру және пәтерлерді пайдалану барысында анықталған кемшіліктерді жоюға байланысты сұрақтар шешілді.

Есеп беру жылы КПО компаниясы негізінен зейнеткерлер мен балаларды қолдауға бағытталған бірнеше жергілікті қоғамдастықтарды дамыту жобаларын жүзеге асырды.

Жолдауымның қорытындысында, барлық акция ұстаушы компаниялардың, бір сөзбен айтқанда, жолдары Қарашығанақ жобасымен және Қазақстан Республикасындағы қызметтерімізбен өрілген барлық жақтардың мүддесі үшін тұрақты дамудың әрбір саласындағы жігерлі еңбегімізді жалғастыратынымызға есеп оқырмандарын сендіргім келеді.

2016 жылды нәтижелей келе, осы Есепте берілген көрсеткіштерге және табысқа қол жеткізуге өз үлестерін қосқан барлық адамдарға шынайы алғысымды білдіремін. Бұл нәтижелер – КПО үлкен ұжымының, сондай-ақ мердігерлеріміздің, әріптестеріміздің және серіктестеріміздің зор еңбегінің айғағы. Әлемдік деңгейдегі айрықша жоба - Қарашығанақты сәтті игеру барысында өзіміздің тұрақты дамуға бағытталған әрекеттеріміз ашық, адал және анық болып қала беруі мақсатында өзіміздің қол жеткізген жетістіктерімізді сіздермен ерекше мақтанышпен бөлісуге және акционерлерімізбен жұмысымызды жалғастыруға ынталымыз.

Ренато Мароли
КПО бас директоры

# МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӘРЕКЕТТЕСУ

## МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕР G4-18

Біз тұрақты даму туралы есептің сапасын арттыру және есеп беру үдерісін жетілдіру мақсатында жылдан жылға өз жігерімізді салып келеміз. Есепті дайындау барысында біз қаржылық емес есеп беру саласында дүние жүзі бойынша үздік деп танылған тәжірибеге жүгінеміз. Маңызды аспектілерді және олардың шектеулерін жыл сайынғы Тұрақты даму туралы есепте айқындауда біз Есептілік жөніндегі жаһандық бастаманың 4 (GRI 4) нұсқаулығын ұстанамыз, сонымен қатар тұрақты даму бойынша маңызды деректерді Халықаралық мұнай және газ өндірушілерінің қауымдастығы (IOGP) көрсеткіштерімен салыстыра ұсынамыз.

Тұрақты даму туралы есеп беру үрдісі ақпарат алмасу, деректерді жинау және салааралық ішкі мен сыртқы қатынасуды қамтиды G4-21. Біздің маңызды аспектілеріміз әртүрлі бақылаушы органдармен, құрушы компанияларымызбен, өкілетті орган «PSA» ЖШС-мен, бизнес серіктестерімізбен, мердігерлерімізбен, жергілікті қауыммен және бұқаралық ақпарат қауымдары (БАҚ) өкілдерімен көп тарапты әрекеттестік нәтижесінде анықталады. Өз көкейкесті мәселелерін мүдделі тараптар көптеген жиналыстарда, консультативтік кеңестерден бастап, форумдарға дейін, көпшілік талқылауларда, тексерулер, сондай-ақ, тіпті Компанияға тікелей қатынасу арқылы білдіре алады. Сонымен қатар, біз тұрақты даму үдерісіне септігін тигізген КПО-ның әртүрлі бөлімшелерінің үлесін сандық бағалауға мүмкіндік беретін мақсаттар мен салыстырмалы белгілер жүйесін дайындап келеміз. Есептің мазмұнымен жұмыс барысында қауіп-қатерлерді және мүмкіндіктерді талдау да өткізіледі.

Маңызды аспектілер КПО-ның жалпы әрекетімен де, оның бөлек өнімдерімен, қызмет көрсетулерімен және қатынастарымен жасалатын ықпалға қатысы бар экономикалық, қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік әсерлер мәселелерін, соның ішінде осы факторлардың мүдделі талаптардың ой-пікіріне және шешімдеріне әсерін қозғайды. Бұндай ықпалдардың ішкі де, сыртқы да орын алуы анықталады. G4-19

Содан кейін маңызды аспектілер басымдықтарына орай реттеледі, ал GRI стандарттары Компанияның менеджмент саласындағы тәсілдерін және негізгі көрсеткіштерін ескере отырып таңдалады. Алдыңғы жылғы есеп беру кезеңінің маңызды аспектілері кері байланыс негізінде талданады. G4-26

Өткен жылы 2015 жылдың Тұрақты даму туралы есебінің қағазға басылып шығарылған даналары оқырмандарымызға толтырылатын пікір-жауап парақтарымен бірге таратылды. Компанияның тұрақты даму саласындағы әрекеті туралы қызметкерлердің хабардарлығын арттыру және олардың пікірлерін білу мақсатында 2016 жылдың желтоқсаны мен 2017 жылдың ақпан айы аралығында онлайн сауалнама жүргізілді. Алынған нәтижелер бойынша, бұл сауалнамаға қызметкерлердің 24% қатысып, олардың келесі есепте көргісі келетін тұрақты даму аспектілері туралы пікірлері анықталды.

Сауалнама барысында нақты және маңызды мәселелер айқындалып, олар есепте де көрініс тапты. Қызметкерлердің айқындалған мәселелердің ең маңыздылары жаңғырмалы қуат көздерін және энергия үнемдеуіш технологияларды өндіріске енгізумен, қалдықтарды өңдеу, ұйымдық құрылымды оңтайландыру үдерісі және оның нәтижелері, Березов және Бестау ауылдарын көшіру, көгалдандыру және қайырымдылық мәселелерімен байланысты. Қабылданған ақпаратқа шолу № 1 кестеде жасалған.

**1-кесте. Тұрақты дамудың маңызды аспектілері G4-20**

| | | МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕР |
|---|---|---|
| ӘЛЕУМЕТТІК ҚАТЫНАСТАР | ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ ЖӘНЕ АБЫРОЙЛЫ ЕҢБЕК | Қызметкерлеріміздің еңбегін қорғау мен қауіпсіздік техникасы (біздің мердігерлер үшін де маңызды) |
| | | Қызметкерлеріміздің денсаулығын сақтау |
| | | Жұмысқа орналастыру және өтемақы |
| | | Кәсіби дамыту және оқыту |
| | | Әлеуметтік, мәдени және жыныстық әртүрлілік және тең мүмкіндіктер |
| | | Қызметкерлер және басшылық арасындағы өзара қарым-қатынас |
| | | Еңбек қатынастары саласындағы бұзушылықтарға қатысты түскен шағымдарды және жолдауларды қабылдау |
| | АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ | Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі |
| | | Кәсіби одақтарға мүшелік және ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігі |
| | | Мердігерлерді адам құқығы бойынша оқыту |
| | ҚОҒАМ | Жемқорлыққа қарсы әрекет |
| | | Жобаның жергілікті қоғам өркендеуіне әлеуетті кері әсері туралы шағымдарды және жолдауларды қабылдау |
| | | Жобаның әсеріне ұшыраған жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу, әсер ету деңгейін бағалау және бәсеңдету тәсілдері |
| | | Төтенше жағдайларға қарсы әреке ету дайындығы және жергілікті қауымдастықтармен әрекеттесу тәсілдері |
| | | Өндірістік активтердің тұтастығы және технологиялық үдеріс қауіпсіздігі |
| ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ | | Парниктік газдар мен ластағыш заттар шығарылу көлемін азайту |
| | | Ауа тазалығын қадағалау |
| | | Қатты және сұйық қалдықтар мәселесін басқару, сарқынды суларды қайта пайдалану немесе жою |
| | | Зиянды заттардың төгілуі |
| | | Су көздерін пайдалану |
| | | Қуат пайдалануды реттеу |
| | | Биологиялық әртүрлілілк және экожүйелерді сақтау |
| | | КПО-ның қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөнінде шағымдарды және жолдауларды қабылдау |
| | | Қоршаған ортаны қорғау мәселесіне қаражат бөлу |
| | | ISO 14001 және OHSAS 18001 куәландыру сертификаттары |
| ЭКОНОМИКА | | Жергілікті қызметкерлер санын ұлғайту |
| | | Өзіміз жұмыс жүргізетін аймақтардағы инфрақұрылымға, соның ішінде жергілікті ұйымдарға қолдау көрсетуге салынатын инвестициялардың әсері |
| | | Жергілікті халықты электр энергиясымен қамтамасыз ету |
| | | Жергілікті қамтуды дамыту және тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алу үдерісіне қатыстыру |
| | | Сатып алу тәжірибелері мен жеткізілімдер тізбегі |
| | | Мемлекетке жасалған төлемдердің жариялылығы (Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы) |
| | | Есептелген айқын қорлар мен өндіріс мөлшері |





## МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік қатынастарын орнату – тұрақты даму үдерісінің іргетасы және бизнес өркендеуінің негізі екені әлемдік тәжірибемен мойындалған жайт. Біз өзіміздің мүдделі тараптарымызбен тығыз байланыстамыз және олардың ой-пікірлеріне үлкен назар аударамыз. G4-26

Біздің мүдделі тараптармен қатынасымыз күнделікті әрекет шеңберінде және заңнамаға сай жүзеге асырылады. Бұл – жоспарлау және тиісті ақпаратты құжаттау негізінде ұйымдастырылған және реттелген үдеріс. КПО бөлімдері өз бетімен өздерінің мүдделі тараптарын анықтап, олармен әрекеттесу тәжірибесі туралы осы Есепте бөлісуде.

Тығыз байланыстағы негізгі 10 мүдделі тараптарымыз төмендегі 1-суретте көрсетілген.

**1-сурет. Біздің мүдделі тараптарымыз G4-24**




КПО қолданысындағы мүдделі тараптармен әрекеттесу тәртіптері мен әдістері хаттар, отырыстар және жиналыстардан конференциялар, форумдар, ашық есіктер күндері, әлеуметтік сауалнамалар және басқа да тәсілдерге дейін түрленеді. G4-25

2-кестеде 2016 ж. мүдделі тараптарымызбен әрекеттесуіміз бойынша қысқаша шолу берілген.

**2-кесте. 2016 ж. мүдделі тараптарымызбен әрекеттесу**

| МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР G4-24, G4-26, G4-27, G4-16 | ӘРЕКЕТТЕСУ ӘДІСТЕРІ | 2016 Ж. ӘРЕКЕТТЕСУДІҢ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ |
|---|---|---|
| Құрушы компаниялар («Эни», «Шелл», «Шеврон», «Лукойл», «ҚазМұнайГаз») | • Директорлар кеңесінің жиналыстары;<br>• Мердігерлер комитетінің кеңестері;<br>• Операторлар комитетінің кеңестері;<br>• Мердігерлердің негізгі комитетінің шағын комитет бойынша кеңестері;<br>• Операторлардың негізгі комитетінің шағын комитет бойынша кеңестері; | • ҚТ және қауіпсіздік мәселелері;<br>• Өндіріс көрсеткіштерін оңтайландыру;<br>• ҚОҚ мәселелері;<br>• Жылдық жұмыс бағдарламасы және бюджет, қосымша қаражатқа өтінім, шығын жұмсауға рұқсат;<br>• Ірі және шағын дамыту жобалары;<br>• Мұнай өнімдерін тасымалдау, өңдеу және сату;<br>• 5 жылдық бизнес жоспар. |
| Өкілетті орган «PSA» ЖШС | • Басқару жөніндегі Бірлескен Комитет (ББК);<br>• Сатып алу бойынша Бірлескен Комитет (СБК);<br>• Өтім бойынша Бірлескен Комитет (ӨБК);<br>• Жергілікті қамту бойынша шағын комитеттің кеңестері. | • Жылдық жұмыс бағдарламасын және бюджетті, қосымша қаражатқа өтінімді мақұлдау;<br>• Ірі келісімшарттарды мақұлдау;<br>• Әлеуметтік және инфроқұрылымдық жобаларды мақұлдау. |
| Қызметкерлер | • Әртүрлі тақырыптағы қызметкерлерге арналған электронды сауалнамалар;<br>• Корпоративтік БАҚ арқылы ақпараттандыру, корпоративтік интранет-портал, кітапшаларды шығару және тарату, Компания кеңселеріндегі электронды дисплейлерде ақпаратты жариялау;<br>• Тәртіп Кодексі және Мүдделер қақтығысы саясатының ережелері бойынша жыл сайынғы ақпараттандыру;<br>• Қызметкерлердің өндірістік және әлеуметтік сұрақтар бойынша немесе жедел желі арқылы түскен өтініштері;<br>• Студенттермен кездесу, форумдар өткізу;<br>• Қазақстан халықтарының тілдері күні. | • Денсаулықты сақтау саласындағы қызмет көрсету сапасы бойынша қызметкерлерге арналған онлайн сауалнама; ақпараттық және телебайланыс бойынша қызмет көрсету бөлімінің өз қызметінің сапасы туралы сауалнамасы, тұрақты даму туралы есепке қатысты қызметкерлердің ой-пікірлерін білу онлайн сауалнамасы.<br>• ҚТ, денсаулықты қорғау, қауіпсіздік, азаматтық қорғаныс және т.б. тақырыптарға онлайн оқыту.<br>• КПО және мердігерлік ұйымдар қызметкерлері қатысатын ҚТ сақтау бойынша өткізілетін кезектен тыс жиналыстарды өткізу.<br>• КПО және мердігерлік ұйымдар қызметкерлерін ҚТ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы жеткен жетістіктері үшін қауіпсіз әрекет мәдениетін нығайту шеңберінде әр тоқсан сайын марапаттау.<br>• Жас мұнайшы-инженерлерді SPE қолдау бойынша бірлескен қызмет жасауға бағытталған өзара серіктестік жөнінде келісім жасасу үшін КПО және Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті өкілдерінің жиналысы. |

| МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР G4-24, G4-26, G4-27, G4-16 | ӘРЕКЕТТЕСУ ӘДІСТЕРІ | 2016 Ж. ӘРЕКЕТТЕСУДІҢ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ |
|---|---|---|
| Мемлекеттік органдар (министерліктер, жергілікті және аймақтық бақылаушы органдар, кедендік органдар, сот органдары) | • Жұмыс жиналыстары, сапарлар, кездесулер;<br>• Есеп берулер, жиындар, кеңестер;<br>• Кешенді жаттығулар;<br>• КПО-ның министрліктертерге қарасты жұмыс топтарында қатысуы; | • 2016 ж. ақпан айында ҚР Энергетика Минстрі В. Школьник Орал қаласында КПО жүзеге асырып жатқан әлеуметтік жобаларға сапар шекті. Нәтижесінде, КПО-ның аймақтағы әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру қызметіне оң баға берілді.<br>• 2016 ж. қарашасында КПО компаниясы ҚР Парламентінің Мәжілісінде өзінің өндірістік жетістіктерін, соның ішінде өндіріс, ҚТ, ЕҚ және ҚОҚ, қызметкерлер арасында жергілікті қамтуды дамыту және БҚО аймағындағы әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру салаларындағы көрсеткіштерін ұсынды.<br>• 2016 ж. қарашасында КПО компаниясы ҚР Инвестициялар және Даму министрлігі басқаруымен өткізілген “Қазақстан: жаңа инвестициялық мүмкіндіктер” конференциясына қатысты. Конференция шеңберінде 2016 жылдағы үздік шетел инвесторлары марапатталды. Бұл орайда, КПО компаниясы Қазақстандағы жергілікті қамтуды дамытудағы инвестициялық белсенділігі номинациясында лауреат атанды.<br>• Аймақаралық әріптестік бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде, КПО және аймақтық органдар өкілдері арасында жергілікті қамту үлесін дамытуға қатысты бірқатар бірлескен келісімдерге қол қойылды.<br>• 2016 ж. КПО компаниясы апаттарды және төтенше жағдайларды жою бойынша аймақтық органдармен бірлесіп, Қарашығанақ кен орнындағы төтенше жағдайға қарсы әрекет ету бойынша бірқатар кешенді жаттығуларды өткізді (толық ақпарат «Апатқа қарсы әрекет ету және азаматтық қорғаныс» тарауында).<br>• Министірліктердегі жұмыс топтарының талқылауларындағы қауіпсіздік жүйелерін, парниктік газдар шығарындыларын мөлшерлеу мәселелері. |

| МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР G4-24, G4-26, G4-27, G4-16 | ӘРЕКЕТТЕСУ ӘДІСТЕРІ | 2016 Ж. ӘРЕКЕТТЕСУДІҢ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ |
|---|---|---|
| Контрагенттер (жеткізушілер/мердігерлер, тапсырыс берушілер, банкілер) | • Форумдар, конференциялар<br>• Жұмыс кездесулері, сапарлар. | • 2016 ж. наурызында КПО «Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында маңызды экологиялық аспектілерді басқару: бақылау шаралары» атты конференция өткізді. Конференцияға КПО-ның 53 қазақстандық және шетелдік мердігерлік ұйымдары қатысты. Конференцияға қатысушылар ISO 14001:2015 жаңа стандарттары талаптарын енгізу бойынша КПО-ның жоспарларымен және жаңа сертификатты алуға қатысты кеңестермен танысты.<br>• 2016 ж. сәуір айында КПО компаниясымен жүзеге асырылатын жобаларда жергілікті қамтуды ұлғайту жоспарларын орындау мүмкіндіктерін талқылау мақсатында КПО делегациясы Атырау қаласы әкімшілігінде іссапармен барды.<br>• 2016 ж. сәуір айында КПО Қарағанды қаласында өткізілген «Қарағанды Инвест – 2016» атты IV халықаралық инвестициялық форумға қатысты.<br>• 2016 ж. маусым айында аймақаралық ынтымақтастық шеңберінде КПО делегациясы Петропавл қаласында болды. Сапар барысында тараптар Солтүстік Қазақстандық компаниялардың Қарашығанақ кен орнын игеруіне қатысу мүмкіндіктерін талқылады.<br>• 2016 ж. шілде айында КПО Павлодар облысы әкімінің басшылығымен ресми және іскерлік өкілдерінің делегациясын қабылдады. Сапар табысты ынтымақтастықтың үлгісі болып, Павлодар облысының өндірушілеріне өз өнімдерін Қарашығанаққа жеткізуге мүмкіндік берді.<br>• 2016 ж. қазан айында КПО өкілдігі жергілікті қамту жобаларын қолдау шеңберінде Маңғыстау қаласындағы Tenaris Global Services компаниясының зауытының ашылуына қатысты (толық ақпарат "Жергілікті қамтуды дамыту" тарауында). |
| Бизнес серіктестер (мұнай-газ компаниялары, бизнес-қауымдастықтар) | • Кездесулер, конференциялар, форумдар, сайыстар | • 2016 ж. мамыр айында КПО Атырау қаласында өткен V мерейтойлық "Қазмұнайгазсервис - 2016" конференциясына қатысты.<br>• 2016 ж. қараша айында Астанада өткен "Ұлы дала елі" атты Қазақстандық тауар өндірушілерінің II Форумында КПО «Сенімді серіктес» номинациясында марапатталды. КПО – бұл марапатқа ие болған алғашқы халықаралық мұнай-газ компаниясы.<br>• 2016 ж. желтоқсан айында RAEX рейтингілік агенттігі Жылдық есептердің 2015 жыл бойынша жыл сайынғы байқауын өткізіп, КПО бұл бәйгенің лауреаты атанып, «Тұрақты даму туралы үздік есеп» номинациясында марапатқа ие болды. |
| Үкіметтік емес ұйымдар (коммерциялық емес ұйымдар, бастамашыл топтар, қоғамдық қорлар) | • Кездесулер, семинарлар, шаралар | • Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтендіру және олардың шығармашылық қабілетттерін дамытуға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыруды көздейтін, Бөрлі ауданының «Жас Дарын» қоғамдық ұйымымен серіктестік құру және оған қаржылық қолдау көрсету. |





| МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР G4-24, G4-26, G4-27, G4-16 | ӘРЕКЕТТЕСУ ӘДІСТЕРІ | 2016 Ж. ӘРЕКЕТТЕСУДІҢ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ |
|---|---|---|
| БАҚ (ұлттық, аймақтық, жергілікті) | • Хаттар, ақпараттандыру, БАҚ сұранымдарына жауап қайтару, кездесулер, шаралар форматында жүйелі әрекеттесу | • 2016 маусым айында КПО республикалық басылымдардың бас редакторлары үшін медиа тур өткізіп, Қарашығанақ кен орнына, КПО-ның Орал қаласындағы кеңсесіне және әлеуметтік жобаларға сапар шегіп, таныстырып шықты.<br>• 2016 жылдың шілде айында КПО компаниясы БҚО әкімшілігі және АҚ ҰК «Орал» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен бірлесіп, "Ақжайық Инвест" инновациялық форумын өткізді. Форумға аймақтық және жергілікті БАҚ қатысты.<br>• 2016 жылдың тамызында КПО Оралдағы кеңсесінде ҚР Премьер-Министрінің және үкімет мүшелерінің қатысуымен «Қазақстанның газ саласын дамыту» атты конференция өткізді. Конференцияда іскерлік қауымдастық, ұлттық, аймақтық және жергілікті БАҚ болды. |
| Жергілікті қауымдастықтар (Ақсай және көршілес ауылдық округ тұрғындары) | • Консультативтік кеңестер, қоғамдық тыңдаулар, қауымдастықтарды әлеуметтік қолдау шаралары | • Қарашығанақ кен орны айналасында орналасқан ауыл тұрғындарымен әлеуметтік және инфрақұрылымдық қолдау жөнінде 18 консультативтік кеңес өткізілді.<br>• 33 жұмыс жобалары, ұңғымаларды құрастырудың жекелеген техникалық жобаларын жүзеге асыру, елді мекендердегі апаттық хабарландыру жүйелерін жетілдірудің жұмыс жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілді.<br>• Денсаулық сақтау, білім және өнер салаларында жергілікті халыққа қолдау бойынша жобаларды жүзеге асыру (толық ақпарат «Жергілікті халықпен әрекеттесу» тарауында).<br>• Демеушілік бағдарламасы шеңберінде Компания Ақсай қаласындағы балалар саз мектебіне автобус, концерттік костюмдерді және ұлттық саз аспаптарының топтамасын сыйлады.<br>• 2016 ж. қараша айында КПО Орал қаласының соғыс ардагерлері кеңесі және Бөрлі ауданының еңбек ардагерлеріне арналған Карашығанақ кен орнына экскурсия өткізді. |
| Кәсіподақтар | • Еңбек ресурстары басқармасының қызметкерлерімен қарым-қатынас жөніндегі тобына әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша қызметкерлердің жолығу механизмдері;<br>• Ұжымдық шарт;<br>• Спорттық және мәдени шаралар. | • Кәсіподақтар және компания арасындағы 2016-2018 жылдарға арналған жаңа біріңғай ұжымдық шартқа қол қою.<br>• Жыл ішінде шаңғы жарысы, веложарыс, футбол, волейбол, теннис, шахмат және т.б. сияқты бірқатар спорт түрлері бойынша әртүрлі сайыстар, жарыстар, спартакиадалар өткізілді.<br>• Қызметкерлердің жалпы қалалық шараларға, мерекелік шерулерге, сенбіліктерге қатысуы. |

# ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. (КПО) Қазақстандық филиалы Қазақстан Республикасы аймағында өндірістік және геологиялық барлау қызметін жүргізетін халықаралық мұнай және газ компаниясы. КПО өз қызметтерін Қазақстанның солтүстік-батысында орналасқан және 280 шаршы километрден астам аймақты алып жатқан әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсаты кен орындарының бірі болып табылатын Қарашығанақ кен орнында жүргізуде.

Қарашығанақ кен орны шалғай және пайдалануға қиын аймақта орналасқан. Мұнда қоршаған ортаның температурасы қыста -40°C, жазда +40°C аралығында болуы мүмкін. Үстіңгі қабаты 3 500 м. тереңдікте орналасқан қор қалыңдығы 1 600 м-ді құрайды әрі аса күрделі және ерекше болып табылады. Көмірсутектерінің құрамында 4,5%-ға дейін улылығы жоғары күкіртті сутегі және белгілі бір жағдайларда коррозиясы жоғары болуы мүмкін көмірқышқыл газы бар.

ҚР қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссияның 18.03.2014 күнгі отырысында қабылданған Қарашығанақ кен орнындағы мұнай, газ, конденсат және ілеспе компоненттер қорын қайта есептеу туралы соңғы КПО есебінің бағалауы бойынша Қарашығанақта 13[1] млрд баррель сұйық көмірсутек пен 57 трлн. текше фут газ бар, және олардың 12%-на жуығы бүгінгі күнге дейін өндірілген.

2016 жылдың соңында КПО-ның көп ұлтты ұжымында 4 339 адам еңбек етуде. Бүгінгі таңда Қарашығанақ жобасын бес құрушы компания - Эни, Шелл, Шеврон, Лукойл және ҚазМұнайГаз басқарып, Реттеу жөніндегі келісім және Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім негізінде бірлесіп жұмыс атқарып келеді. 1997 жылы Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге қол қойған сәттен бері, Мердігер экономикалық кірісті тұрақты көбейтуге және қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуға бағытталған алдыңғы қатарлы технологияларды қолданып, кен орнын игеруге 21,9 млрд-тан астам АҚШ долларын бөлді.

## КПО ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАРЫ

Көмірсутектерді өндіру, дайындау және өңдеу жұмыстары негізгі үш қондырғыда іске асады: Қарашығанақ өңдеу кешені (ҚӨК), ГКДҚ-2 мен ГКДҚ-3. Негізгі нысандарды байланыстырып, өндірістік ағындарды ұңғымадан қондырғыларға қарай және қондырғылар арасында бағыттап, өнімдерді жинауға және бөлуге арналған ішкі өндірістік өткізгіш құбырлар жүйесі шамамен 2 000 км-ді құрайды. Сондай нысандардың қатарына Мұнайды бастапқы өңдеу станциясы мен Эко орталығы жатады.

*[1]Өткен кезең деректерінің айырмашылығы нақтыланған геологиялық барлау мәліметтерімен түсіндіріледі.*

Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектердің негізгі экспорттық бағыты – «Қарашығанақ – Атырау» тасымалдау жүйесі (ҚАТЖ) – оған кіретін екі сорғы станциясы, біреуі ҚӨК, ал екіншісі Үлкен Шаған ауылында, сондай-ақ КПО-ның Атырау терминалында өнімді қабылдау және сақтауға арналған нысандары – КПО-да қолданылатын тасымалдау жүйесіне кіреді. Екінші экспорттық бағыт – бұл көмірсутекті өнімдерді Ресей Федерациясында орналасқан Орынбор газ өңдеу зауытына тасымалдау үшін КПО қолданатын «Қарашығанақ-Орынбор» тасымалдау жүйесі (ҚОТЖ).

2016 жылдың аяғына қарай Қарашығанақ кен орнының жалпы қоры 412 ұңғыманы құрап, олардың ішінде 119 пайдалану ұңғымасы және тазартылмаған газды кері айдайтын 17 ұңғыма жұмыс істейді. Нысандар жөнінде толығырақ ақпарат КПО-ның 2014 жылғы тұрақты даму есебінде берілген.



КПО қызметкері Қарашығанақ өңдеу кешенінде





## БІЗДІҢ ӨНІМДЕР ЖӘНЕ ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР G4-4, G4-8

КПО тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектерді, тазартылмаған газды және жанармай газын өндіреді және өңдейді. Алынған көмірсутек өнімдерінің басым көпшілігі сатудан түсетін кірісті көбейту мақсатында экспортталады.

2016 жылы өндірілген сұйық өнімнің 92% жуық көлемі тұрақтандырылған мұнай қалпында батыс нарықтарына келесі жолдар арқылы сатылды:

- Каспий құбыр желісі консорциумы (ҚҚК);
- «Трансмұнай» құбыр жүйесі арқылы Атырау-Самара құбыр желісіне.

ҚҚК құбыр желісі арқылы КПО мұнайы Новороссийсктің Қара теңіз портына жеткізіледі, ал Атырау-Самара құбыр желісі мұнайды Балтық теңізіндегі Усть-Луга портына жеткізуге пайдаланылады (сурет 2).

**2-сурет. Экспорттық бағыттар**




2016 жыл ішінде мұнай сатылымдарына үздіксіз зейін қою КПО-ға ең тиімді болып табылатын ҚҚК құбыр желісі арқылы рекордтық көлемдегі 9,5 млн. тонна мұнай экспорттауға мүмкіндік берді. Осы уақыт аралығында 0,2 млн тоннаға жуық мұнай көлемі Атырау-Самара құбыр желісі арқылы экспортталса, сұйық көмірсутектердің қалған бөлігі Орынбор арқылы Ресейге тұрақтандырылмаған конденсат түрінде экспорталып, және жергілікті нарыққа шығарылды. 2016 жылдың қаңтарынан бастап ҚҚК құбыр желісі арқылы КПО Қарашығанақ мұнайындағы Қазақстан Республикасы үлесін сатуды да сәтті бастады.

Кен орнында алынған газ қабаттық қысымды ұстап тұру үшін қайтадан қабатқа айдалады, сонымен қоса «КазРосГаз» ЖШС-мен жасалынған Газды сату бойынша ұзақ мерзімді келісім бойынша тазартылмаған газ күйінде сатылады немесе КПО нысандарының қажеттіліктері және жергілікті электр қуатын таратушы компаниялар үшін электр энергиясын өндіру мақсатында (күкіртті сутектен) тазартылады.

2014 жылдан бері, Орынбор газ өңдеу зауытындағы мамыр-қазан айлары аралығындағы жоспарлы жөндеу жұмыстары кезінде КПО жазғы газды сату бағдарламасын жүргізіп келеді. Бұл бағдарлама «КазРосГаз» ЖШС-мен келісімшарт бойынша міндеттемелерге қосымша өндірілген газ көлемін сатуды қамтиды. Осы бағдарлама нәтижесінде, 2016 жылдың мамыр-маусым айлары аралығында КПО 206 млн текше метр тазартылмаған газдың және 68 мың тонна ілеспе сұйықтықтың үстеме көлемін өндірді. 2016 жылдағы жазғы газды сатудан кейінгі үстеме өндірістің жалпы көлемі 1,8 млн барелін мұнай эквивалентін құрады.

Өткен жылы КПО Орынборға 8,9 млрд. текше метр тазартылмаған газды жеткізді, бұл газ жеткізу бойынша компанияның тарихи рекордтық жоғары көрсеткіші болды.

Қарашығанақ өңдеу кешенінің конденсатты тұрақтандыру нысанының 2016 жылдың сәуір-мамыр айларындағы жоспарлы жөндеу жұмыстары кезінде, Орынбор газ өңдеу зауыты және «Конденсат» АҚ-ның шағын мұнай өңдеу зауыты арқылы тұрақтандырылмаған конденсат жеткізілімдерінің көлемі түсетін табысты барынша ұлғайту мақсатында көтерілді.

Қабат қысымын ұстап тұру және сұйық көмірсутектер қайтарымын алдағы жылдары арттыру мақсатында 2016 жыл ішінде компания қабатқа 8 млрд. текше метр газ айдады және бұл алынған газдың жалпы көлемінің шамамен 46%-на тең.

# 2016 ЖЫЛДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТЕР G4-4

2016 жылы КПО компаниясы тұрақты және тұрақсыз сұйық көмірсутек пен газ күйіндегі 139,7 млн. баррель мұнай эквивалентінде (б.м.э.) өнім өндірді. 2016 ж. газды жеткізу 8,9 млрд. текше метрге жетті.

**3-кесте. 2016 жылғы өндіріс көлемі**

| | | 2014 | 2015 | 2016* |
|---|---|---|---|---|
| **Жалпы өндіріс көлемі**** | млн б.м.э. | 142,5 | 141,7 | 139,7 |
| **Тұрақтандырылған мұнайдың жалпы көлемі** | мың т | 11 004 | 10 796 | 10 466 |
| **Газ өндірісінің жалпы көлемі** | млн $м^3$ | 18 248 | 18 234 | 17 659 |
| **Газды кері айдау** Сатылмаған, қабатқа кері айдалған газ көлемі | млн $м^3$ | 8 818 | 8 652 | 8 040 |
| **Тазартылған газ** ҚӨК-де ішкі қажеттіліктер үшін пайдаланылған газ | млн $м^3$ | 689 | 687,5 | 605,4 |

* Жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу жылы
** Көлемнің толық көрсеткішінде қабатқа кері айдалған газ көлемі жоқ

**4-кесте. 2016 жылғы сатылымдар**

| | | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|---|
| **Жалпы сатылымдар көлемі** | млн б.м.э. | 137,9 | 137,6 | 137 |
| **Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер** Орынбор ГӨЗ және шағын МӨЗ жеткізілетін конденсат | мың т | 732 | 677 | 898 |
| **Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер** ҚҚК және Атырау-Самара құбыры арқылы жеткізілетін мұнай және тұрақтандырылған конденсат | мың т | 10 269 | 10 127 | 9 697 |
| **Тазартылмаған газ** Орынбор ГӨЗ-на | млн $м^3$ | 8 594 | 8 799 | 8 934 |
| **Тазартылған газ** БҚО тұрғындарының қажеттіліктері үшін | млн $м^3$ | 114,3 | 68,1 | 50,8 |

## ЖОСПАРЛЫ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ (ЖЖЖ)

КПО-ның жоспарлы жөндеу стратегиясы қауіпсіз үздіксіз өндірісті және заң нормаларына сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, жоспарлы жұмыстар арасындағы интервалдарды арттырып, оларды іс жүзінде жүргізу уақытын азайту есебінен өнім алуды оңтайландыруға және шығындарды төмендетуге бағытталған.

Жоспарлы жөндеу жұмыстарын жоспарлау барысында КПО қауіп факторларына негізделген инспекция тәсілін қолданады. Негізгі жабдықтардың барлық түрлерін қамтитын қауіп факторларына негізделген аралықтарды есепке алу арқылы, Қазақстанның қолданыстағы талапаларды ұстана отырып, жөндеу арасындағы интервалдар арттырылды. Басқа жұмыстарға жаңа немесе жетілдірілген қондырғыларды орнату және қажетті түрлендірулер арқылы жоспарлы жөндеу жұмыстарын техникалық жобалау жатады.

2016 жылғы жөндеу барысында жоспарланған жұмыстар кесте бойынша және жазатайым оқиғасыз сәтті аяқталды. Бұл көлемге ҚӨК мен ГКДҚ-2 нысандарының және жинақтау желісінің сәуір мен мамыр айларындағы толық тоқтатылуы; және ГКДҚ-3 нысанының қыркүйектегі толық тоқталуы кіреді.

## БҰРҒЫЛАУ

2016 жылдың бірініші жартысында өндірісте үш бұрғылау қондырғысы қолданылды. Бір бұрғылау қондырғысындағы жұмыс 2016 жылдың маусым айында аяқталса, қалған екі қондырғы өз қызметін жалғастырды.

Кен орнындағы өндірісті және газды қайта айдау үдерісін оңтайландыруға бағытталған ұңғымаларды күрделі жөндеу бағдарламасы 2016 жылдың маусым айына дейін жалғасты. Жеті жаңа ұңғыма және бүйір оқпанды екі ұңғыма сәтті бұрғыланып, ісінетін пакер арқылы бекітілді. Он ұңғыма желіге қосылды. Жаңа ұңғымалардың төртеуі кеніштің батысындағы біртіндеп жетілдіру аймағында бұрғыланды.

Өткен жылы КПО ұңғыма операцияларындағы жергілікті қамту үлесін жергілікті бұрғылау қашауларын өндіретін «ЖігерМұнайСервис» (ЖМС) компаниясы арқылы ұлғайтты. КПО №9853 ұңғымасының 16 дюймді бөлшегін ЖМС қашауымен бұрғылауда жақсы нәтижелерге жетті. Қашау сапасын сынаудың екінші сәті 2017 жылдың қаңтар айындағы №9856 ұңғымасын бұрғылау кезіне түсіп, тиімділіктің жақсы деңгейі расталды.

2016 жыл ішінде бұрғылауда компания келесі жетістіктерге қол жеткізді:

- Бұрғылау мұнарасының төменгі жабдықтарының динамикалық дірілін азайтуға бағытталған үздіксіз инновациялар мен зерттеулердің арқасында 2016 жылы басталған бес ұңғыма жоғары квартильде болды. Бұл бұрғылау жұмыстары кезіндегі тоқтаусыз каротаж жасауға қолданылатын құралдардың пайдалану ұзақтығын арттыруға және ұңғыма кенжарын тереңдетпей жұмыс істеу уақытын азайтуға мүмкіндік берді;
- Ұңғыма кенжарын тереңдетпей жұмыс істеу уақытын азайту, бұрғылау мұнарасының төменгі жабдықтарын оңтайландыру, сонымен қатар діңгектің 6″ бөлігінде бұрғылау әрекеттері жұлқыну мен вибрациялық бұрылуды азайтады;
- Ең төменгі тереңдікте аяқтау жұмыстары 449-1 ұңғымасында орын алды; төменгі бітіру ұңғымасының табаны 6603,5 метр өлшенген тереңдікте;
- 9850 ұңғымада керамикалық орталықтандырғышты қолдану себебінен жууға арналған 7″ең ұзын артқы (1900 м) ілмек болды;
- Жоғары қысымды жүйені (жоғары қысымды айырғыштар мен сорғылар) ұңғыманы тазалау әрекетінде қолдану алауда жағылатын көлемді және, тиісінше, ауаға тасталатын шығарындыларды айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік берді (толық ақпарат Ауаға тасталатын шығарындылар бөлімінде). Жоғары қысымды (ЖҚ) кері айдау сорғысын, жоғары қысымды айырғышын және жоғары қысымды сорғыны үздіксіз қолдану - ұңғыма сағасындағы динамикалық қысымның аяқталуынан кейін көмірсутектерді шығару құбыры арқылы жіберуге мүмкіндік берді;
- Lamix (мұнай негізіндегі) ерітіндісін 3 ұңғымада қолдану ұңғыманы тазалау кезіндегі алауда жағу көлемін азайтуға мүмкіндік берді;
- Тұрақты оптикалық-талшықты ұңғымалық манометрлер 9852 ұңғымасында сәтті іске қосылды;
- WellTec тракторы арқылы 8 ұңғымада фрезерлеу (шарлар мен қондырмалы орындарды) немесе енгізілетін флюидтің көлемін азайту әрекетінде әлемдік деңгейге қол жеткіздік – қашаудың бір ғана жүрісі кезінде 9 шар мен қондырмалы орын фрезерленді.

Осының барлығы тіркелуге жататын бір де бір оқиғасыз жүзеге асырылды.

## СУ ҚОРЛАРЫН БАСҚАРУ СТРАТЕГИЯСЫ

Қарашығанақ кен орнындағы басты мәселелердің бірі – өндіріс барысында пайда болған суды пайдалану. Бастапқыда өнеркәсіптік судың мол көлемімен жұмыс істеуге арналмаған нысандарда өнеркәсіптік судың көбеюінен компания өндірістік шығындарға, қоршаған орта мен нысандарды қалпында сақтауға кесірін тигізетін жағдайларға ұшырап отырады.

Сонымен қатар компания үшін өндірістік үдеріске қажетті су көлемін және өндірістік қызметкерлер мен жаңа нысандардың құрылысына тартылған қызметкерлерге қажетті ауыз су көлемін үйлестіру де күрделі мәселесі тұр.

КПО ӨБТК мерзімі аяқталғанша өндірілетін және ауыз су мәселелерін шешуге бағытталған бүкіл кен орны аясындағы су ресурстарын басқарудың қысқа, орташа және ұзақ мерзімді стратегиясын дайындады. Аталмыш стратегия бірқатар шағын жобалар мен өндірістік бастамалар көмегімен жүзеге асырылуда.




№ 249 бұрғылау қондырғысында



Қарашығанақ өңдеу кешенінің көрінісі

## ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ӨНДІРУ СТРАТЕГИЯСЫ

КПО 2001 жылдан бері БҚО тұрғындарына қажетті электр қуатын өндіріп және жеткізіп келеді. Орта есеппен, қысқы кезеңде 45 МВт-ға дейін, ал жаз уақытында 27-ден 45 МВт-қа дейін жеткізіледі.

Мұнай мен газды өндіру және өңдеу – қуаттың үздіксіз берілуін қатаң талап ететін кешенді және күрделі үдеріс: сәл ғана үзіліс немесе ауытқу бүкіл үдерістің тоқтауына әкелуі мүмкін. Ал өндіріс қызметін қайтадан бастау бірнеше бөлім қызметкерлерінің бірлескен және үйлесімді жұмысын қажет етіп, ұзақ уақытқа созылатын процес.

КПО-ның Өндіріс тұтастығы бөлімі КПО-ның Газ турбиналы электр станциясында электр қуатын өндіру үшін қажетті қауіпсіз шаманы анықтаған болатын. Бұл әрекет - Қарашығанақ кен орны нысандарының тұрақты жұмысына аймақтық электр жүйесіндегі қысқа тұйықталулардан және қалыпты қызмет тәртібінен ауытқулардан туындайтын сыртқы электр желіліерінің жағымсыз әсерлерін анықтау мақсатында 2013 жылы өткізілген қауіп-қатерлерді бағалаудың нәтижесі. Анықталған шама 46 Мвт-қа тең. Бұл шаманың өсуі желі параметрлерінің рұқсат етілмеген ауытқуларын тудырып, нәтижесінде, сыртқы желілердің қысқа тұйықталуы жағдайында үдеріс біріздiлігінің тоқталуына әкелуі мүмкін.

Батыс Қазақстан облысының электр қуатын жеткізуші және тасымалдаушы компанияларының КПО-ның Газ турбиналы электр станциясынан тасымалданатын электр қуаты көлемін арттыру жөніндегі сұраныстарына жауап ретінде, КПО өз қызметіне төнуі мүмкін қауіптер және техникалық шектеулер туралы ақпаратты тұрақты беріп келеді.

КПО компаниясы ӨБТК бойынша міндеттемелерін орындауға үлкен жауапкершілікпен қарап, электр қуатын жеткізетін «БатысЭнергоРесурсы» ЖШС-нің өтінімдеріне жауап ретінде өз өндіріс үдерісіне төнуі мүмкін қауіптердің немесе техникалық шектеулердің жоқтығын болжай отырып, қолжетімді электр қуатының ең максималды көлемін БҚО қажеттіліктеріне жеткізуге барлық күш-жігерін салып келеді.





# КЕН ОРНЫН ИГЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Қазақстан Республикасының мердігері ретінде КПО мұнай кен орындарын пайдаланудың әлемдік оңтайлы тәжірибесіне сәйкес кен орнының келісілген аумағында мұнай өнімдерін шығаруға және өндіруге қажетті барлық мұнай-газ операцияларын өткізуге міндетті. ІІ-Кезең бастапқы бағдарламасын аяқтағаннан соң, КПО Өндірістік қызмет бағдарламасының ІІ сатысын 2003 жылдан бері қаржыландырып келеді. Бұл саты Қарашығанақ кен орнын одан әрі дамытуды, оның ішінде жаңа пайдалану ұңғымаларын бұрғылауды, бұрыннан бар ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізуді, өндірістік нысандардарды жетілдіруді, өндірістің жоғары деңгейін сақтауға және Қазақстан Республикасының игілігі үшін экономикалық тиімділігін арттыруға қажетті басқа да жобаларды қамтиды.

Нақтылай айтқанда, ұлғайып бара жатқан газ факторы қолданыстағы газ дайындау нысандардың қуаттылығы бойынша шектеуге себеп болып, сұйық көмірсутектер өндірісінің азаюына әкеліп соғатын жағдайларды болдырмау үшін осындай қосымша нысандар, өндірістік инфрақұрылым және ұңғымалар қажет. Осыны ескере отырып, өндіріс деңгейін көтеру жобаларының бағдарламасы дайындалды.

2016 жылы КПО өндіріс деңгейін көтеру жобаларының портфолиосын дайындауды жалғастырды. ГКДҚ-2 газ айдау қуаттылығын жетілдіру жобасының бөлімі болып табылатын магистралды желі және газды кері айдау ұңғымалары үшін тұжырымдамалар таңдау жұмыстары аяқталып, алдын ала жобалау жоспарлары дайындалды. Тұжырымдаманы және келісімшарттар бойынша стратегияны таңдау межесі артта қалған ГКДҚ-2 төртінші газ айдау компрессоры жобасы кемеліне жетті.

Осының барлығымен қатар, ҚӨК газы бойынша өндірістік шектеулерді алу жобасының алдын ала жобалау жоспарларын дайындау аяқталып, толық техникалық жобалау жұмыстары басталды. Сонымен қатар, бастапқы жүзеге асыру жұмыстары басталып, жақсы жалғасын табуда.

## ҚАРАШЫҒАНАҚТЫ КЕҢЕЙТУ ЖОБАСЫ (ҚКЖ)

КПО кезеңдерге бөлініп жоспарланған Қарашығанақты кеңейту жобасы арқылы (ҚКЖ) Қарашығанақ кен орнын игеру бағытында жұмысын жалғастырып келеді. Бұл игеру жоспары КПО-ның Қазақстан Республикасы алдындағы ұзақ мерзімді келісімшарт міндеттемелеріне сәйкес келеді.

ҚКЖ ӨБТК мерзімінің соңына дейін КПО бас компаниялары мен Қазақстан Республикасына қосымша табыс әкеледі. Бұл барлық мүдделі тараптардың болжамын ескере отырып, қосымша ұңғымаларды бұрғылау, өңдеу нысандарын салу және сенімді газ экспорттау бағыттарын жасау есебінен, тұрақтандырылған сұйық көмірсутектердің сатылымын оңтайландыру арқылы жүзеге асырылады.

Тұжырымдамалық шешімді бағалау және таңдау жұмыстары ұсынылған жаңа нысандарды салу және пайдалану барысындағы қызметкерлердің қатерге шалдыққыштығын талдау үшін қауіп-қатерді сандық бағалау үлгісін дайындауды қамтиды. Үлгі нәтижелері жаңа нысандарды орналастыру, бөлу және жобалау сызбасын әзірлеу қауіп-қатерлерді іс жүзіндегі ең төмен жетімді деңгейге дейін азайтуға жағдай жасауды қамтамасыз ету үшін қолданылады.

ҚКЖ жүйелер және жабдықтар құрылысындағы қауіпсіздік деңгейін көтереді және жаңа нысандардың тұтас пайдалану мерзімі ішінде технологиялық қауіпсіздікке, өндіріске жұмылдырған қызметкерлерге әсер етететін қауіп-қатерлердің (соның ішінде улы газдар әсерінен болатын қауіп-қатерлердің) төмендеуіне әкеледі.

Қоршаған ортаға тиетін әсерді мейлінше азайту ҚКЖ-ның тағы бір негізгі мақсаты болып табылады. ҚКЖ ұсынатын жаңа нысандарды дамыту қолданыстағы ең үздік әдістерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады. ҚКЖ-ның атмосфераға шығарылуды модельдеудің үздік тәжірибелері кен орны айналасындағы санитарлық-қорғаныс аймағының (СҚА) шекарасына тиетін кез келген әсерді бағалау үшін жүргізіледі.

2016 жылы ҚКЖ-ның келешек нысандарының кескіндемелерін оңтайландыруға бағытталған зерттеу жұмыстары одан әрі жалғасты. Бұл жұмыстар жоба экономикасын жақсарту мақсатында (компрессияға беріктілікті кезеңдеумен қоса) күрделі шығындарды оңтайландыру, жалпы күрделі шығындарды азайту және өтеуді барынша көбейту көзделген болатын.

Жобаның келесі кезеңі – жобалауға дейнгі ізденіс жұмыстарын жүргізу, яғни жоба бойынша қауіп-қатерлер (екінші мәрте құрылыс жұмыстары (brownfield)), SIMOPS (бір мезгілдік операциялар), ұзақ дайындалып, жеткізілетін өнімдер тізімін анықтау, компрессиялық жабдықтар, жинақтау жүйесі жобасы және дайындық жұмыстар анықталғаннан кейін) жөнінде толық түсінгенде, біртіндеп дамыту деңгейіне қол жеткізіледі және жобаға келісім алуға ұсыну үшін жобалау жұмыстары әзірленетін болады.



Қарашығанақ өңдеу кешенінің басқару бөлмесіндегі жұмыс үдерісі

# ЖАУАПТЫ ОПЕРАТОР

## БАСШЫЛЫҚ ЕТУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

### БАСШЫЛЫҚ ЕТУ ҚҰРЫЛЫМЫ [G4-7]

Карчаганак Петролиум Операйтинг Б.В. Қазақстан филиалы (КПО) өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім бойынша Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнын игеретін бірлескен кәсіпорын ретінде 1997 жылы құрылды.

Қарашығанақ кен орнын игеру жұмыстарының сәтті жүзеге асырылуы халықаралық бес мұнай-газ өндіруші компания (құрушы компаниялар) мамандарының кәсіби білімдері мен жинақтаған мол өндірістік тәжірибелеріне байланысты, атап айтсақ:

- «Эни» (29,25%),
- «Шелл» (29,25%),
- «Шеврон» (18%),
- «ЛУКОЙЛ» (13,5%),
- ҰК «ҚазМұнайГаз» (10%).

2016 жылғы 15 ақпаннан бастап «БиДжи Груп» компаниясын сатып алу нәтижесінде Шелл (BG Karachaganak Limited компаниясының 100 % еншілес компаниясы арқылы) Карачаганак Петролиум Операйтинг Б.В. компаниясының бірлескен операторы болды. Басты кеңсесі Нидерланд елінің Гаага қаласында орналасқан. Шелл – құрамында энергетика және газ мұнайхимиялық компаниялары бар халықаралық компаниялар тобы.

Тұрақты ұйымдық табысқа жетудің кілті болып табылатын жалпы басқару, қауіп-қатерді басқару жүйелерінің, ішкі бақылау және сәйкестіктің кешенді және тиімді жүйесін құрды. Біздің жалпы басқару тәсіліміз тиісті шешімдер қабылдауды қамтамасыз етуге және жоғары басшылықтың стратегиясының бағыттары мен нұсқауларының жүйелі және тиімді түрде орындалуын қамтамасыз ету үшін бақылау тетіктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Компанияның ұйымдық құрылымы Қазақстан Республикасының, оның мүддесіне өкілдік ететін өкілетті орган PSA және мердігер компаниялардың мүдделеріне сай үнемі ағымдағы өндірістік және экономикалық ортаны реттеу арқылы мақсатымызға жетуге бағытталған.

Мұнай операцияларын жалпы қадағалау және бақылау ӨБТК бойынша реттелген Өкілетті орган және әр мердігер компаниялар қолдаған Басқару бойынша бірлескен комитетпен (ББК) басшылыққа алынады. Өтім бойынша Бірлескен Комитет (ӨБК) мұнай мен газды тасымалдау, өңдеу, ауыстыру және сатуға байланысты барлық шешімдерді басқарып отырады. [G4-34]

ӨБТК бойынша бірлескен кәсіпорынның қызметін жоғары басқарушы және шешім қабылдаушы комитеттер басқарып отырады. Басқарушы органның төменгі деңгейі – операторлар комитеті. Ол кәсіпорнының басшылығын және ӨБТК сәйкестіктің орындалуын қадағалайды. Жоғарғы деңгейдегі орган - Мердігерлер комитеті, ол ББК шешімдеріне сәйкес барлық мәселелер бойынша құрушы компаниялардың ұстанымын анықтауға жауапты.

Компанияның жалпы басқару жүйесі 2016 жылы басқа жылдармен салыстырғанда, жобаларды санкциялауды қамтамасыз ету стратегиясын іске асыруға жауапты Санкция келісімінің бөлімшесінің пайда болуын қоспағанда, сол қалпында қалды. Бұл рөлдің негізгі қызметі Қарашығанақ кен орнын игерудің негізгі кезеңіне арналған Санкциялық Келісім туралы келісімшартты қабылдап, өкілетті органмен келіссөз барысында құқықтық, комерциялық және техникалық қолдауды қамтамасыз ету болып табылады.

Төменде көрсетілген диаграмма Кәсіпорынның 2016 жылғы басқару құрылымын көрсетеді. Графикалық диаграмма 2015 жылғы Тұрақты даму есебімен салыстырғанда өзгертілген, алайда, басқару құрылымының өзіне ешқандай өзгерістер енгізілмеген.







3-сурет. КПО жетекші тобының құрылымы [G4-34]




**Ескертпе:**

Қазақстан Республикасының мүддесіне өкілдік ететін өкілетті орган - ТОО PSA

ББК – Басқару бойынша Бірлескен Комитет

СБК – Сатып алу бойынша Бірлескен Комитет

ӨБК – Өтім бойынша Бірлескен Комитет

СМК - Сатып алу бойынша Мердігер Комитеті

Сонымен қатар, Мердігер және Операторлар комитеттері үшін төменде көрсетілген бірқатар қосалқы комитеттер өндірістік және корпаративтік деңгейлерде сараптаманың нақты бағыттарында кәсіби кеңес беру және сенімділікті қамтамасыз ету үшін жұмыс жасайды: G4-34

| Мердігер Комитеті | Операторлар Комитеті |
| --- | --- |
| 1. Өтім бойынша Мердігер Комитеті (ӨМК) | 1. Өндірістік |
| 2. Жұмыс бағдарламасы мен бюджет | 2. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ |
| 3. Қаржылық | 3. Қауіпсіздік қызметі |
| 4. Салықтық | 4. Техникалық жұмыс |
| 5. Аудит | 5. Қызметкерлермен жұмыс |
| 6. Сақтандыру | 6. Тұрақты даму |
| 7. Корпоративтік байланыс және Үкіметпен қарым қатынас | |
| 8. Заң | |

## БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

ӨБТК талаптарына сәйкес және қызмет атқаратын әр саласында КПО көптеген тәртіптерден, саясаттардан және озық дағдылардан алынған халықаралық мақұлданған стандарттарға сай қызмет етеді. Олардың барлығы өзіміздің басқару жүйелерімізге енгізілген және келесі қағидалық құжаттарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- Қарашығынақ корпоративтік басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулық,
- Өндірісті басқару жүйелері,
- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жөніндегі саясат,
- КПО энергетикалық саясаты,
- КПО Тәртіп кодексі.

КПО еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша басқару жүйесі, сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау бойынша басқару жүйесі OHSAS 18001 және ISO 14001 стандарттарына сәйкес сертификатталған.

КПО-дағы тұрақты даму шаралары 2009 жылғы тұрақты даму тұжырымдамасымен белгіленген. Тұжырымдамада компанияның тұрақты даму бойынша негізгі жетекшілік ететін ұстанымдар белгіленген – олар халықаралық озық дағдыларға және оператор компаниялардың тәжірибесіне сүйенген. Тұжырымдама 2015 жылы жаңартылды.

## ҚАУІП-ҚАТЕРДІ БАСҚАРУ G4-2

Жалпы алғанда мұнай және газ өндіру қызметі, атмосфераға залалды заттардың шығарылуы, қалдықтардың пайда болуы, судың және топырақтың ластануы сияқты мәселелер мен қоршаған ортаға, адамдарға және жергілікті қоғамдыстықтарға тиетін әсерді ескере отырып, мұқият ұйымдастырылуы қажет. Мұнай және газ өндірісімен айналысатын жауапты кәсіпорын ретінде КПО үшін қауіп-қатерлерді басқару – ерекше маңызды іс. Бұл келесі қауіп-қатерлерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- қызметкерлердің қауіпсіздігі мен өндіріс тұтастығына төнетін қауіп, көбінесе күкіртті сутектің немесе заңсыз қосылулар кезіндегі ықтимал шығарылындаларға байланысты;
- қоршаған ортаға төнетін қауіп, көбінесе ықтимал ағындардан, қалдықтардан, атмосфераға залалды заттардың шығарылуынан пайда болады;
- этикалық сәйкестік ережелерінің өзіміздің және мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерімен бұзылуы нәтижесінде пайда болатын қауіп;
- жергілікті білікті мамандарды жұмысқа тартумен және сақтаумен байланысты қауіптер.

Қызметтік қауіп-қатерлерді айқындап, тиімді басқару үшін КПО ішінде, компания қызметі кезінде қолданылатын, ресми қауіп-қатерлерді басқару үрдісі енгізілді. Осы үрдіс, сонымен қатар рөлдер мен міндеттер қауіп-қатерді басқару тәртібі нұсқаулығында сипатталған.

Корпоративтік басқару басқармасы қауіп-қатерлерді басқару жүйесін үнемі жетілдіріп, корпоративтік қауіп-қатерлерді тіркеу құжатын жүргізуге жауапты. Корпоративтік қауіп-қатерлерді тіркеу құжаты орын алуы мүмкін және корпоративтік деңгейде әсер ете алатын ықтимал қауіп-қатерлер тізімін, сонымен қатар оларды азайту мақсатында қолданылатын іс-әрекет жоспарларын қамтиды.

КПО жоғары басшылығының қатысуымен өтетін әр тоқсан сайынғы қауіп-қатерлер комитеті жиналастарында аса қатерлі корпоративтік қауіптер жөнінде есеп беріліп, талқыланады. Әр жиналыстан кейін корпоративтік басқару жөніндегі басқарушы ақпараттың нақтылығын және өзектілігін негіз етіп, қысқаша КПО-ның ең қатерлі қауіптерін қамтитын қауіп-қатерді тіркеу құжатын мердігер комитетіне тоқсан сайын тапсырады.

Ерекше қауіптерді азайту шаралары туралы толық ақпарат осы есептің тиісті тарауларында берілген.





## ТЕКСЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

КПО-ның жүйелері және бизнес жүйелері жыл сайын ұйымдастырылатын аудит бағдарламасының аясында тексерістен өтеді. Аудит бағдарламасы КПО басшылығына және мердігер компанияларға қауіптерді, оның ішінде тұрақты даму қауіптерін анықтау мен басқаруға, және бекітілген үдерістермен сәйкестікті қамтамасыз ету үшін нәтижелі және тиімді шаралар қолданатынына көз жеткізу үшін ұйымдастырылады.

Сәйкестікті қамтамасыз етуді ішкі корпоративтік аудит тобы атқарады. Ішкі аудит тобы басқару процестеріндегі кемшіліктерді анықтаумен және корпоративтік сәйкестікті тексерумен айналысады.

КПО-ның ішкі қауіп-қатерлерді басқару үдерісі, бөлімшелердің басшылығымен талқылау, алдыңғы аудиттің қорытындылары мен КПО-ның процестік саласын толығырақ сипаттап, әрбір салаға қажетті аудит жиілігін анықтайтын КПО-ның жеке аудиттық үлгісі қолданылып, жыл сайын аудит өткізуге арнайы салалар анықталады.

Жыл сайын КПО-ның басшылық ету және қадағалау шаралары компанияның барлық мүдделі тараптарына бизнес қызметтері нәтижелі бақылау астында екендігіне сенімділік береді. Бұл шаралар келесі жұмыстарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- шығындардың тиімділігін сараптау, қолдаулар және семинарлар;
- күрделі қаржылардың жұмсалымы жөніндегі форумдар;
- ішкі аудит.

Тексеріс талдаулар, оның ішінде КПО өз саясаттарын, стандарттарын және өнеркәсіптік ең тиімді үлгілерді сақтайтынына сенімділдікті арттыру үшін жыл сайынғы құрушы компаниялар аудиті (ҚКА) және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкестікті қамтамасыз ететін тұрақты тексерулер өткізіледі. 2016 жылғы ҚКА 2016 жылдың қараша айында өткізіліп, келісімшарттарды орнатуға дейінгі және кейінгі үдерістерге, жобаларды басқару, шығындарды басқару, қаржы және ақпараттық технологиялар инфрақұрылымы салаларына тексеріс жүргізілді.

КПО-ның барлық бөлімдерінде бақылау жүргізілетініне көз жеткізу үшін қосымша әдіс ретінде, корпоративтік басқару бөлімі КПО-дағы компанияның барлық бөлімдерінде жүргізілетін тексеру әрекеттері туралы ақпаратты жинау мақсатында ішкі тексеру жөніндегі кешенді кестені енгізді.

## ӨНДІРУШІ САЛАЛАРДЫҢ АШЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

КПО компаниясы табыстардың, және ҚР-ның табиғи қорларын игерудегі құндылықтарды құру жалпы тізбегінің айқындығын қамтамасыз етуге бағытталған Өндіруші салалардың ашықтық бастамасын (ӨСАБ) қолдауды жалғастыруда.

2014 жылдан бастап тек КПО ҚР-ның уәкілетті органдарына ӨСАБ есептерін тапсырып келеді. Бұрыңғы жылдары бұл есептерді КПО атынан оның Құрушы компаниялары жіберген болатын. 2015 жылдың қаңтар айында шығарылған ӨСАБ есебін дайындау тәртібіне сәйкес, КПО-ның соңғы 2016 жылғы есебі ҚР-ның Инвестициялар және даму министрлігінің геология және жер қойнауын пайдалану комитетіне, сонымен қатар ҚР-ның Энергетика министрлігіне 2017 жылдың 18 тамызында тапсырылды.

2015 жылғы ӨСАБ жүзеге асыру туралы он бірінші Ұлттық есеп бойынша, КПО ҚР-ның бюджетіне 1,2 миллиард АҚШ доллары (ҚР Ұлттық банкінің 2015 жылғы 31 желтоқсанындағы айрбас бағамы бойынша) көлемінде салық төлемдерін аударды.

2016 жылғы ӨСАБ жүзеге асыру туралы он екінші Ұлттық есеп бойынша, КПО ҚР-ның бюджетіне 369 миллион АҚШ доллары (ҚР Ұлттық банкінің 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы айрбас бағамы бойынша) көлемінде салық төлемдерін аударды.

Жер қойнауын пайдаланушылар ӨСАБ есептерін ҚР-ның жер қойнауын пайдаланушылардың бірыңғай ұлттық басқару жүйесінің біріктірілген ақпараттық жүйесінің веб порталы арқылы тапсырды. Қорытынды ӨСАБ ұлттық есептері ҚР-ның Инвестициялар және даму министрлігінің http://eiti.geology.gov.kz/en/national-reports вебсайтында «онлайн» тәртібінде әр мүдделі тұлға үшін қолжетімді.

ӨСАБ есеп беру тәртібі арқасында КПО мемлекеттік бюджетке бөліп аударатын салық төлемдердің көлемін http://egsu.energo.gov.kz сайтындағы «Қазақстан Республикасының мұнай-газ және тау-кен өндіру секторлары төлеушілерінің салықтық және салықсыз төлемдер/түсулер бойынша қорытынды есеп» бөлімінде көруге болады.

## КПО БАСШЫЛЫҒЫ



### Ренато Мароли

**Бас директор**

Ренато Маролидің мұнай және газ өндірісі саласында, отандық және Ливия мен Египет елдеріндегі халықаралық қызметтерді косқанда, 20 жылдан астам тәжірибесі бар. Ренато әртүрлі мәдени және әлеуметтік ортада жұмыс жасаған. Ол КПО-ға дейін Сицилия (Италия) қаласындағы жер үсті және теңіз нысандары қызметтерін басқаратын, «Эни» компаниясының еншілес кәсіпорны, Enimed компаниясының бас атқарушы директоры қызметін атқарған.

### Эндрю Уайпер

**Өндіріс директоры және бас директордың орынбасары**

Эндрю Уайпер жетекшілік қызметтерде мол тәжірибеге ие, BG Group, Shell және Schlumberger сияқты компаниялардан алған халықаралық тәжірибемен бірге техникалық және жетекшілік білімді ұштастырып келеді. Осы қызметіне дейін ол Қарашығанақ жобасында кен орны менеджері қызметін атқарған.





### Марат Каримов

**Бас директордың орынбасары**

Марат Каримов 2015 жылдың тамызында КПО бас директорының орынбасары ретінде тағайындалды. Осыған дейін ол БҚО әкімінің орынбасары қызметін атқарды. Марат Атырау қалалық мұнай және газ институтын бітіріп, Луизияна және Оклахома (АҚШ) университеттерінде оқыды. Оның мұнай және газ саласындағы кәсіби тәжірибесі 1994 жылы басталды. Өткен жылдарда ол Солтүстік Каспий жобасында түрлі лауазымдарда, атап айтқанда, Халықаралық мұнай газ компаниясы ЖЖС КазМұнайТеңіз компанисының Солтүстік Каспий жобасының директоры, содан соң сол компанияда бас директордың бірінші орынбасары, КМГ Қашаған Б.В. компаниясы бас директорының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы барлау жобаларының бас менеджері лауызымдарын атқарған.





### Шахрам Джаханбани

**Қаржы директоры**

Шахрам 2006 жылдан бастап «БиДжиГруп» компаниясында жұмыс істейді. Қазіргі қызметке дейін «БиДжиИндия» компаниясында қаржы вице-президенті лауазымын атқарған. Шахрам 15 жыл бойы басшылық лауазымдарда жұмыс істеді, оның қызметтік жолында жер қойнауын зерттеу және өндіріс, сонымен бірге мұнай-газ өнімдерін өңдеу мен сату секторлары бойынша қаржылық бақылау, қазынашылық, бюджет құру және жоспарлау, кәсіпорындарды қосу және сатып алу, салық салу және аудит салаларында Ұлыбритания, Мысыр, Алжир, Чехия Республикасы, Ресей Федерациясы сияқты елдерде зор халықаралық тәжірибесі бар.




### Маттео Грассани

**Заң мәселелері жөніндегі директор**

Маттео өзінің еңбек жолында ауқымды инфрақұрылымды жобаларда құқықтық басқару, қауіптерді басқару және нормативтік талаптарды сақтау мәселелерімен айналысып, көп ұлтты және түрлі мәдени ортада заң топтарын басқарып келді. Көптеген жылдар бойы ол заң мәселелері бойынша жоғары басшылық лауазымдарды, атап айтқанда 2013 және 2016 жылдар аралығында «БиДжи Казахстан» компаниясының заң мәселелері жөніндегі вице-президенті және филиалдың директоры қызметін атқарды. Маттео Англия мен Уэльсте заң кеңесшісі ретінде жұмыс істеді, сондай-ақ Италияда заңгер болды.





### Альберто Кастелли

**Маркетинг директоры**

Альберто Кастелли «Эни» және оның еншілес компанияларында 1998 жылдан бастап жұмыс істейді. Қазіргі қызметке дейін ол Венесуэла, Тринидад және Тобаго және АҚШ-тағы жобалар бойынша АҚШ Eni Petroleum компаниясының сауда және бизнесті дамыту менеджері қызметін атқарған. Альбертоның маркетинг, сауда мен бизнесті дамытуда зор тәжірибесі бар. Ол Италия, Ұлыбритания, Нидерланд мен Нигериядағы «Эни» компаниясының филиалдарында басқарушы лауазымдарды атқарған.



### Роберт Шелтон

**Жобаны жүзеге асыру жөніндегі директор**

Роберттің Солтүстік Америка, Африка мен Еуропадағы бірқатар нысандарда «Шелл» және «БиДжиГруп» компанияларында техникалық және басқарушы лауазымдарды атқаруда 20 жылдық тәжірибесі бар. КПО-ға дейін Роберт Австралиядағы Квинсленд Кертис СТГ жобасының бас менеджері қызметін атқарды.



## Маурицио Пинна

### Жобаны дамыту жөніндегі директор

Маурицио өзінің еңбек жолын 2004 жылы «Эни» компаниясында бастап, Италия, Ұлыбритания, Қазақстан мен Солтүстік Африкада жұмыс істеді. Өз қызметі барысында ол техникалық және өндірістік салаларда әртүрлі лауазымдарды атқарып, жобаны басқару бойынша мол тәжірибе жинады. КПО-ға дейін Маурицио Алжирдегі Sonatrach-First Calgary Petroleums Association жобасының директоры болды.



## Лоренцо Томада

### Жеткізілімді ұйымдастыру жөніндегі директор

Лоренцо КПО-ға «Эни» компаниясынан келді. Ол осы қызметке дейін КПО-да келісімшарт жұмыстары және жинақтау бөлімінің басқарушысы болды. Оған дейін Лоренцо «Аджип ККО» компаниясының жинақтау бөлімінің директоры қызметінде жұмыс жасады. Лоренцо «Эни» компанисында 20 жылдан астам жұмыс істеп, Солтүстік және Оңтүстік Американың аймақтық стратегиялық жеткізу көздерін таңдау және жинақтауды жоспарлау, келісімшарт және жинақтау, сондай-ақ жер қойнауын зерттеу мен өндіріс, және мұнай-газ өнімдерін өңдеу мен сату, газ және энергетика салалары бойынша стратегиялық жеткізу көздерін таңдауда үлкен тәжірибе жинады. Одан басқа Лоренцо «Эни Апстрим» техникалық директоратындағы АКТ және электрондық бизнес бөлімдерін басқарды.

## Лучиано Каркаизо

### Еңбек ресурстар басқарушысы

Лучиано КПО компаниясына 2002 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Эни» компанисынан келді. Ол компанияға еңбек ресурстар саласының зор шетелдік тәжірибесін ұсынды. КПО-ға келгенге дейін ол Eni Trading and Shipping SpA компаниясының Ұлыбританиядағы филиалдың менеджері, сондай-ақ жабдықтау, ЕҚ,ҚТ, ҚОҚ және сапаны бақылау бөлімінің вице-президенті болып жұмыс істеді. Сонымен бірге Eni SpA Midstream (Милан, Италия) халықаралық бөлімшесінде еңбек ресурстарын басқару жөніндегі вице-президент қызметін атқарды. Соңғы жылдарда ол Eni Spa халықаралық өнеркәсіптік қатынастары бөлімінің вице-президенті және Германия, Румыния мен Италия (Рим және Джилла)»Эни» компаниясында еңбек ресурстар, ұйымдастыру және ақпараттық технологиялар бөлімдерінің бірқатар жетекшілік қызметтерін атқарған.



## Сурияннараяна Раджагопал

### Еңбек ресурстар басқарушысы

Сурияннараяна қызметкерлермен жұмыс атқару саласында әртүрлі компанияда 30 жылдан астам жұмыс жасады. КПО компаниясына дейін ол Нидерланд еліндегі «Роял Датч Шелл» компаниясының еңбек ресурстар бөлімінің вице-президенті қызметін атқарған және 2020 бағдарламасын жүзеге асырған. Сурияннараяна «Шелл» компаниясына 2011 жылы Үндістан өндірісінің еңбек ресурстар бөлімінің вице-президенті ретінде, ал жеті жылдан кейін Ұлыбритания мен Үндістанда орналасқан »БиДжи Азия» компаниясының еңбек ресурстар бөлімінің вице-президенті қызметін атқарды. Осы кезге дейінгі жетекшілік қызметтерінің ішінде Carrier Aircon, United Technologies компанияларының және Үндістанның қонақжайлық секторында еңбек ресурстар бөлімінің директоры лауазымын атқарды.









## Алистер Пэттерсон

### Корпоротивтік басқару жөніндегі басқарушы

Алистердің мұнай мен газ саласында 30 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Осы қызметке дейін ол Рио-де-Женейродағы «БиДжиБразилия» компаниясының коммерциялық менеджері қызметін атқарған. Алистер соңғы 15 жыл бойы жетекшілік лауазымдарда жұмыс істеп келеді, оның ішінде 4 жыл бойы КПО маркетинг бөлімі мұнай экспорттау жөніндегі менеджері қызметін атқарды. Алистердің жалпы тәжірибесі сауда, өндірістік, экономикалық және техникалық салаларын қамтиды.



## Алекс Стиллавато

### Корпоротивтік басқару жөніндегі басқарушы

Алекс КПО компаниясына корпоротивтік басқару жөніндегі басқарушы ретінде 2015 жылдың мамырында 2004 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Эни» компаниясынан келді. Осы қызметіне дейін Алекс Eni Upstream Business Line компаниясында қоғамдық және аумақтық бастамалар бойынша менеджер ретінде жұмыс жасады. Алекс мамандығы бойынша экономист, қазіргі уақыттағы негізгі саласы инвесторлармен қарым-қатынас, аудит және сәйкестікті басқару, бизнесті жоспарлау және дамыту, бұған қоса оның осыған дейін жинап келген тәжірибесі, атап айтсақ тұрақты даму саласы, этикалық мүдделі тараптармен байланыс, көміртек/ауаға шығатын залалды заттар мен газ жағу мәселелері.

## Грэхем Робертс

### Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және өндіріс тұтастығы жөніндегі басқарушы

Грэм «БиДжи» («Роял Датч Шелл») компаниясында 2002 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Осыған дейін ол Ұлыбританиядағы «БиДжи Ридинг» компаниясы өндірістің тұтастығы бөлімінің жетекшісі болды. Ол өндірістің тұтастығы ЕҚ,ҚТ және ҚОҚ, біріктірілген жылу және қуат өндірісі мен тарату саласында басқарушылық қызметтерде жұмыс атқарған, білімі мен кәсіби тәжірибесі бар мамандандырылған инженер.




## Армандо Секи

### Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және өндіріс тұтастығы жөніндегі басқарушы

Армандо 1992 жылдан бастап «Эни» компаниясында техникалық және өндірістік қызметтерді атқарып келеді. Армандоның ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ және тұрақтылық салаларында 20 жылдан астам тәжірибесі бар. Оның ішінде 3 жыл бойы «Аджип ККО» жер үсті нысандарында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тәжірибелік бағдарлама менеджері қызметін атқарды. КПО-дағы қызметіне дейін Армандо «Эни Ангола» компаниясында өндірістік бөлімнің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері жөніндегі менеджер қызметін атқарды.



# ЭТИКАЛЫҚ ТӘРТІП

## ТӘРТІП КОДЕКСІ G4-56

КПО-ның нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету жүйесі компания ішіндегі нормативтік-құқықтық сәйкестіктің барлық аспектілерін реттейді және оларға басшылық етеді. Осы нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз етудегі негізгі құжат - Тәртіп кодексі. Құжат этикалық қағидалардың негізін, құндылықтарды және Компанияның ішкі және сыртқы әрекеттері кезіндегі және жеткізушілермен, өндірушілермен және басқа да серіктестермен қатынасудағы мінез-құлық, тәртіп ережелерін анықтайды.

Тәртіп кодексі соңғы рет 2015 жылдың ақпанында жаңартылды.

**Біздің корпоративтік құндылықтарымыз келесіні қамтиды:**

| | |
|---|---|
| ТӘРТІП | Өз қызметтерімізді КПО және құрушы компанияларға қатысты қолданылатын заңнамалық, реттеуші және лицензиялық талаптарға сәйкес жүргіземіз. |
| АДАМ | Бірі-біріміздің арамыздағы қатынастарымызды адалдық, құрмет және сыпайылық негізінде құрамыз.<br>Біз бір-бірімізге сенеміз, бір-бірімізді және көпұлтты ұжымымыздың әртүрлі мәдениеттерін құрметтейміз және қолдаймыз. |
| ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ | Біз бір-біріміздің денсаулығымызға және қауіпсіздігімізге зор көңіл бөлеміз, сонымен қатар қауіпсіз, қорғалған және денсаулығымызға зиянсыз ортада жұмыс істеу үшін барлық жағдай жасаймыз.<br>Қызметтеріміздің себебінен туындаған қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін әсерлерді болдырмауға бағытталған жұмысымызды жалғастырамыз. |
| ӘРІПТЕСТІК | Қазақстан Республикасымен, құрушы компаниялармен және жұмыс орнымыздағы жергілікті қоғаммен тиімді, нәтижелі, бірлескен және сенімді қатынас құруға бар күшін салып келеміз.<br>Жергілікті қоғамдастықтармен жұмыс істей келе, оларға пайда әкелуге құштармыз. |

## ТӘРТІП КОДЕКСІ ЖӘНЕ ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖӨНІНДЕ АҚПАРАТ ТАРАТУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ G4-HR2, G4-SO4

Компания КПО-ның тәртіп кодексінде келтірілген бизнесті жүргізудегі этикалық қағидалары барлық қарым-қатынастардың негізі болып табылатын әділ және таза бизнес ортасын құруға ниетті.

Қызметкерлерді этикалық қағидалар мен ережелер тақырыбында оқыту көп мәдениетті ұжымына байланысты халықаралық компаниялар үшін маңызды. КПО-ның жаңадан қабылданған қызметкерлерінің барлығы КПО тәртіп кодексіне кіріспе курсын өтуге міндетті. Бұл курс оларды тәртіп кодексіне сәйкес компанияның әдептілік ережелерімен және жеке міндеттерімен таныстыру мақсатын көздейді.

Әрбір қызметкердің КПО-ның интранет желісінде орналасқан тәртіп кодексімен және басқа да этикалық сәйкестік саясаттармен оқып танысу мүмкіндігі бар. Қызметкерлердің өз міндеттерімен үздіксіз танысу үрдісін қолдау үшін, КПО-ның барлық қызметкерлері осы саясаттармен танысқандығын нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау декларациясын толтыру арқылы жыл сайын растау қажет. Интранет жүйесін пайдалану мүмкіндіктері жоқ қызметкерлерге қағазға басылған нұсқалар таратылып, танысқандығы жөнінде қолы қойылған даналары қайтадан жиналады. 2016 жылдың желтоқсан айының соңында КПО қызметкерлерінің 95%-ы нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау декларациясын толтырды.

КПО-ның этикалық сәйкестікті оқытуға арналған онлайн модульдері бар. Бұл модульдер тәртіп кодексі, мүдделер қайшылығы және жемқорлыққа қарсы тақырыптарға негізделген.

КПО-ға мердігерлік ұйымдар үшін этикалық сәйкестікті оқытуды ұйымдастыру шеңберінде 2016 жылдың қыркүйек айында КПО этикалық талаптарды сақтау жөнінде семинар өткізді. Бұл семинар 2013 жылдан бері жүргізіліп келеді. 2016 жылғы семинар жұмысына 10 ірі мердігерлік компаниялардан жоғарғы басшылықтың 13 өкілі, сонымен қатар ірі және шағын жергілікті мердігерлік ұйымдардан қосылған компаниялар қатысты. Семинарда жемқорлыққа қарсы заңнамасына және КПО-ның тәртіп кодексі мен этикалық сәйкестік мәселелеріне қатысты мәселелер қарастырылды.

## СӘЙКЕСТІКТІ САҚТАУ ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ШАРАЛАР G4-57, G4-58

КПО-ның нормативті-құқықтық сәйкестік бағдарламасының аясында қосымша шара ретінде тегін, анонимдік және құпия жедел желі 2012 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. КПО-ның жедел желісіне әкімшілік ету қызметін халықаралық аккредиттелген және жетекші, жедел желілер қызметін жеткізуші NAVEX Global компаниясы жүзеге асыруда.

Жедел желісі қызметкерлер, мердігерлер мен мүдделі тараптар үшін әділ және қауіпсіз жұмыс ортасын қамтамасыз ететін маңызды құрал болып табылады.

Тәулік бойы жұмыс жасайтын жедел желі қызметкерлер, мердігерлер және басқа да мүдделі тараптар үшін ықтимал құқықтық және этикалық тәртіп бұзушылық, соның ішінде дискриминация, жыныстық алымсақтық, мүдделер қайшылығы, қоршаған ортаға зиян келтіру немесе қауіп төндіру және/немесе қаржылық бұзушылық немесе жемқорлық туралы хабарлауға мүмкіндік береді. Арыз беруші қызмет бабындағы бұзушылық туралы телефон арқылы немесе жазбаша түрде хабарлай алады. Кейін бұл арыз нормативтік-құқықтық сәйкестік кеңесшісіне және заңға сәйкестікті сақтау бойынша бөлім менеджеріне талдау және тиісті шара анықтау үшін жіберіледі.





2016 жылы жедел желі арқылы 27 хабар қабылданып, 10 арыз тікелей заң директоратына түсті. Барлық арыздар мұқият талданып, тиісінше шара қолданылды. Арыздардың көбі қызметтік қарым-қатынастар жайына байланысты болды. Арыздар бойынша тиісті шешімдер хабарланатын жағдайлар негізінде және шағымдарды қарастыру тәртібі мен тәртіп жөніндегі мәселелерді қарастыру нұсқаулығына сәйкес қабылданды. Этикалық тәртіпсіздік мәселелері нормативті-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бойынша тергеу нұсқаулықтары негізінде қаралып, олар жөніндегі есептер КПО-ның сәйкестік сақтау комитетіне жіберілді.

Оған қоса заң директораты КПО-да жұмыс істемейтін тұлғаларға көрсетілген өкілдік шығындар мен жолақылар, КПО мүлкін ұрлау, КПО қызметкерлері қабылдаған корпоративтік сыйақылар және өкілдік шығындар, жемқорлыққа тағылу күдіктері сияқты мәселелерді тіркеу кітаптарын жүргізеді.

## ПАРАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢДЫ САРАПТАМА G4-SO4

КПО ҚР-ның жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы күрес жөніндегі заңдарын, сонымен қатар құрушы компаниялар тіркелген елдердің халықаралық заңдарын сақтауы тиіс. Осыған байланысты, КПО өзінің барлық бизнес серіктестерінен, мердігерлерінен және тауар, жұмыстар мен қызметтерді жеткізушілерінен, басқа да келісімшарт бойынша қарсы тараптарынан этикалық тұрғыдан лайықты болуларына және бизнесті жүргізудің этикалық ережелерін сақтау тәжірибесімен келісетіндеріне кепілдік талап етеді.

Осы үдерістің негізгі аспектілерінің бірі - «бизнес серіктерімізді тану» әдісін ұстану.

Осы мақсатта КПО ықтимал бизнес серіктестерінің әрқайсысымен байланысты қауіптерді анықтау үшін және бұл қауіптерді төндіруі мүмкін мәселелерін реттеу шараларын айқындау мақсатында этикалық сенімділікті тексеру бағдарламасын дайындап, іске қосты.

Әрбір ықтимал серіктеске меншік, бизнесті басқару және жүргізу, оның ішінде өзінің этикалық іскерлік тәжірибесі туралы ақпарат алу мақсатында сауалнама жіберіледі. Ықтимал серіктес компания туралы корпоративтік ақпаратты растау және оның іскерлік тәжірибесі туралы қандай да бір жағымсыз есептердің жоқтығын тексеру үшін КПО халықаралық сәйкестік және басқа да дерекқорларды пайдаланады. Содан кейін, серіктестердің қойылған талаптарға сәйкестігін, сондай-ақ, қажет болған жағдайларда, қалдық қауіптерді азайтуға қолданылатын тиісті шараларды анықтау мақсатында қауіптерді бағалау жұмыстары жүргізіледі.

Жаңа және бұрыннан жұмыс істеп келген бизнес серіктестер үшін қауіптерді бағалау кезінде елеулі өзгерістерді шешуге қажетті шараларды қабылдау мақсатында этикалық сенімділікті тексеру жүйелі түрде қайталанып тұрады. Өзектілігін анықтау және шығарылған уақыттан бері пайда болған жаңа жетілдірулерді қосу мақсатында этикалық сенімділікті тексеру тәртібін КПО компаниясы 2016 жылы қайта қарады. Бұл талдау этикалық сенімділікті тексеру нұсқаулығын жаңарту мерзімін үш жылдан екі жылға дейін қысқартуды қамтыды.

Сонымен қатар, КПО өзінің бизнес серіктестерінен КПО-мен жасалған келісімдердегі міндеттемелерді орындау арқылы жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы қолданыстағы қазақстандық және халықаралық заңдарға сәйкес жұмыс істеуді талап етеді.

КПО жергілікті компаниялардың КПО-ның этикалық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуде көмектесіп келеді. КПО-ның келісімшарттар және сатып алу жөніндегі бөлімі жергілікті компанияларға КПО құжаттарының типтік үлгілерін ұсынады. Солардың арқасында мердігерлік ұйымдар КПО талаптарына жауап беретін өз тәртіп кодексін жетілдіре алады, сонымен қатар өз келісімшарт құжаттарын, оның ішінде қосалқы мердігер кызметтері немесе жабдықтар мен материалдарды сатып алу үшін пайдалануға болатын құжаттарды да қайта қарастыруға мүмкіндік алады.

Осы шаралар серіктестерімізге КПО-ның бизнес жүргізуде жоғары этикалық стандарттарды ғана ұстанатынын ескертетініне сенімдіміз. Біз жемқорлық пен парақорлықты болдырмау мақсатында бизнес серіктестерімізді қолдап, олармен ынтымақтастықта қызмет етудеміз.



# ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

**5-кесте. Қауіпсіздік техникасы саласындағы міндеттер**

| 2016 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР | МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ | 2016 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ МАҚСАТЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР | 2017 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР |
|---|---|---|---|
| 2016 жылдың маусым айында ISO 14001:2004 және OHSAS 18001:2007 стандарттарына сәйкестікті анықтайтын бақылау аудитін жүргізу. | Орындалды | ISO 14001:2004 және OHSAS 18001:2007 стандарттарына сәйкестікті ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің екінші бақылау аудиті 2016 жылдың 8-ші және 12-ші тамыз аралығында «Bureau Veritas Certification» сертификатталған агенттігімен өткізілді. Аудит қорытындысы бойынша КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы басқару жүйесінің сертификатталғанын растау ұсынылды. | 2017 жылдың шілде айында ISO 14001:2015 және OHSAS 18001:2007 стандарттарына сәйкестікті қайта сертификаттау аудитін өткізу. |
| Келесі жобаларға қызмет көрсетуді жалғастыру::<br>• ГКДҚ-2-дегі 4-ші газ айдау компрессоры;<br>• Қарашығанақты кеңейту жобасы;<br>• ҚӨК қосымша алау қондырғысы және арнайы техникалық қызмет көрсету;<br>• ҚӨК-тегі газ бойынша өндірістік шектеулерді алу жобасы;<br>• ГКДҚ-3-тің келешек даму жобасы. | Орындалды | Талап етілген кезде ЕҚ, ҚТ, және ҚОҚ-қа қатысты жобалық құжаттаманы қарастыру, жұмыс көлемін әзірлеу және шығындар тиімділігіне талдау жүргізгенде жобаны басқару тобына көмек беру арқылы тұжырымдаманы таңдау / ЖД кезеңінде тұрған жобаларға қауіпсіздік техникасы бойынша көмек берілді.<br>2016 жылы ҚӨК қосымша алау қондырғысы және арнайы техникалық қызмет көрсету жобасының жоспарлы дамуы байқалмады. | Өндірістік бөлімге қауіпсіздік техникасы бойынша қолдау көрсетуді жалғастыру:<br>• ГКДҚ-3-пен байланысты қауіптің іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін көрсету,<br>• ҚӨК-пен байланысты қауіптің іс жүзінде мүмкін төмен деңгейін көрсету.<br>ҚР талаптарын ескере отырып, келесі нысандар үшін нысандардың өндірістік қауіпсіздік бойынша декларацияларын енгізу:<br>• ҚӨК;<br>• Ұңғымалар қоры; және<br>• Эко орталық. |
| Қызметкерлерді минималды қатыстыру стратегиясын жалғастыру. | Жүзеге асырылуда | Көшіру үдерісінің І кезеңі аяқталды – кен орнындағы әкімшілік ғимаратта жұмыс істеген қызметкерлер Пилот қалашығына және Ақсай қаласына көшірілді;<br>Көшіру үдерісінің ІІ кезеңі аяқталды – ҚӨК-тегі қызметкерлер кен орны әкімшілік ғимаратына көшірілді. | Жобаларға кадрларды қабылдау барысында кеңес беру жұмыстарын жүргізу және қызметкерлерді минималды қатыстыру стратегиясының орындалуын қадағалау (4-газ айдау компрессоры жобасы және ҚӨК-тегі өндірістік шектеулерді алу жобасы).<br>Көшірудің ІІІ кезеңін іске асыруды жалғастыру – ҚӨК және ГКДҚ-2-ден уақытша жұмысқа тартылған және көмекші қызметкерлерді көшіру. |
| Тікелей жетекшілерге арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілікті арттыру бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыру және оны өндірістік бөлімнің біліктілікті басқару жүйесімен біріктіру | Жүзеге асырылуда | ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілікке бағалау жүргізіліп, ескертулер мен түсініктемелер берілді. | • Мердігерлер мен КПО басшыларының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілігіне тексеру жүргізуді жалғастыру.<br>• КПО топ жетекшілерінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілік жүйесін өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімінің біліктілікті қамтамасыз ету жүйесінің дерекқорымен біріктіру мүмкіндігін қарастыру. |





| 2016 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР | МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ | 2016 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ МАҚСАТЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР | 2017 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР |
|---|---|---|---|
| Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) талаптарына сәйкес мердігерлердің жетілдірілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерді басқару стратегиясын жаңарту және шығару, және кемшіліктерді талдау қорытындылары негізінде өндірістің кейбір маңызды бағыттары бойынша жақсартуларды енгізу | Жүзеге асырылуда | Келісімшарттардың өмірлік цикліндегі кемшіліктерге талдау жүргізілді. Жетілдіруге қатысты қосымша ұсыныстар анықталып, мақұлданып, мердігер ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерді басқару стратегиясына енгізілді. | Қызметі едәуір жоғары қауіп деңгейімен байланысты мердігер ұйымдарға басымдық бере отырып, мердігерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерін тиімді басқару үшін мердігерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерді басқару стратегиясының жаңартылған нұсқасын енгізу. |
| Мердігерлік ұйымдар үшін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелеріне арналған бір негізгі форум өткізу. | Орындалды | Мердігерлерге арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ форумы 2016 жылғы 27 шілдеде өткізілді. Форум жыл сайын өткізілетін тұрақты іс-шараға айналды. | |
| КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ өндірістік бөлімі пайдаланатын жерсеріктік навигация технологиясын қолданатын кен орны нысандарындағы қызметкерлерді есепке алудың тұрақты жүйесін сынауды аяқтау | Орындалды | Электрондық кіруді бақылау жүйесі (EACS) толығымен жұмыс істейді және ол ГКДҚ-3-те енгізілген. ГКДҚ-3-те жерсеріктік навигация технологиясы сыналуда. | • Деректердің дәлдігін қамтамасыз ету үшін жерсеріктік навигация технологиясының көмегімен алынған деректерді пайдалана отырып, кен орны нысандарындағы қызметкерлерді есепке алу жүйесінің деректерін тексеру;<br>• Сынау нәтижелерін талдау және жоғары басшылыққа аталмыш технологияны кеңірек көлемде қолдану мәселесіне қатысты ұсынымдар жасау. |

## ЕҚ ЖӘНЕ ҚТ БОЙЫНША КӨРСЕТКІШТЕР

Бұл бөлімде 2016 жылғы деректерге ерекше көңіл бөліне отырып, КПО компаниясының 2009-2016 жылдар аралығындағы ЕҚ және ҚТ бойынша көрсеткіштерінің талдауы келтірілген. 1-сызбада КПО-дағы Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (ЕҚЖОЖ) мен Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (ЕТОЖ) көрсетілген.

2016 жылы КПО-да ЕҚЖОЖ 0,17-ні (2015 жылғы 0,11-мен салыстырғанда), ал ЕТОЖ 0,24-ті (2015 жылғы 0,30-ге қарағанда) құрады.

**1-сызба. Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі мен есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі: КПО және мердігерлік ұйымдар, 2009-2016 жж.** G4-LA6




*КПО-да жоғарыда көрсетілген ЕҚЖОЖ бен ЕТОЖ көрсеткіштерін есептеу үшін келесі әдістер қолданылады:*

- *Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (ЕҚЖОЖ) = еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар саны (еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар + адам қазасымен аяқталған оқиғалар) х 1 000 000 / адам-сағат;*
- *Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (ЕТОЖ) = есепке алынуы тиіс оқиғалар саны (еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар + медициналық көмек көрсетілген жағдайлар + еңбек ету қабілеті шектелген жағдайлар) х 1 000 000/адам-сағат.*

6-кестеде КПО-дағы ЕҚЖОЖ көрсеткіштері мердігерлік ұйымдардағы ЕҚЖОЖ көрсеткіштерімен салыстырылып берілген. КПО мен мердігерлік ұйымдар бойынша деректер бұл жерде бөлек келтірілген, және жалпы көрсеткішті алу үшін бұл деректерді біріктірудің қажеті жоқ, оның орнына есептеу формуласын қолданған жөн.

**6-кесте. Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі: КПО мен мердігерлік ұйымдарды салыстырғанда, 2009-2016 жж.** G4-LA6

| КӨРСЕТКІШТЕР | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (КПО) | 0,21 | 0,00 | 0,71 | 0,42 | 0,58 | 0,14 | 0,14 | 0,00 |
| Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (мердігерлік ұйымдар) | 0,10 | 0,23 | 0,21 | 0,30 | 0,17 | 0,22 | 0,10 | 0,23 |

7-кестеде КПО-дағы ЕТОЖ көрсеткіштері мердігерлік ұйымдардағы ЕТОЖ көрсеткіштерімен салыстырмалы түрде келтірілген.

**7-кесте. Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі: КПО мен мердігерлік ұйымдарды салыстырғанда* 2009-2016 жж.**

| КӨРСЕТКІШТЕР | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (КПО) | 0,43 | 0,11 | 1,00 | 0,42 | 0,58 | 0,14 | 0,27 | 0,27 |
| Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (мердігерлік ұйымдар) | 0,69 | 0,47 | 0,36 | 0,36 | 0,41 | 0,32 | 0,31 | 0,23 |

** Ескерту: алғашқы медициналық жәрдем көрсетілген оқиғалар өндірістік жарақаттар есебіне қосылмайды.*

Біздің мақсатымыз – өндірістік жарақаттану жағдайларын болдырмау. Дегенмен, 2016 жылы 7 адам жарақат алды. Оның бесеуі - еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар (Еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуға әкелген оқиғалар), олардың ішінде мұзға тайып құлау, екі (2) биіктіктен құлау жағдайы, сүрінудің нәтижесінде бір (1) құлау жағдайы және бет терісінің зақымдалуы болды. Басқа есепке алынуы тиіс екі (2) оқиға жарақат алушылардың анағұрлым жеңіл жұмыс түріне ауысуына немесе медициналық көмек алуына әкелген қызметкердің шағын жарақат алуымен байланысты болды: саусақты қыстырып алу және бас жарақаты. Жеті (7) жарақат алушының ішіндегі бесеуі (5) – мердігерлік ұйымдардың жұмысшылары, ал екеуі (2) – КПО жұмысшылары.

Жол-көлік оқиғаларының жиілігі (ЖКОЖ) 1 млн. км өтілген жолға шаққанда 2015 жылғы 0,03-тен 2016 жылы 0,02-ге төмендеді.

Сызылу/майысу сияқты кішігірім жол-көлік оқиғаларының (ЖКО) әлі күнге дейін жалғасуына қарамастан, 2016 жылы есепке алынуы тиіс тек бір (1) ғана жол-көлік оқиғасы орын алды - жүргізушінің көлікті басқара алмауының себебінен мердігерлік ұйым көлігінің аударылып түсуі.

2016 жылы КПО көліктері жалпы алғанда 65 млн. километрден астам жол жүріп өтті.

**2-сызба. Жол-көлік оқиғаларының жиілігі: КПО мен мердігерлік ұйымдар, 2009-2016 жж.** G4-LA6




*КПО-да жоғарыда келтірілген ЖКО жиілігінің көрсеткішін есептеу үшін келесі тәсіл қолданылады:*

- *ЖКО жиілігі = ЖКО саны (есепке алынуы тиіс) х 1 000 000/км жүріс.*





**8-кесте. Жол-көлік оқиғаларының жиілігі: КПО мен мердігерлік ұйымдарды салыстырғанда, 2009-2016 жж.** G4-LA6

| КӨРСЕТКІШ | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жол-көлік оқиғаларының жиілігі (КПО) | 0,12 | 0,13 | 0,00 | 0,00 | 0,00 | 0,00 | 0,25 | 0,00 |
| Жол-көлік оқиғаларының жиілігі (мердігерлік ұйымдар) | 0,03 | 0,09 | 0,02 | 0,00 | 0,14 | 0,10 | 0,02 | 0,02 |

Жыл сайын біз ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерімізді басқа мұнай және газ өндіруші операторлардың көрсеткіштерімен салыстырып отырамыз. КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы тиімділігінің негізгі көрсеткіштері Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) есебінде келтірілген көптеген геологиялық барлау және мұнай мен газ өндіру қызметін жүргізетін әлемдік оператор-компаниялардан келіп түсетін статистикалық деректермен салыстырылады.

КПО-дағы еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалардың саны 2015 жылмен салыстырғанда 2016 жылы сәл ғана арта түсті; осыған қарамастан, ЕҚЖОЖ бойынша көрсеткіштерімізді басқа операторлардың деректерімен салыстырып алғанда біздің көрсеткіштердің Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығы (IOGP) бекіткен орташа көрсеткіштерден төмен екені анық (3-сызбада көрсетілгендей). IOGP-нің орташа статистикалық көрсеткіштері жайлы ақпарат, он үздік мұнай мен газ өндірушілердің, және ең үздік мұнай мен газ өндірушінің көрсеткіштері жайлы мәліметтер www.iogp.org сайтында қолжетімді.

**3-сызба. Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының ұқсас көрсеткіштерімен салыстырғандағы КПО-ның көрсеткіштері, 2004-2016 жж.**




**4-сызба. Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі: КПО мен мердігер ұйымдар, 2009-2016 жж.** G4-LA6




*КПО-да жоғарыда келтірілген адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігінің көрсеткішін есептеп анықтау үшін келесі тәсіл қолданылады:*

- *Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі (адам жұмыс істеген бір миллион сағатқа) = адам қазасымен аяқталған оқиғалар саны х 1 000 000 / адам-сағаттар. КПО-да 2009 жылы адам қазасымен аяқталған 1 оқиға, және 2011 жылы адам қазасымен аяқталған 1 оқиға орын алды.*

**9-кесте. Адам қазасымен аяқталған оқиғалардың жиілігі: КПО мердігерлік ұйымдармен салыстырғанда, 2009-2016 жж.** G4-LA6

| КӨРСЕТКІШ | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі (КПО) | 0,00 | 0,00 | 0,14 | 0,00 | 0,00 | 0,00 | 0,00 | 0,00 |
| Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі (мердігер ұйымдар) | 0,03 | 0,00 | 0,00 | 0,00 | 0,00 | 0,00 | 0,00 | 0,00 |

## ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ САЛАСЫНДАҒЫ БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

КПО-да мұнай-газ операцияларымен байланысты денсаулыққа, қауіпсіздікке және қоршаған ортаға төнетін қауіп-қатерлерді төмендету мақсатында 2009 жылы енгізілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біріктірілген басқару жүйесі жұмыс істейді. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біріктірілген басқару жүйесі бірнеше халықаралық стандартқа сәйкестікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, және осы салада үздіксіз жетілуге жағдай жасайды.

КПО-ның ЕҚ, Қ және ҚОҚ саласындағы біріктірілген басқару жүйесі ISO 14001 (сертификаттау бірінші рет 2008 жылы өткізілді) және OHSAS 18001 (сертификаттау бірінші рет 2009 жылы өткізілді) халықаралық стандарттарымен бекітілген элементтерді қамтиды. Екі стандарт бойынша екінші және үшінші сертификаттау нәтижелері сәйкесінше 2011 ж. және 2014 ж. расталды. Бұдан кейін өзіміздің өндірістік мақсаттарымызға қол жеткізетін кезде алынған сертификаттау деңгейін бір қалыпта ұстау үшін жыл сайын КПО-ның біріктірілген басқару жүйелеріне бақылау аудиттерін жүргізе бастадық.

ISO 14001:2015 және 45001:2017 (OHSAS 18001:2007 стандартының орнына) жаңа стандарттары қоршаған ортаны қорғау, денсаулықты сақтау және еңбекті қорғау, және қауіпсіздік техникасы саласындағы біріктірілген басқару жүйесі үшін жаңа талаптарды айқындайды. 2016 жылы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біріктірілген басқару жүйемізді жаңа стандарттарға көшіруді бастадық. Біздің өндірістік қызметіміздің белгіленген мақсаттарға сәйкес және қолданыстағы корпоративті басқару жүйесі мен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы басқару жүйесінің талаптарына сай жүргізілуін қамтамасыз ету үшін ішкі бақылау жүйесі ішкі аудиттердің тұрақты түрде жүргізілуін қамтамасыз етеді.

2016 жылы КПО-да бас директор бекіткен 2016 жылғы аудит бағдарламасына сәйкес 12 ішкі аудит және мердігер ұйымдардың қызметін тексеру мақсатында 14 аудит жүргізілді. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біріктірілген басқару жүйесіне бақылау аудиті 2016 жылдың тамызында өткізілді. Ішкі және сыртқы аудиттердің нәтижелері анықталған кемшіліктер бойынша жұмыс істеу және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы басқару жүйемізді одан әрі жетілдіру үшін қолданылады.

2016 жылдың қыркүйек-қазан айларында біздің оператор-компаниялар «Эни» мен «Шелл» өздерінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша аудитін өткізген болатын. Бұл аудит өндірістік қызметімізді жүзеге асыруда ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіптерді басқарудың тиімділігін, оператор-компаниялар қойып отырған талаптардың сақталуын, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы ең үздік тәжірибелердің қолданылуын, сондай-ақ қолданыстағы ISO, OHSAS және IOGP стандарттарын қоса, халықаралық стандарттар талаптарының сақталуын тексеру мақсатында жүргізілді. Осы аудиттің көлемінде КПО-дағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы ішкі аудиттердің ұйымдастырылу және жүргізілу үдерісі «ең үздік практика» деп танылды.

## 2016 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ САЛАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОСПАРЫ G4-14

2016 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жетілдіру жоспары компанияның барлық директораттарына таралатын 37 маңызды шарадан және жағымды өзгерістерден тұрады. Жоспардың 84%-ы жүзеге асырылды. Негізгі шаралардың сипаты төменде қысқа түрде келтірілген.

### I. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің талаптарына сәйкестік

ЖҚҚ басқару процесін жақсарту аясында тапсырыс бойынша жаңа модуль әзірленіп, 2017 жылы сынақтан өтеді деп жоспарлануда. Сынақтан өткеннен кейін ол, қойма жұмысы мен жаңадан келген құралдарды бақылаумен қоса ЖҚҚ қатысты КПО-ның барлық талаптарын қамту үшін SAP жүйесіне жүктеледі.

Қызметкерлердің ықтимал қауіптер жайында хабардарлылық деңгейін көтеру мақсатында «Өмірді сақтаушылар» ережелерінің «Жасырын энергия» атты жаңа бағдарламасы әзірленді. Және бұған қатысты барлық оқу құралдары, көрнекі құралдар және презентациялар үш тілде даярланды. «Жасырын энергия» бағдарламасы бойынша желілік оқыту жүйесі енгізілді.

Сондай-ақ қызметкерлердің ықтимал қауіпті жағдайлар мен оқиғалардың жіктелуіне, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталары арқылы жүзеге асырылатын есептіліктің жаңа үлгісімен бірге енгізілген тіркеу талаптарына қатысты хабардарлылық деңгейін көтеру мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталары комитеттерінің жұмысына қатысатын КПО бөлімшелерінің арасында хабардарлылық деңгейін көтеру үшін арнайы семинарлар өткізілген болатын. Хабарланған ықтимал қауіпті жағдайлардың саны артты.

### II. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жетекшілік және бақылау

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелеріне қатысты біліктілікті бағалау жұмыстары 2016 жылдың бірінші тоқсанында жалғасты. Жалпы КПО-ның 270 топ жетекшісінің біліктілігі бағаланды. Топ жетекшілерін бағалау ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы 10 негізгі маңызды бағыт бойынша жүргізілді:

1. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жетекшілік және мінез-құлық,
2. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіптерді басқару,
3. Жұмыстың қауіпсіз жүйелері,
4. Апатқа қарсы әрекет ету,
5. Қауіпті оқиғалар мен ықтимал қауіпті оқиғалар бойынша тергеу және есеп беру,
6. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тексерулер мен аудиттер,
7. Экологиялық бақылау әдістері,
8. Денсаулық және гигиена мәселелерін басқару,
9. Мердігер ұйымдардың / қосалқы мердігерлердің жұмысын басқару,
10. «Өмірді сақтаушылар» бағдарламасы (қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ететін факторлар мен құралдар) және басқа да Компания ережелері.

Бағалау қорытындылары бойынша топ жетекшілерінің біліктілік деңгейімен қатар жетілдірілуі тиіс тұстар да анықталды. КПО-ның барлық бөлім басшыларының қатысуымен пікірлер мен түсініктемелерді талдау үшін арнайы жиындар өткізілді. Сондай-ақ, бұл жиындарда қатысушылардың назарына даму жоспары ұсынылды.

### III. Мердігерлік ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қызметін басқару

2016 жылы Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) нұсқаулығына және ең үздік салалық тәжірибелерге сәйкестікті қамтамасыз ету үшін мердігерлік ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қызметін басқарудағы кемшіліктерге талдау жүргізілген болатын. Келесі құжаттардың жаңа редакциясы дайындалды:

- Мердігер ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерін басқару стратегиясы;
- Келісімшарт түрлері мен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіптерді бағалау бойынша нұсқамалық;
- Жоғары, орта және төмен қауіп деңгейі қарастырылған келісімшарттарға арналған D қосымшасы;
- Мердігерлік ұйымның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жоспарын дайындауға қатысты нұсқамалықтар.

2017 жылы мердігерлік ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қызметін басқару стратегиясы аясында жүзеге асыру үшін келесі жаңа енгізілулер әзірленді:

- Мердігер ұйымдар топ жетекшілерінің біліктілігіне бағалаудың міндетті түрде жүргізілуі, көліктегі бақылау жүйесін орнатуға қойылатын талаптардың күшейтілуі;
- Әр келісімшарттың түріне арналған бағалау критерийлері бар ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша стандартталған сауалнаманы тендерлік ұсыныстарды бағалау жоспарына қосу;
- Мердігерлік ұйымдардың D қосымшасына және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жоспарлардың талаптарына сәйкестік деңгейін анықтау мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерді міндетті түрде бағалауды енгізу;
- Мобилизациялауға дейін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тексеруді міндетті түрде жүргізу.

Мердігерлік ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерін тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін жаңартылған стратегияның жүзеге асырылуы 2017 жылы жалғасын таппақ. Және бұл жағдайда бас назар қызметі ең жоғары қауіп деңгейімен ұштасатын мердігерлерге бөлінбек.

Қызметкерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілігін қамтамасыз ететін жүйені тексеру мақсатында 2016 жылы КПО өкілдері қызметі ең жоғары қауіп деңгейімен ұштасатын 22 мердігер компанияның басшылығымен кездесті. Нәтижесінде олардың 59%-ында айтарлықтай жұмыстар жүргізілу керектігі анықталды. Мердігерлік ұйымдарға қызметкерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілігін бағалау бойынша нұсқаулықтар және ұсынылған басшылық тапсырылды. Мердігерлік ұйымдардың басшылары өз топ жетекшілерінің біліктілігін бағалап, анықталған кемшіліктерді жою мақсатында арнайы оқыту жүргізді. Мердігер ұйымдар қызметкерлерінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілік деңгейін көтеруге жағдай жасау мақсатында КПО мен келісімшарт ұстаушыларға бағалау бойынша толық ақпарат ұсынылды.

### IV. Өндірістік нысандардың тұтастығы және қауіп-қатерлерді басқару G4-OG13

ҚӨК пен ГКДҚ-2-дегі апатты жағдайлардағы эвакуациялау және құтқару жұмыстары бойынша бағалау нәтижелері алынды. Осыған орай 2017 жылы стратегиялық жетілдіру жоспарларын дайындау көзделіп отыр. Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында ірі көлемді апат жағдайларында жиналу орындарының ұйымдастырылуын жақсарту үшін жүзеге асырылуы тиіс іс-шаралар анықталды.

Қауіпсіздіктің негізгі компоненттерін (ҚНК) анықтау тәртібі жаңа редакцияда әзірленіп шығарылды. Бұдан кейін ГКДҚ-3 және Эко орталық бойынша ҚНК тізіміне талдау жүргізілді. 2017 жылы ГКДҚ-2 және ҚӨК бойынша қауіпсіздіктің негізгі компоненттеріне талдау жұмыстары жүргізілетін болады.

Тәуелсіз тексеру органына өндіріс тұтастығын қамтамасыз ететін қорғаныш тосқауылдарына қызмет көрсету бойынша келісімшарт 2016 жылы табысталды. Бұл тексерулерді жүргізу басшылығында келтірілген нұсқаулықтарға сәйкес қорғаныш тосқауылдарына, ҚНК-не, орындау стандарттарына және тексерулердің жазба сызбаларына қатысты талаптардың сақталуын растау үшін қажет.

КӨК нысандарында және кен орнындағы әкімшілік ғимаратта қызметкерлерді минималды қатыстыру стратегиясының екінші кезеңі жүзеге асырылды. Бұл стратегия кен орнында ірі көлемді апат орын алған жағдайда қызметкерлердің жарақат алу қаупін төмендетуге бағытталған. 2016 жылы ҚӨК әкімшілік ғимаратынан Ақсай қаласына 64 қызметкер, ал кен орны ішінде 139 қызметкер көшірілді.

Кен орнының бас жолдарында «Жол жабық» дегенді білдіретін жаңа 12 жарық жол белгісін орнату жобасы басталды, жұмыс көлемі анықталды.

### V. Еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты сақтау

2016 жылы жұмыс орнындағы адам денсаулығына және қоршаған ортаға төнетін қауіптерді түсіну мен бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған келесі іс-шаралар жүзеге асырылды:

- КПО нысандары мен ғимараттарында асбестің болуын анықтау мақсатында тексеру жұмыстары 2016 жылдың қыркүйек-қазан айларында өткізілді. Оңтайлы халықаралық тәжірибеге сәйкес КПО-ның барлық ғимараттары атап көрсетілген «Құрамында асбесті бар материалдар тізілімінің» электронды нұсқасы дайындалып, желілік басқару жүйесіне жүктелді. Құрамында асбест бар материалдар анықталып, анықталған деректер бойынша құрамында асбест бар материалдардың болу себебінен қызметкерлер денсаулығына төнетін қауіптерді төмендетуге қатысты ұсыныстары бар егжей-тегжейлі есеп дайындалды.
- Бензолдың бар болуына байланысты қызметкерлерге төнетін қауіпке сандық бағалау жүргізілді. 2016 жылдың шілде айында таңдалып алынған қызметкерлер топтары мен өндірістік нысандардың арасында үлгілерді алу мен атмосферада бензолдың болуына бақылау ұйымдастырылып өткізілді. Үлгілер арнайы зертханада талданды, және талдаудың нәтижелері барлық үлгілер үшін бензолдың әсер ету деңгейі рұқсат етілген шекте екенін көрсетті. Нәтижелерді растау мақсатында келесі жылы арнайы бақылауды қайта жүргізу ұсынылды.

### VI. Қоршаған ортаны қорғау

2015-2016 жылдарға арналған ҚМГКК-да биотүрлілікті сақтау бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес Қарашығанақ кен орнының әсер ету аумағында өсетін өсімдіктердің жағдайын анықтау мақсатында далалық бақылау жұмыстары өткізілді, және сирек кездесетін түрлерге талдау жүргізілді. КПО өндірісінің флора мен фауна түрлерінің тіршілік ету ортасына тигізетін айқын кері әсері байқалған жоқ.

Топырақтың жоғарғы қабаттарын кейінгі қолдану тәсілдерін анықтауға қатысты жоба жүзеге асырылуда. Үйінділерде сақталатын топырақ қыртысы қабаттарының үлгілеріне олардың химиялық және физикалық сипаттамаларын анықтау мақсатында зертханалық зерттеулер жүргізілді. Топырақтың жоғарғы қабаттарын кейінгі пайдалану/тасымалдау әдістері анықталды, және олар БҚО мен Атырау облыстарының әкімшіліктерімен келісілді.

Экологиялық түсінушілікті арттыру науқанының аясында 2016 жылдың мамыр айында қоршаған ортаға қатысты елеулі мәселелерге арналған Экологиялық конференция өткізілді. Қоршаған ортаға эмиссияларға берілетін рұқсаттарда қарастырылған рұқсат етілген шектер бойынша өндірістік қондырғыларда жұмыс істейтін жетекші және жауапты жұмысшыларға арналған шығу семинарлары ұйымдастырылды, сондай-ақ «Қарашығанақ: табиғатпен үйлесімде» атты экологиялық бейнеролик түсіріліп шығарылды.

Экологиялық аспекттер мен ықпалдарды анықтау, қоршаған ортаға төнетін қауіптерді анықтау және жаңа бақылау шараларын әзірлеу үшін қажет жүйелі әдісті қамтамасыз ету мақсатында КПО-да жаңа редакцияда экологиялық аспекттерді анықтау нұсқаулығы мен негізгі экологиялық аспекттердің тізілімдері дайындалды. Бұл аспекттер бойынша толық ақпарат осы есептің «Экологиялық басқару жүйесі» бөлімінде келтірілген.

ГКДҚ-2 мен ГКДҚ-3 нысандарында бақыланбайтын шығарындыларға бақылау жүргізу науқаны аясында мұндай шығарындыларды тіркеу және оларға сандық бағалау жүргізу мақсатында 2016 жылы далалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Іс-шаралар жүзеге асырылғаннан кейін нысандар басшылығының арасында таратылған оңтайландыруға қатысты ұсыныстары бар есеп әзірленді.

### VII. Жол қауіпсіздігін басқару

Жолдардағы қауіпсіздіктің тұрақты түрде жақсаруын қамтамасыз ету мақсатында жол қауіпсіздігін жақсарту жоспарында белгіленген іс-шаралардың 80%-ы орындалды. Келесі іс-шаралар жүзеге асырылды:

- Көліктегі бақылау жүйесін жетілдіру (қызыл батырма және апаттық хабарламаны таратуға арналған кенеттен тежеу дабылы);
- КПО қызметімен байланысты КПО мен көлік қызметтерін көрсететін мердігерлердің жалпы жүріп өтетін километрмен есептегендегі жол қашықтығын қысқарту;
- Жол жүру қауіпсіздігіне арналған жиындарды ұйымдастыру;
- Қараоба өзені арқылы өтетін көпірден Бөрліге дейінгі Ақсай-Пугачево жол бөлігіндегі жол төсемін жөндеу;
- Кен орнындағы жолдардың жағдайын жақсарту және Қарашығанақ кен орнындағы көлік жылдамдығын бақылау үшін жасанды кедір-бұдырларды орнату;
- КПО қызметкерлері (қалқып шығатын хабарламалар, көліктерді қауіпсіз айдау курстары) мен жергілікті халыққа (Балалар күнін мерекелеу, Ақсай қаласының барлық мектептерінде бастауыш сынып оқушыларына арнап презентациялар өткізу) арналған жол қауіпсіздігіне қатысты іс-шаралар;
- Жол сапарларға байланысты қауіптерді бағалау;
- Жүк тасымалы қауіпсіздігіне қатысты іс-шаралар.

### VIII. Жобалардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша көрсеткіштерін басқару

Қарашығанақты кеңейту жобасы-1 (КЕР-1) бойынша жобаға дейінгі кезеңнің орындалуы кейінге қалдырылғандықтан жобалардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ-қа қатысты іс-шаралары толық көлемде іске асырылмады.

### IX. Қауіпсіздік

ҚР-ның терроризмге қарсы қорғау заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында кен орнының барлық нысандарында, сондай-ақ пилот қалашығында, Үлкен Шағанда және Атырау терминалында күзет видео-бақылау жүйесінің камералары орнатылды.

Қауіпсіздік мәселелеріне қатысты өзара әрекеттесуді жақсарту мақсатында қауіпсіздікті басқару жүйесінің жаңа келісімшарт негізіндегі стратегиясы әзірленіп келісілді. Бұл жүйе қорғану шараларын (қоршаулар, көліктік барьерлер), электронды қосалқы жүйелерді (кіруді бақылау, бейнебақылау, периметр бойынша анықтау, хабарландыру жүйесі) қамтиды. Олар бақылауды тиімді түрде жүргізу үшін және қауіпсіздік үдерісін орталықтандырылған басқару орнынан реттеу арқылы жүзеге асырылады. Қауіпсіздікті басқару жүйесі қауіпсіздіктің қатаң мемлекеттік нормативтік талаптарына сай жүргізілетін болады, яғни қауіпсіздік инфрақұрылымының жаңартылып, қауіптердің практикалық ыңғайлы деңгейге дейін түсуін қамтамасыз етеді.

Қауіпсіздік қауіп-қатерлерін басқаруды жетілдіру мақсатында құрушы компаниялармен бірлесе отырып қауіптерге кешенді бағалау жүргізетін тәуелсіз тарап таңдалып алынды. Бұл үдеріс 2016 жылдың қазан айында аяқталды. Қауіптерді анықтау және бағалау нәтижесінде оларды төмендететін шаралар ұсынылды. Бұл шаралар қарастырылып, іс-шаралар жоспарында біріктірілді. Аталған іс-шаралар жұмыс бағдарламасына енгізіліп, практикалық тұрғыдан жүзеге асырыла бастады, мысалы, қауіпсіздікті басқару жүйесінің аясында қосымша оқытулар және т.б. өткізілді.

КПО мен мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің терроризмге қатысты хабардарлылық деңгейін көтеру мақсатында терроризм қауіптері жайлы жаңа ақпараттар жүйелі түрде басылып отырады, және осыған орай нақты кеңестер беріледі; қызметкерлерді эвакуациялау бойынша оқытулар жоспарына сәйкес террористік актілерге қарсы жеті (7) оқыту-жаттығу дабылы өткізілді.

### 2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ САЛАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОСПАРЫ [G4-14]

2011 жылдан бері қолданыстағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспары сапаны үздіксіз арттыруды көздеп, кәсіпорынның күнделікті қызметтер аясынан тыс шараларын айқындайды. Бұл жоспар алдыңғы кезеңдердің қорытындылары мен халықаралық озық тәжірибелерге негізделген.

КПО бастамаларының ұзақ мерзімді сипатын ескерсек, жоспардың жалпы құрылымы айтарлықтай өзгермейді. Дегенмен, жыл сайын алдыңғы жылғы жоспарды жүзеге асыру кезінде анықталатын мәселелерге қатысты жаңа элементтер қосылады. Әрбір элемент бойынша КПО-ның тиісті бөлімшелері компания көлеміндегі жобаларда алатын орны негізінде шаралар қолданады. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспары іс-шараларының орындалуы қадағаланып, ай сайын КПО жоғарғы басшылығы мен құрушы компанияларға баяндалып тұрады.

2017 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспарына төменде көрсетілген элементтермен қатар қауіпсіздік элементі енгізілді:

1. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің талаптарына сәйкестік,
2. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жетекшілік және қадағалау,
3. Мердігерлік ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қызметін басқару,
4. Өндіріс тұтастығы мен қауіптерді басқару,
5. Еңбекті қорғау және денсаулықты сақтау,
6. Қоршаған ортаны қорғауды басқару,
7. Жол қауіпсіздігін басқару,
8. Жобалардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша көрсеткіштерін басқару,
9. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету.



## ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ЖӘНЕ АҚПАРАТ АЛМАСУ

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелерін талқылау және орын алған оқиғаларды тексеру кезінде жиналған тәжірибемен бөлісу мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жиындар компанияның әртүрлі деңгейлерінде жиі ұйымдастырылады. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелеріне байланысты әртүрлі жиындар мен талқылауларға біздің мердігерлік ұйымдар да қатысады.

2016 жылдың 27-ші шілдесінде КПО мердігерлік ұйымдар басшыларының қатысуымен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелеріне арналған форум өткізді. «Нөлдік көрсеткішке жету» атты форумның мақсаты қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу болды. Форум кезінде жүргізілген «дөңгелек үстел» талқылаулары оқиғалардың алдын алуға, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы мәдениет пен ақпарат алмасуды, сондай-ақ қауіпсіз еңбек жағдайларын құруға бағытталған мердігерлік ұйымдардың бастамаларын жетілдіруге арналған болатын. Форум барысында әзірленген ұсыныстар негізінде жалпы ерікті міндеттеме жасалды, оған сәйкес мердігерлік ұйымдар келесіні жасауға міндеттеледі:

- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы мәдениетті жетілдіру мақсатында тиімді кері байланыс режимін құру;
- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы нұсқаулықтарды жеңілдету және оларды барлық деңгейде насихаттау;
- Оқиғалардан алынған сабақтарды күнделікті жұмыста қолдану мүмкіндігін қарастыру;
- Өз компанияларында қауіпсіздік техникасының қарапайым ережелерін бекіту.

2016 жылы КПО жоғарғы басшылығы КПО-ның барлық кеңселері мен өндірістік нысандарында қауіпсіздік техникасына арналған кезектен тыс бес жиын өткізді. Бұл жиындардың негізгі мақсаты бас назарды негізгі қауіпті факторларға бөле отырып, және жұмысты қауіпсіз жүргізудің керектігін ескерте отырып, барлық қызметкерлердің қауіпсіздік техникасын қамтамасыз етудегі рөлінің маңыздылығын бірлесе отырып талқылау болды. КПО мен мердігерлік ұйымдардың 3 000-нан астам қызметкері бұл іс-шараларға қатысты.

2016 жылы тайғанау, сүріну мен құлаудың алдын алу науқанының мақсаты компания қызметкерлері мен мердігерлік ұйымдарға құлауға не себеп болатынын және жұмыс пен күнделікті өмірде қандай сақтық шараларын қолдану қажет екендігін еске түсіру болды.

КПО басшылығының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ-пен байланысты жұмыс орындарын аралауға қатысты бағдарламалары әзірленді. Олар КПО басшылығына жұмыс учаскелерінде жұмыстардың орындалуын өз көзімен көруге және жұмысшылармен сөйлесуге, сондай-ақ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жалпы көрсеткіштерді қадағалауға, және КПО саясатына, заңнама талаптарына және озық салалық тәжірибелерге сәйкес көрсеткіштерді үздіксіз жақсартуға бағытталған іс-шараларды үйлестіруге мүмкіндік береді. КПО басшылығымен 2016 жылы өткізілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жүргізілген жұмыс орындарын аралау саны жылға жоспарлап қойылған міндеттемелерден асып түсті: жоспарланған 35 аралаудың орнына директорлар мен басқарушылар жұмыс орындарын 53 рет аралап шықты. Нысандар мен бөлім басшыларымен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жұмыс орындарын аралау саны да жоспарланған межеден асты: 355 сапар жоспарланса, жұмыс орындары 422 рет араланды (есеп бір айналым басшының жұмыс аймағын бір рет аралауына сәйкес келеді деген болжаммен жасалды).

Қарашығанақ кен орнында жұмыс істейтін КПО мен мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне келесі бейнероликтер көрсетілді:

- Биіктіктен құлау;
- Жүктерді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік ережелері;
- Сатыны пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелері.

## ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ КАРТАЛАР БАҒДАРЛАМАСЫ G4-14

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталар бағдарламасын жүзеге асыру 2016 жылы жалғасты және жалпы шолуды қамтыды. Бағдарламаға ықтимал қауіпті жағдайларды қате жіктеуге қатысты мәселелерді жоюға бағытталған елеулі өзгерістер, сондай-ақ осындай ықтимал қауіпті жағдайлар бойынша есептілікке, және қауіпті жағдайларда араласу үдерісі мен бақылаулардың сапасын оңтайландыруға қатысты жақсартулар енгізілді. Қабылданған іс-шаралардың нәтижесінде ықтимал қауіпті жағдайларды тіркеу бақылау түрлерінің бірі ретінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталар жүйесіне енгізілді:

- Ықтимал қауіпті жағдай ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ картасына бақылау түрлерінің бірі ретінде қосылды. Нәтижесінде хабарланған ықтимал қауіпті жағдайлардың саны біршама артты, ал бұл өз кезегінде орын алған жағдайлардан уақтылы сабақ алуға, және сол арқылы оқиғалардың алдын алуға мүмкіндік берді.
- Бақылаулардың категориялары қайта қарастырылып жаңартылды: категориялардың саны 21-ден 30-ға дейін артты.
- Картаға қауіпті жағдайларда араласу үдерісін жақсарту мақсатында көмекші сұрақтары бар қосымша жолдар енгізілді.

2016 жылы бұл жүйені енгізу үшін КПО бөлімдерінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталары бойынша 13 комитет жұмыс істеді. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталарымен жұмыс істейтін комитеттердің 86 жиыны өткізілді, карталардың толтырылу беталысын талдау мен елеулі мәселелерді талқылаудың негізінде 66 қосымша шара/бастама белгіленді, және олардың 63-і жүзеге асырылды.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталары бағдарламасы аясында қызметкерлерді ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталар жүйесін тиімді пайдалануға ынталандыру мақсатында «Айдың ең үздік ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы картасы» атты номинациядағы сыйлық тағайындалды. Ең үздік қатысушы бөлінген көлемі 50 АҚШ доллары болатын «жеңімпазға арналған кеш» атты сыйлық сертификатқа ие болады.

2016 жылы КПО мен мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері 13 605 картаны толтырды, ал олар кейіннен тиісінше өңделді. 2016 жылы тіркелген жалпы 6 902 ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталарының негізінде 6 832 түзету шарасы жүзеге асырылды (98%).

**5-сызба. Бақылау түріне байланысты ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карталарды талдау, 2012-2016 жж.**




## АПАТҚА ӘРЕКЕТ ЕТУ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС G4-14

Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнындағы қызметтер қауіпті өндірістік факторларымен байланысты. Қарашығанақ кен орны операторы ретінде КПО төтенше жағдайлардың алдын алу және әрекет ету мәселелеріне ерекше назар аударады.

КПО қызметкерлердің қысқа және ұзақ мерзімде кез-келген ықтимал төтенше жағдайларға жауап беруге дайындығын қамтамасыз етуге жауапты. Сондай-ақ, бизнестегі төтенше жағдайларды жоспарлауды жүзеге асыруда компанияның тиімділігін қадағалау да маңызды шара.

КПО-да оқиғалардың, апаттардың және төтенше жағдайлардың туындау қаупі болған кезде шұғыл әрекет жасап, олардың көлемін бағалап, оларды ұстап қалу мен бақылау үшін шешімдер қабылдауға қажет 3 деңгейлі апатқа қарсы әрекет ету жүйесі бар.

| | |
|---|---|
| I-деңгей: | Жұмыс алаңында немесе сол жерде өз күшімен реттелетін оқиғалар. |
| II-деңгей: | Төтенше жағдайдың ықпалы жұмыс алаңы ішінде шектеліп қалды, бірақ мемлекеттік төтенше жағдайлар қызметтері немесе басқа ұйымдардың ресурстарын пайдалануды талап ететін ықтимал сыртқы әсердің болу мүмкіндігі. |
| III-деңгей: | Орналасқан жердің ресурстық мүмкіндіктері шегінен тыс, және қосымша ресурстар мен қолдауды көрсететін апатты бақылау тобын жұмылдыруды қажет ететін, немесе компанияның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін күшейіп кету ықтималдығы бар оқиға. |

Сонымен қатар жыл сайын біз арнайы жаттығулар жүргіземіз. 2016 жылғы оқыту және жаттығу жоспарының бөлігі ретінде келесі жаттығулар жүргізілді:

- 2016 жылы шілде айында «Меркурий» атты көптеген деңгейлерді біріктірген жаттығулар жүргізілді. Жаттығулардың басты мақсаты кен орнындағы ірі апаттарға барлық топтардың әрекет етуді қолдану болды. Бұл шараға КПО-ның барлық II және III-деңгейлі апатты бақылау топтары, ГКДҚ-2-ның I-деңгейлі апатқа әрекет ету тобы, сондай-ақ өрт сөндіру, апаттан құтқару және медициналық топтар қатысты.
- 2016 жылдың шілдесінде Жайық өзенінің су бетіне мұнай төгілуіне қарсы әрекет етуге бағытталған арнайы тактикалық жаттығу өткізілді. Топтар Жайық өзенінде мұнай ұстағышты сәтті қолданды. Судың күшті ағыны жағдайында қолданылған шаралар бойынша бірегей практикалық тәжірибе алынды.

- 2016 жылдың қыркүйек айында кен орнында «Кен орнындағы ірі апат жағдайында КПО бақылау орталығы, аудандық және облыстық жергілікті қосалқы жүйелердің төтенше жағдайдың алдын алу және бақылау шаралары. Тұрғындарды эвакуациялау» шараларын қолдану үшін біріктіріліген жаттуғылар өткізілді. Бұл жаттығулар Өнеркәсіптік дамыту және қауіпсіздік комитетінің БҚО бойынша департаменті басшысының, Ішкі істер департаменті басшысының, Бөрлі ауданы әкімдігінің басшысының, «Өрт сөндіруші» АҚ басшысының және апаттық атқыма қызметінің қатысуымен өтті. Департаменттер арасындағы өзара әрекеттесу шаралары іске асырылып, техникалар мен арнайы жабдықтар дайындығы тексерілді. Осы біріктірілген жаттығу барысында апаттық құтқару топтары мен жасақтары тапсырмаларды орындауға өз дайындықтарын көрсетті.
- Қарашығанақ өңдеу кешеніндегі NALCO химиялық қоймасында кең ауқымды өртке қарсы апаттық әрекет ету шараларын қолдану мақсатында 2016 жылдың желтоқсан айында «Нептун» атты басшылық және штабтық жаттығуы өткізілді.
- Жыл бойы апатты бақылау топтарының қатысуымен жүргізілген апта сайынғы басшылық және штабтық жаттығулар кен орнында және Ақсайда өткізіліп, әртүрлі апаттық сценарийлер талқыланды.

КПО мен ҚР төтенше жағдайлар басқармалар басшылығы барлық біріктірілген жаттығулар жоғары кәсіби деңгейде болғандығын айтты.

Есептік жыл ішінде кен орны және Ақсайдағы апатты бақылау тобы мүшесі болып табылатын 76 адам апатты бақылау тобының арнайы оқыту жаттығуларын өткізген. Ақсай және кен орны апатты бақылау топтары арасындағы жазбаларды тіркеу мен шұғыл байланысты жақсарту мақсатында жаңа электрондық оқиғалар журналы әзірленді.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес e-learning электрондық жүйесі арқылы компания қызметкерлерін азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөнінде хабардар ету жұмыстары жалғасын тапты. 2016 жылы e-learning электрондық оқыту жүйесінің статистикасын жинау үдерісі жетілдіріліп, қызметкерлердің оқу курсарынан өтуді мониторинг және талдау жасауды жеделдетуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар есептік жыл ішінде төтенше жағдайда тиімді әрекет етуге дайындық деңгейін бағалайтын 1-деңгейлі апатқа қарсы әрекет ету тобы мүшелерінің құзыреттілігін бағалау жүргізілді.

Операторлық қызметі «БиДжи Груп» компаниясынан «Шелл Казахстан» кәсіпорнына ауысуына байланысты КПО мен ҚМГКК операторлары («Шелл Казахстан» және «Аджип Карачаганак Б.В.».) арасында Дағдарысты басқаруда өзара әрекеттесу хаттамасына қол қойылды. Бұл хаттама апаттық әрекет етуге қатысты КПО мен Операторлар арасында әрдайым келісіліп тұрады. Сонымен бірге КПО, ТШО және НКОК арасында Дағдарысты басқаруда өзара көмек туралы келісімге қол қойылды

## ТҰРҒЫНДАР ДАЙЫНДЫҒЫ G4-14

Елді мекендердегі тұрғындарды ескерту станцияларының тұрақты дайындығын қамтамасыз ету мақсатында 2016 жылы КПО-ның апатқа әрекет ету мамандары апаттық дабыл жүйесін ай сайын сынақтан өткізіп тұрды. Сондай-ақ тұрғындармен байланыс жүйесін үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін КПО осы станциялар жабдықтарына жоспарлы техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізді және Приурал, Димитрив, Қарашығанақ, Жаңаталап, Жарсуат, Березов және Успен ауылдарында станцияларды жаңғырту жұмыстарын жүргізді.

2016 жылы КПО мамандары кен орнына және ҚАТС құбырына жақын орналасқан ауылдық округтердің ресми тұлғаларымен бірқатар кездесулер өткізді. Бұл кездесулер туралы мәлімет 10-кестеде берілген.



Қарашығанақ кен орнындағы төтенше жағдайларды болдырмау және жою бойынша кешенді жаттығу кезінде

**10-кесте. 2016 жылғы КПО-ның Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан ауылдық округтердің ресми тұлғаларымен апаттық әрекет етуге қатысты кездесулері**

| № | МАҚСАТЫ | САНЫ | ҚАТЫСҚАН ТОПТАР |
|---|---|---|---|
| 1 | КПО-ның жергілікті тұрғындарды ескерту жүйесінің мүмкіндіктері мен қажетті қауіпсіздік шаралары туралы Приурал, Жарсуат, Димитров, Қарашығанақ, Жаңаталап, Успен, Амангелді, Березов, Бестау, Қаракемір елді мекендерінің тұрғындары мен Тұңғыш ЖШС қызметкерлерін ақпараттандыру | Жалпы саны 220 адамның қатысуымен 165 жиналыс | Әкімдер және елді мекендер әкімдігінің қызметкерлері, жауапты тұлғалар мен лауазымды тұлғалар |
| 2 | Өрт қауіпі кезінде ауылшаруашылық қызметтерді қауіпсіз жүзеге асыру тәртібі туралы Приурал, Жарсуат, Димитрово, Қарашығанақ, Жаңаталап, Успен, Амангелді, Березов, Бестау, Қаракемір елді мекендері тұрғындарын және Тұңғыш ЖШС қызметкерлерін ақпараттандыру | Жалпы саны 139 адамның қатысуымен 12 жиналыс | Әкімдіктер қызметкерлері және ауыл шаруашылық қожалықтары өкілдері |
| 3 | Қарашығанақ - Үлкен Шаған - Атырау (ҚАТС) экспорттық құбыр желісі бойындағы елді мекендердің лауазымды тұлғаларын тұрғындармен байланыс жүйесінің қызметтерімен және төтенше жағдай кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібі туралы хабарлау | 29 елді мекенге сапар жасалып, 207 адам қатысты | Әкімдер және елді мекендер әкімдігінің қызметкерлері, жауапты тұлғалар мен лауазымды тұлғалар |

Жоғарыда айтылғандардан бөлек, КПО су тасқыны, өрт және қысқы кезеңдерде жергілікті атқарушы органдармен тығыз жұмыс істейді.



КПО қызметкерлері ҚӨК зауытында

# ӨНДІРІС ТҰТАСТЫҒЫН БАСҚАРУ G4-14

**11-кесте. Өндіріс тұтастығы саласындағы міндеттеріміз**

| 2016 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР | МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ | 2016 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҮШІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР | 2017 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР |
|---|---|---|---|
| Тосқауылдар үлгісін жетілдіру және экспорттық құбырлар жүйесі мен Эко орталық жұмысын ескере отырып, оның қолданыс аясын кеңейтуге қатысты жұмыстарды жалғастыру. Жүйелік тосқауылдарды басқару мен бақылаудың тәртібін орнату. | Толық емес | Белгілі бір учаскеге тән нақты мәселелерді көрсету үшін ҚӨК, ГКДҚ-2, ГКДҚ-3 және кен орнындағы өнімді жинақтау жүйесіне арналған тосқауылдар үлгісін жетілдіру бойынша жұмыстар жалғастырылды. Экспорттық құбырлар жүйесіне қатысты қолданылатын тосқауылдар үлгісін енгізу бойынша жұмыстар басталды. | Экспорттық құбырлар жүйесі мен Эко орталық жұмысына қатысты тосқауылдар үлгісін енгізу бойынша жұмыстарды аяқтау. |
| Өндіріс тұтастығы тосқауылдары мен олармен байланысты негізгі қауіпсіздік компоненттерінің тәуелсіз жақпен тексерілу үдерісінің жүзеге асырылуын жалғастыру. | Толық емес | ГКДҚ-3 пен Эко орталықтың негізгі қауіпсіздік компоненттеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілді. Екі өндірістік жүзеге асыру стандарты әзірленді, және қазіргі кезде олар техникалық қызмет көрсетуді басқарудың компьютерлендірілген жүйесіне енгізілуі тиіс. | Енгізілген өндірістік жүзеге асыру стандарттарының тәуелсіз жақпен тексерілуін қамтамасыз ету. |
| Өндіріс нысандарының тұтастығын қамтамасыз ететін пайдалану параметрлерінің диапазонын (тұтастықтың операциялық терезесі) бақылауға арналған әдістемені ұсыну. | Орындалмады | Бұл шара 2017 жылға ауыстырылды. | Өндіріс нысандарының тұтастығын қамтамасыз ететін пайдалану параметрлерінің диапазоны (тұтастықтың операциялық терезесі) үшін стандартты дайындау, және ҚӨК-те тиісті сынауларды өткізу. |
| Өндіріс тұтастығын басқарудың негізгі қағидаларының талаптарын қосымша әзірлеп, оларды жобаларды кешенді техникалық-экономикалық тұрғыдан бағалау үдерісіне қосу. | Орындалды | Өндіріс тұтастығын қамтамасыз етуге қатысты барлық талаптар анықталды. Осы талаптарды ескере отырып, 2017 жылы жоба көрсеткіштерінің тиімділігіне тексеру жүргізу бойынша негізгі қағидаларды жаңарту қажет. | |
| Тоқсандық өндіріс тұтастығы деректері бойынша есеп беруді аяқтау жөнінде тоқсандық жиналыстар жүргізу | Орындалды | Өндіріс тұтастығын басқару комитеті өз жиналыстарын II және IV тоқсанда өткізді. Барлық тоқсандық есептер толтырылған болатын. Күрделі мәселелер 2016 жылы өткізілген тоқсандық қауіп-қатерлер комитеті жиналысына жолданды. | |

КПО өндірістік нысандарының атқарымдық, механикалық және пайдалану тұтастығын белсенді және сенімді басқаруды қамтамасыз ету – КПО-ның өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімінің 2016 жылдағы негізгі жұмыс бағыты болды.

2016 жылы өндіріс тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі қағидаларын жүзеге асыру жалғастырылды. КПО-ның маңыздылығы жоғары құжаты ретінде өндіріс тұтастығын қамтамасыз ететін жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі қағидалары КПО-ның барлық өндірістік активтерін басқару үшін қажет жалпы талаптарды айқындайды. Ал бұл қауіпсіз және тұрақты өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған кешенді әрі құрылымдық тәсілді қамтамасыз етеді. Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ететін жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі қағидаларын жүзеге асыру аясында ірі апаттардың орын алуын болдырмайтын немесе алдын алатын қорғаныш тосқауылдардың жағдайын бағалау мақсатында өндірістік активтердің тосқауылдар үлгісі қолданылады. Өндіріс тұтастығының тосқауылдар үлгісі қауіп-қатерлердің негізінде технологиялық қондырғылардың жағдайын логикалық тұрғыдан жүйелі, әрі жоғары деңгейде талдап, КПО-ның барлық нысандары бойынша кездесетін күрделі мәселелерді жалпылауда қолданылады. G4-14

2016 жылы өндіріс тұтастығының тосқауылдар үлгісін жақсартуға жұмсалған күштер келесі міндеттермен байланысты болды:

## 1. Өндіріс тұтастығының тосқауылдар үлгісінің жетілуі

2014 жылы алғаш рет ұсынылған өндіріс тұтастығының тосқауылдар үлгісін кейінгі жетілдіру 2016 жылы жалғастырылды. Қазіргі кезде ол өндіріс тұтастығымен байланысты қауіп-қатерлерді азайтуға қатысты шешімдерді өндірістік және корпоративтік деңгейде талқылау мен қабылдауға арналған негізгі құрал ретінде күнделікті түрде қолданылады. Соңғы уақытта тосқауылдар улгісі үшін жауапкершілікті тікелей нысандардың өздері алуда. Жеке учаскелерге арналған КПО порталында қолжетімді тосқауылдар үлгілері ҚӨК, ГКДҚ-2, ГКДҚ-3, өнімді жинаудың ішкі жүйесі және бастапқы мұнай станциясы үшін енгізілді, және олар нысан аумағындағы жеке функционалды учаскелердің тұтастық статусына интерактивті түрде қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл жалпы жағдай мен тиісті қауіп-қатерлерді ескере отырып, нысан деңгейінде шешім қабылдау үдерісін жақсартуға жағдай жасайды. Ақпарат алмасуды тігінен жүргізуді және едәуір маңызды мәселелерді жоғарғы басшылықтың қарауына тапсыруды қамтамасыз ету мақсатында тосқауылдардың статусы жайлы есеп беру тәртібі ұйымдастыру үдерістеріне енгізілген. 4-суретте Қарашығанақ өңдеу кешеніндегі нақты учаскеге арналған тосқауылдар үлгісі көрсетілген:





**4-сурет. Қарашығанақ өңдеу кешеніне арналған өндіріс тұтастығының тосқауылдар үлгісі**




*Ескерту: Берілген сұлбада учаскені таңдау арқылы оның функционалдық міндеттерін және қауіп-қатерді азайтуға бағытталған шараларды жүзеге асырып болғаннан кейінгі (оң жақтағы жоғарғы бұрыш) зауыт аумағындағы сегіз тосқауылдың ағымдағы статусын көруге болады. Сол жақтағы жоғарғы бұрышта электрондық бағдарламада тіркелетін осы учаскемен байланысты барлық күрделі мәселелердің сипаттамасын көруге болады. Технологиялық сұлбаны қарастыра отырып, бір учаскедегі күрделі мәселелердің технологиялық ағынның бойындағы нысандардың тұтастығына қалай әсер ететінін, сондай-ақ учаскелерде қандай да бір әсерге тап болуы мүмкін тосқауылдардың түрі мен санына байланысты «домино» қағидасының ықтимал әсерін көруге болады.*

Бұл құралдың негізгі артықшылықтары төменде көрсетілген:

- Жеке өндіріс тұтастығы тосқауылдарына сәйкес өндірістік мәселелерді жіктеу;
- Қауіп-қатер деңгейі бойынша күрделі мәселелерді жіктеу және қауіп-қатер деңгейін ескере отырып, кейіннен басым шараларды анықтау;
- Технологиялық қауіп-қатерлерді және оларды азайтуға бағытталған шараларды басқару мақсатында дерекқорды құру;
- Басшылыққа нысан және корпоративті деңгейдегі басым қауіп-қатерлерді қоса, қауіп-қатерлердің жалпы көрінісін ұсыну;
- Нысан жұмысы аясында жүргізілетін күнделікті қауіп-қатерлерді бағалау шараларына қоса нысанның әр учаскесіндегі қауіп-қатерлерге қатысты ақпаратты ұсыну.

**5-сурет. КПО-ның ұйымдық құрылымындағы тосқауылдар статусы туралы есеп беру үдерісі**




2017 жылы тосқауылдар үлгісін одан әрі дамыту үдерісі келесі жұмыстарды қамтитын болады:

a. Компьютерлендірілген техникалық қызмет көрсетуді басқару жүйесінде және қауіп-қатерлер негізіндегі инспекциялар дерекқорында қамтылған қауіпсіздік техникасы жағынан маңызды жабдықтар тізімін қайта қарау, сонымен қатар тосқауылдар тиімділігін қаматамасыз ету үшін жоспарланған техникалық қызмет көрсету жұмыстарын оңтайландыру. Бұл шаралар 2017 жылы аяқталады.
b. Технологиялық жабдықтың бірте-бірте ескіруі мен тозуына қатысты мәселені, және бұл үдерістердің кәсіпорын өндірісіне тигізетін әсерін зерттеу (тұтастықты қамтамасыз ететін пайдалану сипаттамаларының ауқымымен салыстырғанда (АМИ 584));
c. Жүйелік тосқауылдардың тиімділігін бақылауды тағайындау (басқару үдерістері мен активтердің тұтастығына ықпал ететін қызметкерлер). Жүйелік тосқауылдарды басқару 2017 жылы ұсынылатын болады.
d. Экспорттық құбырлар жүйесі мен Эко орталықты қарастыра отырып, тосқауылдар үлгісінің қолданылу аясын кеңейту.

## 2. Өндіріс тұтастығы көрсеткіштерін бақылау

Тосқауылдар жұмысының тиімділігі негізгі озыңқы және қорытынды көрсеткіштердің көмегімен бақыланады. Көрсеткіш топтарының екеуі де өндіріс тұтастығын бағалау картасы арқылы ай сайын бақыланып отырады, және жоғары басшылық оларды өндіріс тұтастығын басқару бойынша комитеттің тоқсан сайын өткізетін жиындарында қарастырады. 2016 жылы келесі оң нәтижелерге қол жеткізілді:

- Негізгі қауіпсіздік компоненттеріне техникалық қызмет көрсету бойынша мерзімі өткен өтінімдер санының азаюы – 2015 жылдағы 20 өтініммен салыстырғанда 2016 жылы мерзімі өткен өтінімдердің саны - 5.
- Автоматты қорғау жүйелерін бұғаттау жағдайлары санының қысқаруы – 2015 жылғы 14 жағдаймен салыстырғанда 2016 жылы орын алған 9 бұғаттау жағдайлары.

Көрсеткіштердің азаюы әрбір кен орын қондырғысының тиімділіктің негізгі көрсеткіштері (KPI) бойынша сәйкес жоспар жасау арқылы өндіріс тұтастығы тиімділігінің негізгі көрсеткіштері мен тосқауылдар моделіне зейін қою нәтижесінде жүзеге асты. Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері (KPI) мен тосқауылдар моделі туралы ақпарат ай сайынғы есепте берілген. Бұл есеп ай сайын Кен орны менеджерімен басқарылып, КПО қондырғылар басшыларымен өткізілетін кен орны өндіріс тұтастығы жиналысында егжей-тегжей талқыланады. Осы жиналыста қондырғы басшылары өздерінің жұмыстары туралы есеп беріп, тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін жетілдіру жоспарларын белгіледі.



2017 жылы жүргізілетін жұмыстардың негізгі бағыттары:

| ОЗЫҢҚЫ КӨРСЕТКІШТЕР | ҚОРЫТЫНДЫ КӨРСЕТКІШТЕР |
|---|---|
| Негізгі қауіпсіздік компоненттеріне профилактикалық және жоспардан тыс техникалық қызмет көрсету жұмыстары бойынша өтінімдердің уақтылы түрде орындалуы | Қауіпсіздік жүйелеріне қойылатын талаптар |
| Автоматты қорғау жүйелерін бұғаттау | Технологиялық жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы |

**6-сызба. Технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиғалардың түр бойынша бөлінуі, 2014-2016 жж.** G4-OG13




### Технологиялық жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы

Ірі апаттардың орын алуына себеп болатын қауіпті факторларды бақылау, немесе өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиғаларды болдырмаудың және олардың ауырлық дәрежесін төмендетудің негізгі қағидасы болып табылады. 2015-2016 жылдар бойынша статистикалық талдау нәтижелері Халықаралық мұнай және газ өндірушілердің қауымдастығына хабарлануы тиіс технологиялық жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуымен байланысты жағдайлар санының өсімі байқалмағанын көрсетеді (кестедегі 2-деңгейді көріңіз). Болмашы ағындылар санының артуы (кестедегі 3-деңгейді көріңіз) Эко орталықтың статистикалық мәліметтерінің қосылуымен, сонымен қатар жобалау және монтаж жұмыстарының сапасы себеп болған бірқатар оқиғалардың орын алуымен байланысты. Технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиғалар санының кемуі – бұл нысандарды жобалау/құру, пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету кезеңдерін қоса, өндірістік активтің өмірлік циклының барлық кезеңдерінде әрбір КПО директоратының қатысуын талап ететін күрделі үдеріс. Бұл бағыттағы жұмыстар 2017 жылы жалғасын таппақ, және оларды жүзеге асыру барысында технологиялық қауіпсіздіктің бұзылуына әкелетін басқару жүйесіндегі осал тұстар қарастырылатын болады.

**12-кесте. Өндірістік нысандар бойынша технологиялық жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылу жағдайлары, 2014-2016 жж.**

| ДЕҢГЕЙ ТҮРІ | ҚӨК | ГКДҚ-2 | ГКДҚ-3 (КОТС) | ӨНІМДІ ЖИНАУ ЖҮЙЕСІ | ЭКО ОРТАЛЫҚ | БАРЛЫҒЫ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2014** | | | | | | |
| 1-деңгей | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 2-деңгей | 1 | 1 | 0 | 0 | 0 | 2 |
| 3-деңгей | 3 | 3 | 4 | 1 | 0 | 11 |
| **2015** | | | | | | |
| 1-деңгей | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 2-деңгей | 2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 |
| 3-деңгей | 5 | 2 | 1 | 2 | 0 | 10 |
| **2016** | | | | | | |
| 1-деңгей | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 2-деңгей | 2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 |
| 3-деңгей | 7 | 4 | 1 | 2 | 4 | 18 |

*Шартты белгілер:* ***1-деңгей*** *едәуір көп салдарлары бар технологиялық үдеріспен байланысты алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылу жағдайларының санына қатысты;*

***2-деңгей*** *аз салдарлары бар технологиялық үдеріспен байланысты алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылу жағдайларының санына қатысты;*

***3-деңгей*** *технологиялық үдеріспен байланысты алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығы бұзылуының өзге жағдайларына қатысты. Халықаралық мұнай және газ өндірушілердің қауымдастығына бұл оқиғалар жайында хабарланбайды, Компания ішкі талдауды жүргізіп, болған жағдайлардан сабақ алу үшін бұл жағдайлар жайында ақпаратты жинайды.*

### 3. Қолданыстағы өндірістік нысандарды модификациялауға арналған өзгерістерді басқару жүйесі (ӨБЖ)

Үдерістің тиімділігін көтеру, өндіріске қатысы бар персоналға түсетін бюрократиялық жүкті азайту және жабдыққа, бағдарламалық жасақтамаға, жұмыс нұсқаулықтарына және өндірістік нысандарда жұмыс істейтін персоналға қатысты өзгерістерге кешенді, құжаттармен рәсімделетін бақылау үдерісін жүргізу мақсатында КПО-да өзгерістерді басқарудың жаңа электрондық жүйесі енгізілді. Алынған тәжірибенің негізінде өзгерістерді басқару жүйесінің бағдарламалық жасақтамасын модернизациялау бойынша жұмыстар 2016 жылы жүргізілген жұмыстардың тізіміне кіргізілген болатын. Жаңарту 2014 жылы ӨБЖ процесіне операторлар компанияларымен жүргізілген аудиті мен үдерісті жетілдіру бойынша ӨБЖ қолданушылары жіберген ақпарат негізінде жүргізілді. 2015 жылдың қаңтар айында өзгерістерді басқарудың электрондық жүйесі іске қосылғалы бері жалпы көрсеткіштер біршама жақсарды.

# ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

**13-кесте. Қауіпсіздік саласындағы міндеттеріміз**

| 2016 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР | МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ | 2016 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҮШІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР | 2017 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР |
|---|---|---|---|
| Экспорттық құбыр желісіне заңсыз қосылуларды болдырмау. | Орындалды | Құбыр желісінің қауіпсіздігін қадағалау; құбыр желісі қауіпсіздігінің дабыл жүйесін онлайн тәртібінде бақылау; жергілікті билік органдарымен және ҚӨК-Атырау тасымалдау жүйесінің экспорттық құбыр желісі бойында орналасқан жергілікті халықпен бірге қызмет жасау. | КПО-ның экспорттық құбыр желісіне заңсыз қосылуларды мүлдем болдырмау. |
| Қауіпсіздік сақтау қызметін көрсету өкілдерін адам құқықтарының сақталуы мен қауіпсіздік қағидалары бойынша дайындауды жалғастыру | Орындалды | 2016 жылдың соңына қарай, оқытудан өткен қауіпсіздік қызметкерлерінің үлесі 100%-ға жетті | Қауіпсіздік сақтау қызметін көрсету өкілдерін, соның ішінде жұмысқа жаңа қабылданған қызметкерлерді, адам құқықтарының сақталуы мен қауіпсіздік қағидалары бойынша дайындауды жалғастыру. |
| Қауіпсіздікті басқару жүйесін (ҚБЖ) енгізудің бір бөлігі ретінде:<br>■ ҚӨК, ГКДҚ-2, ГКДҚ-3 және Бастапқы мұнай станциясы (БМС) нысандарына қоршау орнату бойынша жұмыс құжаттамасын шығару;<br>■ ГКДҚ-2 және БМС нысандарында қоршаулар орнату;<br>■ ҚБЖ жобалау үшін тендерлік үдерісті бастау. | Жүргізілуде | Жобалау бөлімімен бірге ҚӨК, ГКДҚ-2, ГКДҚ-3 және БМС қоршау орнату бойынша жұмыс құжаттамасы шығарылды.<br>Экологиялық заңнама жаңа түзетулеріне сәйкестікті қамтамасыз ету үшін ҚБЖ жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілді, бұл мерзімінен кеш басталған қоршау орнату бойынша жоспарланған мезгілге әсер етті. Қажетті тендерлік құжаттар дайындалып, тендер басталып кетті. | ҚБЖ жобасының І-кезеңін аяқтау:<br>■ ГКДҚ-2 және БМС нысандарында қоршаулар орнатуды тамамдау;<br>■ ҚӨК және ГКДҚ-3 нысандарына қоршау орнату.<br>ҚБЖ жобасының ІІ-кезеңін бастау:<br>■ ҚБЖ ІІ-кезеңінің инженерлік, сатып алу және орнату жұмыстары тендерін жүргізіп, аяқтау.<br>■ Жобаның инженерлік сатысын жалғастыру. |

2010 жылдан бері КПО-да экспорттық құбыр желісіне заңсыз қосылулардың бір де бір жағдайы тіркелген жоқ. Бұл нәтиже экспорттық құбыр желісі бойында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жоғары стандарттарын сақтау үдерісіне қатысатын қауіпсіздік сақтау қызметіміздің және ҚӨК-Атырау тасымалдау жүйесі мамандарының біліктілік деңгейін көрсетеді.

2016 жылғы 12 сәуірдегі бұйрыққа сәйкес, өткен жылы ҚР Энергетика Министрлігі Каспий теңізіндегі қазақстандық секторының мұнай және газ құбырларын қорғау және оны лаңкестік әрекеттерден сақтау үшін үкіметаралық жұмыс тобын (ҮЖТ) құрды. Бұл топтың құрамына КПО-ның қауіпсіздік қызметінің, басқа да мұнай және газ компанияларының және ҚР арнайы жасақтарымен құқық қорғау органдарының өкілдері кірді. 2016 жылы жұмыс тобының екі жиналысы өткізілді. Жиналыстың бірінде КПО-ның қауіпсіздік сақтау қызметі қауіп-қатерлерді бағалау бойынша өз тәжірибесімен бөлісті. Нәтижесінде, қатысушы компанияларға КПО-ның осы бастамасын қауіпсіздік деңгейде арттырудың тиімді құралы ретінде пайдалануға кеңес берілді.

2015 жылдан бері КПО құрушы компаниялардың қауіпсіздік және адам құқықтары бойынша ерікті қағидалар (VPSHR) бастамасын қолдап келеді. Кен орнында, Ақсай қаласында және экспорттық құбыр желісі бойында қауіпсіздік қызметін атқаратын КПО-ның екі компаниясына жаңа қабылданған қызметкерлері үшін жұмысты орындауға қатысты адам құқықтары туралы саясаттар мен нұсқаулықтар бойынша ресми түрде арнайы оқытулар өткізілді. 2016 жылдың соңында қауіпсіздік бойынша оқытудан өткен қауіпсіздік сақтау қызметкерлерінің үлесі 100%-ды құрады. G4 HR-7

2016 жылы қауіпсіздікті басқару жүйесін (ҚБЖ) дамыту және іске асыру жұмыстары одан әрі жалғасын тапты. Есеп беру жылы негізгі өндіріс нысандарында жаңа қоршауларды дайындау және орнату бойынша жұмыстар басталып, әлі де жалғасуда. ҚБЖ жобасын жүзеге асыру 2019 жылға дейін аяқтау жоспарланды. 2015 жылда мәлімдегендей, нысандарды қоршаудан басқа, бұл жобаның жұмыс көлемі бақылау бекеттеріне қосылған электронды қауіпсіздіктің кеңейтілген жүйесінің құралдарын орнату әрекетін де қамтиды. Нысандарға кіріп-шығуды бақылаудың электронды жүйесін жетілдірудің бір бөлшегі ретінде мердігерлік ұйымдар қызметкерлерін жеке рұқсаттамасы (бейдж) арқылы тіркеу үдерісі ең соңғы талаптарға сәйкес 2016 жылы жаңартылды.

Кен орны аймағында жұмыс істейтін қызметкерлердің қауіпсіздігі саласында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ копоративтік бөлімі қауіпсіздік қызметімен бірге жұмыстағы қызметкерлерді тіркеудің жаңа электронды жүйесін дайындады. Бұл жүйе төтенше жағдай кезінде жиналу орындарындағы қызметкерлердің нақты санын анықтауға мүмкіндік береді. Бүгінге дейін бұл жабдықты өндірістік нысандарда орнату және сынау жұмыстары аяқталып, оған қызмет көрсету бойынша келісімшарт жасасу үдерісі жалғасуда.

Бүгінгі таңда компанияға қарсы экстремистік әрекет қаупі біз үшін ең көкейкесті мәселе болып қала бермек. КПО-ның ҚР-ның құқық қорғау органдарымен жергілікті, аймақтық және республикалық деңгейде өзара әрекеттесуі алдын ала хабардар және дайын болуымыз үшін өте маңызды. Алдыңғы жылы жиналыстардың жиі ұйымдастырылуы, жаңа процедуралардың дайындалуы және лаңкестікке қарсы жаттығулардың өткізілуі осы салада хабардар болу деңгейін арттыруға септігін тигізіп, компьютерленген оқытулар және террористік шабуылдар бойынша жаттығулармен бірге 2017 жылы да жалғасады.



КПО кеңсесіндегі қауіпсіздік сақтау қызметінің бекеті

## ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ

Ұйымдар еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасына қатысты заңға сәйкес мәселелерді басқаруға байланысты қажетті шараларды қабылдауға міндетті. КПО-да бұл OHSAS 18001 халықаралық стандартында берілген анықтамаға сәйкес денсаулықты сақтау мен еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Ол келесі элементтерді қамтиды:

- компанияның ЕҚ және ҚТ саласындағы жарияланған саясаты;
- қызметкерлерге, мердігерлерге, тапсырыс берушілерге, серіктестерге және ұйымның қызметінен зардап шегуі мүмкін басқа да тұлғаларға әсерін тигізетін қауіп-қатер факторларын бағалау;
- қауіп-қатерлерді бағалау қорытындысы негізінде айқындалған алдын алу мен қорғау шараларын тиімді жоспарлау, ұйымдастыру, қадағалау, бақылау және талдау бойынша іс-шаралар;
- ЕҚ және ҚТ саласындағы білікті кеңесшілердің қызметіне қолжетімділік;
- қызметкерлерге жұмыс орнындағы қауіптер жайында және қолданыстағы қорғау шаралары бойынша ақпаратты ұсыну;
- қызметкерлерге қауіп-қатерден қорғану шаралары бойынша нұсқамалықтар және оқыту жүргізу;
- жұмыстың жеткілікті және тиісінше бақылануын қамтамасыз ету;
- қызметкерлерге жұмыс орнындағы қауіп-қатерлер және қолданыстағы алдын алу мен қорғау шаралары бойынша кеңес беру.



Төтенше жағдайлар бойынша жаттығу кезінде қызметкерлерді эвакуациялау





**14-кесте. Денсаулық сақтау саласындағы міндеттер**

| 2016 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕРІМІЗ | МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ | МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҮШІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР | 2017 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР |
|---|---|---|---|
| «Жүрек саулығы» бағдарламасын орындауды жалғастыру; «Жүрек саулығы» бағдарламасының үш жылда жиналған нәтижелерін талдау. | Орындалды | «Жүрек саулығы» бағдарламасының орындалуы бірқатар оқу және көрнекі оқу құралдарын пайдаланудың көмегімен жалғастырылды: плакаттар, презентациялар, қалқып шығатын хабарламалар. Қауіп-қатер тобындағы тұлғалар емханаға тексеруден өту үшін жүйелі түрде шақырылып отырды. Алынған деректер зерттеліп, нәтижелерге талдау жүргізілді. | Бағдарлама соңғы жылының аяқталуы. 4-жылдық нәтижелерді талдаудың негізінде денсаулық жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шараларды әзірлеу. |
| Арқа ауыруын алдын алу бағдарламасын жалғастыру; қызметкерлерді өз денсаулығына үлкен жауапкершілікпен қарауға шақыру. | Тоқтатылды | Бағдарлама қатысушылардың төмен белсенділік танытуы себебінен тоқтатылды. | Кемшіліктерді анықтау үшін және омыртқа ауруларымен күресудің өзге тәсілдерін іздеп табу үшін арқа ауыруын алдын алу бағдарламасын қайта бағалау. |
| Беталысты анықтау мақсатында медициналық бақылау нәтижелерін талдау, содан соң салауатты өмір салтын үгіттеуге бағытталған барлық іс-шараларды қайта қарастырую. | Жалғасуда | Жыл бойына кеңседе жұмыс істейтін қызметкерлерге медициналық бақылау жүргізіліп отырды. | Медициналық тексеруден өтетін персоналдың санын арттыруға бағытталған насихаттау іс-шараларын жалғастыру. |
| • Денсаулыққа төнетін қауіптерді бағалау (ДТҚБ) бойынша жыл сайын өткізілетін іс-шараларды жалғастыру; қайта қарастыру уақыты келген қауіп-қатерді бағалау нәтижелерін талдау.<br>• Әр нысан бойынша денсаулыққа төнетін қауіп-қатерлер тізілімін даярлау. | Орындалды | • 2016 жылы 72 ДҚБ өткізілді.<br>• Орал қаласындағы кеңседе, бас қоймада және газ құтқару қызметтерінің ғимаратында эргономикалық бағалау жұмыстары жүргізілді.<br>• Әр нысан үшін денсаулыққа төнетін қауіп-қатерлер тізілімдері даярланды. | Денсаулыққа төнетін қауіптерді бағалау жұмыстарын жалғастыру. |
| Мониторинг бағдарламасын талдау және оған арнайы бензол мониторингін қосу. | Жалғасуда | Кен орын нысандарында арнайы мониторинг жұмыстары жүргізілді. Барлық алынған үлгілердің талдау қорытындылары әсер ету деңгейлерінің рұқсат етілген мөлшерден тыс шықпайтындығын көрсетеді. | Әртүрлі әсер ету сценарийлеріне арнайы бақылау жұмыстарын жүргізу. |
| Легионелламен ластану қаупін бағалау мақсатында компанияның барлық нысандарында сумен қамтамасыз ету жүйелеріне зерттеу жүргізу. Легионелланы бақылау бойынша жоспар мен процедураны әзірлеу. | Жалғасуда | Тендер басталды; келісім-шартқа отыру процесі жүргізілуде. | Ортада легионелланың кездесу қаупін бағалау.<br>Легионелланы бақылау бойынша бағдарлама мен іс-шаралар жоспарын әзірлеу. |

### ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

КПО-ның кен орнындағы және Ақсай қаласындағы медициналық қызмет көрсету клиникалары КПО қызметкерлеріне алғашқы медициналық көмекті көрсетеді. Бұдан бөлек, КПО қызметкерлерін емдеу медициналық сақтандыру аясында жүргізіледі.

### 24/7 ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘРДЕМ

ККПО компаниясының медициналық қызмет көрсету тобы компания қызметкерлеріне жұмыс орнында алғашқы медициналық көмек көрсетуден бастап, медициналық эвакуация мен репатриацияға дейінгі жедел медициналық жәрдем көрсетеді. Топтың қарамағында жыл бойына 24 сағат жұмыс істейтін бес толығымен жабдықталған клиника бар. Клиникаларда қарапайым және жол талғамайтын жедел жәрдем машиналары - реанимобильдер бар.

Емделушінің жағдайы тұрақтандырылғаннан кейін, оны КПО-мен келісім жасасқан емханалардың біріне ауыстырады – бұл Ақсай орталық емханасы және Батыс Қазақстан облыстық емханасы. 2016 ж. Орынбор қаласындағы күйік орталығымен (Ресей Федерациясы) келісім-шартқа қол қойылды. Ол осы бағытта жұмыс істейтін Қарашығанақ кен орнына ең жақын орналасқан клиника.

Біздің компания апаттық қызмет персоналының біліктілігін үздіксіз арттырып отыруға көп көңіл бөледі. КПО-ның 7 дәрігері Астана қаласында төтенше жағдайдағы медициналық көмек көрсету бойынша дипломнан кейінгі міндетті оқытудан өтті. Үш фельдшер Орал қаласындағы медициналық колледжде біліктілікті арттыру курстарын тәмамдады. Медициналық пункттың барлық қызметкерлері 2016 жылы «Жарақаттану кезінде ауруханаға жатқызуға дейінгі кезеңде көрсетілетін және жүрек қызметін қамтамасыз етуге бағытталған интенсивті терапия» Халықаралық оқу курстарын сәтті аяқтады.

**15-кесте. 2016 жылы медициналық қызмет көрсету көрсеткіштері**

| МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КӨРСЕТКІШТЕРІ | |
|---|---|
| Клиникаға жолыққан пациенттердің саны | 2447 |
| Медициналық мекемелерге жеткізілген пациенттердің саны | 93 |
| Оқытулар мен тәжірибелік сабақтардың саны | 513 |
| Жедел жәрдем көрсету үшін оқытылған қызметкерлердің саны | 182 |
| **АУЫСЫМ АЛДЫНДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУЛЕР (ЖҮРГІЗУШІЛЕР/ОПЕРАТОРЛАР/ЭЛЕКТРИКТЕР)** | |
| Тексерулердің саны | 88 198 |
| Жұмысқа жарамсыздық жағдайларының саны | 7 |
| Алкогольге іріктеп тексеру | 1 255 |
| Алкогольге іріктеп тексерудің оң нәтижелері | 0 |
| **ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТКІШТЕРІ** | |
| Жедел жәрдемге шақырулардың саны | 35 |
| Көмек көрсетудің орташа мерзімі | 6,5 минут |

## НАУҚАСТАРДЫ ЕМДЕУ

Медициналық сақтандыру қызметтерін жеткізуші емделушілерді ауруханаға жатқызу мен оларды бақылау бойынша күн сайынғы есептерді КПО-ның Денсаулық сақтау бөліміне тапсырып отырады. Денсаулық сақтау бөлімі сондай-ақ кейіннен беталысты анықтау үшін қолданылатын еңбекке жарамсыздық парағын талдай отырып, еңбекке жарамдылықты уақытша жоғалтуға әкелген ауру-сырқауларды қадағалап отырады.

## ЖҰМЫС ОРНЫНДА БОЛМАУДЫ ҚАДАҒАЛАУ G4-LA6

КПО-дағы жұмыс орнында болмау көрсеткіштері төменде көрсетілген сызбадағыдай тұрақты болып қалуда. Соңғы алты жыл ішінде тіркелген кішкене өсімді медициналық қызметтер қамту аясының бірте-бірте кеңеюімен, сондай-ақ заңнамаға өзгерістердің енгізілуімен түсіндіруге болады.

**7-сызба. Жұмыс орнында болмау көрсеткіші КПО, 2010-2016**




| ЖЫЛ | ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ | ЖОҒАЛТҚАН КҮНДЕР САНЫ | ЖҰМЫС ОРНЫНДА БОЛМАУ КӨРСЕТКІШІ |
|---|---|---|---|
| 2010 | 2689 | 14 224 | 528,97 |
| 2011 | 2655 | 14 344 | 540,26 |
| 2012 | 2764 | 16 149 | 584,26 |
| 2013 | 2911 | 17 215 | 591,37 |
| 2014 | 3067 | 17 855 | 582,16 |
| 2015 | 3187 | 19 066 | 598,24 |
| 2016 | 3173 | 19 181 | 604,51 |





*КПО-да жұмыс орнында болмау көрсеткішін есептеу үшін келесі әдіс қолданылады:*

- *Жұмыс орнында болмау көрсеткіші = жұмыс орнында болмауына (ауруға байланысты) байланысты жоғалтылған нақты күндер саны х 100 / жұмысшылардың жалпы саны. Жұмысшылардың басқа себептермен жұмыста болмаған күндері туралы деректер жоқ.*
- *КПО-да бақылаушы органдардың талаптарына сәйкес, жұмыс орнында болмау көрсеткішін қызметкерлер саны бойынша (адам-сағатына емес) есептеу әдістемесі қабылданған.*

## АУЫЗ СУ САПАСЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНУ ПУНКТТЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ

Ауыз су сапасына анализ жүргізу КПО-да маңызды жұмыс бағыты болып қалуда. Кен орны нысандары мен Чех қалашығындағы түрлі нүктелерден алынған барлық 900 сынама нормаларға сай болды.

Ағымдағы су сапасын бақылау бағдарламасынан бөлек, легионеллез қаупін басқару мақсатында ыстық және суық сумен жабдықтау жүйелерін бағалау жоспарлары әзірленуде.

Гигиена ережелерін сақтамаудың негізгі себептерін анықтау мен жоюға аса мән беріліп, қоғамдық тамақтану пункттерінің қауіпсіздігіне қатысты тексеру жұмыстары жалғастырылды. 2016 жылы 104 тексеру жүргізілді, және жылдың соңына дейін ұсынылған 223 түзету іс-шараларының ішінен 139-ы орындалды; қазіргі уақытта қалған 84 түзету іс-шараларын жабу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

## ДЕНСАУЛЫҚҚА ТӨНЕТІН ҚАУІП-ҚАТЕРГЕ БАҒА БЕРУ

Кез-келген денсаулық сақтауды басқару жүйесінің негізгі элементі – денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалау. КПО-да бағаланатын бөлімшенің өкілінен, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы маманнан, еңбекті қорғау мен еңбек гигиенасы бойынша маманнан құралған топ қауіп-қатерлерді бағалау кезінде өндірістік факторлар бірдей әсер ететін жұмыс топтарын қарастырады. Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалау нәтижелеріне сәйкес белгіленетін түзету іс-шараларының орындалуына тікелей басшылық жауапты, және олардың жабылуы түзету іс-шараларын қадағалау жүйесі (Синерджи) арқылы бақыланады. Барлық өндірістік қызметтерге ДТҚБ жүргізіледі, сондай-ақ талдау мен қайта бағалау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп отырады.

Сонымен қатар еңбекті қорғау мен еңбек гигиенасы бойынша топ жоспарланған бағдарлама аясында және қызметкерлердің өтініштері бойынша эргономикалық бағалауды жүргізеді. 2016 жылы 205 жұмыс орнында бағалау жұмыстары жүргізілді (олардың 163-і жоспарға сәйкес, және 42-сі «өтініш негізінде»).

**16-кесте. Эргономикалық бағалау есептері**

| ЖЫЛДАР | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|---|
| Жүргізілген бағалаулар саны | 43 | 74 | 77 | 163 |

## ЖҰМЫСҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ

ҚР-ның заңнамасына сәйкес жұмысқа жаңадан қабылданған барлық қызметкерлер медициналық тексеруден өтеді, одан бөлек жұмысы қауіпті факторлардың әсер ету қаупімен байланысты жұмысшылар жыл сайын мерзімдік тексерулерден өтуі шарт. Денсаулық сақтау бөлімі бұл жұмысты басқарып, бақылап отырады.

Міндетті тексерулерден бөлек, КПО-ның барлық қызметкерлеріне олардың денсаулықтарының жалпы жағдайын анықтау мақсатында тегін медициналық тексеруден өту ұсынылды.

## КӘСІБИ АУРУЛАР G4-LA6

2013-2016 жылдар аралығында КПО-да кәсіби аурулар байқалған жоқ.

**№ 8-сызба. 2009-2016 ж.ж. КПО-дағы кәсіби аурулар көрсеткіші**




*КПО кәсіби аурулардың жиілігін келесі формула бойынша есептейді:*
*Кәсіби аурулардың жиілігі (бір миллион атқарылған адам-сағатына шаққанда) = кәсіби аурулардың саны х 1 000 000 / адам-сағаты.*

## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН НАСИХАТТАУ

Персоналдың кәсіби және жалпы денсаулық сұрақтарына қатысты білімділігінің маңыздылығын асыра бағалау қиын. Денсаулық сақтау бөлімі қызметкерлердің денсаулық пен жақсы көңіл-күйді сақтау үшін қажет кәсіби аурулар мен өмір салтының өзгеруіне қатысты сұрақтардан хабардарлылығын арттыруға белсенді түрде ат салысуын жалғастырып келеді. Бұның бәрі қызметкерлерге көмектесіп қана қоймай, қызметкерлердің өз денсаулығы мен отбасы мүшелерінің денсаулығына үлкен жауапкершілікпен қарай бастауында көрініс табады.

Біз қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттаудың түрлі тәсілдерін пайдаланамыз: кен орнындағы жұмыс орындарында презентациялар өткіземіз, ақпараттық стендтерге әрдайым жарқағаздарды іліп жүреміз, және электрондық пошта, Интранет, компьютерді

іске қосқанда шығатын хабарламалар секілді өзге электрондық ресурстарды пайдаланамыз. Тақырыптары келесідей: Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Дүниежүзілік қант диабеті күні, Дүниежүзілік астма күні, Дүниежүзілік АИТВ/ЖИТС күні және басқалары; кәсіби аурулардың алдын алу (мысалы, легионеллез ауруы, тағамнан улану, арқаның ауруы және т.б.); жалпы аурудың алдын алу (мысалы, тұмау және вакцинация, жазда ағзаның суға тапшы болуын (дегидратация) алдын алу, жүрек ауруы, инсульт белгілері); аяз кезінде алғашқы көмек көрсету және т.б.

**17-кесте. 2016 жылы салауатты өмір салтын насихаттау бойынша өткізілген іс-шаралар**

| БАҒДАРЛАМА | ТАҚЫРЫПТАР САНЫ | ҚАТЫСҚАНДАР САНЫ |
|---|---|---|
| Денсаулық бюллетеньдері | 9 | Барлық қызметкерлер |
| Денсаулық туралы ақпарат көрсетілген жарқағаздар | 20 | Барлық қызметкерлер |
| Компьютерді іске қосқанда пайда болатын хабарламалар | 42 | Барлық қызметкерлер |
| Жұмыс орнындағы презентациялар | 12 | Барлық қызметкерлер |

## ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНДА САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

Біздің компания – Қазақстанда жұмыс істейтін ірі әрі өзінің санитарлық-гигиеналық зертханасы бар бірен-саран компаниялардың бірі. Ол нормативтік талаптардың сақталуын бақылау үшін осыдан 10 жылдан астам уақыт бұрын құрылған болатын, сол кезден бері оның атқарымдары біраз көбейді. Қазіргі кезде ол өндірістік гигиена бойынша қызмет көрсететін жоғары білікті персоналы бар керемет жабдықталған санитарлық-гигиеналық зертхана болып табылады. Зертхананың кейбір атқарымдары төменде келтірілген.

- Жұмыс орындарында санитарлық-гигиеналық бақылау,
- Жұмыс орындарын бағалау (денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалауды қоса),
- Асханалардың қауіпсіздігіне тексеру жүргізу,
- Су сапасын бақылау,
- Радиациялық мониторинг,
- Жұмыс орындарын аттестациялау,
- Консультациялық қолдау,
- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы аудиттер,
- Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестік.

Санитарлық-гигиеналық бақылау екі негізгі категорияға бөлінеді: жұмыс орны ауасындағы химиялық заттектердің құрамын анықтау және физикалық факторларды өлшеу.

**18-кесте. Физикалық факторларды бақылау, 2016 ж.**

| | 2015 | | 2016 | |
|---|---|---|---|---|
| ФИЗИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР | ЖҮРГІЗІЛГЕН ЗЕРТТЕУЛЕР САНЫ | ШРД***-ДЕН АСУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ САНЫ | ЖҮРГІЗІЛГЕН ЗЕРТТЕУЛЕР САНЫ | ШРД-ДЕН АСУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ САНЫ |
| Шу | 444 | 109 | 452 | 103 |
| Діріл | 102 | 17 | 93 | 19 |
| ЭМӨ* | 3 956 | 44 | 3 824 | 50 |
| ЭСӨ** | 2 107 | 0 | 2 062 | 0 |
| Жарықтылық | 2 890 | 843 | 2 741 | 767 |
| Микроклимат | 7 992 | 574 | 7 644 | 498 |
| Барлығы | 17 491 | 1 587 | 16 816 | 1 437 |

**ЭМӨ – электромагниттік өріс*
***ЭСӨ – электростатикалық өріс*
****ШРД – шекті рауалы деңгей*

**19-кесте. Жұмыс орнында ауаны бақылау, 2016 ж.**

| БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ | БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ |
|---|---|
| Жоспарды сынама алу жұмыстары | 13 563 |
| Өткізілген сынама алу жұмыстары | 13 239* |
| Нормативтерге сәйкес келмеу жағдайларының саны | 0 |
| Шекті рауалы деңгейден (ШРД) асу жағдайлары байқалған сынамалардың үлесі | 0 |

** Аяқталған және жоспарланған өлшемдер арасындағы айырмашылық бұрғылау қондырғысын басқа жерге көшіру, кіргізуді шектеудің жаңа тәртібін енгізу, және қоршаған ортаға әсерді жоятын жоспарланбаған машиналар мен жабдықтарды жөндеу немесе оларға техникалық қызмет көрсету сияқты оқиғалармен байланысты.*





# ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗДІ КӘСІБИ ДАМЫТУ

Компанияның бизнес мақсаттары қызметкерлердің біліктілігінің, жігерлі еңбегінің және берілгендігінің арқасында ғана орындалуы мүмкін. Біздің қызметкерлеріміз Қарашығанақ кен орнын игеруде және пайдалануда шешуші қызмет атқарады. Құрушы компаниялардың тәжірибесін иемдену, қажетті оқыту және білім беру мекемелерін қатыстыру арқылы біз өз қызметкерлеріміздің кәсіби дамыуын жалғастырудамыз.

**20-кесте. Қызметкерлерімізді дамыту және еңбекақы төлеу саласындағы міндеттеріміз**

| 2016 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР | МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ | 2016 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҮШІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР | 2017 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР |
|---|---|---|---|
| 2015-2020 жж. жергілікті мамандардың үлесін арттыру бағдарламасын жалғастыру және 2016 ж. 1+2 санаты бойынша 75% көрсеткішке жету. | Орындалды | 2016 ж. 1+2 санаты (Бірінші басшылар және олардың орынбасарлары, құрылымдық және бөлімшелер жетекшілері) бойынша 80% көрсеткішіне қол жеткіздік | 2015-2020 жж. жергілікті мамандардың үлесін арттыру бағдарламасын жалғастыру және 1+2 санаты бойынша ≥75% көрсеткішіне қол жеткізу. |
| Жаңа ұжымдық шарт жасау | Орындалды | Жаңа ұжымдық шарт 2016 жылдың сәуірінде жасалды. | Ұжымдық шарт ережелерінің уақтылы және тиісті түрде орындалуын қадағалау. |
| Қазіргі нарық жағдайларында КПО-дағы өтемақы деңгейіне салыстырмалы талдау жүргізу және қажет болған жағдайда сәйкестендіру. | Орындалды | Келтірілген салыстыру талдауы негізінде жергілікті қызметкерлер жалақысы Қазақстан Республикасының мұнай мен газ секторындағы жалақыларымен салыстырмалы деңгейде | Қазіргі нарықтық деңгейлермен салыстыра отырып, КПО-да төлем деңгейлерін талдауды жалғастыру және қажет болған жағдайда сәйкестендіру. |
| Ұйымдастыру үдерістерінің тиімділігін қарастыруды жалғастыру. | Орындалды | Жобаны дамыту және жобаны жүзеге асыру директораттарында қайта құру жұмыстары жүргізілді. Хатшылар мен аудармашылар жұмыстарын орталықтандыру аяқталды. | Ынтымақтастық пен тиімділікті арттыру мақсатындағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімшелерінің жұмыстарын қарап шығу |



2016 жылы өндіріске тікелей қатысы жоқ қызметкерлердің бір бөлігі Орал қаласына көшірілді. КПО-ның облыс орталығында орналасуы Компанияның ұзақ мерзімді даму бойынша жоспарларын жүзеге асыру тұрғысынан өте маңызды. Орал қаласында қызметкерлеріміздің жұмыс істеуіне, бос уақыттарын жақсы өткізуге және жан-жақты дамуға барлық мүмкіндіктер бар.

2016 жылдың соңына қарай Компанияның өзінде және уақытша жобаларда жұмыс жасап жатқан КПО қызметкерлерінің жалпы саны 4339 адамды құрады, оның ішінде 4039 адам қазақстандық, ал 300 адам – шетелдік қызметкерлер. G4-9

**9-сызба. КПО қызметкерлер саны, 2014-2016 жж.**




**10-сызба. Келісімшарт түрі бойынша КПО-ның қызметкерлер саны, 2014-2016 жж.**




11-сызбада қызметкерлердің жынысы бойынша бөлінуі көрсетілген, 2016 жылы КПО-да 3131 ер адам және 1208 әйел адам жұмыс істеді. G4-10

**11-сызба. Жыныстық белгі бойынша КПО-ның қызметкерелер саны, 2014-2016 жж.** G4-10




Уақытша қызметкерлер дегеніміз – төленбейтін немесе декреттік демалыстағы, сондай-ақ құрушы компаниялардың біріне іссапарға жіберілген тікелей келісімшарт негізінде жұмыс істейтін қыметкерлердің орнына шектеулі мерзімге жұмысқа тартылатын сыртқы нарықтағы қызметкерлер. 2016 жылы уақытша қызметкерлер саны 84 адамды құрады. G4-LA2





Есептік мерзім ішінде жұмыстан босатылған және жаңадан қабылданған жұмысшылардың жалпы саны жас шамасы бойынша 12-сызбада келтірілген. Аталған сызба КПО-мен жасалған еңбек шарты түріне қарамастан, жергілікті қызметкерлерді қамтиды, және шетелдік қызметкерлер саны бұл сызбада көрсетілмейді. G4-LA1

**12-сызба. Жас ерекшелігіне қарай кадрлардың алмасуы, 2016 ж.**




13-сызбада 2016 жылы жұмыстан босатылған және жаңадан қабылданған жұмысшылардың жалпы саны жынысы бойынша бөлініп көрсетілген. 2016 жылы жаңадан қабылданған қызметкерлер мөлшері 2,9% құрады.

**13-сызба. Жыныстық белгі бойынша кадрлардың алмасуы, 2016 ж.**




**14-сызба. Жергілікті жұмысшылардың алмасу динамикасы, 2014-2016 жж.**




*Ескерту: ҚР заңнамасына сәйкес, жұмысшылардың алмасу көрсеткіші 2016 жылы өз қалауымен жұмыстан шыққан қызметкерлердің саны бойынша есептеледі.*

## ЖЕРГІЛІКТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМЫТУ G4-LA12

ӨБТК міндеттемелерін орындау шеңберінде, біз 1998 жылдан компаниямызда 1998-2007 және 2008-2015 жылдар аралығында екі жергілікті мамандарды дамыту бағдарламасын жүзеге асырып, нәтижесінде қызметкерлер құрамында жергілікті қамту үлесінің 1+2 санаты бойынша 71% көрсеткішіне, және 3+4 санаты бойынша 95% көрсеткішіне қол жеткіздік. Бұл есептеу бағдарламалардың қолданылу кезеңдерінде қолданылған қызметкерлер санатына сәйкес жасалды. Жалпы, 1999-2015 жылдар аралығында КПО-ның 158-ден астам шетел маманы жергілікті қызметкерлермен алмастырылса, шетел маманы алып жатқан 99 лауазым қысқартылды.

КПО-ның 2015-2020 жылдарға арналған қызметкерлер құрамындағы жергілікті қамтуды ұлғайтудың қайта қаралған бағдарламасы жергілікті халықты жұмыс орындарымен барынша қамтамасыз етуге және жергілікті қызметкерлердің кәсіби дамуына қаржы тартуға бағытталған.

2016 жылы аталмыш бағдарлама аясында шетелдік мамандар алған 12 лауазымға жергілікті мамандар келді, сонымен қатар шетелдік қызметкерлер иемденіп келген 55 жұмыс орны қысқартылды. КПО-ның шетелдік мамандарды жергілікті мамандармен алмастыруға бағытталған әрекеттері нәтижесінде, 2016 жылдың соңына қарай жергілікті қызметкерлердің үлесі барлық қызметкерлердің 93%-ын құрады. Санаттар бойынша көрсеткіштер № 21- кестеде келтірілген.

**21-кесте. КПО-ның 2016 жылы санат бойынша кадрлардағы жергілікті қызметкерлер үлесін арттыру жоспары G4-EC6**

| САНАТ | СИПАТТАМА | ҚР ЗАҢНАМАЛЫҚ ТАЛАБЫ | 2016 |
|---|---|---|---|
| 1+2 | Бірінші басшылар және олардың орынбасарлары, құрылымдық және бөлімшелер жетекшілері | 74%-дан төмен емес | 80% |
| 3+4 | Кәсіби мамандар / Білікті қызметкерлер | 92%-дан төмен емес | 96% |

Кадрлардағы жергілікті қамту үлесін ұлғайту саясаты - КПО-ның экономикалық мұрасын қалыптастыратын маңызды элемент. КПО барлық бөлімдерде өз қызметкерлерін басшылық деңгейге дейін ілгерілету үшін көптеген даму құралдарын пайдаланып келеді. Компания дарынды, өз ісіне шынайы берілген және өз мақсаттарына ұмтылған жергілікті қызметкерлердің дамуына ерекше көңіл бөледі. 2015-2020 жылдар аралығында бұл стратегияның келесі міндеттерді орындайтыны жоспарланып отыр:

- Жергілікті қызметкерлерді оқыту және дамыту үдерісінің тиімділігін арттыру;
- КПО-да, оның мердігер мен қосалқы мердігер ұйымдарында жергілікті қызметкерлердің санын көбейту.

ҚР Үкіметінің 13.01.2012 күнгі №45 қаулысына сәйкес, 2015 жылдың соңынан бастап, КПО компаниясы өзінің мердігер ұйымдарындағы қызметкерлер құрамындағы жергілікті қамту деңгейін бақылау және қадағалау міндеттемесін өз мойнына алды.

ҚР нормативті-құқықтық актілеріндегі өзгертулер туралы ақпараттандыру және Қазақстан азаматтарын оқыту, даярлау және олардың біліктілігін арттыру саласындағы мемлекеттің қоятын талаптары мен міндеттемелері жайында хабардарлықты қамтамасыз ету мақсатында 2016 жылы Компания мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдарға бірқатар семинар өткізді. Жоғарыдағы тақырыптармен қатар, Бірлескен жұмыс және қызмет көрсету туралы келісімшарт бойынша кадрлардағы жергілікті қамту үлесін арттыруға бағытталған шарттарды орындау мәселелері талқыланды.

КПО Компаниясы кадрлардағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасы бойынша қойылған міндеттерді орындауға мониторинг жасап, БҚО-да тіркелген 39 мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдарда бұл бағдарламаның жүзеге асырылуын тоқсандық, жарты жылдық және жылдық бақылауын жүргізіп келеді. Мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдарының кадрларындағы жергілікті қамту үлесі 22-кестеде берілген.

**22-кесте. 2016 жылдағы БҚО-да тіркелген мердігерлік және қосалқы мердігер ұйымдардың арасында қызметкерлердің санаты бойынша жергілікті қамту үлесінің орташа көрсеткіші**

| САНАТ | СИПАТТАМА | 2016 |
|---|---|---|
| 1+2 | Бірінші басшылар және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер жетекшілері | 62% |
| 3+4 | Кәсіби мамандар / Білікті қызметкерлер | 93% |

15-сызбада КПО-дағы шетелдік қызметкерлердің жалпы саны, оның ішінде КПО-ның 2015-2020 жж. қызметкерлер құрамындағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасына сәйкес уақытша жобаларға тартылған қызметкерлердің саны көрсетілген.

**15-сызба. Шетелдік қызметкерлер саны, 2014-2016 жж.**








16-сызбада КПО-дағы жергілікті және шетелдік қызметкерлердің саны бойынша мәлімет көрсетілген.

**№ 16-сызба. Жергілікті және шетелдік қызметкерлердің үлесі, 2014-2016 жж.**




17-сызбада КПО құрылымындағы, оның ішінде негізгі ұйымның және уақытша жобалардағы жоғары және орта буын басшыларының, шетелдік және жергілікті қызметкерлердің жалпы саны жас ерекшелігі мен жыныстық белгісіне қарай көрсетілген.

**17-сызба. Жас ерекшелігі мен гендерлік санаты бойынша жергілікті және шетелдік менеджерлер саны, 2016 ж. G4-LA12**




## ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ

КПО өз қызметкерлерінің оқуындағы және кәсіби жетілуіндегі барлық қажеттіліктерін шеше отырып, олардың үздіксіз өсуі мен дамуына қолдау көрсетуіне ынталы. Жергілікті қызметкерлердің үздіксіз кәсіби дамуы КПО-ның ең басты мақсаттарының бірі болғанына қарамастан, 2016 жылы шығындарды оңтайландыру барысында, компаниямыз ӨБТК-мен қатар өндірістік қажеттіліктер мен қауіпсіздік талаптарына сай келетін оқыту бағдарламалары мен міндетті оқу курстарын дайындау үдерісіне өзгертулер енгізді.

КПО-ның оқыту және дамыту бағдарламалары қызметкерлерге Компанияның стратегиялық жоспарларын және қызметкерлер құрамындағы тиісті қажеттіліктерді ескере отырып, өз білімдерін және біліктілігін жақсартуға мүмкіндік береді, және оған оқыту, қайта оқыту және біліктілікті арттыру жатады. Сонымен қатар компанияда тағылымдамадан өту бағдарламасы қолданылады.

2016 жылы КПО компаниясында келесі оқыту және дамыту бағдарламалары өткізілді:

- Біліктілікті арттырудың халықаралық бағдарламалары 18-сызбада берілген, оның ішінде:
  - CIPS - CIPS институтының базалық курс бойынша сатып алулар және жеткізілімдер саласындағы халықаралық дипломы;
  - IWCF – Ұңғымалық жұмыстарды басқару / Газдың, мұнайдың, судың байқалуы кезінде ұңғымадағы қысымды қадағалау;
  - MEMIR – Төтенше жағдайларда апатқа қарсы әрекет ету курсы (OPITO стандарты);
  - NDT - Бұзбайтын сынақ бойынша сертификат;
- Кәсіби оқыту;
- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша міндетті оқыту;
- Жергілікті қызметкерлерге арналған тағылымдамадан өту бағдарламалары.

**18-сызба. 2016 жылғы Халықаралық біліктілік бойынша аттестатталған бағдарламаларында оқытылған қызметкерлердің жалпы саны**



## Жергілікті қызметкерлерге арналған тәжірибеден өту бағдарламалары

2016 жылы КПО жергілікті қызметкерлерге арналған тәжірибеден өту бағдарламаларын сәтті жалғастырды. КПО-ның кадрлардағы жергілікті қамту үлесін арттыру стратегиясы шеңберінде, бұл бағдарлама - қабілеті жоғары қазақстандық қызметкерлерді КПО-дағы жетекшілік және маңызды лауазымдарға тағайындау саласындағы қызметкерлерді кәсіби дамытудың құралы болып табылады.

Жергілікті қызметкерлерге арналған тәжірибеден өту бағдарламасы олардың техникалық және басқарушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыс орнындағы тәжірибеден өту түрі болып табылады. Бұл бағдарлама қызметкерлерге халықаралық тәжірибе жинауға, жеке тиімділікті арттыруға, сондай-ақ мәдениетаралық өзара алмасуды қолдауға мүмкіндік береді.

Жергілікті қызметкерлерге арналған тәжірибеден өту бағдарламасы – бұл КПО қызметкерінің Оператор, Құрушы компания немесе оның серіктес мекемелерінде Мұнай өндіру жұмыстарында белгілі бір лауазымға (жоғары буын басқарушы лауазымдарынан басқа) уақытша тағайындалуы.

Тәжірибеден өту бағдарламасын жүзеге асыру қызметкерлерге де, жалпы компания үшін де кәсіби өсу, жеке даму және дағдылар қорын ұлғайтуда тиімді құрал болып танылды.

2015-2016 жылдар аралығында КПО-ның жеті жергілікті қызметкері әртүрлі елдерде тағылымдамадан өту бағдарламасына қатысты. Қазақстанға оралғанда, кәсіби тұрғыдан олардың едәуір өскені байқалды. Бұл - тәжірибеден өту бағдарламасының тиімділігінің дәлелі, ал бағдарламаны одан әрі енгізу - жергілікті қызметкерлерді дамытудың маңызды бөлігі.

## Оқыту статистикасы [G4-LA9]

2016 жылы 406 402 адам/сағат оқыту өткізілді (2014 жылы 325 339 адам/сағат), оның ішінде 220 706 адам/сағат КПО қызметкерлеріне арналып өткізілді (2015 жылы 168 799 адам/сағат). Қалған 185 696 адам/сағат (2015 жылы 156 540 адам/сағат) мердігер компаниялары қызметкерлері арасында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында міндетті оқыту бойынша өткізілді. Орташа есеппен, 2016 жылы әр қызметкерге 115 АҚШ доллары жұмсалды (2015 жылы 162 АҚШ доллары).

Бір қызметкерге арналған оқыту сағаттарының орташа саны төмендегі сызбада көрсетілген.

**19-сызба. Бір қызметкерге арналған оқыту түрі бойынша орташа сағат саны, 2016 ж.**










2016 жылы Компания қызметкерлері үшін өткізілген оқыту 23-кестеде санат бойынша көрсетілген. Жалпы есеппен, 2016 жылы 46 317 адам/сағат оқыту өткізілсе, оның ішінде 31 709 адам/сағат мердігер компаниялардың қызметкерлері арасында өткізілді. Деректер 2014 және 2015 жылдармен салыстырылып көрсетілген.

**23-кесте. Қызметкерлердің санат бойынша оқытылуы, 2014-2016 жж.**

| САНАТ | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|
| 1. Жоғары және орта буын жетекшілері | 251 адам (1 қызметкер үшін 37,8 сағат) | 219 адам (1 қызметкер үшін 39,64 сағат) | 293 адам (1 қызметкер үшін 52,91 сағат) |
| 2. Білікті мамандар / топ басшылары | 1 873 адам (1 қызметкер үшін 74,2 сағат | 1 682 адам (1 қызметкер үшін 49,13 сағат) | 1 019 адам (1 қызметкер үшін 41,85 сағат) |
| 3. Техникалық қызметкерлер | 1 283 адам (1 қызметкер үшін 85,4 сағат) | 1 045 адам (1 қызметкер үшін 92,1 сағат) | 1 233 адам (1 қызметкер үшін 105,94 сағат) |
| 4. Офис және әкімшілік қызметкерлер | 259 адам (1 қызметкер үшін 21,7 сағат) | 421 адам (1 қызметкер үшін 16,5 сағат) | 265 адам (1 қызметкер үшін 38,99 сағат) |

## Біліктілікті басқару жүйесі

Біліктілікті басқарудың тиімді жүйесі КПО компаниясының басшылығымен техникалық және техникалық емес қызметкерлердің біліктілік деңгейін анықтайтын және айқындайтын ең лайықты әдістердің бірі болып танылды. Бұл жүйе қызметкерлерді оқыту мен дамыту талаптарын орнатып, келесі міндеттерді орындауға қызмет етеді:

- КПО қызметкерлерін оқытуды және дамытуды жоспарлаудың тиімді құралын олардың тікелей жетекшілерін қатыстыру арқылы дайындау;
- Жұмыс орнындағы тиісті біліктілік деңгейіне жетуімен қатар, өндіріске қатыстырылған қызметкерлердің барлығының қауіпсіздік техникасы мәдениетін арттыру;
- Оқыту мен дамытуға бағытталатын қаражаттың оңтайлы жоспарлануын қамтамасыз ету.

2016 жылдың маусымында Компанияның біліктілікті басқару жүйесі бірнеше уақыт бұрын берілген және 2019 жылдың маусымына дейін жарамды (соның ішінде жыл сайынғы тексерулер) OPITO аккредиттеуінің негізділігін дәлелдеді.

Осыған қоса, 2016 жылы КПО біліктілікті басқару жүйесін техникалық және техникалық емес салаларда қолдануын жалғастырды.

Техникалық емес бөлімшелердегі біліктілікті басқару жүйесі біліктіліктің арнайы дайындалған модельдері негізінде қызметкерлерді үш жылда бір рет бағалауды қамтиды. Кәсіби дамудың қажжетілігін бағалау (PDNI) онлайн сауалнама арқылы анықталады. Сауалнама нәтижелері негізінде PDNI жүйесі әрбір қызметкер үшін кәсіби жетілудің тиісті шаралары бойынша жеке есеп дайындайды. Бұл есептер келесі оқыту мен дамытуды жоспарлауда қолданылады. Мәселен, 2016 жылы PDNI үдерісі аударма қызметін көрсету бөлімінде басталған еді; бұл бөлім үшін арнайы бейімделген біліктілік моделі дайындалды.

Техникалық бөлімдерде PDNI үдерісі бұрыннан енгізілген. Бағалау техникалық қызметкерлердің біліктілігінің тиісті деңгейін анықтау мен қамтамасыз ету үшін және қатыстырылған қызметкерлердің біліктілігінің жеткіліксіз деңгейімен байланысты өндірісте орын алатын оқиғалар мен жазатайым оқиғаларды мейлінше азайту үшін жүргізіледі.

2016 жылы КПО техникалық қызметкерлердің біліктік стандарттарына сәйкестік деңгейінің 91% көрсеткішіне қол жеткізді. Нәтижесінде, техникалық лауазымдағы 768 қызметкер алғашқы бағалаудан өтіп, біліктілік бойынша сертификат алды.

Қол жеткізген техникалық қызметкерлердің біліктілігінің деңгейін сақтау және растау, сонымен қатар біліктілікті дамытуға жаңа талаптарды анықтау мақсатында КПО техникалық дағдыларды алғашқы тексерумен қатар, біліктілікті мерзімді бағалау үдерісіне бастамашылық жасап, оны енгізді. Бұл қадам қолданыстағы тлапатарды қайта қарауға және өндіріс пен техникалық қызмет көрсету ұжымы үшін қосымша үш техникалық стандартты дайындауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, жүргізіліп болған бағалау бойынша өзгертулерді қадағалау үшін мерзімдікті анықтайтын электронды деректер қоры 2016 жылы дайындалды. Бұл жүйенің арқасында есептілік деректерді ұсыну қолжетімді және презентацияның әртүрлі нұсқаларымен түрленетін болып шықты.

Тұрақты дамуды, экономикалық қайтарымдылықты және біліктілікті басқарудың жүйесін үздіксіз жетілдіруді қамтамасыз ету мақсатында, 2016 жылы КПО-да CMS жүйесінің ішкі аудиттер үдерісі дайындалып, OPITO бойынша куәландырылған аудиторлар қатысуымен енгізілді. Бұл аудиторлар - 2015 жылы OPITO сертификаттауын сәтті өткен КПО-ның 14 қазақстандық қызметкері.

### КПО-дағы арнаулы орта білім беру

Арнаулы орта білім беру бағдарламасы КПО компаниясында 2005 жылдан бері тәжірибеде қолданылып келеді. 2015 жылдың желтоқсанында 8 студент «Бұрғылау жетекшісі» бағдарламасын аяқтап, 2016 жылы олардың барлығы КПО-ның ұңғымалық операциялар бөліміне жұмысқа алынды.

2014-2015 жылдар аралығында OPITO мұнай-газ академиясының «Өндірістік операциялар және техникалық қызмет көрсету технигі» мамандығы бойынша кәсіби дамыту бағдарламаларын 63 тағылымгер сәтті аяқтап, кейін КПО компаниясына 2016 жылы орналастырылды.

2016 жылдың жазында Батыс Қазақстан облысының жоғары және орта білім беру орындарының 50 түлегі бұл бағдарламаға келесі тәртіптер бойынша тестілеу және техникалық сұхбаттасу арқылы іріктелді: Бақылау-өлшеу құралдары мен автоматика жөніндегі техник-электрик, өндіріс операторы және техник-механик. Бағдарламаның және жұмыс орнындағы тағылымдаманың сәтті аяқталуынан кейін, оларға КПО компаниясынан жұмыс орны ұсынылатын болады.

## СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ № 1: Бұрғылау супервайзерлерін даярлау бағдарламасы

**МАҚСАТЫ: БҰРҒЫЛАУ САЛАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ**

**Әдістеме:** Супервайзерлерді даярлау бағдарламасы КПО-да 2007 жылдан бері жүргізіліп келеді. Сол уақыттан бері оқушыларды қабылдау үш кезеңде жүргізілді: 1-ші кезең - 2008 жылы, 2-ші кезең – 2010 жылы және 3-ші кезең – 2015 жылы. Оқушылар кезең-кезеңмен тестілеу және сұхбаттасу негізінде қабылданды. Бағдарламаға сейкес, оқыту «Эни» корпоративтік университетінің тәлімгерлерімен және кейінгі бұрғылау қондырғыларының жұмыс аймақтарындағы тәжірибе арқылы жүзеге асырылды. Сонымен қатар, оқушылар келесі модульдер бойынша оқытылды:

- Бұрғылау ғылымына кіріспе;
- Геология және геофизикалық зерттеулер;
- Бұрғылау қондырғылары және жабдықтары;
- Бұрғылау ерітінділері және цементтеу;
- Бұрғылау технологиясы (2 бөлім) және көлбеу-бағытталған ұңғымалар;
- Ұңғыма құрылысын аяқтау;
- Ұңғымаларды күрделі жөндеу;
- Түсіру-көтеру каротажы, иірімді сорғыш-компрессорлы құбырлар;
- Кеніштi игеру – құмның келуін қадағалау – ұңғымаларды сынау;
- 2-ші және 4-ші деңгейлі IWCF модульдері (мамандандырылған бағдарлама).

**Нәтиже:** Супервайзерлерді даярлау бағдарламасының нәтижесі төмендегідей:

| БАҒДАРЛАМА НӘТИЖЕСІ | I ҚАБЫЛДАУ КЕЗЕҢІ (2008 Ж.) | II ҚАБЫЛДАУ КЕЗЕҢІ (2010 Ж.) | III ҚАБЫЛДАУ КЕЗЕҢІ (2015 Ж.) |
|---|---|---|---|
| Оқыту курстарын аяқтап, компанияға жұмысқа орналастырылғандар | 18 | 10 | 8 |
| Жетекшілік және инженерлік лауазымдарға қабылданғандар | 10 | 9 | -* |
| Шетел мамандарын алмастырғандар | 2 | 1 | -* |
| Компаниядан кеткендер | 6 | - | -* |

**Ескерту: Бағдарлама 2015 басталып, ал сәтті аяқтағандар жұмысқа 2016 алынғандықтан, үшінші кезең қабылданған студенттердің кәсіби өсулерінің нәтижелерін кейінгі кезеңдерде жариялау жоспарлануда.*





### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

КПО өз қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымдастыру және ұжымдық шарт бойынша келіссөздерге қатысу құқығын құрметтейді. Қызметкерлердің құқықтарын қолдау және қорғауда кәсіподақ басты рөлдердің бірін атқарады.

КПО қызметкерлерінің мүддесін қорғайтын екі кәсіподақ ұйымы бар: «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. компаниясы қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» қоғамдық бірлестігі және «КПО қызметкерлері мен мердігерлерінің Қарашығанақ жергілікті кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі. Өз міндеттемелері шеңберінде, кәсіподақтар әлеуметтік және еңбек қатынастарының түрлі аспектілері бойынша Ұжымдық шарттың жобасын дайындайды. Ұжымдық шарттың қағидалары, кәсіподақ мүшелігіне қарамастан, барлық КПО қызметкерлеріне таралады. G4-11

Қолданыстағы ҚР Еңбек Кодексі қағидаларына сәйкес жаңа ұжымдық шартты дайындау бойынша жұмыстар атқару үшін, әрекеттегі екі кәсіподақ ұйымнан бір өкілдік орган құрылды. Ұзақ келіссөздер нәтижесінде, 2016 жылдың сәуірінде кәсіподақ ұйымдары мен компания арасында 2016-2018 жылдарға арналған жаңа ұжымдық шартқа қол қойылды.

Негізгі қағидалар жаңа ұжымдық шартта өзгеріссіз қалды, дегенмен еңбек ақысы, әлеуметтік төлемдер және жәрдемақы мәселелеріне қатысты кейбір қағидалар қайта қаралды және толықтырылды. Бұл туралы ақпарат осы Есептің «Еңбекақысы және жеңілдіктер» тарауында толығырақ берілген.

2016 жылы жасалған ұжымдық шартқа сәйкес, қызметкерлердің босатылуына әкелетін компанияның жойылуы, ақыларды төлеу түрінің, жүйесінің немесе көлемінің өзгеруі (қызметкерлер жағдайының нашарлауына себеп болса) туралы КПО, кем дегенде екі ай бұрын, кәсіподақ ұйымдарын хабардар етуі тиіс. G4-LA4

Еңбек ресурстары басқармасына тікелей немесе кәсіподақ арқылы, сонымен қатар жасырын «Жедел желісі» сияқты компанияда қолданыстағы кері байланыс құралдары арқылы 2016 жылы тоғыз шағым-өтініш келіп түсті. Қаралған шағым-өтініштер, негізінен, басқа лауазымға ауысу, бөлім ішіндегі даулы жағдайларға, лауазымдық өкілеттікті асыра пайдалану, мердігерлік ұйым қызметкеріне қатысты лайықсыз әрекет жайындағы мәселелерді қозғады. Түскен шағым-өтініштің барлығы қызметкерлермен қарым-қатынас тобымен жыл бойы қарастырылып, шешілді. G4-57, G4-58, G4-LA16; G4-HR12

Сонымен қатар, ұжымдық шартта қарастырылған денсаулықты қорғау, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері келесі шараларды қамтиды: G4-LA8

- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша нұсқаулықтарды дайындау және енгізу;
- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша даулы мәселелердің орын алуы кезінде тиісті шараларды қабылдау жөнінде қызметкерлерге оқыту курстарын ұйымдастыру;
- Алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған қажетті құралдардың барлығымен қамтамасыз ету;
- Кезеңдік медициналық тексеруді ұйымдастыру;
- Жұмыс орнында және өндірістік нысандарда өрт немесе басқа да төтенше жағдайдың орын алуы жағдайында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ ережелеріне сәйкес шара қолдану;
- Қызметкерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және жеке қорғаныс құралдарымен (ЖҚҚ) қамтамасыз ету;
- Қызметкерлерді өндірістік жарақаттардан және кәсіби аурулардан сақтандыру.

КПО жалпы тапсырыс беруші ретінде мәжбүрлеп еңбек ету қаупін болдырмау және / немесе жұмысшылардың жиналыстар өткізу немесе ұжымдық келіссөздер жүргізу құқықтарын бұзу үшін барлық мердігер ұйымдарға заңнама, ішкі ережелер мен саясат талаптарын түсіндіру бойынша тұрақты түрде жұмыс жүргізеді. Бұл кейбір мердігерлер мен қосалқы мердігерлердің құқықтық нормаларына сәйкес келуіне жеткіліксіз назар аударған жағдайда пайда болуы мүмкін. 2016 жылы 14 мердігерлік ұйымның қызметкері «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. компаниясы қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымының» мүшесі болды. G4-HR4

Ұжымдық шарт шеңберінде КПО-ның 2016 жылы зейнетақы жоспарын ерікті түрде тоқтату бағдарламасына сәйкес, компанияның 18 қызметкері жұмыспен қамтуды ерікті түрде тоқтату туралы өтініш берді. (2015 жылы – 12 қызметкер).



Қазақстан халықтарының тілдері күнін тойлау, қыркүйек 2016 ж.

## ЕҢБЕКАҚЫСЫ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР

Компания 20 жылдан астам уақыттан бері облыс экономикасымен байланысты. Біз білікті жергілікті қызметкерлерді қызмет бабында жоғарлатуға құштармыз.

КПО компаниясы КПО-мен еңбек шартына қол қойған барлық қызметкерлерге әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер жиынтағын ұсынады. Жыл сайын компания өз қызметкерлерінің жалақысын, оның ішінде күнкөріс деңгейінің өсуін ескере отырып, жыл басындағы жалақының өсуін, орындалған жұмыстардың нәтижелері бойынша оң баға алған қызметкерлерге жыл сайынғы сыйлықақы төлемін, сондай-ақ жеке жалақыны өсіру мен жылдық еңбек төлемдерін қайта қарастыру процесінің бөлігі ретінде қосымша біржолғы төлемдер қайта қарайды. 2016 жылы жалақының жалпы өсімі 13,6% құрады, бұл өткен 2015 жылғы инфляция деңгейін көрсетеді.

2016 жылдың қаңтарында жасалған төлемдерден басқа, Компания қызметкерлерге өндірісте және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында жақсы көрсеткіштерге қол жеткізгендері үшін сыйлықақы төледі. 2016 жылдың мамыр айында компания қызметкерлеріне жұмыс уақытын жоғалту оқиғаларысыз және жоспарлы жөндеу жұмыстарын уақтылы аяқтағандары үшін сыйлықақылар берілді.

2016 жылғы еңбек нарығының ағымдағы жағдайын талдау нәтижелері бойынша, сондай-ақ кадрлар еңбек ресурстар тұрақсыздығы төмен деңгейде болғандықтан, жалақыны қосымша түзету процесі жүргізілмеді: 2016 жылғы көрсеткіш 1,9% -ды құрады, 2015 жылмен салыстырғанда - 1,7%. (№14 Жергілікті жұмысшылардың алмасу динамикасы сызбасын қараңыз). G4 LA1

Әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер жиынтығы жұмысқа алу кезінде өте маңызды. Ол қаржылық және қаржылық емес төлемдерден тұрады: (төлемдер мен жеңілдіктер жиынтығы туралы ақпаратты 2015 жылғы тұрақты даму есебінде таба аласыз). G4-LA2

2016-2018 жылдарға арналған жаңа ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес келесі жеңілдіктердің төлемдер мөлшері өсірілді:

- Санаториялық емделуге арналған төлемдер;
- Сәбидің дүниеге келуіне байланысты төлем;
- Қызметкердің өліміне байланысты оның отбасына берілетін материалдық көмек;
- Қызметкердің отбасы мүшесінің өліміне байланысты берілетін материалдық көмек;
- КПО зейнеткерінің өліміне байланысты берілетін материалдық көмек;
- КПО зейнеткерлеріне берілетін әлеуметтік көмек;
- Ауғанстан соғысы ветерандарына берілетін айлық үстеме;
- КПО-да қызмет атқарған жылдары үшін берілетін айлық үстеме.

Қосымша, келесі тармақтар жеңілдіктер тізіміне қосылды:

- ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы №1562 қаулысымен бекітілген және айына жұмыс уақытының кем дегенде 80%-н зиянды немесе өте зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлердің пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары;
- Зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкерлермен еңбек шартын тоқтату үшін өтемақы.

Еңбек өнімділігі көрсеткіштерін әрдайым жақсартып тұру мақсатында компанияда орындалған жұмыстарды бағалау тәртібі бар. Бұл КПО компаниясымен еңбек келісімшартына отырған және бағалауға дейінгі жылдың ішінде кем дегенде алты күнтүзбелік ай жұмыс жасаған барлық қызметкерлерге қатысты. Ал басқарушы қызметтегі қызметкерелер үшін белгіленген мақсатты көрсеткіштерге қатысты бөлек жыл сайынғы тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін қадағалау процесі бар. G4-LA11

КПО-да жалдау агенттіктері арқылы жұмыс жасайтын қызметкерлер сол компаниялардың ұжымдық келісімдері шарттарына сай жұмыс жасайды. Жалдау агенттіктері арқылы жұмыс жасайтын қызметкерлердің жәрдемақыларын өтеу үшін бөлек жоспарланған төлемдер келісілген бюджеттің бір бөлігі ретінде КПО және сол агенттіктер арасында келіседі.

Ұжымдық шартқа сай жас мамандардың ең төмен еңбекақысы компанияда 155 000 теңгені құрайды. 2016 жылғы жыл сайынғы статистикалық деректермен салыстыру негізінде КПО қызметкерлерінің орташа еңбекақысы Батыс Қазақстан облысы бойынша орта көрсеткіштерден 2,9 есеге жоғары.

### Компаниядағы ұйымдық құрылым мен жұмыс үдерістерін оңтайландыру

2016 жылғы шілдеде Орал қаласында КПО Компаниясының жаңа кеңсесі ашылды. Кеңсенің ашылуы жергілікті атқарушы органдармен өзара әрекеттесуге және аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. 2016 жылдың аяғында Оралдағы КПО кеңсесінде 123 адам, яғни қызметкерлердің жалпы санының 2,8%-ы жұмыс істеді.

Төменде берілген картада КПО қызметкерлерінің жұмысты орындау аймағы бойынша бөлінуінің пайыздық көрсеткіші келтірілген. G4-10

Оған қоса, 2016 жылы Жобаны дамыту және жобаны жүзеге асыру директораттары ұйымдық құрылымдары оңтайландырылды. Хатшылар мен аудармашылардың жұмыстары толықтай орталықтандырылып, жұмыстарды біріктіруге және тиімді бөлуге мүмкіндік берді.



## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ШӘКІРТАҚЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР G4-LA10

КПО өз қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша тұрақты жұмыс жүргізіп, оларға өз кәсіби дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік бере отыра, олардың үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз етеді. 2002 жылы енгізілген қазақстандық қызметкерлер мен олардың балаларына арналған шәкіртақылық бағдарлама қызметкерлердің біліктілігін арттыруға және олардың қосымша кәсіби білім алуына ең маңызды ынталандыру құралы ретінде танылды.

2016 жылы аталмыш бағдарламалар шеңберінде 46 КПО қызметкері және олардың балалары, оның ішінде 15 қызметкер және 31 бала білім алды. Соңғы үш жыл ішінде, яғни 2013-2015 жылдар аралығында, КПО гранты арқылы алынған қосымша білім Компанияның 13 қызметкеріне басқа лауазымдарға ауысып, мансаптарын дамытуға және бұдан әрі Компания игілігіне еңбектенуге мүмкіндік берді.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН СЕРІКТЕСТІК

Жоғарғы оқу орындарының (ЖОО) жұмыс берушілермен өзара әрекеттесуі – жас мамандарды ғылыми, өндірістік, технологиялық үдерістерге дайындау және бейімдеу бойынша мақсаттарды орындауға бағытталған ұзақ мерзімді өзара тиімді әрекет.

КПО-ның ЖОО-мен әрекеттесуі қолданыстағы келісімдер негізіндегі Студенттік тәжірибе бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. Мәселен, 2016 жылы 31 оқу орындарының 23 мамандығы бойынша 485 студент компанияның әртүрлі бөлімдерінен өндірістік және диплом алды тағылымдамадан өтті.

Сонымен қатар, КПО ҚР жастар тағылымдамасы бағдарламасын жүзеге асыруға қатысып, Бөрлі ауданының кәсіптік оқу орындарының түлектеріне бітірген мамандықтары бойынша жұмыстың алғашқы дағдыларын және білімін меңгеруде қолдау көрсетіп келеді. Бұл бағдарлама 2009 жылы басталғаннан бері КПО компаниясында 145 жас маман жастар тағылымдамасынан өтті.

Компанияның әртүрлі ЖОО-мен серіктестігі барысында КПО қызметкерлері жаңа ойлар мен тың шешімдерді табу мақсатында жоғары білікті мамандармен әрекеттесіп, түрлі бірлескен жобаларға қатысады. Мәселен, 2016 жылдың сәуірінде Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан аграрлы-техникалық университетіндегі «Индустрия аптасы» және М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіндегі «Мансап күні» шараларында КПО қызметкерлері өз жұмыстары жөнінде презентациялар ұсынып, тәжірибеге бағытталған бағдарламаларды түсіндіру туралы семинар-кеңестер өткізді.

Сонымен қатар, 2016 жылдың 5 қазан күні КПО-ның өндіріс директоры Эндрю Уайпердің және Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан аграрлы-техникалық университетінің ректоры Нұрлан Семгалиевтің қатысуымен отырыс өткізілді. Кездесу барысында жас инженер-мұнайшылар қоғамын (SPE) қолдауға бағытталған бірлескен қызмет жасау мақсатында екі жақ – Батыс Қазақстан аграрлы-техникалық университеті және КПО компаниясы арасында ынтымақтастық жөнінде келісімге қол қойылды. Жас инженер-мұнайшылар қоғамы ең алдымен басты назарға сапалы тәжірибеден өтуге, ұңғымыларға және мұнай инженериясы мен ұңғымалық операциялар бөлімдеріне баруды қояды. Бұдан басқа, олар университеттің жас мұғалімдерін тағылымдамадан, оқытудан өткізіп, КПО-ның менеджерлері мен супервайзерлері дайындаған шеберлік сабақтарын да алуға құштар.

SPE университеті шеңберінде бірлескен жұмыс бойынша келесім бар.




Жәңгірхан атындағы БҚАТУ студенттері КПО жетекшілігімен кездесуден кейін, қазан 2016 ж.

# ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Көмірсутектерді өндіру және өңдеу әрекеті КПО компаниясына қоршаған ортаны қорғау саласында үлкен жауапкершілікті жүктейді. Қарашығанақ секілді техникалық жағынан күрделі кен орнын қоршаған ортамен үйлесімде игеру – жеңіл іс емес. Сондықтан, бұл мақсатта компания озық жабдықты және әлемдік деңгейдегі технологияларды қолданады.

Өз қызметін КПО тұрақты даму қағидаларын сақтай отырып және қоршаған ортаны қорғаудың жоғары стандарттарына сәйкес атқарады. Компанияның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясатының негізгі міндеттері:

- Қоршаған ортаға кері әсерді барынша азайту;
- Қоршаған ортаның ластануы деңгейін азайту;
- Қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қолданыстағы үздік технологияларды қолдану арқылы компания парниктік газдар шығарындыларын азайту және табиғат қорларын сақтау мәселесіне бас назарын салады. Қоршаған ортаны қорғау қағидаларын орындау мүддесіне бағытталған өндірістік мақсаттарымыз 24-кестеде берілген.

**24-кесте. Қоршаған ортаны қорғаудағы міндеттеріміз**

| 2016 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР | МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ | 2016 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҮШІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР | 2017 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР |
|---|---|---|---|
| **БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ** | | | |
| КПО ҚОҚ басқару жүйесінің ISO 14001 стандарты талаптарына сәйкестігін бақылау аудиті шеңберінде тексеру | Орындалды | Өткізілген бақылау аудиті нәтижесінде ҚОҚ басқару жүйесінің ISO 14001:2004 стандарты талаптарына сәйкестігі расталды. Қоршаған ортаны қорғау бойынша ешбір сәйкессіздік анықталған жоқ. КПО ҚОҚ басқару жүйесінің жаңа ISO 14001:2015 стандартына көшу үрдісін бастады. | КПО ҚОҚ басқару жүйесінің жаңа ISO 14001:2015 стандартына сәйкестігін қайта куәландыру. |
| **АУАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР ЖӘНЕ ПАРНИКТІК ГАЗДАР** | | | |
| ПГ қалдықтарының көрсеткішін 200 мың тонна $CO_2$ эквивалентіне азайту. | Орындалды | 2015 жыл соңындағы нәтижелерге сәйкес, бес шараны жүзеге асыру арқасында ПГ қалдықтарының нақты азаюы 337 мың тонна $CO_2$ эквивалентін құрап, жоспарланған көрсеткіштен 58% жоғары болды. | ПГ қалдықтарының нақты азаю көрсеткішін 203 мың тонна $CO_2$ эквивалентіне дейін жеткізу |
| ПГ салыстырмалы қалдықтарын өндірілген көмірсутектердің әрбір мың тоннаға шаққанда 70-тонна $CO_2$ көрсеткішінен асырмау. | Орындалды | 2016 жылы ПГ салыстырмалы қалдықтарын өндірілген көмірсутектердің әрбір мың тоннаға шаққанда 66-тонна $CO_2$ көрсеткішін құрады | ПГ салыстырмалы қалдықтарын өндірілген көмірсутектердің әрбір мың тоннаға шаққанда 69-тонна $CO_2$ көрсеткішінен асырмау. |
| Өнімділіктің жоғалуын 3,82% -дан асырмау. | Орындалды | 2016 жылдағы іс жүзіндегі өнімділіктің жоғалуы 3,56%-ды құрады | Өнімділіктің жоғалуын 3,71% -дан асырмау. |





| 2016 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР | МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ | 2016 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҮШІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР | 2017 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР |
|---|---|---|---|
| **ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БАСҚАРУ** | | | |
| • Энергетикалық аудит нәтижелеріне негізделген 2016-2020 жылдарға арналған энергияны үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру әрекеті жоспарының енгізілуін бақылау;<br>• ISO 50001 стандарты талаптарына сәйкес энергетикалық басқару жүйесін енгізуді жалғастыру. | Орындалуы жалғасуда | Бұл жоспарды енгізу ГКДҚ-2 нысанының құбырларын жаңартуды және Атырау терминалындағы қызу шамдарын жарық диодты шамдармен алмастыруды қамтыды.<br>ҚОҚ басқару жүйесін ISO 50001 стандарты бойынша куәландыру әрекетіне дайындық жұмыстары жыл бойы жүргізілді | • 2017 жылға арналған энергияны үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру жұмыстарын 2016-2020 жж. Жоспар шеңберінде жүзеге асыру.<br>• КПО ҚОҚ басқару жүйесінің ISO 50001 стандартына куәландыру.<br>• Компанияның қашықтағы жерлерде жаңартылатын қуат көздерін пайдалану мүмкіндіктерін табу үшін ғылыми-зерттеулер жүргізу. |
| **СҰЙЫҚ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАЛДЫҚТАР ЖӘНЕ ҚОҚЫС** | | | |
| ГКДҚ-3-дағы БИО-50 ағын суды өңдеу жүйесіндегі гипохлорит натрий айдау қондырғысын іске қосу. | Орындалуы жалғасуда | ГКДҚ-3 нысанындағы қызметкерлер санының азаюын және ағын суды өңдеу қондырғысының жұмыс көлемінің төмендеуін ескере отырып БИО-50 жүйесінің келешектегі қолданылуы бойынша шешім қабылданғанша ГКДҚ-3-дағы БИО-50 ағын суды өңдеу жүйесіндегі гипохлорит натрий айдау қондырғысын іске қосу үдерісі уақытша тоқтатылды. Экономикалық пайдалылығын зерттеу барысында екі нұсқа қарастырылуда: ағын суды тазарту қондырғысын жетілдіру немесе оны консервацияға жіберіп, ағын суды Пилоттық қалашықтан алынатын сумен алмастыру. | Ағын суды тазартуды жетілдіру және БИО-50 жүйесін болашақта пайдалану бойынша шешім қабылдау мақсатында ГКДҚ-3-дағы БИО-50 ағын суды өңдеу жүйесін және Пилоттық қалашықтың суды өңдеу қондырғысын жетілдірудің экономикалық пайдалылығын зерттеу жұмыстарын жүргізу. |
| | Жаңа міндет | | 2018-2022 жылдар аралығында Қарашығанақ кен орнында ағын суларды қайта пайдалану бойынша әрекет ету процедурасын дайындау |
| | Жаңа міндет | | • ГКДҚ-3 қайта айдау алаңы №1 аймағындағы қабатқа енгізілетін ағын судағы H2S шоғырлануын азайту мүмкіндіктерін ғылыми және техникалық зерттеу жұмыстарын өткізу;<br>• Қайта айдалатын сұйық өнеркәсіптік қалдықтарды реттеу бойынша БҚО ҚОҚ Бөлімінің Сарапшылар кеңесіне қатысу. |
| Полигонда қалдық сақтаудың жаңа 3 ұяшығын салу | Орындалды | Полигонда қалдық сақтаудың жаңа 3 ұяшығын салу аяқталды. | Қатты өнеркәсіптік қалдықтар полгионының, кем дегенде, 6 ұяшығын жабу |
| | Жаңа міндет | | 2018-2020 жылдарға арналған Қарашығанақ кен орнында қалдықтар мәселесін басқару бағдарламасын дайындау |

| 2016 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР | МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ | 2016 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҮШІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР | 2017 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР |
|---|---|---|---|
| **ТОПЫРАҚ** | | | |
| «Қарашығанақ кен орны санитарлық қорғаныс аймағын (СҚА) көгалдандырудың бірінші кезеңі және оның шекараларын белгілеу» жұмыс жобасын жүзеге асыру аясында Ақсай-Приуральный тас жолы бойындағы 28 га аймақтың топырағын егуге дайындау | Орындалуы жалғасуда | 2016 жылдағы жауын-шашын молдығына байланысты, тас жолы бойындағы 28 га аймақтың топырағының өсімдік жабынын қалпына келтіру бойынша дайындық жұмыстарының бір бөлігін ған жүзеге асыру мүмкін болды. | «Қарашығанақ кен орны санитарлық қорғаныс аймағын (СҚА) көгалдандырудың бірінші кезеңі және оның шекараларын белгілеу» жұмыс жобасын жүзеге асыру аясында Ақсай-Приуральный тас жолы бойындағы 28 га аймақтың топырағын егуге дайындау, соның ішінде тыңайған жерді ерте көктемдегі жырту, топырақты делегейлеу, қопсыту, тырмалау және күздегі қайта жырту |
| | Жаңа міндет | | Санитарлы Қорғаныс аймағының (СҚА) кейінгі дамуы бойынша жоспар дайындау |
| | Жаңа міндет | | ҚР орман кодексі талаптарына сәйкес Қарашығанақ кен орны аймағындағы өсімдіктер патологиясына зерттеу жүргізу |
| «Үйіп сақталған құнарлы жер қабатын әрі қарай пайдалану жолын іздеу» бағдарламасында қарастырылған ғылыми зерттеу жұмыстарын аяқтау | Орындалды | КПО-ның негізгі өндірістік нысандарының құрылысы кезінде алынып, үйіліп тұрған топырақ қабатының қасиеттерін анықтау жұмыстары аяқталды. Оны қайта пайдалану жолдары анықталды. | |
| | Жаңа міндет | | Термомеханикалық өңдеуден кейінгі су негізіндегі бұрғылау балшығының бұрғыланған сазды топырағын қайта пайдалануға қатысты әдістерді дамыту бойынша зерттеулерді жалғастыру |
| **БИОТҮРЛІЛІК** | | | |
| Қарашығанақ кен орны флорасын (өсімдік әлемін) сақтау жөнінде келесі ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу:<br>• Кен орны ықпал ету аймағындағы өсімдік әлеміне әсер етуі ықтимал факторларды бақылау;<br>• Негізгі жағалаудағы экожүйеде сирек кездесетін орыс сепкілгүлінің таралуын зерттеу | Орындалды | КПО 2015-2016 жылдарға арналған Биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспарын орындауды 2016 жылы аяқталды. Негізінде, зерттеулер өсімдіктер әлемін қадағалауды және сирек кездесетін түрлердің, соның ішінде орыс сепкілгүлінің, таралуын қарастырды. | ҚОҚ бойынша мұнай өндіруші компаниялардың халықаралық қоғамдастығы/ Орынбор газ зауыты шығарған Мұнай және газ саласында биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспары нұсқаулығына сәйкес 2018-2019 жылдарға арналған Биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспарын дайындау |





# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

КПО компаниясының ҚОҚ жүйесін басқару 2008 жылдан бері ISO 14001 халықаралық стандарты бойынша куәландырылып келген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ біріктірілген жүйесі шеңберінде жүргізіледі. Сегіз жыл бойы КПО ҚОҚ басқару жүйесінің (ҚОҚБЖ) тиімділігін қамтамасыз етіп, әр жыл сайын ISO 14001:2004 стандарт бойынша сәйкестігін растап келеді.

2015 жылы КПО-да өткізілген кезекті бақылау аудиті ISO 14001:2004 талаптарына сәйкестікті растады. Аудит барысында КПО-ның ҚОҚ саласында ешбір сәйкессіздігі табылмады.

2015 жылдың қыркүйегінде Стандарттау бойынша халықаралық ұйым ISO 14001 стандартының үшінші басылымын шығарды. Соңғы нұсқасымен салыстырғанда жаңа басылымда бірқатар елеулі өзгерістер бар. Жаңа талаптарға сәйкестік деңгейін анықтау үшін сертификатталған ұйымдарды қатыстыру және ҚОҚ саласында жоғары көрсеткіштерге жету үшін тиісті шаралар орындау қажет. Бұл орайда жаңа стандартқа көшу үдерісінің тиімділігн қамтамасыз ету мақсатында, куәландыру аудитін бастамас бұрын, КПО ҚОҚБЖ басқармасы жаңа талаптарға байланысты жалпылай танылған қағидалар бойынша саралау және қолданыстағы жүйелерді бағалау жұмыстарын өткізді.

ISO 14001:2015 талаптарына сәйкестік бойынша куәландыру аудиті 2017 жылдың екінші жартысына жоспарланған. Аудит кезінде, Компания қолданыстағы басқару жүйесі элементтерінің тиімді және сәтті жұмыс жасап жатқанын көрсетуі тиіс. Бұл – басқару жүйесінің ISO 14001:2015 талаптарына сәйкестігін растаудың алдын ала шарты.

ISO 14001:2015 стандартының жаңа басылымында жетекшілік, қауіп-қатерлерді бағалау, өнімді есептеу қалдықтың жойылу мерзімі талаптары кеңейтілген. Компания ішіндегі және сыртқы қарым-қатынас мәселесіне айрықша назар қойылған.

Мүдделі тараптармен ашық сұхбат орнату мақсатында, КПО 2016 жылдың 10 наурызында «Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында ҚОҚ елеулі аспектілерін басқару: бақылау шаралары» тақырыбында жылдық конференцияны өткізді. Конференцияға КПО-мен келісімшарттағы 53 ұлттық және шетел компания өкілдері қатысып, түрлі компаниялармен қолданылатын қоршаған орта аспектілерін анықтау және бағалау бойынша әртүрлі әдістерге қатысты пікірлер мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды. Конференция нәтижелері негізінде және ҚОҚ басқару жүйесін тұрақты дамыту аясында КПО өндірістік бөлімдер мен бөлімшелерге қатысы бар 17 ҚОҚ аспектілерін тіркеу кітаптарын қарастырды.

Нысандардың тіркеу кітаптары негізінде 2017 жылы ҚОҚ бойынша елеулі аспектілерді тіркеудің жинақталған кітабын жаңартады. Қоршаған ортаға әсер етуі мүмкін КПО-ның барлық әрекетінің аспектілері осы кітап бойынша сараланады және жинақталады.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ біріктірілген жүйесінің барлық элементтерін бекітілген жылдық бағдарламалар мен жоспарларға сәйкес бақылау үшін, сыртқы және ішкі аудиттер, сонымен қатар КПО мердігерлерінің аудиттері өткізіледі. 2016 жылы ҚОҚБЖ басқармасы ҚОҚ бойынша 15 ішкі, сыртқы және мердігерлердің аудиттерін өткізіп, нәтижесінде ҚОҚБЖ-нің ҚР заңнамасына және халықаралық стандарттарға сәйкестігі бағаланды.

2016 жылы КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ аудиторларының және өндірістік қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатында "ISO 14001:2015 стандартының жаңа нұсқасы. Ішкі ҚОҚБЖ аудиторларын оқыту" курсы үдеріске қатысы бар КПО-ның әртүрлі бөлімінің 26 қызметкері үшін ұйымдастырылды.

2017 жылы КПО экологиялық менеджмент жүйесін жетілдірудің үздіксіз үдерісі шеңберінде басталған жаңа стандарт пен кешенді жұмысты үйретуді жалғастырады.




Қоршаған ортаны қорғау бойынша конференцияға қатысқан мердігерлерге КПО атынан алғыс хат

# 2016 ЖЫЛҒЫ ҚОҚ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Қоршаған ортаға қатысты алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін КПО Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарын (ҚОҚШЖ) жыл сайын дайындайды.

ҚР Экологиялық Кодекс (8-тарау) ережелеріне сәйкес Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағаздарын алу үшін КПО рұсқат алу кезеңі бойынша ҚОҚШ жоспарларын рұқсатты беруші органға ұсынады. Жоспарда айқындалатын шаралар экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, ҚОҚ саласындағы әдістер мен технологияларды жетілдіруге, ISO 14001 және ISO 50001 халықаралық стандарттарын енгізуге және табиғат қорларын тиімді пайдалануға бағытталған.

2016 жылы КПО өз жұмыстарын қолданысқа берілген Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағаздары және төмендегі 25-кестесінде келтірілген ҚОҚШЖ негізінде жүзеге асырды.

Берілген Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағазының әрқайсысының қолданыс мерзімі бойынша 2016 жылы Қарашығанақ кен орнына арналған екі (2) қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспары дайындалды. Қарашығанақ кен орнына арналған қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспарында белгіленген табиғатты қорғау шаралары ҚР Энергетика министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау комитетімен келісілді. 2016 жылғы Қарашығанақ кен орнына арналған Қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралардың негізгі жоспары 2016 жылдың тамыз-желтоқсан кезеңі бойынша түзетілді.

Экспорттық құбыр желісінің нысандары: БҚО Үлкен Шаған мұнай айдау станциясы және Атырау терминалы мұнай айдау станциясы үшін қолдану мерзімі 2016 жылдың 01 қаңтары мен 2020 жылдың 31 желтоқсаны аралығына созылатын қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағаздары алынып, сәйкесінше, 2016-2020 жылдар аралығындағы қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспарлары келісілді.

2016 жылы Қарашығанақ кен орнына арналған КПО-ның Қоршаған ортаны қорғау бойынша шараларды іске асыруға жұмсалған жалпы нақты шығын 6 257 968 449 теңгені құрады. 2016 жылда Қарашығанақ кен орны бойынша жоспарланған шығын көлемі - 4 283 971 298 теңге. 2015 жылмен салыстырғанда КПО-ның қоршаған ортаны қорғау шараларына жұмсалған қаражат көлемі екі еседен астам өсті. Ақша салымдарының мұндай өсуі келесі әрекеттерді орындаумен байланысты: ұңғыманы тазалауда жоғары қысымды сүзгішті пайдаланудың жаңа шаралары, ЖМП қызмет көрсету бойынша жұмыс көлемін кеңейту, қалдықтарды бөлу және кейінгі пайдалануға беру, қалдық ұяшықтарын өшіру, сұйық қалдықтарды тазалау жұмыстарына байланысты шығындарды арттыру және қалпына келтірілген жер телімдерінің кеңеюі.

**25-кесте. КПО-ның Қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспарлары және 2016 жылы берілген Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағаздары** G4-EN31

| № | 2016 ЖЫЛҒА ДАЙЫНДАЛҒАН ЖӘНЕ КЕЛІСІЛГЕН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ШАРАЛАР ЖОСПАРЛАРЫ | 2016 ЖЫЛҒА АЛЫНҒАН РҰҚСАТТАР | РҰҚСАТТЫ БЕРГЕН КОМИТЕТ |
|---|---|---|---|
| 1 | 2016 ж. Қарашығанақ кен орнына арналған КПО-ның Қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспары. | 08.10.2015 күні берілген Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағазы № KZ37VCZ00037652 (қолдану мерзімі: 2016 жылдың 01 қаңтары мен 24 тамызы аралығы) | ҚР Энергетика министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау комитеті |
| 2 | Қарашығанақ кен орнына арналған КПО-ның 2016 ж. тамыз-желтоқсан айларындағы Қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспары. | 25.08.2016 күні берілген Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағазы № KZ56VCZ00099681 (қолдану мерзімі: 2016 жылдың 25 тамызы мен 2020 жылдың 31 желтоқсаны аралығы) | ҚР Энергетика министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау комитеті |
| 3 | ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау экспорттық құбыр желісіне (Батыс Қазақстан облысы) арналған КПО-ның 2016-2020 жылдар аралығындағы қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспары | 12.08.2015 күні берілген Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағазы № KZ68VDD00021755 (қолдану мерзімі: 2016 жылдың 01 қаңтары мен 2020 жылдың 31 желтоқсаны аралығы) | БҚО әкімдігі, Батыс Қазақстан облысы бойынша Табиғи ресурстар мен Табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы |
| 4 | КПО-ның 2016-2020 жылдар аралығындағы қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспары (Атырау облысы) | 07.08.2015 күні берілген Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағазы № KZ87VDD00021510 (қолдану мерзімі: 2016 жылдың 01 қаңтары мен 2020 жылдың 31 желтоқсаны аралығы) | Атырау облысының әкімдігі, Атырау облысы бойынша Табиғи ресурстар мен Табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы |





2016 жылға арналған Қоршаған ортаны қорғау шаралары туралы жоспардың тараулары бойынша жұмсалған шығындар 26-кестеде көрсетілген.

**26-кесте. 2016 жылғы ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспарын жүзеге асыруға жұмсалған шығын, мың теңгемен** G4-EN31

| № | ҚОҚ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫНЫҢ БӨЛІМДЕРІ | 2016 ЖЫЛЫ КПО ІС-ШАРАЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫНА ЖҰМСАЛҒАН НАҚТЫ ШЫҒЫН: | | |
|---|---|---|---|---|
| | | - ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫНДА | - ҚӨК - ҮЛКЕН ШАҒАН - АТЫРАУ ЭКСПОРТТЫҚ ҚҰБЫР ЖЕЛІСІНДЕ (БҚО) | - АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА |
| 1 | Әуе бассейнін қорғау | 2 300 763 | 4 817 | 6 727 |
| 2 | Су қорларын қорғау және сауатты пайдалану | 16 695 | Қм[1] | Қм[1] |
| 3 | Жер қорларын қорғау | 415 291 | Қм[1] | Қм[1] |
| 4 | Жер қойнауын қорғау және сауатты пайдалану | 219 079 | Қм[1] | Қм[1] |
| 5 | Флора мен фаунаны қорғау | 63 571 | 357 | 11 015 |
| 6 | Өндіріс және тұтыну қалдықтарын өңдеу | 2 941 296 | 62 | 13 |
| 7 | Радияциялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздік | 4 796 | Қм[1] | Қм[1] |
| 8 | Басқару жүйелерін және үздік қауіпсіздік технология-ларын енгізу | 70 527 | Қм[1] | 4 655 |
| 9 | Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми-зерттеу және жобалау-ізденіс жұмыстары | 212 025 | 4 300 | 4 355 |
| 10 | Экологиялық ағарту жұмыстары және насихаттау | 13 926 | Қм[1] | Қм[1] |
| БАРЛЫҒЫ: | | 6 257 968 | 9 537 | 26 765 |

[1] *Қм – шаралар қарастырылмаған.*

2016 жылы КПО компаниясының ҚОҚ шараларын жүзеге асыру нәтижелері: G4-EN13

## Атмосфераға тасталатын шығарындылар

- Ұңғымаларды игеру кезінде жоғарғы қысым сүзгіштерін қолдану ластанушы заттардың атмосфераға шығарылу көлемін 9 272 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді;
- Жоғарғы қысым сүзгіштерін мұнайды айдау үшін қолдану ластанушы заттардың атмосфераға шығарылу көлемін 436 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді;

## Қалдықтарды және ағын суларды өңдеуді басқару

- Коммуналды және тағам қалдықтарының 722,38 тоннасы сұрыпталды және жалпы мақсаттағы пеште (ЖМП) жағу үшін жіберілді.
- Сұрыпталған және өңдеуге және қайталама шикізат ретінде қайта пайдалануға жіберілген көлем:
  - макулатураның 75,32 тоннасы 2015 жылмен (29,9 тн) салыстарғанда 60 %-ға өсті;
  - метал сынықтарының 14,04 тоннасы 2015 жылмен (2,18 тн) салыстарғанда 80 %-ға өсті;
  - пластмассаның 23,18 тоннасы 2015 жылмен (9,3 тн) салыстарғанда 60 %-ға өсті.
- Экоорталықтың қатты қалдықтарын сақтау алаңында 3 ұяшықтың құрылысы аяқталып, 2016 жылғы 16 қазанда мемлекеттік комиссиямен қабылданды. Сонымен қатар қалдықтармен толтырылған 4 ұяшық жабылып оқшауланды;
- Өңделген сұйық қалдықтар мен ағын сулардың жалпы көлемі 13 443 тоннаны құрап, олардың қоршаған ортаға шығарылу көлемін азайтуға және бұрғылау кезінде суды пайдалану деңгейн төмендетуге мүмкіндік берді. Өңдеуге алынған сұйық қалдықтар мен ағынды сулардың жалпы санынан бұрғылау ерітінділері мен тұзды ерітінділерді дайындауға бағытталған 8 703 тонна тазартылған су пайда болды. Өңдеу үшін алынатын сұйық қалдықтар мен ағынды судың жыл сайынғы көлемі Компанияның өндірістік қажеттіліктеріне байланысты.
- Компания қатты қалдықтарды және пайдаланылған бұрғылау ерітіндісін, сақтау аймағында жинақталған қалдықтарды Экологиялық орталықтың қатты өндірістік қалдықтарды көму полигонына көшіру жұмыстарын жалғастыруда. Оған дейін қалдықтар Эко-орталық қондырғыларында қайта өңдеуден өтеді. 2016 жылы қайта өңделген қалдықтардың көлемі 5 733 тоннаны құрады. Қалдықтарды қайта өңдеу арқылы көшіру 2017 жылы да жалғасады.
- 2016 жылдағы тазартылған ағынды суларды Қарашығанақ кен орнында бұрғылау ерітіндісін дайындауға, екпе ағаштарын суаруға және шаң басуға қайта пайдалану көлемі 48 023 $м^3$ құрап, өткен кезеңмен салыстырғанда 35%-ға өсті.

### Топырақты қалпына келтіру G4-EN13

- Ұңғыма операциялары мен құрылыс жұмыстарынан зақымдалған жердің 85,5 га көлемі қалпына келтірілді, яғни, 2015 жылмен салыстырғанда, бұл көрсеткіш 13%-ға өсті;
- «Үйіп сақталған құнарлы жер қабатын (ҚЖҚ) бұдан әрі пайдалану жолдарын анықтау» тақырыбында ғылыми-ізденіс жұмыстары жүргізілді. БҚО Бөрлі және Зеленов аудандары әкімшіліктерінің ҚЖҚ бұдан әрі пайдалануға байланысты қызығушылықтарына жауап ретінде, осы аудандардың қажеттіліктеріне ҚЖҚ беру стратегиясын дайындау жоспар-лануда.

### Экологиялық басқару жүйесі

- 2016 жылдың тамызында ISO 14001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестік бойынша бақылау аудиті сәтті өткізілді.

Березов және Бестау ауылдарын көшіру жұмыстарына байланысты 2016 жылы Санитарлы қорғаныс аймағын кеңейту бойынша еш өзгеріс енгізілген жоқ.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АЙЫППҰЛДАР G4-EN29

КПО өз қызметін ҚР қоршаған орта заңнамасына сәйкес жүзеге асырады. Өндірістік әрекеті шеңберінде ауаға тасталатын шығарындылардың, ағынды сулардың және қалдықтарды жоюдың шектеулерін белгілейтін Қоршаған ортаның эмиссияларына рұқсат қағаздары бойынша компания ҚР Энергетика министрлігіне әр жыл сайын жүгініп, бұл рұқсаттарды алады. ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспарын алу үшін, КПО Министрлікке құжаттар жинағын, соның ішінде Қоршаған ортаны қорғау шаралары туралы жоспарын, шектеулердің жобалары жөніндегі мемлекеттік ҚОҚ сарапшылық зертеу нәтижелерін (толық ақпарат ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспары бөлігінде берілген) ұсынады.

Көмірсутектерді өндіру және өңдеу үдерісінің ең озық технологиялары жабдық жұмысының қауіпсіздігі мен тұтастығын қамтамасыз ету үшін ілеспе газдарын алауда жағуды қамтиды. Газдың алауда бақыланған жағылуы, жобалық шешімге сәйкес, жер жүзіндегі мұнай-газ конденсатты кен орындардағы жұмыстардың айнымас бөлігі болып табылады.

Көмірсутектер өндірісінің қолданыстағы технологиялары жобалық қасиеттері тұрғысынан қызметі жете бақыланатын әртүрлі жабдықтың жұмысын қамтиды. Компрессорларды, сорғыларды, қондырғыларды іске қосу немесе істен шығару, ұңғымаларды іске қосу, оларға қызмет көрсету және тағы сол сияқты әртүрлі жұмыстарды орындау кезін-де жобалық қасиеттерден уақытша ауытқу орын алады. Бұл әрекет газдың алауда бақыланған жағылуын тудыруы мүмкін. Осылайша, технологиялық тұрғыдан болдыр-мау мүмкін емес ілеспе және (немесе) табиғи газды алауда жағу үдерісі кен орнында қолданылатын өндірістік сызбаға және орындалатын жұмыстарға байланысты. КПО-ның технологиялық инфрақұрылымы және ҚОҚ қауіпсіздігіне бағытталған әрекеттері газды кәдеге жаратудың жоғары деңгейіне (99,84% 2016 жылы) әр жыл сайын жетуге мүмкіндік беретінін айта кеткен жөн.

2007-2016 жылдар аралығында КПО рұқсат қағаздарында белгіленген ауаға тасталатын шығарындылар шектерінен асқан жоқ. Дегенмен, соңғы онжылдық ішінде өндірістік жабдықтың қысқа мерзімді технологиялық ақауларымен, кідірістерімен, іркілістермен байланысты ластаушы заттардың тасталуы үшін компания айыппұлдар мен өтемақы төлеп келеді. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі реттеуші орган мұндай шығарындыларды “шамадан тыс шығарындылар” деп түсіндірді. Бұған қарамастан, КПО қоршаған ортаға байланысты қажетті құжаттарды ҚР реттеуші және заңнамалық талаптарға толық сәйкестікте дайындап, олар бойынша келісулер алады, ал жобалар заңды келісілген жобалық құжаттардың талаптары негізінде жүзеге асырылады.

Сәйкестік бойынша тексерулер өткізген кезде, ҚОҚ жөніндегі өкілетті тұлғалар жобалық құжаттарда бекітілген көлем мен шекті көрсеткіштермен сәйкес келген және Қазақстан Республикасы атынан жобаны бақылайтын билік органымен келісілген газды алауда жағуларды табиғат қорларын пайдаланушыға рұқсат ететін заңнамалық ережелерді назарға алмайтынын атап өткен жөн. Қолданыстағы заңнамада газды алауда жағудан түзілетін шығарындылар үшін үлкен төлемдер ескерілген, сол себепті компаниия алауда жағылған ғаздың салыстырмалы төмен көлемі үшін үлкен айыппұлдар төлеуде. Алауда жағу КПО үшін бекітілген шамадан аспағанына қарамастан, өткен жылдардағыдай, 2016 жылы да КПО реттеуші органдар салған айыппұлдарды төлеуге мәжбүр болды, бірақ олар бойынша компания жоғарғы инстанциялар мен соттарға наразылығын әлі де білдіруде. Мәселен, 2016 жылдағы осындай даулы төлемдер 1,9 млрд. теңгені құрады, соның ішінде:

- 0,52 млрд теңге - 2016 жылы жоспардан тыс экологиялық тексерулер нәтижесіндегі әкімшілік айыппұл сомасы;
- 1,38 млрд теңге – қоршаған ортаға зиян келтірген үшін 2016 жылы Компанияға қарсы қозғалған азаматтық талап қою сомасы.

В 2014 жылы, ҚР Президентінің қаулысына сәйкес, реттеуші және заңнамалық құрылымды жетілдіру және осы саладағы заңнаманы қабылданған ішкі ережелермен үндестіру үшін Мұнай және Газ Министрлігі жанында жұмыс тобы құрылды. Құрушы компанияларымен, басқа да мұнай-газ операторларымен және «ҚазЭнерджи» Қазақстан мұнай-газ және энер-гетика кешені ұйымдарының қауымдастығымен бірге КПО да осы топ жұмысына белсенді қатысады. Осындай өзара әрекеттестік нәтижесінде, 2016 жылдың сәуірінде «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР заңына өзгертулер енгізіліп, жер қойнауын пайдаланушыларға өндірістік жабдықтың қысқа мерзімді технологиялық ақауларымен, кідірістерімен, іркілістермен байланысты газдың алауда жағылуын реттеуге құқық берілді.





Осындай өзгертулерге сәйкес, өндірістік жабдықтың ақаулығымен байланысты алау-да жағудың барлығы болдырмауы мүмкін емес алауда жағу деп қарастырылады және технологиялық кідірістен туындаған алауда жағудан пайда болған ластаушы заттардың шығарындылары көлемі “шамадан тыс шығарындылар” болып есептелмейді. 2016 жылдың мамырында бұл өзгерістер күшіне енді.

Өткен жылы, КПО Ілеспе газдарын өңдеуді жетілдіру бағдарламасын қайта қарап, оған өндірістік шығарындылар шектерін енгізді. Осыған сәйкес, компания шекті рұқсат етілген шығарындылар жобасы мен жобалық-сметалық құжаттаманы да қайта қарады. 2017 жылдан бастап, белгіленген шектерден аспаған ластаушы заттардың өндірістік алауда жағулар себе-бінен ауаға тасталуы үшін КПО айыппұл төлемейді.



Андрежеевский қалампыры, Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген, ҚМГК кен орнында сирек кездесетін түр

## АТМОСФЕРАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР G4 EN-21

Компанияның атмосфераға қалдықтарды шығаруды басқару саласындағы жұмыстары қоршаған ортаға ластағыш заттарды шығаруға берілген шектеулерге сәйкес орын-далып келеді. Шығарындылардың негізгі көлемі жанармай газының газтурбиналық қондырғыларында, қазан агрегаттары мен технологиялық пештерінде, компрессор қондырғыларында және шырақта күнделікті өндірістік жағу барысында пайда болады. 2016 жылы, 2015 жылмен салыстырғанда, атмосфераға шығарылған қалдықтардың жалпы көлемі 1%-ға төмендеген, яғни 11 400 тоннаны құрады. 27-кестеде 2014-2016 жылдары рұқсат етілген және КПО-ның нақты шығарған қалдықтары туралы ақпарат көрсетілген.

**27-кесте. Ластағыш заттар шығарындыларының рұқсат етілген және нақты көлемі, 2014-2016 жж.** G4-EN21

| ЛАСТАҒЫШ ЗАТТАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ КӨЛЕМІ, ТОННАМЕН: | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|
| **Рұқсат бойынша:** | 16 168 | 14 807 | 21 876 |
| **Іс жүзінде, оның ішінде:** | 14 005 | 11 314 | 11 421 |
| Азот оксиді | 2 240 | 1 594 | 1 934 |
| Күкірт диоксиді | 7 346 | 6 113 | 5 819 |
| Көмірқышқыл оксиді | 2 229 | 1 723 | 1 850 |
| ҰОБ | 1 718 | 1 515 | 1 449 |
| Күкірт сутегі | 31 | 29 | 28 |
| Қатты бөлшектер | 325 | 90 | 89 |
| Басқалары | 116 | 249 | 252 |

*Ескерту:* *1. 2014-2016 жылға арналған шығарындылардың көлемі туралы деректер ауа 2-ТП статистикалық есептерінің деректеріне сәйкес берілген.*

*2. 2016 жылы КПО екі рұқсат (Қарашығанақ кен орнына арналған) бойынша жұмыс істеді: - № KZ37VCZ00037652 - 01.01.2016 to 24.08.2016 аралығында; № KZ56VCZ00099681 25.08.2016 күнінен. Жалпы рұқсат етілген көлем бірінші кезеңдегі нақты шығарындылар және екінші кезеңдегі рұқсат етілген шығарындылардың жалпы көлемі ретінде есептелген.*

КПО-да ластаушы заттардың шығарындылар көлемі отын шығыны мен құрамы, сондай-ақ жабдық жұмысының уақыты туралы бастапқы деректер негізіндегі есептеу әдісімен анықталады. ҚР-да шығарындылар көздерінде тұрақты бақылаудың сертификатталған құралдары болмағандықтан, КПО-да осындай есептеу тәсілін қолдану қабылданған.

Жағылған жанармайдың шығын көлемі тұрақты өлшеу мен теңгеру әдісін қолдану арқылы есептеледі; дизель жанармай шығыны - бухгалтерлік есеп деректері негізінде, жабдықтың жұмыс уақытын – операторлардың күнделікті есебі бойынша анықталады. Газ бен мұнайдың құрамын айқындау аттестацияланған ішкі зертханада жүргізіледі.

Шығарындылардың құрамдық есептелуі ҚР-да қолдануға ұсынылған әдістемелер арқылы әр зат және қалдық көздерінің түрі туралы деректер негізінде орындалды. 20-сызбада ластаушы заттар қалдықтарының атмосфераны негізі ластау көздері бойынша бөлінуі көрсетілген.

**20-сызба. Атмосфераны негізгі ластау көздері бойынша 2016 жылдағы КПО ластаушы заттар шығарындыларының жіктелуі**




2016 жылы алынған өнім бірлігіне шаққанда арнайы шығарындылар көлемі өндірілген 1 000 тонна көмірсутегі (КС) 0,44 тоннаны құрады.
2015 жылмен салыстырғандағы 2016 жылғы шығарындылардың көбеюі өндіріс көлемінің азаюы және нысандарда күрделі жөндеу жұмыстарын өткізуге байланысты алауда жағылған газдың көлемінің ұлғаюы себебінен туындаған.

**21-сызба. 2014-2016 жж. КСШ өндіру және ластаушы заттар шығарындыларының көлемі.**




## ГАЗДЫ АЛАУДА ЖАҒУ G4-OG6

Алдыңғы кезеңдердегідей, 2016 жылы КПО шығарындыларының жалпы көлемінің негізгі бөлігін технологиялық нысандар мен ұңғымалардағы алау қондырғаларында және ұңғымаларда көмірсутекті шикізат жағудан қалыптасатын шығарындылар құрайды. Дегенмен, 2016 жылы газды алауда жалпы жағу көлемі КПО өндірген жалпы газ көлемінің 0,16%-ын немесе өндірілген КС мың тоннасына шаққанда 0,97 тоннаны құрайды. 2015 жылғы Халықаралық Мұнай және газ өндірушілерінің қауымдастығының (IOGP) есебіне сәйкес, әрбір мың тоннаға 13,6 тоннадан келген әлемдік орташа көрсеткішпен, әрбір мың тоннаға 3,8* тоннадан келген орташа еуропалық көрсеткішпен салыстырғандағы КПО-ның алауда жағудың 2016 жылдағыдай көрсеткіші сияқты шығарындылар көлемі жұмыстың жоғары тиімділігінің белгісі.

Осыған қарамастан, КПО қалдықтарды қысқартудың қосымша технологияларын, әсіресе ұңғымаларды сынақтан өткізу және тазалау саласында, іздеуді және енгізуді жалғастыруда.

2016 жылы КПО жоғары қысымды сепараторлар мен жоғары қысымды сорғыларды кеңінен пайдаланып, ұңғымаларды тазалау (аяқтау) кезіндегі ауаға тасталатын шығарындылардың азаюына қол жеткізді. Нәтижесінде, сұйық көмірсутектерін жағу көлемі 72 000 тоннаға





жуық азайды: бұл ұңғымаларды игеру барысында өндірілген мұнайдың жалпы көлемінің 77%-ына тең. Жоғары қысымды жүйені пайдалану арқылы ұңғымаларды тазалау кезіндегі сұрыпталған газ көлемі 38 млн $м^3$ (немесе ұңғыманы аяқтау кезінде өндірілген көлемнің 57%-ын) құрады.

** Деректер көзі - Халықаралық мұнай және газ өндірушілерінің қауымдастығы (IOGP) ұйымының жыл сайынғы "ҚОҚ қызметінің нәтижелігінің көрсеткіштері бойынша 2015 жылғы деректер" және "ҚОҚ қызметінің нәтижелігінің көрсеткіштері бойынша 2015 жылғы деректер" есептері. 2016 жылғы есеп бұл басылымды дайындау кезінде әлі шығарылмағандықтан, салыстыру үшін 2015 жылғы деректер қолданылады.*

**22-сызба. 2014-16 жылдары алауда жағылған ілеспе газ көлемі, млн. $м^3$**




## ГАЗДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

2016 жылы КПО-ның газды кәдеге жарату көрсеткіші 99,84%-ды (ал 2015 жылы – 99,85%) құрады. 2016 жылға арналған Ілеспе газды өңдеуді дамыту бағдарламасы аясында ҚР бақылаушы органдары бекіткен мақсатты көрсеткіш 99,6%-ды құрайтынын ескерсек, КПО - әлемдік деңгейдегі компания екенін тағы бір мәрте дәлелдейді.

**23- сызба. 2016 жылы газды кәдеге жарату және жағу**




## ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ТІКЕЛЕЙ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ G4-EN15

Компаниядағы парниктік газдардың (ПГ) тікелей шығарындылары 2013 жылдан қолданыстағы парниктік газ шығарындылары квоталарының ішкі ұлттық сауда жүйесі аясында реттеледі. КПО парниктік газдарды шығару үшін 2013 жылдан 2015 жылға дейін квота алып келді.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 324,9 бабына сәйкес, квоталық жүйе 01.01.2018 дейін уақытша тоқтатылды. Осыған байланысты 2016 жылы парниктік газдарға квота берілген жоқ. Осылайша, квота алудың бастапқы кезеңі ресми түрде бекітілген жоқ. ПГ шығарындыларын салыстыру және осы мәселеге қатысты есеп беру қағидаларын орынлдау мақсатында, біз 2015 жылды, яғни есеп беру жылынан дейінгі жылды, бастапқы жыл ретінде алдық.

2016-2020 жылға бекітілген бақылау жоспарына сәйкес, КПО көміртек диоксиді ($CO_2$), метан ($CH_4$) және натрий оксиді бойынша ПГ шығарындыларын тоқсан сайынғы бағалауын жүргізеді. Шығарындыларды бағалау жұмыстары компанияның өндірістік деректері (жанармайды тұтынуға және жанармайды тұтынуға байланысты зертханалық деректерге қатысты) негізіндегі есептеу әдісімен және Қоршаған ортаны қорғау Министрінің қызметін атқарушының бұрйығымен 05.11.2010 бекітілген №280 қолданыстағы Әдістемелікті пайдалану арқылы жүзеге асады.

2016 жылғы парниктік газдар шығарындыларының кадастрына сәйкес, CO2эквивалентінде 1 870 041 тонна көлеміндегі парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі есептелді, оның ішінде $CO_2$ эквивалентінде 1 717 790 тонна (91,9%), $CH_4$ - 144 228 тонна $CO_2$ эквивалентінде (7,7%), $N_2O$ - 8 023 тонна $CO_2$ эквивалентінде (0,4%).

ПГ шығарындыларын көміртек диоксиді эквивалентіне (CO2 экв.) қайта есептеу үшін, 100 жылдық мерзімдегі парниктік газдардың климаттық әсеріне негізделген 1995 жылғы БҰҰ Климаттың өзгеруі бойынша үкіметаралық сарапшылар тобының Жаһандық жылыну әлеуеттері қолданылды.

ПГ шығарындыларының түзілу динамикасы туралы ақпарат 28-кестеде көрсетілген. ПГ жалпы шығарындыларының негізгі үлесін (80%) газды кері айдау газтурбиналық қондырғыларында, электр станциясының газтурбиналық қондырғыларында және жоғарғы қысым бу генераторларында жанармай газын жағу кезінде пайда болатын шығарындылар құрайды. Осыған сәйкес, 2015 жылмен салыстырғандағы 2016 жылы ПГ шығарындыларының азаю нысандардың толық тоқтатылылуы салдарынан негізгі және тұрақты көздердің жанармайды тұтыну деңгейінің төмендеуімен байланысты.

**28-кесте. КПО өндірістік қызметінің салдарынан ПГ шығарындыларының түзілу динамикасы**

| ПАРНИКТІК ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ ($CO_2$ ЭКВИВАЛЕНТІНДЕ, ТОННАМЕН) | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Алаулар мен инсинераторларда жанармайды жағудан | Тұрақты көздерде жанармайды жағудан | Бақыланбайтын мардымсыз шығарындылар | **2016 жылғы ПГ жалпы шығарындылары** | 2015 жылғы ПГ жалпы шығарындылары | 2015 жылғы ПГ жалпы шығарындылары |
| 219 109 | 1 509 559 | 141 373 | **1 870 041** | 1 944 165 | 2 027 367 |

## ПАРНИКТІК ГАЗДЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ G4-EN18

2016 жылы, 2015 жылдағыдай, өнім бірлігіне ПГ меншіктік шығарындылары алынған мың көмірсутекті шикізат өніміне 72 тоннаны құрады. ПГ шығарындыларының салыстырмалы мәнінің динамикасы 24-сызбада берілген.

**24-сызба. Көмірсутек шикізаты өндірісінің бірлігіне шаққанда ПГ салыстырмалы шығарындыларының динамикасы**




*Ескерту: Деректер көзі - Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы ұйымының (IOGP) жыл сайынғы "ҚОҚ қызметінің нәтижелігінің көрсеткіштері бойынша 2014 жылғы деректер" және "ҚОҚ қызметінің нәтижелігінің көрсеткіштері бойынша 2015жылғы деректер" есептері. 2016 жылғы есеп бұл басылымын дайындау кезінде Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы ұйымының (IOGP) жыл сайынғы деректері әлі шығарылмағандықтан, салыстыру үшін 2015 жылғы ақпарат қолданылды.*

29-кестеде келтірілгендей, 2016 жылы Қарашығанақ кен орнындағы ПГ шығарындыларының көмірсутегіні өндіру бірлігіне шаққандағы салыстырмалы мәні еуропалық көрсеткіштер деңгейінен 30%-ға және Халықаралық мұнай өндіруші өнеркәсіптің орташа көрсеткіштерінен 53%-ға төмен.

**29-кесте. Көмірсутек өндіру (өндірілген 1 000 тонна КС шаққандағы тонна) бірлігіне шаққандағы ПГ салыстырмалы шығарындылары негізінде теңестіріп талдау**

| ПГ АНЫҚТАМАСЫ | IOGP МӘЛІМЕТТЕРІ (ЕУРОПА)* | IOGP МӘЛІМЕТТЕРІ (ЖАЛПЫ АЛҒАНДА)* | КПО МӘЛІМЕТТЕРІ | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2015** | **2015** | **2014** | **2015** | **2016** |
| **$CO_2$ + $CH_4$ + $N_2O$ ($CO_2e$)** | 102 | 151 | 75 | 72 | **72** |
| **$CO_2$** | 91 | 130 | 69 | 67 | **66** |

**Ескерту:* Деректер көзі - Халықаралық мұнай және газ өндірушілерінің қауымдастығы ұйымының (IOGP) жыл сайынғы "ҚОҚ қызметінің нәтижелігінің көрсеткіштері бойынша 2014 жылғы деректер" және "ҚОҚ қызметінің нәтижелігінің көрсеткіштері бойынша 2015жылғы деректер" есептері. 2016 жылғы есеп бұл басылымын дайындау кезінде Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы ұйымының (IOGP) жыл сайынғы деректері әлі шығарылмағандықтан, салыстыру үшін 2015 жылғы ақпарат қолданылды.*



Сұр тырна





## ПАРНИКТІК ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН АЗАЙТУ G4 EN-19

ҚР заң талаптарына сай ПГ шығарындыларын жүйелі түрде азайту мақсатында КПО 2016-2020 жылдарға ПГ шығарындыларын азайту бағдарламасында белгіленген мақсаттарды орындауды көздеді:

- Өндірісті оңтайландыру және қуат тиімділігін жетілдіру бойынша бірқатар жобалар арқылы ПГ шығарындыларын ($CO_2$) 213 558 тоннаға дейін азайту;
- Салыстырмалы шығарындыларды өндірілген КС өнімінің мың тоннасына шаққанда $CO_2$ 70 тонна көлемінен асырмауды қамтамасыз ету.

2016 жылы КПО шығарындылардың салыстырмалы көрсеткіші өндірілген КСШ мың тоннасына 66 тонна $CO_2$ құрады (29-кесте). ПГ шығарындыларының нақты қысқаруы 30-кестеде белгіленген бес жобаны іске асыру нәтижесінде жоспарланған көрсеткіштен 58%-ға асты.

**30-кесте. 2016 жылы ПГ шығарындыларын қысқарту жөніндегі шаралар**

| № | ШАРАЛАР | ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫҢ ҚЫСҚАРУЫ, ТОННА/ЖЫЛ | | ОРЫНДАЛУ % |
|---|---|---|---|---|
| | | Жоспар | Іс жүзінде | |
| 1 | Ұңғымаларды тазалау кезінде жоғары қысымды сепараторды қолдану | 121 200 | 278 466 | 230% |
| 2 | Ұңғымаларды тазалау кезінде жоғары қысымды сорғыны қолдану | 59 200 | 19 288 | 33% |
| 3 | ҚӨК алау коллекторының қақпақшаларын жөндеу | 17 299 | 17 986 | 104% |
| 4 | 4-ші технологиялық желідегі бу шығынын есептегіші жұмысын реттеу | 9 145 | 7 608 | 83% |
| 5 | Көктемгі-жазғы маусымда газ турбиналарының жұмыстағы осьтік шығын компрессорларын ай сайын сумен шаю | 6 714 | 13 823 | 206% |
| **Барлығы:** | | **213 558** | **337 171** | **158%** |



Жабайы жасыл құлпынай

# ҚОРШАҒАН ОРТА МОНИТОРИНГІ

КПО өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) бағдарламасына сәйкес қоршаған ортаны қоғау бойынша кең көлемді қадағалау өткізеді. Өндірістік экологиялық бақылау аясында өндірістік жұмыстардың қоршаған ортаға әсерін бағалау үшін, қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға (өнеркәсіптік қалдықтар, ағын су, өндірістік қалдықтар), сонымен қатар қоршаған орта компонентерінің сапасына (атмосфералық ауа, жер үсті және жер асты сулары, топырақ) бақылау жасалынады. ӨЭБ бағдарламасы сынамалар алу/өлшем жүргізу орындарын, анықталатын компоненттердің тізімі мен мониторинг жүргізу жиілігін бекітеді.

Өндірістік экологиялық мониторинг Қарашығанақ кен орнының аумағында және санитарлық-қорғау аймағының шекарасында, кен орнына жақын орналасқан елді мекендерде, тас жолы бойында және ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау экспорттық конденсат құбыр жүйесі нысандарында жүргізіледі.

Қарашығанақ кен орнының СҚА шекарасындағы және жақын орналасқан елді мекендердегі ауа сапасын бақылау «Табиғатты қорғау. Атмосфера. Елді мекендердегі ауа сапасын бақылау ережелері» 17.2.3.01-86 мемлекеттік стандартының және БҚ 52.04.186-89 «Ауаның ластануын бақылау нұсқаулығы» талаптарына сай жүргізіледі.

ҚР Экологиялық кодексінің 132-бабының 9-тармағына сәйкес, қоршаған ортаның өндірістік бақылауын ҚР «Техникалық реттеу туралы» заңдарында бекітілген тәртіпте аккредиттелген өндірістік және тәуелсіз зертханаларда жүргізу қажет. КПО ауа сапасын бақылау үрдісін сынамаларды іріктеуді, оларды талдауды жүзеге асыратын және ӨЭБ бағдарламасына сай құралдармен өлшейтін мердігерлік аккредиттелген зертхана көмегімен жүргізеді.

Атмосфералық ауаның сапасын бағалау үшін, санитарлық-гигеналық нормативтер немесе РШШ талабы қолданылады. Ластану деңгейін анықтау үшін, бақыланатын компоненттердің тіркелген шоғырланулары санитарлық-гигиеналық нормалармен салыстырылып, ластану деңгейі бөлшектерде көрсетіледі.

Атмосфералық ауадағы ластаушы заттың рұқсат етілген шекті шоғырлануы – осы немесе болашақ буынға тікелей немесе жанама зиянды еш әсер етпейтін, адамның еңбекке деген қабілетін төмендетпейтін, оның хал-жағдайын және санитарлық-тұрмыстық өмір салтын нашарлатпайтын шоғырлану.

Заңнама талаптарына сәйкестікпен қатар, КПО ауаның үздіксіз бақылануын 18 стационарлық автоматты экологиялық мониторинг станциялары (ЭМС) көмегімен жүргізеді. Әрбір ЭМС-да ауа құрамындағы ($H_2S$) күкірт сутегісін, ($SO_2$) күкірт диоксидін, ($NO_2$) азот диоксидін, (CO) көміртек оксидін қадағалауға арналған үздіксіз жұмыс істейтін төрт (4) талдағыш орналатылған. Ауада бақыланатын ластаушы заттардың құрамы жоғары деңгейде болған жағдайда, хабарлау жүйесі ескерту дабыл белгілерін шығарады.

Қажет болған жағдайда, кейбір учаскелерде ауа бақылануын өткізу үшін екі толықтай жабдықталған жылжымалы ЭМС-дың бірі қолданылады.

## ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫНЫҢ САНИТАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК АЙМАҒЫ ШЕКАРАСЫНДАҒЫ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА САПАСЫН БАҚЫЛАУ

СҚА шекарасында 18 ЭМС арқылы үздіксіз ауа мониторингімен қатар аккердиттелген мердігерлік зертхана тәулігіне бір рет атмосфералық ауа сынамаларын іріктейді. Атмосфералық ауа сынамалары СҚА шекарасындағы 8 нүкте (8 бұрыш) бойынша іріктеледі: С, СШ, Ш, О, ОБ, Б , СБ. Алынған сынамалардағы ($H_2S$) күкірт сутегінің, ($SO_2$) күкірт диоксидінің, ($NO_2$) азот диоксидінің, (CO) көміртек оксидінің, метанның ($CH_4$) және ($CH_3SH$) метилмеркаптанның құрамы талданады.

2016 жылы ҚМГКК СҚА шекарасындағы атмосфералық ауада бақыланатын компоненттердің РШШ-нан асып кету жағдайлары тіркелген жоқ.

2016 жылғы СҚА шекарасының атмосфералық ауасында бақыланатын орташа жылдық шоғырлану 31-кестеде келтірілген. «Нақты жылдық орташа шоғырлану» бағанасы 8 нүкте бойынша бақыланатын ауа компоненттерінің орташа шоғырлануының максималды және минималды мәндерін көрсетеді.

**31-кесте. 2016 жылы СҚА шекарасындағы атмосфералық ауада бақыланатын компоненттер шоғырлануының жылдық орташа мәні**

| БАҚЫЛАНАТЫН КОМПОНЕНТТЕР | НАҚТЫ ЖЫЛДЫҚ ОРТАША ШОҒЫРЛАНУ, МГ/М³ | БІР МЕЗГІЛДІК РШШ $_{м.б.}$, МГ/М³ | РШШ АРТУЫ |
|---|---|---|---|
| $H_2S$ | 0,002 | 0,008 | жоқ |
| $SO_2$ | 0,004 | 0,5 | жоқ |
| $NO_2$ | 0,029-ден 0,030-ға дейін | 0,2 | жоқ |
| CO | 0,474-тен 0,495-ке дейін | 5,0 | жоқ |
| $CH_4$ | 1,304-тен 1,339-ға дейін | 50** | жоқ |
| $CH_3SH$ | анықтау шегінен төмен* | 0,006 | жоқ |

** әдісті анықтау шегінен төмен.*

*** әсер етудің белгіленген болжамдағы қауіпсіз деңгейі. Метан үшін РШШ орнатылмаған.*

## ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫНА ЖАҚЫН ОРНАЛАСҚАН АУЫЛДАРДЫҢ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА САПАСЫН БАҚЫЛАУ

Аккредиттелген мердігерлік зертхана кен орнының шекарасы бойынша орналасқан 8 елді мекенде (Березов, Бестау, Жарсуат, Жаңаталап, Димитрово, Қарашығанақ, Орал бойы, Успенов) және Ақсай қаласында орнатылған тұрақты бақылау бекеттері көмегімен тәулігіне 4 рет (сағат 01:00, 07:00, 13:00 және 19:00 кезінде) сынамалар іріктеу арқылы да атмосфералық ауаны бақылайды. Ауа сынамаларын тұрақты мониторинг бекеттері орнатылған елді мекен тұрғындары болып табылатын мердігерлік зертхананың штаттық қызметкерлері іріктейді.

Сонымен қоса, елді мекеннен газ иісі туралы шағымдар түскен жағдайда, стационарлық бекеттерде ауа сынамаларын жоспардан тыс іріктеу жұмыстары жүргізіледі. Алынған ауа сынамалары Ақсай қаласында орналасқан зертханаға жеткізіліп, Мемлекеттік стандарттарға және басқарымдық құжаттарға сәйкес ауадан бақылануы қажет 4 негізгі компоненттің: күкірт сутегі ($H_2S$), күкірт диоксиді ($SO_2$), азот диоксиді ($NO_2$) және көміртек/тұншықтырғыш газ оксиді (CO) құрамына сараптама жасалынады. Одан басқа, ауа құрамындағы ұшқыш органикалық байланыстардың (бензол ($C_6H_6$), ксилол ($C_8H_{10}$), толуол ($C_7H_8$) құрамына мезгіл сайын (10 күнде 1 рет) бақылау жүргізіледі. Березовка ауылында жоғарыда келтірілген компоненттермен қоса ауадағы ($CH_3SH$) метилмеркаптан құрамына да бақылау жасалады.

Ауа сапасын бақылаудың ай сайынғы нәтижелері жергілікті баспа бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және ақпараттық тақтаға орнатылу үшін ауылдарға таратылады. Жергілікті тұрғындардың газ иісі және шығарындылар туралы шағымдары бойынша толық ақпарат есепте берілген.

2016 жылы азот диоксидінің ($NO_2$) рұқсат етілген шекті шоғырланудың айлық орташа деңгейінен асып кету болмаса да, тәуліктік орташа деңгейден асып кету жағдайлары жалпы 54 053 өлшемдердің санынан 4 рет тіркелген:

Березов ауылында 1 рет - 1,1 есе асып кету,

Приуральное ауылында 1 рет – 1,325 есе асып кету,

Жаңаталап ауылында 1 рет - 1,125 есе асып кету,

Ақсай қаласында 1 рет - 1,15 есе асып кету.

Бұдан басқа компоненттер бойынша 2016 жылы РШШ деңгейінен арту жағдайлары тіркелмеді.

Тоғыз елді мекендердегі атмосфералық ауасында бақыланатын компоненттердің 2016 жылғы орташа шоғырлануы 32-кестеде келтірілген. «Нақты жылдық орташа шоғырлану» бағанасы 9 ауыл бойынша бақыланатын ауа компоненттерінің орташа шоғырлануының максималды және минималды мәндерін көрсетеді.

**32-кесте. 2016 жылғы Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан елді мекендердің атмосфералық ауадағы бақыланатын компоненттер шоғырлануының орташа жылдық мәндері**

| БАҚЫЛАНАТЫН КОМПОНЕНТТЕР | НАҚТЫ ЖЫЛДЫҚ ОРТАША ШОҒЫРЛАНУ' МГ/М³ | ТӘУЛІКТІК ОРТАША РШШ'' МГ/М³ | РШШ АРТУЫ |
|---|---|---|---|
| $H_2S$ | 0,002 | 0,008* | жоқ |
| $SO_2$ | 0,004 | 0,05 | жоқ |
| $NO_2$ | 0,029-дан 0,031-ге дейін | 0,04 | жоқ |
| CO | 0,429-дан 0,499-ға дейін | 3,0 | жоқ |
| $C_6H_6$ | 0,101-ден 0,131-ге дейін | 0,3* | жоқ |
| $C_7H_8$ | 0,014-тен 0,018-ге дейін | 0,6* | жоқ |
| $C_8H_{10}$ | 0,015-тен 0,018-ге дейін | 0,2* | жоқ |
| $CH_3SH$ | анықтау шегінен төмен ** | 0,006* | жоқ |

** РШШ бір мезгілдік (б.м.) - Күкірт сутегі және метилмеркаптан үшін РШШ т.о. мөлшері бекітілмеген, сол себепті салыстыру үшін РШШ б.м. қолданылады; сондай-ақ РШШ б.м. атмосфералық ауа құрамындағы бензол, толуол және ксилол шоғырлану деңгейін бағалау үшін қолданылады, себебі осы компоненттер үшін сынамаларды іріктеу және талдау жиілігі– 10 күнде 1 рет.*

*** әдістің анықтау шегінен төмен.*

## АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА САПАСЫНА АВТОМАТТЫ ЭМС АРҚЫЛЫ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУ

КПО-ның ауа бақылауын үздіксіз тәртіпте жүргізетін автоматты ЭМС СҚА шекарасындағы және Березовка аулындағы атмосфералық ауа күйі туралы қосымша ақпарат береді.

ЭМС тіркеген бақыланатын компоненттердің 2016 жылғы орташа жылдық шоғырлануы 33 және 34-кестелерде келтірілген. Екі кестедегі «Нақты жылдық орташа шоғырлану» бағанасы әрбір ЭМС-ке бақыланатын ауа компоненттерінің орташа шоғырлануының максималды және минималды мәндерін көрсетеді.

**33-кесте. Бақыланатын компоненттер шоғырлануының 2016 жылы ЭМС тіркеген орташа жылдық мәндері**

| БАҚЫЛАНАТЫН КОМПОНЕНТТЕР | НАҚТЫ ЖЫЛДЫҚ ОРТАША ШОҒЫРЛАНУ' МГ/М³ | РШШ Т.О., МГ/М³ | РШШ Т.О. АРТУЫ, МГ/М³ |
|---|---|---|---|
| $H_2S$ | 0-ден 0,002-ге дейін | 0,008* | - |
| $SO_2$ | 0,004-тен 0,010-ға дейін | 0,05 | жоқ |
| $NO_2$ | 0,003-тен 0,006-ға дейін | 0,04 | жоқ |
| CO | 0,1-ден 0,4-ке дейін | 3,0 | жоқ |

** РШШ б.м. - күкірт диоксиді үшін РШШ т.о. мөлшері бекітілмеген, сол себепті салыстыру үшін РШШ бір мезгілдік мәні қолданылады.*

**34-кесте. 2016 жылы ЭМС №013,014 тіркеген Березов ауылындағы бақыланатын компоненттер шоғырлануының орташа жылдық мәндері**

| БАҚЫЛАНАТЫН КОМПОНЕНТТЕР | НАҚТЫ ЖЫЛДЫҚ ОРТАША ШОҒЫРЛАНУ' МГ/М³ | РШШ Т.О., МГ/М³ | РШШ Т.О. АРТУЫ |
|---|---|---|---|
| $H_2S$ | 0,001 | 0,008* | жоқ |
| $SO_2$ | 0,004-тен 0,005-ке дейін | 0,05 | жоқ |
| $NO_2$ | 0,004-тен 0,016-ға дейін | 0,04 | жоқ |
| CO | 0,2-ден 0,5-ке дейін | 3,0 | жоқ |

** РШШ б.м. - күкірт диоксиді үшін РШШ т.о. мөлшері бекітілмеген, сол себепті салыстыру үшін РШШ бір мезгілдік мәні қолданылады.*

Барлық қолжетімді 18 ЭМС төрт негізгі ластаушылар ($H_2S$, $SO_2$, $NO_2$, CO) бойынша үздіксіз, яғни тәулігіне 24 сағат бойы, өлшеу жүргізеді. Экологиялық мониторинг станцияларынан 2016 жылы алынған мәлімет бойынша $H_2S$ үшін нақты орташа тәулік мөлшері РШШ деңгейінен аспады. Сонымен қатар, азғантай уақыт ішінде – 20 минут РШШ б.м. мөлшерінің артуы тіркелген.

2016 жылы басқа компонеттер бойынша РШШ деңгейінен асқан жағдайлар тіркелмеді.

**35-кесте. 2016 жылы күкіртті сутегі ($H_2S$) мөлшерінің бір мезгілдік артуының ЭМС арқылы тіркелуі**

| ЭМС №. | 2016 Ж. ТІРКЕЛГЕН НАҚТЫ БІР МЕЗГІЛДІК ШОҒЫРЛАНУ, МГ/М³ | | АРТУ САНЫ | РШШ АРТУЫНЫҢ ЖИІЛІЛІГІ, БІР МЕЗГІЛДІК |
|---|---|---|---|---|
| | мин | макс | | |
| ЭМС - 006 | 0 | 0,023 | 2 | 1,125 – 2,875 |
| ЭМС - 017 | 0 | 0,011 | 1 | 1,375 |

РШШ б.м. - 0,008 мг/м³.



Сайрауық құс Алабұлбұл





# ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БАСҚАРУ

## ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫН ТҰТЫНУ

2016 жылы электр энергиясын тұтыну отын эквивалентінде, 2015 жылғы 994 590 тоннамен салыстырғанда, 971 700 тоннаны құрады. 36-шы кестеде түрлері бойынша энергияны пайдалану көлемі көрсетілген.

**36-кесте. 2014-2016 жылдары энергия ресурстарын тұтыну G4-EN3**

| ЭНЕРГИЯ ТҮРІ | ӨЛШЕМ БІРЛІГІ | ЭНЕРГИЯНЫ ТҰТЫНУ, ФИЗИКАЛЫҚ ӨЛШЕМ БІРЛІГІ | | | ЭНЕРГИЯНЫ ТҰТЫНУ, ОТЫН ЭКВИВАЛЕНТІНДЕ, ТОННАМЕН | | | ЭНЕРГИЯНЫ ТҰТЫНУ, ГДж | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2014 | 2015 | 2016 | 2014 | 2015 | 2016 | 2014 | 2015 | 2016 |
| Жанармай газы | мың м³ | 831 050 | 804 002 | 785 007 | 1 023 854 | 990 531 | 967 129 | 30 009 149 | 29 032 455 | 28 346 542 |
| Электр энергиясы (сатып алынған) | МВт/сағ | 6 672 | 7 575 | 10 841 | 821 | 932 | 1 333 | 24 055 | 27 308 | 39 085 |
| Дизель жанармайы | м³ | 1 779 | 1 215 | 1 436 | 2 244 | 1 532 | 1 811 | 65 767 | 44 901 | 53 074 |
| Газолин | м³ | 351 | 321 | 264 | 387 | 354 | 291 | 11 344 | 10 386 | 8 535 |
| Жылу (жалға алынған кеңселерде) | Гкал | 8 338 | 8 678 | 7 943 | 1 192 | 1 241 | 1 136 | 34 949 | 36 373 | 33 292 |
| БАРЛЫҒЫ: | | | | | 1 028 498 | 994 590 | 971 700 | 30 145 264 | 29 151 423 | 28 480 528 |

2016 жылдағы өндірістік нысандардың күрделі жөндеуге тоқтатылуы жанармай газын тұтынудың 2015 жылғы деңгеймен салыстырғандағы сәл төмендеуіне әкелді. Электр қуатын пайдаланудың жалпы көлемі күрделі жөндеу жұмыстарымен және жалданатын кеңселердегі жұмыскерлер санының өсуіне әкелген қызметкерлердің жұмыс орындарының кен орны аймағынан Ақсай қаласына көшірілуімен байланысты өсті. Екінші жағынан, көлік тасымалымен байланысты шығындарды оңтайландыруға бағытталған шаралар нәтижесінде 2016 жылы жанармайды тұтыну деңгейін елеулі төмендетті.

2015 жылмен салыстырғанда КПО энергияның қарқындылық көрсеткіші немесе пайдаланылған энергия көлемінің қатынасы, ГДж және тоннадағы КСШ өндірілген өнімнің көлемі сәл төмендесе де, өз есептерін Халықаралық мұнай және газ өндірушілерінің қауымдастығына ұсынатын компаниялардың энергия қарқындылығының орташа көрсеткішінен төмен.

## ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

КПО ISO 50001 талаптарына сәйкестік бойынша сертификациядан өту үшін 2016 жылы КПО Энергетикалық басқару жүйесін дайындау жұмыстарын жалғастырды. Дайындық жұмыстары энергетикалық басқару жүйесі бойынша негізгі құжаттарды дайындау және мақұлдау үдерісін, энергетикалық талдауды және энергетикалық жұмыс индикаторларын айқындауды, сондай-ақ энергетикалық басқару жүйесіне қатысты ішкі аудиттерді қамтыды. Қызметкерлерді энергияны үнемдеу бастамасына тарту шаралары шеңберінде, компания қызметкерлері және мердігерлер арасында «Энергияны сақтау бойынша үздік ұсыныс» сайысы өткізілді. Бәйге жеңімпаздары жыл нәтижелерін қорытындылайтын ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ салтанатты жиналысында марапатталды. КПО-ның Энергетикалық басқару жүйесін ISO 50001 талаптарына сәйкестік бойынша сертификациялау 2017 жылдың шілдесіне жоспарланған.

**25-сызба. Энергия қарқындылығының динамикасы, 2014-2016 жж.** G4-EN5




## ЭНЕРГИЯНЫ САҚТАУ ТИІМДІЛІГІ БОЙЫНША ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

КПО-ның 2012-2016 жылдарға арналған Энергияны сақтау және тиімділігі жетілдіру бойынша шаралар жоспарына сәйкес, 2016 жылы келесі шаралар жүзеге асырылды:

- ГКДҚ-2 компрессоры құбырларын жетілдіру жобасы газды айдау көлемінің ұлғаюына және турбиналық жұмыстарда жанармай газының елеусіз ғана өсуіне әкелуі тиіс. Осылайша, жанармай газының енгізілген газ бірлігіне шаққандағы салыстырмалы шығыны азаятыны күтілуде. Бұл әрекет, өз кезегінде, жанармай газын тұтынудың жылдық көрсеткішінің төмендеуіне де әкеледі.
- Электр қуатын тұтынуды азайту мақсатында Атырау терминалы нысанында қызу шамдарын жарық диодты шамдармен алмастыру.

Жоғарыда аталған шараларды қолдану арқасында энергияны тұтынудың іс жүзіндегі азаюын бақылау 2017 жылға жоспарланды.



Көктемгі жанаргүл, ҚМГК кен орнында сирек кездесетін түр





# СУ ҚОРЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Біздің міндетіміз – су қорларын сақтау мақсатында оларды сауатты және тиімді пайдалану. Кәсіпорындағы ауыз суды пайдалануды КПО су қорларын сақтау бойынша, және, мүмкін болған жағдайларда, тазартылған суды қайта қолдау бойынша шаралар кешені арқылы реттейді.

2016 жылы Компанияның жалпы су тұтынуы 468 939 м$^3$ құрады, оның 378 854 м$^3$ – техникалық су, ал 90 085 м$^3$ – ауыз су болды.

**26-сызба. 2014-2016 жылдардағы КПО-ның су тұтынуы**




Су қабылдау мөлшерін шектейтін өндірістік қажеттіліктерге Суды арнайы тұтыну рұқсаттамасына сәйкес, КПО техникалық мақсаттарға пайдаланылатын суды Қоншыбай сайынан алып тұрады. Бұл орайда КПО – алғашқы су тұтынушы. Жарсуат, Серебряков және Қиғаш су тоғандарынан – су қабылдау ауыз су жеткізушілермен келісім-шарт арқылы жүзеге асырылады. Бұл жағдайларда Компания қосымша тұтынушы болып табылады.

Нысандардағы су тұтыну көлемі су өлшеу аспаптарымен және құрылғылармен есептеліп, ҚР Судың бастапқы есебінің қағидаларына сай тіркеу кітаптарында белгіленеді.

37-кестеде су көздері бойынша КПО-ның су тұтынуы көрсетілген.

**37-кесте. 2014-2016 жылдардағы КПО-ның су тұтыну көздері, м$^3$** G4-EN8

| № | СУ КӨЗДЕРІ | НЫСАНДАР | СУ САПАСЫ | ТҰТЫНУ | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 2014 | 2015 | 2016 |
| 1 | Жарсуат су тоғаны | Қарашығанақ кен орны | жер асты, ауыз су | 97 359 | 100 304 | 88 415 |
| | Ішкі қажеттіліктер | | | 97 359 | 100 304 | 88 415 |
| 2 | Серебряков су тоғаны | Үлкен Шаған МАС | жер асты, ауыз су | 1 507 | 1 708 | 1 670 |
| | Ішкі қажеттіліктер | | | 1 144 | 1 454 | 1 165 |
| | Өндірістік қажеттіліктер | | | 363 | 254 | 505 |
| 3 | Қоншыбай су қоймасы | Қарашығанақ кен орны | жер үсті, техникалық су | 389 026 | 377 020 | 374 956 |
| | Өндірістік қажеттіліктер | | | 389 026 | 377 020 | 374 956 |
| 4 | Водозабор Кигач | Атырау мұнай айдау станциясы | жер үсті, техникалық су | 2 829 | 2 652 | 3 898 |
| | Ішкі қажеттіліктер | | | 1 118 | 845 | 1 053 |
| | Өндірістік қажеттіліктер | | | 1 711 | 1 807 | 2 845 |

## ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЖЕТТІЛІККЕ АРНАЛҒАН СУ

КПО-ның тұрмыстық қажеттіліктер үшін сумен қамтамасыз ету көздері: Қарашығанақ кен орнында – Жарсуат су тоғаны, Үлкен Шаған мұнай айдау станциясында – Серебряков су тоғаны, Атырау мұнай айдау станциясында – Қиғаш су тоғаны пайдаланылады.

2016 жылы КПО бойынша тұрмыстық қажеттіліктер үшін су тұтыну көлемі 90 633 м$^3$ құрады, бұл, 2015 жылғы 102 603 м$^3$ көрсеткішімен салыстырғанда 11.7%-ға артық.

Ауыз су нысандардың шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктері үшін ғана пайдаланылады. Үлкен Шаған мұнай айдау станциясында су «Қазводхоз» РМК БҚО филиалымен қамтамасыз етіліп, өрт резервуарларын толтыру үшін ғана қолданады.

## ТЕХНИКАЛЫҚ МАҚСАТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН СУ

Қарашығанақ кен орнындағы техникалық мақсаттарға қажетті сумен қамтамасыз етуші негізгі көз Қоншыбай жырасындағы №1 су қоймасы болып табылады. Пайдалану мерзімі 22.09.2020 ж. күніне дейін созылатын және өндірістік мақсаттарда суды алу үшін суды пайдаланудың арнайы рұқсаттамасына сәйкес, жыл сайынғы су алу шегі 595 047 $м^3$ құрайды. 2016 жылы Қоншыбай жырасынан алынған судың жалпы көлемі 374 956 $м^3$ құрады.

Қоншыбай жырасы 25.12.2012 күні берілген №269 Батыс Қазақстан облысы әкімінің Қаулысы бойынша жергілікті деңгейдегі балық шаруашылығы су қоймаларының тізіміне енбейді. Қоншыбай жырасы жерасты суларынан қоректенбейді, ол көктемгі қар еру мен жауын-шашындардан толып отырады.

Қысқы уақытта жауын-шашынның аз болуына байланысты, Қарашығанақ кен орнының қажеттіліктеріне су алуға керекті су деңгейінің төмендеп кетуі мүмкін. Су жетіспеген жағдайда және компанияның жұмыстарын тоқтап қалуын болдырмау мақсатында Компанияда техникалық сападағы суы бар № W-9 бен W-4 екі резервтік ұңғымасы бар.

Атырау терминалының мұнай айдау станциясының шаруашылық-тұрмыстық және техникалық қажеттіліктері үшін Астрахань-Маңғышлақ магистарлды құбыр желісі арқылы Қиғаш су тоғанындағы техникалық сападағы су жеткізіледі.

2016 жылы техникалық қажеттіліктер үшін су тұтыну көлемі 378 306 $м^3$ құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 0,2%-ға төмен (379 081 $м^3$).

## ТАЗАРТЫЛҒАН САРҚЫНДЫ СУЛАРДЫ ТӨГУ G4-EN22

Өндірісте немесе шаруашылық-тұрмыстық қажеттілікке пайдаланған суға оның алғашқы құрамын немесе физикалық қасиеттерін өзгертетін қосымша қоспалар (ластаушылар) еніп, нәтижесінде сарқынды сулар пайда болады. Өндірістік нысандардан атмосфералық жауын-шашындардың түсуі кезінде ағатын су және көмірсутек шикізатын өндіру барысында пайда болатын су да сарқынды суларға жатады.

2015 жылы компаниямен Қарашығанақ кен орны бойынша 2016-2017 жылдарға және Үлкен Шаған және Атырау мұнай айдау станциялары бойынша 2016-2020 жылдарға арналған ластаушы заттардың рұқсат етілген шекті төгінділер (бұдан әрі - РЕШТ) нормативтерінің жобалары және сарқынды сулардың сапасын бақылау кестелері дайындалып, бақылаушы органмен келісілді. Шекті төгінділер нормативтерінің жобалары сарқынды сулардың түрлерін және көлемін, оларды төгу нысандарын белгілейді, сонымен қатар ластаушы заттардың шоғырлануын және олардың РЕШТ нормативтерін белгілейді.

Тазартылған тұрмыстық-шаруашылық, өндірістік-нөсерлік және нөсерлік сарқынды сулар үшін үшін КПО арнайы салынған жасанды құрылғылар пайдаланады: жинақтаушы тоғындар (Пилот қалашығанда, ҚӨК), буландырғыш тоғын (Атырау Терминалы және Үлкен Шаған МАС), маусымдық тоғандар (ГКДҚ-3), суландыру тоғыны (ГКДҚ-2). Бұл құрылыстар топырақ және жер асты суларына ластаушы заттардың жайылуын болдырмайды, сонымен қатар техникалық қажеттіліктерге қайта пайдалану үшін тазартылған сарқындарды жинауға, осы арқылы тұщы судың шығынын төмендетуге мүмкіндік береді.

Көмірсутекті шикізатпен бірге өндірілетін ілеспе-қабат сулар және өндірістік сарқындар тазартылып, өнеркәсіптік сарқындарды жер астында көмудің №1 және №2 полигондарының тереңде орналасқан жерасты деңгейжиектеріне айдалады. Өнеркәсіптік сарқындарды көму әдісі –тазарту кезінде тұзды қалдықтардың жер бетінде пайда болуынсыз сарқындарды өңдеудің әлемдік тәжірибесі. Деңгейжиектердің берік оқшаулануы және сарқындарды айдауға өте қолайлы болып табылатын жыр қыртысының қасиеттері сарқындардың жоғарғы деңгейжиектерге көшуін болдырмайды.

КПО-ның шаруашылық және өндірістік іс-шаралар нәтижесінде пайда болатын тазартылған сарқынды сулар табиғи су қоймаларына (өзен-көл) ағызылмайды.

38-ші кестеде сарқынды су түрлері мен қабылдаушы нысандар бойынша КПО-ның 2014-2016 жылдарға арналған төгу көлемдері.

**38-кесте. Сарқынды су түрлері мен қабылдаушы нысандар бойынша КПО-ның 2014-2016 жылдарға арналған жалпы төгу көлемдері, $м^3$**

| ҚАБЫЛДАУШЫ НЫСАН | САРҚЫНДЫ СУЛАР ТҮРЛЕРІ | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|---|
| Су жинауыш тоған | Тұрмыстық сарқынды сулар | 75 858 | 66 213 | 62 767 |
| Өнеркәсіптік сарқындарды жер астында көму полигондары | Технологиялық және ілеспе-қабат сарқынды сулар | 330 636 | 377 086 | 413 399 |
| Қарашығанақ кен орнындағы жер рельефі* | Өндірістік-нөсерлі, еріген және жаңбырдың сарқынды сулары | - | - | - |
| Үлкен Шаған және Атырау терминалы мұнай айдау станциаларындағы жер рельефі | Еріген және жаңбырдың сарқынды сулары | 1 945 | 3 297 | 5 543 |
| Төгудің жалпы көлемі | | 408 439 | 446 596 | 481 709 |

** Жер үсті көздерінен су алуды азайту және қайта пайдаланатын су көлемін арттыру мақсатында, Қарашығанақ кен орны рельефіне су төгу РЕШТ нормативтері жобаларынан 2014 жылдан алынып тасталды.*





КПО өз нысандарында пайда болған және тазартылған сарқынды сулардағы ластаушы заттардың құрамына бақылау жасайды:

| ТҰРМЫСТЫҚ САРҚЫНДЫ СУЛАР | ӨНДІРІСТІК-НӨСЕРЛІ, ЕРІГЕН ЖӘНЕ ЖАҢБЫРДЫҢ САРҚЫНДЫ СУЛАРЫ | ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ІЛЕСПЕ-ҚАБАТТЫҚ САРҚЫНДЫ СУЛАР |
|---|---|---|
| pH, қалқымалы заттар, мұнай өнімдері, аммоний азоты, нитраттар, нитриттер, ОБТ-5 (оттегін биологиялық тұтыну) пен ОБТ-20, жалпы темір, СББЗ, сульфаттар, хлоридтер, фосфаттар, құрғақ қалдық, ерітілген оттегі, ОХТ (оттегін химиялық тұтыну) | pH, қалқымалы заттар, мұнай өнімдері, сульфаттар, хлоридтер, құрғақ қалдық | қалқымалы заттар, мұнай өнімдері, сульфидтер, сульфаттар, хлоридтер, күкіртті сутек, метанол, темір, мыс, мырыш, алюминий |

2016 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар сарқынды суларды төгудің көлемін мөлшерлемейді, шекті деңгей ластаушы заттрадың тонналық көрсеткішіне белгіленген. 2016 жылы сарқынды сулармен ластаушы заттарды төгу көлемі келесідей:

| НЫСАН | НОРМАТИВ, ТОННА | | ІС ЖҮЗІНДЕГІ, ТОННА | |
|---|---|---|---|---|
| | 2015 | 2016 | 2015 | 2016 |
| Кен орны | 31 915,92 | 57 272,71 | 14 780,25 | 17 094,78 |
| Үлкен Шаған МАС | 6,37 | 3,66 | 1,81 | 0,99 |
| Атырау МАС | 5,99 | 2,37 | 0,78 | 0,85 |
| БАРЛЫҒЫ: | 31 928,28 | 57 278,74 | 14 782,84 | 17 096,62 |

2016 ластаушы заттардың 17 096, 62 тоннасы төгілді (2015 жылғы 14 782,84 тонналық көрсеткішпен салыстырғанда 16 %-ға артық). Оның ішінде 16 939,98 тонна РЕШТ нормативтері шегінде, ал 156,64 тонна – одан тыс төгілді. Ластаушы заттардың нормативтер шегінен тыс төгінділері жинақтаушы тоғанға төгілетін ОБТ, аммоний азоты және тұрмыстық сарқындар, тұрмыстық сарқындардағы аммоний азоты және нитраттар бойынша РЕШТ-ің шоғырлану шегінен шығумен байланысты. Жерасты деңгейжиектерге айдалатын сарқындардан РЕШТ шоғырлану шегінен асу жағдайлары, негізінен, күкіртті қышқыл бойынша және кей уақытта қалқымалы заттар және мұнай өнімдері бойынша тіркелген.

2016 жылдағы өнеркәсіптік сарқындардың көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 9,6 %-ға, сондай-ақ, ластаушы заттардың көлемі 28%-ға өсті. Өнеркәсіптік сарқындардың ұлғаюы Қарашығанак кен орнында су алған өндіруші ұңғымалардың пайда болуымен байланысты. Ластаушы заттардың өсуі көмірсутек шикізатымен бірге өндірілетін ілеспе-қабат суларда, демек, жер асты деңгейжиектерге айдалатын сарқынды суларда да еритін тұздардың жоғары деңгейімен байланысты. Өндірістік сарқындарды жерасты көмудің №1 полигонында өндірістік сарқындардың өсуі қалқымалы заттар, мұнай өнімдері, күкіртті сутек, темір, мыс, алюминий, мырыш, сульфаттар және хлоридетр бойынша жылдық РЕШТ нормативтерінен асып кетуге себеп болды. Жерасты деңгейжиектердің сулары жоғары минералданған, олар шарушылық-ауыз су, бальнеологиялық және техникалық қажеттіліктер үшін, суару және мал шаруашылығы үшін колданылмайды және қолданылуы мүмкін емес, сол себепті жер астына айдау топырақ, өсімдіктер және жануарлар әлемі сияқты қоршаған орта компоненттеріне әсер етпейді.

ҚР Заңнамасына сәйкес, пайда болған ластаушы заттардың нормативтерден тыс төгінділері үшін Компания тиісті есептемелер жасап, он есе мөлшерде төлем жасайды.

## ТАЗАРТЫЛҒАН САРҚЫНДЫ СУЛАРДЫ ҚАЙТА ПАЙДАЛАНУ

Бұрғылау, бұрғылау ерітіндісін дайындау, екпе ағаштарын суару, құрылыс алаңдарындағы және жолдардың шаңын басу сияқты жұмыстарға және әрекеттерге арналған жаңа су алуды азайту үшін КПО тазартылған тұрмыстық, өндірістік-жаңбырлық және нөсерлік сарқынды суларды пайдаланады. Сарқынды суларды компания нысандарына қайта пайдалану 2014-2017 жылдарға арналған технологиялық регламентке сәйкес жүзеге асырылады.

КПО-ның 2016 жылы қайта пайдаланған техникалық судың көлемі Коншыбай сайынан алынған техникалық су көлемінің 12,8%-ын құрады. 39-кестеде тазартылған сарқындарды пайдаланатын жұмыс түрлері келтірген.

**39-кесте. 2014-2016 жылдарда тазартылған сарқындарды қайта пайдалану, $м^3$ G4-EN10**

| | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|
| Жалпы қайта пайдалану, соның ішінде: | 123 419 | 31 213 | 48 023 |
| Бұрғылау қажеттіліктері және бұрғылау ерітіндісін дайындау үшін | 108 799 | 23 744 | 30 655 |
| Суару және гидросынау | 2 555 | - | 1 553 |
| Шаң басу | 12 065 | 7 469 | 15 815 |

2016 жылы Компания техникалық қажеттіліктерге тазартылған сарқынды сулардың 48 023 $м^3$ қайта пайдаланып, олардың негізгі көлемі бұрғылау ерітіндісін дайындау үшін жұмсалды. 2016 жылдағы қайта падаланған тазартылған сарқындылардың көлемі 2015 жылмен салыстырғанда артық болды, себебі № 9816Д ұңғыманың жинақтаушы тоғандары тазартылған бұрғылау сарқындыларымен толып, кейін жиналған сарқындар Қарашығанақ кен орнының батыс бөлігіндегі басқа ұңғымаларды бұрғылау кезінде қойнауқаттардың үзілуін болдырмау мақсатында пайдаланылды.

## СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ №2:

## СУ ТАРТУДЫ ТИІМДІ БАСҚАРУ

**Мақсат: ТҰРМЫСТЫҚ-ШАРУАШЫЛЫҚ САРҚЫНДЫ СУЛАРДЫ ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДАН БИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗАРТУ**

**Әдіс:** Компания жыл сайын РЕШТ нормативтеріне қол жеткізу үшін ластаушы заттардың төгінділерін азайтуға бағытталған техникалық шаралар жүргізіп келеді. РЕШТ нормативтері тазартылған сарқынды суларды төгудің белгіленген бір нысаны болып ӘҚК жинақтаушы тоғандары табылады. ӘҚК-нің биологиялық тазарту қондырғыларының жұмысын жақсарту үшін КПО-ның 2016 жылға арналған ҚОҚ жоспарымен және РЕШТ жобасының техникалық шаралар жоспарымен ӘҚК-ің КТҚ-1 және КТҚ-2 (кәріз-тазарту қондырғылары) ғимараттарын желдету жүйелерін жетілдіру бойынша шаралар жоспарланған.

**Нәтиже:** ӘҚК-ің КТҚ-1 және КТҚ-2 (кәріз-тазарту қондырғылары) ғимараттарындағы сарқынды суларды тазарту үдерісін жетілдіру мақсатында, 2016 жылдың екінші тоқсанында биологиялық контакторларға тікелей баратын таза ауа келуін қамтамасыз етуге арналған реттелетін жапқыштары бар желдету саңылаулары орнатылды. Нәтижесінде, ӘҚК-ің жинақатаушы тоғандарына төгу нүктелерінде РЕШТ асуы байқалған жоқ. Бұл өндірістік экологиялық бақылау нәтижелерімен расталды. Сарқынды сулардың сапасын арттыру бойынша техникалық шешімдерді жүзеге асыру арқасында, сарқынды сулардың қоршаған ортаға әсерін азайта алдық.







# ҚАЛДЫҚТАР МӘСЕЛЕСІН БАСҚАРУ

Қалдықтарды қолдану жүйесін ұйымдастыру түзілетін шығарындылардың адамдар мен қоршаған ортаға шынайы және ықтимал қаупін азайту мақсатына бағытталған. Сонымен қатар компанияда қалдықтарды өңдеудің негізгі әдістері қабылданған, атап айтқанда:

- қалдықтарды өндірістік үдеріске қайта жіберу;
- Экоорталық қондырғыларында қалдықтарды өңдеу;
- қалдықтарды Экоорталық нысандарына орналастыру;
- қалдықтарды орналастыруға,өңдеуге және жоюға қабылдайтын мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға келісімшарт негізінде жіберу.

27-ші сызбада түзілген қалдықтар мөлшерінің соңғы үш жылдағы динамикасы көрсетілген. 2016 жылы КПО нысандарында түзілген қалдықтардың жалпы мөлшері 32 784 тоннаны құрады.

**27-сызба. 2014-2016 жылдары КПО нысандарындағы түзілген қалдықтар мөлшерінің динамикасы, тоннамен** G4-EN22




2016 жылы КПО нысандарында түзілген қалдықтардың көлемі істегі бұрғылау қондарғыларының санын азайту арқасында бұрғылау қалдықтары пайда болуын төмендету арқылы айтарлықтай азайды.

### ҚАЛДЫҚТАРДЫ ӨҢДЕУ

КПО-ның Экоорталығы, толық негізбен, Батыс Қазақстан аймағындағы бұрғылау қалдықтары мәселесін басқарудың алдыңғы қатарлы тәжірибесінің мысалы болып табылады. Бұл нысан бұрғылау қалдықтары мен сұйықтықтарының тиімді және экологиялық қауіпсіз жойылуын және өңделуін қамтамасыз етеді.

Өндірістік және тұрмыстық-шаруашылық қалдықтарды КПО Экоорталығының нысандарында өңдеу қалдықтардың көлемін және қаупін азайтуға мүмкіндік береті, сонымен қатар қалдықтардан құнды бөлшектерді бөле алатын және қалдықтарды қайта пайдалану үшін өңдей алатын үздік қолжетімді технологияларды қолдану арқасында жүзеге асырылады.

Қалдықтарды өндіріс үдерісіне қайтару – бұрғылау кезінде пайда болған қалдықтарды қайта пайдаланудың Компания қолданып келген оңтайлы әдісі.

КПО Экоорталығының қалдықтарды өңдеу қондырғылары төменде келтірілген.

| | Міндеті | 2016 жылдағы көрсеткіші |
|---|---|---|
| **Бұрғылау қалдықтарын термо-механикалық тазалау (БҚТТҚ) қондырғысы** | Мұнай негізіндегі бұрғылау қалдықтарын шикі мұнай мен суды бөлумен тазалау | 2016 жылы 18 245 тонна қалдық өңделіп, 1 590 тонна базалық май мен су бөлініп алынды және термомеханикалық өңдеуден өткен 15 584 тонна қалдық қатты қалдықтарды көму полигонына тасталды. |

Базалық май мен суды мұнай негізіндегі бұрғылау қалдықтарын бөлу арқылы тасталатын КПО қалдықтары көлемі 15 %-ға азайды.

| | Міндеті | 2016 жылдағы көрсеткіші |
|---|---|---|
| **Айналмалы пештер (АП)** | Бұрғылау қалдықтарын және өндіріс қалдықтарын өңдеу және залалсыздандыру | 2016 жылы 8 634 тонна бұрғылау мен өндіріс қалдықтары өңделіп, термомеханикалық өңдеуден өткен 6 986 тонна қалдық қатты қалдықтарды көму полигонына тасталды. |

Бұрғылау қалдықтарын және өндіріс қалдықтарын айналмалы пештерде өңдеу және залалсыздандыру нәтижесінде кейінгі өңделу үшін арнайы кәсіпорындарға жіберілетін және орналастырылатын қалдықтардың көлемі 20% төмендеді.

| | Міндеті | 2016 жылдағы көрсеткіші |
|---|---|---|
| **Жалпы мақсаттағы пештер (ЖМП)** | Қалдықтарды жағу (залалсыздандыру және жою) | 2016 жыл бойынша 722,5 тонна қалдық жағуға жіберіліп, содан кейінгі 96,1 тонна күл Қатты қалдықтарды көму полигонына тасталды. |

Қалдықтарды жалпы мақсаттағы пештерде жағу нәтижесінде пештен шығу кезіндегі қалдықтар 87%-ға қысқарды.

| | Міндеті | 2016 жылдағы көрсеткіші |
|---|---|---|
| **Сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысы (СҚТҚ)** | Бұрғылау ерітінділерін және тұздықтарды өндіру үшін қайта пайдалану мақсатында сұйық қалдықтар мен ағынды суларды өңдеу | 2016 жылы сұйық қалдықтардың 6 070 тоннасы өңделді. Тазалаудан кейін 3 193 тонна қайта пайдаланылатын ерітінді мен тұз өндірілген. |

| | Міндеті | 2016 жылдағы көрсеткіші |
|---|---|---|
| **Қалдықтарды сұрыптау қондырғысы (ҚСҚ)** | Компанияның тұрмыстық қалдықтарды сұрыптауы көмілетін қалдықтар мөлшерін қағаз, тоқыма, пластикалық бөтелкелер, шыны, полиэтилен, қара және түсті металдар сияқты қайта пайдалануға келетін бөліктерін бөлу арқылы азайтуға бағытталған | 2016 жылы 982 тонна қатты тұрмыстық қалдықтың 722 тоннасы жалпы мақсаттағы қалдық жағуға арналған пештерге жіберілсе, 111 тоннасы, соның ішінде макулатура, металл сынықтары және пластмасса сұрыпталып, өңдеу және қайта пайдалану үшін мамандандырылған ұйымдарға жіберілді. |

КПО-дан қабылданатын қалдықтарды әрі қарай қолдану әдістерін арнайы мердігерлік ұйымдар, негізінде, өз бетінше таңдайды және қалдықтарды үшінші тарапқа өткізгені туралы тоқсан сайын есеп береді.

2016 жылы макулатураны бөліп жинау және сұрыптау шаралары қаланың қоқыс үйіндісіне апарылған КПО коммуналдық қалдықтарының мөлшерін 82 тоннаға дейін азайтуға мүмкіндік берді. Жиналған макулатура жергілікті кәсіпорындарға қайта өңдеуге жіберілді.

## ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖОЮ G4-EN23

Қалдықтардың Экоорталық нысанының қатты қалдықтарды көму полигонына тасталуы ҚР экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. 2016 жылы қалдықтарды полигон аймағында көму мақсатында 24 ұяшық салу бойынша жұмыс көлемі аяқталып, олар іске қосылды. Толған кезде бұл ұяшықтар жабылады. 2016 жылдың соңына қарай 6 ұяшық жабылды.

Полигондағы ұяшықтар – сазды қабатшаның үстіне жайылған геомембрана қабаты. Бұл қабат қалдықтардың немесе инфильтраттың қоршаған ортаға шығарылуын болдырмайды. Қалдықтармен толтырылған ұяшық кәріздік жүйесі бар (қоқыс газын жинау үшін) оқшаулағыш қабатпен жабылады. Полигонның нөсер мен тасқынды суды жинау жүйесі де бар.

Алдыңғы жылдарда қатты қалдықтарды және пайдаланылған бұрғылау ерітіндісін сақтау аймағында жинақталған қалдықтарды Экологиялық орталықтың қатты өндірістік қалдықтарды көму полигонында қауіпсіз көму мақсатында көшіру жұмыстары 2016 жылы жалғасты. Жалпы алғанда, 2013 жылдан 2016 жылдың аяғына дейінгі кезеңде жинақталған қалдықтардың 50% тасымалданған.



КПО Эко Орталығының коммуналдық қалдықтарды сұрыптау қондырғысында





**40-кесте. 2016 жылы КПО нысандарында өңделген, орналастырылған, пайдалануға қайта жіберілген және жойылған қалдықтардың мөлшері G4-EN23**

| ҚАЛДЫҚТАРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕРІ | | | ТҮЗІЛГЕН ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР | ТҮЗІЛГЕН ҚАУІПСІЗ ҚАЛДЫҚТАР | ЖИНАҚТАЛҒАН ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР | ЖИНАҚТАЛҒАН ҚАУІПСІЗ ҚАЛДЫҚТАР | ӨҢДЕУ ӨНІМДЕРІ | БАРЛЫҒЫ: |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. ЖМП-де жағудан бұрын қалдықтардың сұрыпталуы | | Қалдықтарды сұрыптау қондырғысына жіберілген | 855 | 0,34 | 127 | 0 | 0 | 982 |
| | | Сұрыптаудан кейінгі салмақты қайта өлшеудегі айырмашылық | | 14 | | - | - | - |
| | | Кейінгі өңдеу үшін үшінші жаққа жіберу мақсатында сұрыптау кезінде бөлінген қалдықтар | | 111 | | - | - | - |
| | | Сұрыптау кезінде бөлінген және көму үшін үшінші жаққа жіберілген қалдықтар | | 134 | | - | - | - |
| 2. Пеште жағу | | Жалпы мақсаттағы пештерге сұрыптаусыз жіберілген қалдықтар | | 722 | | - | - | - |
| | | Жалпы мақсаттағы пештерге сұрыптаудан кейін жіберілген қалдықтар | 0,12 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0,12 |
| | Соның ішінде | Жағудан кейін полигонда көмілген қалдықтар | | 96 | | - | - | |
| | | Жағу есебінен қалдықтардың азаюы | | 626 | | - | - | - |
| 3. Өңдеу | | АП, ҚТТҚ және СҚТҚ қондырғыларына жіберілген қалдықтар | 18 756 | 30 | 13 359 | 0 | 805 | 32 949 |
| | Соның ішінде | Өңдеуден кейін қайта пайдаланылған (алынған мұнай негізі, тазартылған тұздықтар мен ерітінділер) | | | 4 456 | | | - |
| | | Кейінгі өңдеу | | | 805 | | | - |
| | | ҚТТҚ-да бөлінген су | | | 328 | | | - |
| | | Өңдеу кезіндегі жоғалтулар | | | 2 609 | | | - |
| | | 35 А/Б чектерінде орналастыру | | | 1 910 | | | - |
| | | Өңдеуден кейін полигонда көмілген (ҚТТ және АП-дегі қатты қалдықтар, су негізіндегі бұрғылау ерітіндісі) | | | 22 841 | | | - |
| 4. Қайта өңдеу және кәсіпорындағы үдеріске қайтару | | | 72 | 30 | 0 | 0 | 0 | 102 |
| 5. Кәсіпорында бейтараптандыру және лай алаңдарда құрғату | | | 783 | 0 | 20 | 0 | 0 | 803 |
| 6. Қалдықтарды полигонда өңдеусіз көму | | | 1 994 | 0 | 23 239 | 0 | 0 | 25 233 |
| 7. Кәсіпорында жинақталған (жыл барысында 35 А/Б чектерінде орналастырылған және 2017 жылда жіберуге дейін сақталып тұрған қалдықтар) | | | 6 224 | 46 | 104 | 0 | 0 | 6 374 |
| 8. Кейінгі өңдеу, пайдалану, жағу және көму үшін үшінші жаққа тапсырылған қалдықтар | | | 3 262 | 734 | 162 | 127 | 235 | 4 520 |

Компания қалдықтарының басым бөлігі бұрғылау және ұңғымаларды жөндеу кезінде пайда болады және пайдаланатын бұрғылау ерітіндісіне байланысты су немесе мұнай негізіндегі бұрғылау ерітінділерінің бұрғылау қалдықтары түзіледі. 2016 жылы 26 159 тонна қатты және сұйық бұрғылау қалдықтары пайда болып, Компанияның барлық қалдықтарының 80% құрады.

41-кестеде бұрғылаудың негізгі қалдықтары оларды қолдану әдісі бойынша бөлініп көрсетілген. Кестеде көрсетілгендей, су негізіндегі ерітінділер мен қалдықтар ғана орналастырылады. Мұнай негізіндегі бұрғылау қалдықтары алдын ала өңделіп, құрамынан мұнай негізін алып тастағаннан кейін ғана көмуге жіберіледі.

**41-кесте. 2015-2016 жылдары қолдану әдісіне қарай ұңғымалық операциялардан шыққан қалдықтар G4-OG7**

| ҚАЛДЫҚ | КӨЛЕМІ, ТОННАМЕН | | ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ |
|---|---|---|---|
| | 2015 | 2016 | |
| Пайдаланылған су негізіндегі бұрғылау ерітінділері | 392 | 950 | СҚТҚ-да өңдеу |
| | 3 413 | 4 188 | Орналастыру |
| Су негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау қалдықтары | 1 199 | 1 994 | Көму |
| | 6 | 0 | АП-де термикалық өңдеу |
| Пайдаланылған мұнай негізіндегі бұрғылау ерітінділері | 2 216 | 2 156 | СҚТҚ және ҚТТҚ-да өңдеу |
| | 7 | 0 | АП-де термикалық өңдеу |
| Мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау қалдығы | 17 688 | 12 026 | Мұнай негізін бөлу және қатты бөлікті кейінгі көмумен ҚТТҚ-да өңдеу |
| Пайдаланылған тұздықтар Мұнай қалдықтары | 9 280 | 3 802 | СҚТҚ-да өңдеу |
| | 2 371 | 984 | Орналастыру |
| Мұнайлы қалдықтар | 133 | 60 | АП-де термикалық өңдеу |
| | 12 | 0 | ҚТТҚ-да өңдеу |

## БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІК G4-EN11

Биологиялық және экожүйелерді сақтау тұрақты дамудың қазіргі кезеңдегі ең маңызды мәселелерінің бірі екені даусыз.

Қарашығанақ мұнай, газ конденсатты кен орны Қазақстанның солтүстік батысындағы құрғақ далалық аймақта орналасып, 280 км$^2$-ден астам жерін алып жатыр. Өз қызметін компания шектелген ғана аймақта жүргізіп келеді, ал КПО нысандарына көршілес жерлер үшінші жақтың көптеген өкілдерінің меншігі болып табылады да, олармен ғана басқарылады.

Жерді пайдаланудың өткен және қолданыстағы басқару әдістері өндірістік үдерістердің және жұмыстардың жергілікті және әлемдік деңгейдегі әсеріне ұшырап келе жатқан қазіргі ландшафтты, биотүрлілік пен экожүйені құрады. Жалпы ландшафт және тарихи мәселелер қоршаған ортаның қазіргі жағдайының астарында жатқан себептерді, сонымен қатар биотүрлілікке және экожүйелерге әсер етіп келетін әрекеттерді түсінудегі маңызы зор.

Флора мен фаунаның көптеген түрлері, соның ішінде табиғатты қорғау жөніндегі халықаралық одақ Қызыл тізіміне (Қызыл кітапқа) және Қазақстанның қызыл кітабына енгізілген түрлері Қарашығанақ кен орнында мекендейді.

Осы түрлерді ескере отырып аймақтағы іс-әрекеттерін жоспарлау және жүзеге асыру – КПО үшін өте маңызды. Дегенмен, осы түрлердің болуы немесе олардың санының өзгеруі бойынша компанияның қоршаған ортаны қорғауға бағытталған әрекет-шаралары туралы пайымдауға болмайды, себебі бұл КПО іс-әрекетіне тікелей байланысы жоқ түрлі жаһандық немесе аймақтық себептермен де өзгеруі мүмкін. Осындай түрлер санының өзгеру құбылысы олардың көбею қарқыны тұрғысынан кеңірек талдануы тиіс. КПО, өз жағынан, жұмысытарын белгілі түрлердің көбеюіне тікелей немесе жанама әсер тигізбейтіндей ұйымдастыруға бар күшін салуда.

Кен орны аймағы шеңберінде экожүйені тиімді басқару бойынша мақсаттарға жету жолында КПО Биологиялық түрлілікті сақтау жоспарына (БСЖ) сәйкес және бұл міндетке бағытталған шараларды жүргізеді. БСЖ негізгі мақсаты - КПО қызметі және осы саладағы басқа да мүдделі тараптардың жер пайдалануын өзара келісу арқылы фауна мен флора түрлерін және Қарашығанақ кен орнындағы олардың тіршілік ету ортасын сақтау. 2011 жылдан бастап, КПО БСЖ аясында биотүрлілік жағдайын кезеңдеп бағалауды және өз өндірісінің оған әсерін анықтайды.

2016 жылы КПО 2015-16 жылдарға арналған Биологиялық түрлілікті сақтау жоспарының екінші сатысын жүзеге асыруды жалғастырды. 2016 жылдағы зерттеулер өсімдіктер әлемін бақылауға бағытталған еді. БСЖ КПО өндірістік қызметімен және кен орны аймағындағы үшінші жақтың жұмыстарымен байланысты ықтимал өзгеру факторларына негізделген төрт ең маңызды зерттеу мәселелерін анықтайды:

1. Атмосфераға шығарылатын қалдықтарпен байланысты дала экожүйесінде елеулі өзгерістердің болуы.
2. Сыртқы факторлардың физикалық әсерімен байланысты дала экожүйесінде елеулі өзгерістердің болуы.
3. Су алу жерлерінде өсімдіктер әлемі қасиеттерінің елеулі өзгерістерінің болуы.
4. Жайылым-шабындық жерлердің елеулі өзгерістерінің болуы және бұл өзгерістердің дала экожүйесіне әсері.

Бұл әсерлер өсімдіктер әлемінің өзгерістерінің индикаторы ретінде қолданылатын «көрсеткіштер түрлері» бойынша бағаланды. 2016 жылғы өсімдік жабынын бақылау нәтижесі бойынша, Қарашығанақ кен орны кықзметі салдарынан өсімдіктер әлеміне әсер ететін кері фактор – физикалық ықпал. Бұл фактор ашық құдықтардың қазылуы, құбырлардың жүргізілуі, өнеркәсіптік алаңдардың және қатынасу жолдарының салынуы, сонымен қатар жасыл аймақтардың егілуі үшін топырақтың жыртылуы кезіндегі өсімдіктер әлеміне әсерін білдіреді. Аймақтар жергілікті, аймақтық немесе біржақты деңгейде әсерленді.

Елді мекендерге (Приуральное ауылы) немесе фермерлік шаруашылықтарға (бұрыңғы Тұңғыш ауылы маңында) жақын орналасқан аймақтар жайылым-шабындық әрекеттер салдарынан туындайтын ықпалдың түрлі деңгейлері бойынша сипатталады. Ықпал деңгейі пайдалану әдісіне қарай түрленеді. Елді мекендерге жақын жерлредегі өсімдіктер әлемі жағдайы жылдан жылға нашарлап барады. Фермалық шарушылықтарға жақын жерлердің кері ықпалға ұшырау деңгейі төмендеу, өсімдіктер әлеміне жағымсыз әсердің жоқтың қасы, тіпті, кей жерлерде шөгінді алаңдарды шектен тыс мүк басуды болдырмау арқылы оң әсер де байқалады.

Аймақты бақылаудың қазіргі сатысында КПО-ның суды алу салдарынан кеуіп кетудің еш дәлелі жоқ. Экобиотіршіліктің (ұқсас қоршаған ортада өсетін өсімдіктер түрлері) пайыздық мөлшерлемесінің қоршаған ортаның ылғалға қанығу салдарынан өзгеруі белгілі бір жылда ылғалға қанығу деңгейімен байланысты.

Ауаға тасталатын қалдықтардың өсімдіктер әлеміне кері ықпалы байқалмады. G4-EN12 Сонымен қатар, қоршаған орта жағдайының көрсеткіші болып табылатын қыналарға да назар аударған жөн. Қарашығанақ кен орнында ағаштардағы және үлкен тастардағы қыналардың болуы – ауа тазалығының белгісі.

Тыңайған жерлердің әртүрлі аймақтарындағы бақылауларды салыстырған кезде, жерді ауыл шаруашылығы мақсатында пайдалануды тоқтату салдарынан өсімдіктер әлемінің қалпына келуінің жалпы басталғаны дәлелденді. Арамшөптердің азаюы және дала өсімдіктері түрлерінің көбеюі – осының айғағы. 2016 жылы жердің ылғалға қанығудың жағымды жағдайларын туғызу арқасында, 2016 жылғы жазғы бақылау кезінде флораның сирек және негізгі түрлерінің кездесуінің жиіленуі байқалды.

2016 жылы орыс сепкілгүлінің негізгі түрлерінің кездейсоқ өсуінің жаңа ошағы тіркелді. Кен орны аймағында алғаш рет су қоймаларының солтүстік жағындағы дәнді және шөпті өсімдіктер арасында шатыраш сепкілгүлі табылды. Сонымен қатар, түкті жанаргүл және түкті және көктемдік жанаргүл де бақыланатын және көршілес аймақтарда тіркелді.



Құндыз, ХТҚО-ның қызыл тізіміне енгізілген

1990-2016 жылдары өткізілген зерттеулер барысында Қарашығанақ кен орны аймағында тіркелген негізгі түрлер 42-кестеде көрсетілген. Осы түрлердің барлығы Қарашығанақ кен орны аймағынан тыс жерлерде де табылуы мүмкін.

**42-кесте. Қарашығанақ кен орны аймағында тіркелген табиғатты сақтау мақсатында маңызды болып табылатын түрлер** G4-EN14

| № | ТҮРЛЕР | ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ОДАҒЫ БОЙЫНША КАТЕГОРИЯСЫ | ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚЫЗЫЛ КІТАБЫ | ЖЕРГІЛІКТІ СИРЕК ТҮРЛЕРІ (ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫНДА) | ТІРКЕЛГЕН ЖЫЛЫ |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ГҮЛДЕЙТІН ӨСІМДІК** | | | | |
| 1 | Андржеевский қалампыры (Dianthus andrzejowski) | - | ҚҚК | ✓ | 2008, 2010, 2015, 2016 |
| 2 | Биберштейн қызғалдағы (Tulipa biebersteiniana) | - | ҚҚК I | ✓ | 2007, 2008, 2010, 2013, 2015, 2016 |
| 3 | Үйқы шөбі (Pulsatilla patens) | - | ҚҚК | ✓ | 2010, 2015, 2016 |
| 4 | Бұлдырық (Fritillaria ruthenica) | - | - | ✓ | 2010, 2013, 2015, 2016 |
| 5 | Шренк қызғалдағы (Tulipa shrenkii) | - | ҚҚК | ✓ | 2007, 2008, 2010, 2013, 2015, 2016 |
| 6 | Түкті жанаргүл (Adonis villosa) | | ҚҚК | ✓ | 2016 |
| 7 | Көктемдік жанаргүл (Adonis vernalis) | | ҚҚК | ✓ | 2016 |
| 8 | Фишер құсүттігеп (Ornithogalum fischerianum) | | ҚҚК | ✓ | 2013, 2016 |
| 9 | Шатыраш сепкілгүл (Fritillaria meleagris) | | - | ✓ | 2016 |
| | **ҚҰСТАР** | | | | |
| 10 | Тырна (Anthropoides virgo) | - | ҚҚК VI | ✓ | 1990, 1991, 2003, 2004, 2005, 2008, 2010, 2015, 2016 |
| 11 | Жапалақ (Bubo bubo) | LC | ҚҚК II | - | 1991 |
| 12 | Екі басты қыран (Aquila heliaca) | VU | ҚҚК III | ✓ | 2002, 2003, 2010 |
| 13 | Көк қарға (Coracias garrulous) | NT | - | ✓ | 2001, 2010 |
| 14 | Дала күйкентайы (Falco naumanni) | LC | - | ✓ | 2004 |
| 15 | Кішкентай дуадақ (Tetrax tetrax) | NT | ҚҚК III | ✓ | 1990-1991, 2002, 2004, 2008, 2010, 2015 |
| 16 | Сыбырлауық аққу (Cygnus olor) | LC | - | ✓ | 2003,2004, 2008, 2010, 2013, 2015, 2016 |
| 17 | Балықшы құс (Pandion haliaetus) | LC | ҚҚК I | - | 1990 |
| 18 | Құладын (Circus macrourus) | NT | - | ✓ | 2002, 2003, 2004, 2005 |
| 19 | Сұңқар (Falco vespertinus) | NT | - | ✓ | 2001, 2002, 2003, 2004, 2005, 2008, 2010, 2015, 2016 |
| 20 | Дала қыраны (Aquila nipalensis) | LC | ҚҚК VI | - | 2002, 2008, 2010 |
| 21 | Аққұйрықты қыран (Haliaeetus albicilla) | - | ҚҚК III | ✓ | 2004, 2008, 2010, 2015, 2016 |
| | **MAMMALS** | | | | |
| 22 | Құндыз (Castor fiber) | - | - | - | 2003, 2005, 2008, 2010, 2012, 2015, 2016 |
| | **БАУЫРЫМЕН ЖОРҒАЛАУШЫЛАР** | | | | |
| 23 | Сұр жылан (Vipera ursini renardii) | VU | - | ✓ | 2001, 2002, 2003, 2008, 2010, 2016 |
| | **ЖӘНДІКТЕР** | | | | |
| 24 | Әмірші инелік (стрекоза) | - | ҚҚК | - | 2010 |
| 25 | Қысқақанатты боливария дәуіті (богомол) | - | ҚҚК | - | 2010 |

Кестеде келесі категориялар қолданылады:

- **NT: қатерлі жағдайға жақын түрлері** – әдетте, түрлердің саны азайғандығы соншалық, олар жақын арада ХТҚО-ның жоғары қатерлі категориясына жатқызылады. ХТҚО - Халықаралық табиғатты қорғау одағы.
- **VU: құрып кету қаупі төнген** – жабайы табиғатта жойылып кетудің жоғары қаупі бар түрлері.
- **LC: ең төмен қауіпі бар** – ХТҚО категориясы бойынша қауіпті жағдайда, құрып кету жағдайында немесе қатерлі жағдайға жақын түрлері ретінде бағаланбайды. Кең таралған және таксондар (бұл топтағы түрлер халықаралық сирек түрлер қатарына қосылмаған), осы категорияға енгізілген.
- **ҚҚК: Қазақстанның Қызыл кітабы** – ұлттық сирек кездесетін түрлер тіркелген кітап, Римдік нөмірлермен сиректіктің категориялары белгіленген: Категория I – ең сирек кездесетін түрлері, және категория V – сиректігі төмен.

Жалпы алғанда, далалық жерлерді ауыл шаруашылығы тұрғысынан пайдалануды тоқтату арқасында резервуарлардың табиғи қалпына келу үдерісі орын алып жатқанын айта кеткен жөн. Аймақтың өсімдіктермен қапталуы әртектес кеңістіктік құрылым, бай флора және биотүрліліктің жоғары деңгейімен сипатталады. Өсімдіктердің сирек түрлері Қарашығанақ кен орны аймағында тұрақты түрде өсіп келеді.

2011 жылдан бері Қарашығанақ аймағындағы флора мен фаунаға Компанияның тұрақты бақылау жүргізуі барысында флора мен фауна өкілдерінің мекендеу ортасына КПО-ның қызметінің кері ықпалы айқын байқалған жоқ. Керісінше, ауыл шаруашылығы жұмыстарының тоқталуы, аймақты толықтай қорғау және адамның кері әсері факторының толықтай дерлік болмауы кен орнында жергілікті флора мен фаунаға жағымды жағдайлар туғызып, сирек кездесетін түрлерді де сақтайды. [G4-EN12]

2017 жылы КПО IPIECA және IOGP жариялаған мұнай және газ секторы үшін биотүрлілік бойынша әрекет жоспарларын дайындауға арналған нұсқаулыққа сәйкес 2018-2019 жылдар үшін биотүрлілікті сақтау жоспарын дайындау бойынша жұмыс істеуде. Түрлердің әралуандығы жағдайының өзгеру динамикасына қатысты деректерді жинау үшін үздіксіз бақылаумен қатар, 2018-2019 жылдарға арналған биотүрлілікті сақтау жоспары Қарашығанақ кен орны аймағындағы су қоймаларының ихтиофаунасы бойынша кейінгі зерттеулер өткізуге қатысты кеңестер, омыртқасыз түрлердің түрлілігі бойынша кеңестер, сонымен қатар биотүрлілікті және кен орнындағы экожүйенің жалпы күйін кешенді бағалау үшін жағалық өсімдіктер санының өзгеру қарқыны бойынша талдауларды да қамтиды.



Біз тұмсық бақа, ҚМГК кен орнында мекендейді



Ашық көкшіл жусан, таралу аймағы тарылып келе жатқан сирек кездесетін түр, Қазақстанның  Қызыл кітабына енгізілген, ҚМГК кен орнында сирек кездесетін түр

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕС

## ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК

### ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ СТРАТЕГИЯСЫ [G4-27]

КПО жергілікті қоғамдастықтармен қарым-қатынасын нығайту және қоғам дамуына мүмкіндіктер тудыру арқасында компания қызметінің теріс әсерін алдын алу немесе азайту, сонымен қатар өндірісінің барынша пайдалы болуы мақсатында еңбек етуде. [G4-15]

Соңғы жеті жыл бойы, өндірістік нысандарымыздың маңында орналасқан жергілікті қоғамдастықтардың пайдасы үшін Әлеуметтік жобаларды жүзеге асырудың жылдық жоспары негізінде жұмыс істеп келеміз. Бұл жоспар компания мақсаттарының үкіметтік бағдарламалармен және жергілікті тұрғындардың қажеттіліктерімен сәйкестігін реттеуге бағытталған және жергілікті қоғам мүдделерін ескере отырып, әлеуметтік ықтимал қауіп-қатерлерді болдырмау тұрғысынан олардың дамуы бойынша басымдықты міндеттерді анықтайды.

КПО-ның Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспары халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз тотарына (соғыс және еңбек ардагерлері, мүгедектер, мүмкіндігі шектеулі және қиын жағдайға тап болған балалар) білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік жәрдем көрсету саласындағы бағдарламаларды жүзеге асыруды қамтиды. Сонымен бірге, аталмыш жоспар жергілікті халыққа қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша кеңес беру, арыз-шағым мен ұсыныстар түсіру үдерісін қадағалау шараларын қарастырады. 2016 жылғы жоспардың мақсаттары мен міндеттері туралы толық ақпарат төмендегі 43-кестеде берілген.

### НӘТИЖЕЛІ ДИАЛОГ ҚҰРУ

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясындағы КПО қызметінің негізі - жиналыстар мен кеңестер.

2016 жылы Қарашығанақ кен орнының маңында орналасқан бес ауылдық округте тұратын жергілікті тұрғындармен бірқатар кеңестер мен кездесулер өткізілді. Ауылдық кеңестің қатысуымен 18 отырыс ұйымдастырылды. Осы жиналыстар барысында ауылдық кеңес мүшелері мен КПО-ның халықпен жұмыс істеу бөлімі КПО-ның жергілікті инфрақұрылымның дамуы бағдарламасын, ауа сапасын бақылау және қоршаған ортаға қатысты басқа да мәселелрді талқылады.

2016 жылдың ақпан айында КПО мамандары әр ауылдық округтің тұрғындарына 2015 жылға арналған КПО-ның Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспарының орындалуы туралы толық есеп берді. Ақпан айында 2016 жылдың бюджеті бекітілгеннен кейін, КПО 2016 жылға арналған әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспарын жергілікті тұрғындармен талқылады. Ауыл тұрғындарының ұсыныстары мен ой-пікірлері кездесулер бойынша тиісті хаттамаларға енгізіліп, жоғарыда айтылып өткен жоспарды орындау барысында назарға алынды. Мәселен, 2016 жылдың 12 мамырында өткізілген ауылдық кеңесте жергілікті тұрғындар Жарсуат бастауыш мектебінің жылыту жүйесін жөндеу мәселесіне ерекше назар аударды. Нәтижесінде 2016 жылдың жазғы демалысы кезінде жылыту жүйесі жөнделді.

**43-кесте. Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу саласындағы міндеттеріміз**

| 2016 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР | МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ | 2016 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҮШІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР | 2017 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕР |
|---|---|---|---|
| 2016 жылы жергілікті инфрақұрылымды дамытуға арналған қаражатты бекіту және 2016 жылғы әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспарын дайындау. | Орындалды | 2015 жылға арналған әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспары 100%-ға толықтай орындалды. | 2017 жылғы әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспарын қаражат бекітілуіне қатысты орындау |
| КПО қызметі жөнінде ақпаратпен алмасу мақсатында тоқсан сайын ауылдық кеңеспен кездесулер өткізіп отыру. | Орындалды | Қарашығанақ кен орнының маңында орналасқан бес ауылдық округ тұрғындарымен 18 ауылдық кеңес отырысы өткізілді. | 2017 жылдың аяғына дейін кен орнының маңында орналасқан бес ауылдық округ тұрғындарымен қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша 16 ауылдық кеңес отырысын өткізу |
| Арыз-шағымдар және ұсыныстарды қабылдауды басқару тәртібін қадағалауды жалғастыру. | Орындалды | 2016 жылы КПО-ға жергілікті тұрғындардан 36 шағым түсті, оның 31-і газ иісіне қатысты болды. Бұл жөнінде толық ақпарат үшін осы тараудың «Шағымдармен және ұсыныстармен жұмыс істеу» бөлігін қараңыз | Жергілікті тұрғындардың арыз-шағымдарын және ұсыныстарын қабылдауды басқару тәртібіне сай жергілікті қоғамдастықтармен әрекеттесуді жалғастыру. |
| 2016 жылы Березов және Бестау тұрғындарын көшіру жобасының екінші кезеңін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және халықаралық стандарттарға сәйкес іске асыру. | Орындалуда | Жыл ішінде Бестау мен Березов ауылдарын көшіру жобасы жайында осы елді-мекен тұрғындарымен кеңес беру отырыстары өткізілді. Бұл жайлы толық ақпарат келесі парақтарда берілген. | 2016 жылы Березов және Бестау тұрғындарын көшіру жобасының екінші кезеңін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және халықаралық стандарттарға сәйкес іске асыруда КПО басшылығына және Бөрлі ауданының билік органдарына қолдау көрсету. |





### ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

2016 жылы Бөрлі ауданы әкімдігінің қолдауымен КПО 33 жобаны жобалауға байланысты, соның ішінде ұңғыма құрылысы жөніндегі жеке жобаларға, ауылдарда орнатылған дабыл беру жүйесін жетілдіруге қатысты бірқатар қоғамдық тыңдаулар өткізді.

Жоғарыдағы жобалар қоршаған ортаны қорғауға бағытталған шаралардың түгелдей айқындайтын тауарларды қамтиды.

Қоғамдастықтарға тыңдаулардың өткізілетіндігі туралы ақпарат «Орал өңірі» және «Приуральное» секілді аймақтық газет-журналдар және «Будни Аксая», «Бөрлі жаршысы», «Панорама Карачаганака» сияқты басылымдар арқылы таратылды.

Тыңдауға мүдделі тараптардың барлығы, соның ішінде жергілікті тұрғындар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, аудандық Мәслихат, Бөрлі ауданының әкімдігі, мемлекеттік емес ұйымдар және қоршаған ортаны қорғау, халық денсаулығы, қоғамдық құрылыс, жерді пайдалану бойынша басқа тиісті билік органдары шақырылды.

Жоғарыдағы жобалардың барлығы шақырылған әрбір адаммен қолданып, сәйкесінше жиналыс хаттамасына енгізілді.



Жаңаталап ауыл тұрғындарына арналған экологиялық мониторинг жүйесі бойынша презентация

### ШАҒЫМДАРМЕН ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ [G4-SO11; G4-EN34]

КПО-да Қарашығанақ кен орнының өндірісіне қатысты арыз-шағымдармен жұмыс істеу бойынша ресми процедура қабылданған. Кен орнына жақын орналасқан ауылдардың кез келген тұрғынының КПО-ның жергілікті тұрғындармен жұмыс істейтін қызметкеріне ауызша түрде немесе барлық жақын ауылдың қоғамдық орындарында орнатылған арнайы формалар мен жәшіктерді пайдаланып, жазбаша түрде шағым түсіру құқығы бар. Кейін компания шағым-өтінішті қарастырып, оны реттеу шешімін қабылдайды.

Сонымен қатар, КПО компаниясының атмосфералық ауа сапасын бақылаудың қатаң жүйесі бар. Бұл жүйе туралы толық ақпарат осы есептің Қоршаған ортаны қорғауды бақылау тарауында берілген.

КПО Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан ауыл тұрғындарынан келіп түскен шағымдар мен ұсыныстарға үлкен назар аударады. Барлық егжей-тегжейлі ақпарат ексеріледі. Газ иісіне шағымданған тұрғындар КПО халықпен жұмыс істеу бөлімінен уақытында жауап алады.

КПО-ның «Жергілікті тұрғындардың арыз-талаптары мен ұсыныстарын түсіруді басқару тәртібіне» сәйкес, 2015 жылда 36 шағым тіркелді, оның ішінде:

- 31 шағым газ иісіне қатысты және олардың басым көпшілігі Жаңаталап ауылы тұрғындарынан жолданды (толық ақпарат төмендегі №44 кестеде берілген);
- 5 ұсыныс әлеуметтік ақша салымдарына және инфрақұрылмға қатысты жасалды. Тұрғындар КПО компаниясынан Жаңаталап пен Успенов ауылдарының жолдарын жөндеуді, Жарсуат бастауыш мектебінің жылыту жүйесін жөнге келтіруді немесе қыс уақытында жолдарды басқан қардан тазаладуы сұрады. Өтініштердің барлығы толықтай немесе ішінара қанағаттандырылды.

**44-кесте. 2016 жылда тіркелген жергілікті қоғамдастықтардың шағымдары G4-EN34**

| ЕЛДІ МЕКЕН | ШАҒЫМ САНЫ | 2016 Ж. ШАҒЫМДАР ТІРКЕЛГЕН КҮНІ |
|---|---|---|
| Бестау | 1 | 13 ақпан |
| Березов | 6 | 18 сәуір*; 22, 25 маусым; 4 шілде** |
| Қарашығанақ | 3 | 21 ақпан, 02 сәуір, 10 тамыз |
| Успенов | 2 | 17 наурыз, 30 маусым |
| Жаңаталап | 14 | 4, 26 ақпан; 15, 24 сәуір; 07 мамыр; 05***, 12, 14 шілде; 7 қыркүйек; 01, 03 қазан; 05, 22 қараша |
| Жарсуат | 2 | 20, 21 сәуір |
| Приуральный | 3 | 05, 23 наурыз; 26 қазан |

*Ескерту: * 2016 жылдың 18 сәуірінде Березов ауылы тұрғындарынан 2 шағым түсті.*
*** 2016 жылдың 4 шілдесінде Березов ауылы тұрғындарынан 2 шағым түсті.*
**** 2016 жылдың 5 шілдесінде Жаңаталап ауылы тұрғындарынан 2 шағым түсті.*

Жоғарыдағы газ иісіне байланысты барлық шағымдарға КПО мұқият талдау жасап, КПО-ның Қоршаған ортаның корпоративтік мәселелері жөніндегі бөлімінің өкілдері, Төтенше жағдай тобы және Жергілікті тұрғындармен жұмыс істейтін бөлім қызметкерлері телефон немесе жеке кездесу арқылы шағым айтушы тұлғалардың келісімдерін алып, шағымдарды тиісті түрде шешті. Сыналған заттектердің шоғырлануы рұқсат етілген шекті шоғырлану деңгейінен асқан жоқ. Ұсынылған ақпарат Қарашығанақ кен орнының санитарлық қорғаныс аймағының айналасында орнатылған автоматты экологиялық бақылау станциясынан алынған мәліметтерге ғана емес, сонымен қатар мобильді экологиялық бақылау станциясының ақпараты және аккредиттелген зертханамен кен орнының санитарлық қорғаныс аймағында және ауылдарда ауа сапасының сынамасын алу нәтижелеріне сәйкес дайындалды.

2016 жылдың қыркүйегінде Успенов ауылдық округының ауылдық кеңесімен өзара әрекеттесу шеңберінде Жаңаталап тұрғындарына КПО-ның қоршаған ортаны қорғауды бақылау жүйесінің негіздері таныстырылды. Бұл жиналыста КПО сарапшылары ауылдықтарға компания өз қызметіне енгізген алауда жағуды қадағалаудың озық технологиялары және ауа



Ақсай қаласының саз мектебіне автобус пен музыкалық аспаптарды сыйға тартудың салтанатты рәсімінен кейін

сапасын бақылау жүйелері, сонымен қатар газ иісі туралы шағымдар түскенде қолданылуы тиіс процедуралар туралы ақпарат ұсынды.

Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес КПО толық ауқымдағы экологиялық мониторинг өткізеді. Атмосфера және ауадағы газ шоғырлануы бойынша мониторинг станциялары жұмысының нәтижелері туралы толық ақпарат осы Есептің «Қоршаған ортаға қамқорлық» тарауында берілген.





Березов ауылының тұрғындарына қоныс аудару мәселелері бойынша қоғамдық кеңестер өткізу кезінде

## БЕРЕЗОВ ЖӘНЕ БЕСТАУ АУЫЛДАРЫН КӨШІРУ

2015 жылдың тұрақты даму туралы есебімізде берілгендей, екі ауылды көшіру БҚО аймақтық үкімет орындарының басшылығымен КПО консорциумының көшіру жобасын қаржыландыруы арқасында жүзеге асырылып жатыр. Березов және Бестау ауылдарының жұртшылығынан келіп түскен шағымдар мен арыздарды қарастыру үшін Бөрлі аудандық басшылығы, Маслихат мүшелері, КПО және қоғамдық ұйымдар өкілдерінен құралған арнайы Комиссиясы құрылды.

Көшіру жобасы екі кезеңде өтуде; бірінші кезекте, өз еркімен көшуге ниет білдірген әлеуметтік жағынан әлсіз жанұялар Ақсай қаласына 2015 жылдың аяғында көшірілді.

Көшіру жобасының екінші кезеңі Ақсай қаласының «Қарашығанақ-1» ықшам ауданындағы екі тоғыз қабатты үйдің және Аралтал ықшам ауданындағы жер телімі бар 100 жеке үйдің құрылысы аяқталғаннан кейін тамамдалады.

2016 жыл бойы көшірілетін ауыл тұрғындарымен жиналыстар және кеңестер өткізілді. 2016 жылдың маусым және қазан айларында Бөрлі ауданының жергілікті билік органдары және КПО ауыл тұрғындарымен «ашық күндер» форматында бірлескен кеңестер өткізді. Березов және Бестау ауылдарынан 400 астам тұрғындар қатынасты. Кездесулер барысында, адамдар ақпарат тақталары мен кітапшалар арқылы көшірудің ұсынылған әртүрлі нұсқаларымен таныстырылды. Әрбір жанұяға жаңа пәтерлер және үйлер жөніндегі толық ақпаратты, сонымен қатар жиі қойылатын сұрақтарға жауаптарды қамтитын кітапшалар берілді.

2016 жылы КПО 2015 жылдың аяғында аяқталған көшірудің 1 кезеңі бойынша бақылау жасап, адамдар көшірілген жаңа пәтерлерді аралады. Осы кездесулер барысында КПО тұрғындарға өздерінің пәтер иелерінің кооперативін құруға және құрылыс кемшіліктеріне қатысты тұрғындар шағымдарын шешуге қолдау көрсетті.

## ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ДАМУЫНА ЖӘРДЕМДЕСУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ G4-EC7, G4-SO1

КПО Қарашығанақтың айналасындағы ауыл тұрғындарының өмір жағдайларын жақсарту мүддесіне бар күшін салып келеді.

Ауыл жұртшылығы ауылдық кеңестер арқылы өз елді мекендерінің инфрақұрылымы мен әлеуметтік өмірін жақсартуға бағытталған жобалар ұсынады. КПО, өз кезегінде, ұсыныстарды сараптап, олардың тұрғындардың мұқтаждығына, жалпы басымдықтарға сәйкестігін және оның бөлінген бюджет аясында жүзеге асыру мүмкіндігін бағалайды.

Төмендегі 28-сызбада КПО-ның жергілікті қоғамдастықтарды дамыту бағдарламаларын 2016 жылы қаржыландыруы көрсетілген.

**28-сызба. КПО-ның жергілікті қоғамдастықтарды дамыту бағдарламаларын 2014-2016 жылдары қаржыландыруы (мың АҚШ доллары)**




КПО-ның 2016 жылы денсаулық сақтау, білім беру және өнер саласында жергілікті қоғамды қолдау мақсатында жүзеге асырған бастамалары төменде атап өтілген.

### Жасы үлкендерге және балаларға әлеуметтік көмек көрсету

Жергілікті халықты әлеуметтік қолдау бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын КПО-ның маңызды жобаларының бірі Қарашығанақ кен орнының маңында орналасқан Березов, Успенов, Жаңаталап, Жарсуат, Димитрово, Қарашығанақ, Приуральный және Бестау ауылдарының зейнеткерлеріне шипажайлық-курорттық орталықтарда емделуді және балаларына жазғы лагерьде демалуды ұйымдастыру болып табылады.

2016 жылы КПО ауыл зейнеткерлері мен Бөрлі ауданының Соғыс және Еңбек ардагерлеріне «Ақжайық» шипажайына 200 жолдама бөлді. Бөрлі ауданының жоғарыда аталған ауылдарының 100 оқушысы «Талап» жазғы лагерінде 10 күн демалып қайттуға мүмкіндік алды.

Бұған қоса, 2016 жылы КПО табысы төмен отбасылардың балаларына 1 қыркүйек - Білім күні мерекесі аясында негізгі мектептік керек-жарақтары салынған 108 арқақоржын және Жаңа жыл мерекесіне 14 жасқа дейінгі балаға кәмпит пен тәтті толтырылған 1 090 сыйлық қоржынын табыстады.

### Ұлы Жеңіс күні мейрамында ардагерлерге құрмет көрсету

КПО-да 2003 жылдан бері Қарашығанақ кен орнының маңайындағы ауылдарда тұратын Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен соғыс ардагерлерінің тұл әйелдерін Ұлы жеңіс күні қарсаңында құттықтау дәстүрі қалыптасқан. Әр жыл сайын Ұлы Жеңіс күні қарсаңында компания өкілдері оларды аралап, мейрамды атап өту шеңберінде сыйлықтар ұсынады.

2016 жылы азық-түлік толы 11 үлкен қоржын табысталды.

### Білім беру

КПО-ның жергілікті қоғамның әлеуметтік дамуы бағдарламалары жергілікті жастардың дамуын да көздейді. Еңбек ресурстарына ұзақ мерзімді инвестициялар салу жергілікті қоғамдастықтардың экономикалық жағынан өркендеуіне көмектесу арқылы компанияның стратегиялық мақсаттарына жетуге септігін тигізеді. 2016 жылы КПО жергілікті мектеп түлектеріне арналған шәкіртақы бөлу бағдарламасын және 3 жыл бойы әрекеттесіп келген «Жас дарын» қоғамдық қорын қолдауды жалғастырды.

«Жас дарынның» мақсаты – мүмкіндіктері шектеулі және әлеуметтік жағынан жағдайлары төмен немесе қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға жәрдем көрсету. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға қолдау көрсететін ұйымдардың үздіксіз дамуына жағдай жасау біздің компаниямыз үшін өте маңызды.





## СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІН ЗЕРТТЕУ №3:
## «ЖАС ДАРЫН» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

Мақсаты: МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ЖАҒДАЙЛАРЫ ТӨМЕН НЕМЕСЕ ҚОЛАЙСЫЗ ОТБАСЫЛАРДАН ШЫҚҚАН БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ МҮДДЕСІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН БӨРЛІ АУДАНЫ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ.

Әдісі: «Жас дарын» қоғамдық қоры мүмкіндіктері шектеулі және әлеуметтік жағынан осал немесе қолайсыз отбасылардан шыққан 7-ден 16 жас аралығындағы балалар мен жеткіншектердің құқықтары мен мүдделерін жан-жақты және кешенді қорғау мақсатында Бөрлі ауданында 2011 жылы құрылды.

КПО қаржылық қолдауымен «Жас дарын» қоғамдық қоры соңғы үш жыл ішінде көптеген адал істер мен жобаларды жүзеге асырып, Бөрлі ауданы және Ақсай қаласының әлеуметтік жағынан ең осал топтарының балаларына қол ұшын созды. Аталмыш қордың институционалдық және кәсіби дамуына елеулі үлесті КПО серіктесінің бірі - «Шелл» компаниясы қосты. Осы компанияның қаржылық қолдауы арқасында балардың шығармашылық дамуына бағытталған «Алтын үшбұрыш» әлеуметтік-коммерциялық жобасы жүзеге асырылды.

Нәтижелері: КПО-ның демеушілігі арқасында Ақсай қаласының № 3 мектебі жанында және Бөрлі ауданының Қанай, Кентубек, Бөрлі және Жарсуат ауылдары мектептерінде осал топтардағы балаларға арналған шығармашылық шеберханалар өз жұмыстарын жүргізуде. Бұл үйірмелерде балалар бейнелеу өнерінің негіздерімен танысып қана қоймай, хореграфияға, пішу-тігуге, тоқуға үйренеді, актерлік шеберлікке оқытылады, тілдесу және қатынасу дағдыларын шыңдайды. Бейнелеу өнері студиясы жобасы Бөрлі ауданының әкімшілігі, Маслихаты және білім беру бөлімі тарапынан зор қолдауға ие болды. 2016 жылдың нәтижелері бойынша «Жас дарын» қоғамдық қоры «Үздік әлеуметтік жоба» сайысында бас жүлдені иемденіп, еліміздің таңдаулы қорлары қатарына кірді.

Аяжан Ғұмардың үлгісі – таңқаларлық және мақтауға тұрарлық. Аяжан «Жас дарын» қоғамдық қорына балалардың милық салдануы диагнозымен төрт жасында алғаш келді. Ол адамның көмегінсіз өздігінен жүре алмаса да, басын ұстай алмаса да, сауығып кеткісі келді, сау болатынына сенді. «Жас дарында» өткізген 4 жыл ішінде Аяжан сурет салуды үйреніп қана қоймай, басын сенімді ұстап, өздігінен жүре алды, тіпті мектеп сабақтарына да бара алды. «Жас дарын» қоғамдық қорының қаражатына Аяжан 8 рет медициналық оңалтуға жіберілді. 800 мың теңгеге жуық көрсетілген медициналық көмекпен қатар, қайырымдылық шаралары кезінде қор Аяжанға мектеп керек-жарақтарын, киім-кешек, аяқ киім сатып алу арқылы қолдау көрсетіп келеді.

Өткен жылы КПО-ның қолдауымен «Жас дарын» қоғамдық қоры мереке-мейрамдарға ұштастырылған әртүрлі бағыттағы 30-дан астам шара өткізді. Соның ішінде, спорттық, патриоттық шаралар және шығармашылық шеберханаға қатысатын балалар еңбектерінің көрмелері.

# ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМҒА ДЕМЕУ

КПО компаниясы өнімді бөлісудің түпкілікті келісімінің (ӨБТК) 5-қосымшасына сәйкес әр жыл сайын Батыс Қазақстан облысы аймағында әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырып келеді.

Басқару жөніндегі бірлескен комитетінің шешіміне сәйкес 2010 жылдан бері КПО компаниясы Батыс Қазақстан облысындағы әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жылына 20 млн. АҚШ долларын бөлуде. 2014 жылдан 2016 жылға дейінгі мерзімде Басқару жөніндегі бірлескен комитет Бөрлі ауданының инфрақұрылымдық жобаларына қосымша 30 млн. АҚШ долларын (әр жылға 10 млн АҚШ доллары) бөлуге шешім қабылдады.

Әлеуметтік жобалар тізімі жыл сайын КПО және БҚО әкімдігі арасында облыстың әлеуметтік даму басымдылықтары негізінде келісіледі.

КПО бұл жобалардың жобалануы, сатып алу кезеңі, құрылыстың толық аяқталуы және кейінгі ҚР меншігіне өткізілуіне дейінгі барлық үдеріс үшін толықтай жауапты. Әлеуметтік жобалардың барлығы Қазақстандық мердігерлермен орындалуы тиіс. Жобаларды жыл аяғына дейін толық орындамаған жағдайда, игерілмеген қаржы келесі жылға өткізіледі.

2016 жылы аяқталған әлеуметтік жобалардың тізімі төмендегі 45 және 46-кестелерде көрсетілген.

**45-кесте. 2016 жылы КПО Орал қаласында жүзеге асырған инфрақұрылымдық жобалар**

| САЛА | ЖОБАНЫҢ АТЫ | СИПАТТАМАСЫ | ҚҰНЫ (МЛН. ТЕҢГЕ)* |
|---|---|---|---|
| Әлеуметтік және экономикалық даму | Орал қаласындағы жастар мен оқушылар сарайының құрылысы | Жастар мен оқушылар сарайы мектеп бағдарламасын үйлесімді толықтыратын білім беру және сауықтыру кешені. Мұнда әртүрлі шығармашылық және спорттық бағыттағы үйірмелер бар. | 3 371 |
| | Еуразия даңғылындағы екінші база аймағынан Достық даңғылына дейінгі ұзындығы 3 000 метр су құбыр желісі бөлігін күрделі жөндеу | Жоба Еуразия даңғылындағы көлік жолының астымен өтетін су құбыр желісінің бөлігін алмастыруды камтыды. Бұл құбыр желі қаланың орталығын сумен қамтамасыз етеді. | 525 |
| | Еуразия даңғылының (Мұхит атындағы көшеден екінші база аймағына дейін) автокөлік жолын (2800) күрделі жөндеу | Жоба Орал қаласының ең басты көшелерінің бірі - Еуразия даңғылындағы көлік жолының үстіңгі қабатын жаңартуды, жаяужолдарды жөндеуді қамтыды. | 747 |
| | Еуразия даңғылының кәріз коллекторы жүйесін екінші база аймағынан Петровский атындағы көшеге дейін қайта құру, ұзындығы 1 400 метр | Жоба Еуразия даңғылындағы көлік жолының астымен өтетін кәріз коллекторының бөлігін алмастыруды қамтыды. | 199,3 |
| | Орал қаласындағы Циолковский атындағы көшенің жолын Шолохов атындағы көшеден Әбілқайыр хан атындағы көшеге дейін орташа жөндеу | Жоба қалалық маңызы бар Циолковский атындағы көшенің көлік жолының үстіңгі қабатын жаңартуды, жаяужолдарды жөндеуді қамтыды. | 86 |
| | Орал қаласындағы Жыпиты мен Чкалов атындағы көшелерді (Шубин көшесінен Казталов көшесіне дейін) орташа жөндеу | Жоба қалалық маңызы бар Жымпиты және Чкалов атындағы көшелердің көлік жолының үстіңгі қабатын жаңартуды, жаяужолдарды жөндеуді қамтыды. | 71,4 |
| | Орал қаласының қалалық мәдениет саябағындағы Шаған өзенінің оң жағасын қайта құру (Кезең I) | Жоба ұзындығы 800 м көлік жолының үстіңгі қабатын жаңартуды және ұзындығы 2700 м вело жолды салуды қамтыды. Оған қосымша, болашақтағы даму ескеріліп, инженерлік желілер орнатылды. | 256,2 |



КПО Бас директоры музыкалық үйірме оқушыларымен бірге, Жастар мен оқушылар сарайы, желтоқсан 2016 ж.

**45 кесте жалғасы**

| САЛА | ЖОБАНЫҢ АТЫ | СИПАТТАМАСЫ | ҚҰНЫ (МЛН. ТЕҢГЕ)* |
|---|---|---|---|
| Спорт | Орал қаласында 3000 орындық футбол алаңын жобалау | Жоба 3000 көрерменге арналған және беті жоғары сапалы футбол алаңын жобалауды қамтиды. | 126,4 |
| Білім беру және оқыту | Орал қаласында кітапхананы жобалау | Жоба жаңа қалалық кітапхананың және облыстық мұрағат бөлмелерінің жобалануын қамтыды. | 167,4 |
| | Орал қаласындағы Шыңғырлау көшесі 7А-да орналасқан Ж. Молдағалиев атындағы №2 орта мектепті күрделі жөндеу | Жоба мектеп ғимаратын жөндеуді, соның ішінде сыртқы әрлеуді және кей бөлмелерді оқу үдерісіне қажетті жабдықпен қамтамасыз етуді қамтыды. | 445 |
| *ҚҚС есептелген | | Барлығы | 5 994,7 |

**46-кесте. 2016 жылы КПО Бөрлі және басқа да аудандарда жүзеге асырған әлеуметтік инфрақұрылымдық жобалар**

| САЛА | ЖОБАНЫҢ АТЫ | СИПАТТАМАСЫ | ҚҰНЫ (МЛН. ТЕҢГЕ)* |
|---|---|---|---|
| Әлеуметтік және экономикалық даму | Ақсай қаласының 5-ші және 4-ші ықшам аудандарын жылумен қамтамасыз ететін қазандық салу | Жоба Ақсай қаласының 5-ші және 4-ші ықшам аудандарын жылумен қамтамасыз ететін қазандық ғимаратын салуды және оны қажетті жылу жабдығымен қамтамасыз етуді қамтыды. | 1 517 |
| | Ақсай қаласының Деповская көшесі бойында жолдар салу, Линейная көшесінің көлік жолын күрделі жөндеу | Жоба қалалық көлік жолының үстіңгі қабатын жаңартуды, жаяужолдарды және қоршауларды жөндеуді, сондай-ақ қалалық инфрақұрылым элементтерін қалпына келтіруді қамтыды | 871 |
| | Ақсай қаласындағы Жамбыл көшесінің көлік жолын күрделі жөндеу | Жоба қалалық көлік жолының үстіңгі қабатын жаңартуды, жаяужолдарды және қоршауларды жөндеуді, сондай-ақ қалалық инфрақұрылым элементтерін қалпына келтіруді қамтыды | 434 |
| Спорт | Ақсай қаласының Сырым Датұлы көшесі бойындағы МКҚК "Сары Арқа" спорттық клубын" күрделі жөндеу | Жоба спорт клубы ғимаратын және бассейнді жөндеуді, клубты жаттығу жабдығымен қамтамасыз етуді қамтыды. | 245 |
| Білім беру және оқыту | Ұялы ауылындағы Шәкір Жексенбаев атындағы мектепті күрделі жөндеу | Жоба мектеп ғимаратын жөндеуді және мектептің су, жылу және электр жүйелерінің толық жұмыс істеуіне қажетті жабдықпен қамтамасыз етуді қамтыды. | 154 |
| | Бөрлі ауданында (БҚО, Бөрлі ауданы) 140 орындық бала бақшасын салу | Балалар бақшасы 140 орындық екі қабатты ғимарат ретінде жобаланды. Мұнда көлеңке шатыры және ойын жабдығы бар бірнеше ойын алаңдары және дене шынықтыру алаңы орнатылған. Ғимарат түгелдей жабдықталып, жиһазданып, қажетті материалдың барлығы орнатылып, толық аяқталған. | 483 |
| *ҚҚС есептелген | | Барлығы | 3 704 |





# ЖАБДЫҚТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ G4-12

Қарашығанақ кен орынына үздік тауарлардың, қызметтердің және жұмыстардың жеткізілуін қамтамасыз ету мақсатында біз Қазақстандағы және бүкіл дүниежүзіндегі көптеген мердігерлік ұйымдармен, сатушылармен және серіктестермен өзара әрекеттесеміз. Қызметіміздің Батыс Қазақстан аймағына әсерін мойындаймыз және жергілікті қатысымды дамыту мен жабдықтау мүмкіндіктері арқылы жергілікті тұрақты даму мақсаттарына үлесімізді қосамыз.

КПО-ның тауарлар мен қызметтерді сатып алу саласындағы әрекеттері бекітілген тендерлік процедураларға және ӨБТК талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Төмендегі сызбада көрсетілгендей, сатып алулар бәсекелестік, әділдік және құпиялылық қағидаттарының сақталуы қарастырылған тендерлік сауда-саттық жүргізу арқылы бәсекелестік негізде өткізіледі.

Қарашығанақ кен орнында құрылыс, бұрғылау операцияларын, тасымалдау және техникалық қызмет көрсету әрекеттерін қамтитын негізгі жұмыс пен қызмет түрлерін орындауға біз көптеген мердігерлерді жұмысқа тартамыз.

Қарашығанақ кен орнын игеруді бастау уақытынан 2016 жылдың соңына дейінгі аралықта КПО-ның жеткізушілер туралы мәліметтер базасында 8 000-нан астам ықтимал тауар, жұмыс және қызмет түрін жеткізуші тіркелген. Жалпы, 2016 жылы 400-ден астам компания тіркеліп, 450-ден астам компания этикалық жағынан сәйкестік сараптамасынан өтті.

2016 жылдың қорытындысы бойынша келісімшарттар мен оған қосымшалар 599 жеткізушіге ұсынылып, олардың 360 (60%) – жергілікті жеткізуші (Қазақстан Республикасында тіркелген), ал 239 (40%) – шетелдік компаниялар.




Сатып алуды жоспарлау үдерісі шығындар мен қаражатты үнемдеуге, қорлардың мақсатты көрсеткіштері мен сапаға қатысты нақты шаралардың бағдарламалық жобалануын қамтиды. Келісімшарттық бағдарлама тиісті ережелер мен саясаттарды сақтай отырып, КПО тұтынушы бөлімдерінің сатып алу қажеттіліктерін тиімді қанағаттандыруды қамтамасыз ететін қажетті әрекеттерді анықтауға бағытталған.

Жеткізушілер мәселелерін басқару жүйесі КПО-ның этикалық қағидаларына, жергілікті қамту және қаржылық тұрақтылық саласындағы талаптарына сәйкес келісімшарттық жұмыс пен сатып алуларды жүзеге асыруды көздейді.

Өтінім беру үдерісі тұтынушы бөлімнің келісімшарттық жұмыс және сатып алулар бөліміне тауарлар және/немесе жұмыстар және/немесе қызметтер алу мақсатында сатып алу әрекетін бастау жөнінде сұраным жіберуден басталады.

Тендер жүргізу және келісімшарт беру кезеңі өтініштерді дайындау, тиісті жеткізушілерді анықтау және тендерге шақыру, түскен ұсыныстарға талдау жасау, сондай-ақ келісімшарт беру және жасау сатыларын қамтиды.

Содан соң, келісімшартты басқару және әкімшілік ету үдерісінде келісімшарт бойынша рөлдер мен орындауға жауапты жақтар, соның ішіне келісімшартты ұстаушы, келісімшарт бойынша әкімшілік жасау маманы және КПО келісімшарттық жұмыс және сатып алулар бөлімінің қатысушылары анықталады.

Мердігер жұмысы бойынша білдірілетін соңғы пікірде оның келісімшарттық міндеттерін орындауына, оның ішінде көрсетілген қызметтер сапасына, саудалық басқаруына, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ аясында КПО-мен өзара әрекеттестігіне және тағы басқа қасиеттеріне баға беріледі. Бұл талдау жеткізушінің біліктілік деңгейін жаңартуға және қайта қарауға мүмкіндік береді.

**29-сызба. 2016 жылы КПО жеткізушілері, түрлері бойынша**




Сонымен қатар, КПО 136 млн. астам АҚШ долларына тауарларды жеткізуге 890 жаңа келісімшарт пен оған қосымшалар және 450 млн. астам АҚШ долларына қызмет көрсетуге 240 жаңа келісімшарт пен оған қосымшалар жасады.

2016 жылы КПО 136 млн-нан астам АҚШ долларына жаңа 890 тауарлар жеткізу келісімшартын, 450 млн-нан астам АҚШ долларына жаңа 240 қызметтер көрсету келісімшартын жасады.

2016 жылы қызмет көрсету бойынша келісімшарттың басым көпшілігі, жоғарыда аталып өткендей, Қазақстан Республикасында тіркелген компаниялармен жасалынды. Сонымен бірге, тауарлар мен қызмет көрсету бойынша келісімшарт жасалынған мемлекеттер саны көп. Оған Қазақстаннан басқа Италия, Ұлыбритания, Франция, Венгрия, Германия, БАӘ, Ресей, АҚШ, Нидерланд, Чех Республикасы кіреді.

29-сызбасында жеткізушілердің қамтамасыз ету жақтарының түрлері бойынша жіктелуі көрсетілген.

# ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМЫТУ G4-EC8

КПО Қарашығанақ бойынша серіктестерінің Қазақстанда бизнес жүргізу үшін сатып алатын жалпы жергілікті тауар, жұмыс және қызмет үлесін арттырып, импортты азайтуды мақсат ететін қазақстандық қамтуды дамыту бағытында белсенді қызмет етіп келеді.

КПО-ның жергілікті қамтуды дамыту саясаты келесі мақсаттарды орындау арқылы Батыс Қазақстан аймағында және бүкіл елде бизнесті қолдауды көздейді:

- Жаңа жұмыс орындарын құруды және технологиялармен бөлісуді қамтамасыз ету үшін бірлескен кәсіпорындарды құруда қолдау көрсету;
- Қазақстандағы жабдықтар мен материалдардың жаңа түрлерін өндіруді дамытуда жәрдемдесу;
- Жобалау, құрылыс және өндіріс саласында жұмыс орындарын құру;
- КПО компаниясына қажетті жергілікті тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы толық ақпаратты анықтап, жеткізілімдерді қамтамасыз ету («Қазақстандық тендерлер»);
- Қазақстандық қызметкерлерді оқыту мен біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;
- Қазақстандық реттеуші органдармен және салалық қауымдастықтармен қазақстандық қамту мәселелері бойынша тығыз қарым-қатынас құру.

ӨБТК ережелері мен шарттарына және жергілікті қамтуды дамыту саясатына сәйкес, КПО өз өндірісінде жергілікті үлесті барынша көбейтуге бар күшін салуда.

КПО-ның жергілікті қамтуды дамыту саясатының алға қойған негізгі мақсаттары:

- Қарашығанақ кен орны дамуының қазіргі кезеңінде де, болашақ кеңейту жобаларында да жергілікті қамтудың үлесін арттырып, осылайша Батыс Қазақстан облысы мен жалпы Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға да септігін тигізу;
- Қарашығанақ кен орны КПО дамуының қазіргі кезеңінде және кеңейту жобаларын жүзеге асыру барысында өзара тиімді жағдайларды жасау мақсатында мұнай-газ секторындағы отандық өндірістік қуаттарды дамыту;
- Қазақстандық персоналды дамыту және ұзақ мерзімді тапсырыстар пайдасына жергілікті жеткізушілердің әлеуетін арттыру жолымен салауатты бәсекелестік ортаны құру;
- Өндірістік шығындарды оңтайландыру, жергіліктендіру мен импортты алмастыру арқылы логистиканы және сатып алуды қолдауды жетілдіру.

2016 жылы КПО 2016-2017 жылдарға арналған жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасын әзірлеп, оны жүзеге асыра бастады: бағдарламаның қарқынды орындалуы қазірдің өзінде жемісін алып келуде. 2016 жылы Қарашығанақ жобасында қазақстандық қамтудың үлесі төмендегі сызбада көрсетілгендей 51,6%-ды (530 млн. АҚШ долларын) құрады. G4-EC9

**30-сызба. 2014-2016 жылдары КПО жалпы шығыны көлеміндегі жергілікті қатысымның үлесі, млн АҚШ доллары**




Жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасына сай, сонымен қатар мемлекеттік және арнайы салалық даму бағдарламаларын қолдау мақсатында КПО бірнеше ұзақ мерзімді жобалар мен бастамаларды жүзеге асырады. 2016 жылы компания 2016-2017 жылдарға арналған жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасы аясындағы қазіргі уақытта қолданыстағы келесідей келісімдерге сәйкес шараларды орындауды жалғастырды:

- 2012 жылы қыркүйек айында «Теңізшевройл», «Норт Каспиан Оперейтинг Компани» (НКОК) және «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясымен бірлесіп жасасқан Ақтау декларациясы;
- Ұлттық өнеркәсіпті дамыту бойынша 2014 шілде айында КПО, «PSA», «КазЭнерджи» қауымдастығы қол қойған Түсіністік туралы меморандум;
- 2015 жылдың желтоқсан айында Қарағанды облысы әкімшілігімен жасасқан Түсіністік туралы меморандум.

Аймақаралық өзара әрекеттестік шеңберінде 2016 жылы КПО басшылығы отандық өндірушілердің, соның ішінде бірінші кезекте, мұнай кен орындарына қызмет көрсетуші компанияларының және машина жасау кәсіпорындарының мүмкіндіктерімен танысу мақсатында бес қазақстандық өңірдің өкілдерімен бірқатар кездесулер өткізді.



2016 жылы орын алған бірқатар маңызды оқиғаларды атап өтсек:

- Мемлекет өкілдерінің, жетекші халықаралық ұйымдардың, даму институттарының, дипломатиялық мекемелердің, бұқаралық ақпарат құралдарының және іскерлік қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен өткен «Қазақстан: жаңа инвестициялық мүмкіндіктер» конференциясы аясында үздік шетелдік инвесторларды марапаттау рәсімінде КПО «Қазақстан: жергілікті қамтуды дамытудағы инвестициялық белсенділік үшін» номинациясы бойынша марапатқа ие болды.
- 2016 жылдың 13 қазанында Ақтау қаласында мұнай-газ өнеркәсібі саласында «Тенарис глобал сервисез» компанисының премиум санатты қосылыстарды ою зауыты іске қосылды. 2014 жылдың шілде айында КПО мен Тенарис глобал сервисез арасында жасалған шарт бойынша іске асырылған зауыт жобасы үшін инвестициялар көлемі 40 млн. АҚШ долларын құрап, 40-тан астам жұмыс орны ашылды.Зауыттың өнімдері КПО-ға ғана емес, өзге де ірі мұнай-газ жобаларына жеткізілетінін айта кеткен жөн. Зауыт өнімі Каспий аймағындағы геологиялық барлау нысандарының көптеген ұңғымаларына қажетті премиалдық қосылыстары бар құбырларға сұраныстың 90% -ын қанағаттандырады.
- 2016 жылдың қараша айында Астана қаласында өткен «Ұлы дала елі» қазақстандық тауар өндірушілерінің ІІ форумы шеңберінде КПО «Сенімді серіктес» номинациясы бойынша марапатқа ие болды.

2016 жылы КПО болашақ КӨК өндірістік шектеулерді жою жобасына жергілікті қамтуды дамытудың негізін қалады. Оны жүзеге асыру Қазақстанға жаңа инвестициялар тарту, Қарашығанақ кен орнында сұйық көмірсутектерін өндіруді кеңейту және қосымша жұмыс орындарын құру мүмкіндігін береді. 2016 жылдың желтоқсанында КПО КӨК өндірістік шектеулерді жою жобасы шеңберінде жергілікті қамту стратегиясы және шаралар жоспары бойынша мүдделі тараптардың барлығының келісімін алып, оны іске асыруға кірісті. Стратегияда қазақстандық үлесті дамытудың мақсаттары мен механизмдері, жобаның жұмыс көрсеткіштері және қазақстандық өндірушілер мен бірлескен кәсіпорындардың сатып алу негіздері қарастырылған.




«Қазақстан Республикасындағы жергілікті қамтуды дамытудағы инвестициялық белсенділік үшін» номинациясы бойынша КПО марапаты

Осыған ұқсас жергілікті қамту стратегиялары мен жоспарлары басқа да мүдделі тараптармен келісіліп жатқан кеңейту жобалары үшін әзірленген.

Есепті 2016 жылы Компания тауар, материалдар және қызметті орталықтандыру бойынша айтарлықтай жұмыс жүргізді, оның ішінде.

- 2016 жылдың мамыр айында қазақстандық компаниялар үшін ҚӨК өндірістік шектеулерді алу жобасына арналған семинар өткізді. Семинар барысында жергілікті тауар өдірушілері мен қызмет жеткізушілеріне ҚӨК өндірістік шектеулерді алу жобасы аясында жоспарланған жұмыс көлемін, сонымен қатар КПО-ның сатып алу, біліктілікті алдын-ала тексеру бойынша және жергілікті қамтуға қойылатын талаптар туралы ақпарат берілді;
- «WestKazInvest-2016» халықаралық инвестициялық форумы шеңберінде 2016 жылдың қыркүйегінде Орал қаласында «Батыс Қазақстан облысында бірлескен кәсіпорындар мен жаңа өндірістер құру арқылы шетелдік инвестицияларды тарту» жобасының сессиясы өтті. Сессия БҚО әкімдігінің және Ұлыбританияның халықаралық сауда департаментінің қолдауымен өткізілді;
- Ұңғыма операцияларының жол картасы шеңберіндегі бұрғылау бойынша жергіліктендіру жобасы және оған қатысты жұмыстар аяқталу кезеңінде болды (№5 үлгіні қараңыз);
- АВВ (Швейцария) компаниясының «Урал Электрик» ЖШС-не АВВ брендімен электр жабдығын Орал қаласында өндіруге арналған технологияны тапсыруға өз үлесін қосты. 150-ге жуық жаңа жұмыс орындарының ашылуы жоспарлануда (№6 үлгі);
- Қазақстан Республикасындағы халықаралық стандарттарға сәйкес метал құрылымдарын өндіру бойынша британдық Уильям Хейр және «АтырауНефтеМаш» ЖШС арасындағы серіктестікті құруда көмек көрсетіледі (№6 үлгі);
- IEC 60079 стандартына сәйкес жарылысқа төзімді жабдықпен жұмыс істеу бойынша қызметкерлерді оқыту қызметі жергіліктендірілді;
- Атырау терминалының және Үлкен Шаған нысанының өндірістік қажеттіліктері үшін көше энергиясын тиімді жарықтандыру құрылғыларын өндіруге сынамалы тапсырыс берілді.

Компания жергілікті тауарлар мен қызметтерді жеткізушілерді дамытуға өз үлесін қосып, жергілікті өндіруші компанияларды қолдау мақсатында бірқатар жобаларды жүзеге асырады. Бұл жобалар шетелдік және отандық тауар өндірушілері арасында бірлескен қарым-қатынас орнатуға бағытталып, оларға Қазақстан экономикасының индустриялық секторын одан әрі нығайту үшін озық технологияларды енгізуге және көшіруге мүмкіндік береді.

Осындай жобалардың үлгілері төменде көрсетіледі.



"ҚӨК бойынша өндірістік шектеулерді алу" жобасына арналған танысу семинарында, мамыр 2016 ж.





## СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ №4 (2015 жылдан бері жалғасып келеді): ҰЛТТЫҚ ӨНДІРІСТІ ДАМЫТУ БОЙЫНША ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА СӘЙКЕС ЕРТЕ ТЕНДЕРЛЕРДІ ЖӘНЕ СЫНАМА ТАПСЫРЫСТАРДЫ ӨТКІЗУ

Мақсаты: ҚАРАШЫҒАНАҚТА ЖАҢА НЫСАНДАРДЫ ҚҰРУ НЕМЕСЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ НЫСАНДАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ АРҚЫЛЫ ЖАҢА ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ДАМЫТУҒА ҮЛЕС ҚОСУ.

**Шешімі:** 2014 жылдың шілдесінде КПО, ЖШС «PSA» және «КазЭнерджи» қауымдастығы ҚР Үкіметінің өндірістік және сервистік кластерлерді дамыту бойынша бастамаларын қолдау үшін және Қарашығанақты болашақта кеңейту жобаларымен байланысты қажеттіліктердің ықтимал өсуін ескере отырып, отандық өнеркәсіпті дамытуға қатысты өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Бұл ынтымақтастық қарым-қатынас КПО жобаларының ерте кезеңдерінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді анықтау, олардың кластерлерін құру және жергілікті жабдықтаушылар арасында ерте тендер өткізу және/немесе сынама тапсырыс бастауға бағытталған. Бұл әдіс жергілікті мүдделі жеткізушілерге Қазақстан аймағында жаңа тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді дайындап жетілдіруге қажетті уақыт пен мүмкіндіктер ұсынады.

**Қорытынды:** Түсіністік туралы меморандумның тарапынан құрылған жұмыс тобы жергіліктендіріле алынатын тауарлардың, жұмыстардың және сонымен қатар КПО-ға жеткізілуі ұзақ уақыт алатын жабдық тізімін ерте тендерлер және/немесе сынама тапсырыстар бастау үшін айқындап алды. Анықталған 15 тауар, жұмыс және қызметтер үшке бөлінді: қысқа, орташа және ұзақ мерзімді. Ерте тендерлер және/немесе сынама тапсырыстар үшін міндетті талаптар болып тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді Қазақстанда өндіру есептеледі.

2015 жылы КПО 1-топтама бойынша жұмыстар бастады. Ықтимал жеткізушілер - жергілікті компанияларға ерте тендер мен сынама тапсырыстарға қатысу бойынша қолдау көрсету үшін, КПО оларға Түсіністік туралы меморандум мақсатын, ерте тендерлер және сынама тапсырыстардың қағидаларын және КПО-ның тауарлар мен материалдардың әрбір түріне қоятын талаптарын түсіндіру жиналыстарын өткізді.

2016 жылы 1-топтама (тауар, жұмыс және қызмет) шеңберінде КПО келесі жобалар бойынша жұмыс істеді:

- Өрт қауіпсіздігі жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) ұсыну бойынша тендерлер басталды;
- БҚО машина жасау кәсіпорындары арасында өткізілген халықаралық стандарттарға сәйкес дайындалған қоршаулар жасау үшін ерте тендерлер нәтижесі бойынша ЖШС «УральскАгроРемМаш» зауытымен келісімшарт жасалды.
- Қазақстандық ЖШС «Жігермұнайсервис» дайындаған бұрғылау қашауын сынау және сынамалы сатып алу. Екі бұрғылау қашауын сынақтан өткізудің оң нәтижесі бойынша қазақстандық бұрғылау қондырғыларын дайындау және жеткізуге арналған ұзақ мерзімді келісімшарт ұсыну жоспарлануда.
- Қазақстанда әртүрлі отандық өндірушілермен жасалған барит КПО талаптарына сәйкестік бойынша зертханалық сынақтан өтті. Бұрғылау ерітіндісін жеткізетін мердігер арқылы КПО отандық баритті сатып ала бастады.
- Америкалық мұнай институтының техникалық шарттарына жауап беретін мұнай цементін өндіре алатын қазақстандық цемент зауыттарының мүмкіндіктері зерттелді. Қазақстандағы ірі цемент зауытын жоспарлы жетілдіру жұмыстарына байланысты қазақстандық мұнай ұңғымалық цементін сынау және сатып алу ықтималдылығы бойынша жұмыстар 2017 жылға қалдырылды.

2016 жылдың желтоқсанында Түсіністік туралы Меморандумының аясында құрылған Жұмыс тобы 2-топтамада көрсетілген алты тауар, жұмыс және қызмет түрін енгізуді мақұлдады.

## СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ №5
(2015 жылдан бері жалғасып келеді)
## ҰҢҒЫМАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ЖОЛ КАРТАСЫ БАСТАМАСЫ

Мақсаты: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕРДІГЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ҰҢҒЫМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ҚЫЗМЕТТЕРІ БОЙЫНША СЕРІКТЕСТІКТІ ҚҰРЫП, КПО-НЫҢ ҰҢҒЫМАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛЕСТІ ДАМЫТУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ.

Шешімі: Тендер алды кезеңде таңдалған әртүрлі қызметтер үшін бірлескен кәсіпорын құру мақсатында ұңғымалық операцияларға қызмет көрсететін бірнеше халықаралық компания шақырылса, жергілікті қамтуды дамыту және ұңғымалық операциялар бойынша технологиялардың қазақстандық жақпен қабылдануы үшін қазақстандық компаниялардың қатысуы міндетті шарт еді.

Қорытынды: 2016 жылы КПО отандық мұнай сервистік компанияларының қатысуымен бірлескен кәсіпорындарды құруды міндетті талап ретінде қарастырған мынандай ұңғымаларды пайдалану қызметтерін ұсынды.

- ұңғымаларға айдау үшін пайдаланылатын бұрғылау ерітінділерін өндіру;
- ұңғымаларды қалыпты сынау және тазарту,
- иілгіш сорғылы компрессорлық құбырлар бойынша қызмет көрсету;
- құбырларды дренаждау;
- газды кәдеге жарату.

Бұл стратегия ұңғымаларды пайдалану қызметтерін ұсыну бойынша тендерлік сауда-саттыққа қатысу үшін қазақстандық және халықаралық компаниялар арасында бірлескен кәсіпорындар құруға бастама болды. 2016 жылдың соңы мен 2017 жылдың басында жол картасы шеңберіндегі тендерлер қорытындысы бойынша 3 бірлескен кәсіпорынға жалпы сомасы 137 млн. АҚШ доллары болатын бес келісімшарт ұсынылды.

2017 жылы КПО қазақстандық мұнай-газ сервистік компаниялардың қатысуымен БК құруды міндетті шарт ретінде талап ету арқылы жер бұрғылау қондырғыларын жеткізу бойынша тендер өткізуді жоспарлады.

## СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ №6:
## ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН БӨЛІСУДІ ҚОЛДАУ БАСТАМАСЫ

Мақсаты: АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖАҢА ТАУАРЛАР МЕН ЖАБДЫҚТАРДЫ ӨНДІРУГЕ ҮЛЕС ҚОСУ.

Шешімі: 2016 жылы Қарашығанақ кен орнын кеңейту жобаларына қажетті металл құрылымдарын және электр жабдықтарын Қазақстан Республикасы аймағында өндіруді жергіліктендіруді көздеген 2015 жылы өткізілген кейбір жұмыс семинарларының қорытындысы бойынша КПО технологиялармен бөлісу және екі жобаға серіктестік орнатуға ықпал етті.

Қорытынды: Металл құрылымдарын өндіру бойынша семинардан кейін КПО Қарашығанақты кеңейту жобаларының қажеттіліктері үшін Қазақстандағы металл конструкцияларын өндіру үшін Уильям Хейр (Ұлыбритания) мен ЖШС «АтырауНефтеМаш» арасындағы әріптестікті құруға көмектесті. 2016 жылдың наурыз айында КПО Қазақстандағы металл құрылымдарын өндіру бойынша қуаттарды жетілдіру үшін Уильям Хейр-«Атырау НефтеМаш» серіктестігімен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Қазақстанда электр жабдықтарын өндіруді жүзеге асыруға қатысты семинардың қорытындысы бойынша 2016 жылы әлемдік деңгейдегі электр жабдығының өндірудің жетекші «АВВ» (Швейцария) компаниясының «Урал Электрик» ЖШС-не АВВ бренді бойынша орташа және төмен вольтты электр жабдықтарын өндіруді бастау үшін технологияларды тапсыру туралы келісімге қол қою үдерісіне КПО өз септігін тигізді. Жоба Қазақстан Республикасы экономикасының мұнай және газ өнеркәсібіне және басқа да салаларына, соның ішінде инженерлік іске электр жабдықтарын қамтамасыз етуге, сондай-ақ экспортқа бағытталған өнімдерді алуға мүмкіндік береді.

Ақтау декларациясының шеңберінде Қазақстандағы негізгі мұнай және газ операторлары – «Теңізшевройл», «Норт Каспиан Оперейтинг Компани», КПО және «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы бірлескен іс-қимылдары шеңберінде ең үздік 10 тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді одан әрі орталықтандыру 2016 жылы жалғасты. Тауарлар, жұмыс және қызметтердің 10 негізгі түрлерінің іске асырылуы оларды орталықтандыру бойынша КПО-ның басқа да бастамаларына сәйкес келетінін айта кеткен жөн, мысалы: Ұңғымалық операциялар бөлімінің Жол картасы бастамасы, «Тенарис» зауытының іске қосылуы, электр жабдықтарын шығару технологиясын қазақстандық компаниялармен бөлісу және т.б.

Бұдан басқа, ҚР Энергетика министрлігінің бастамасы бойынша 2016 жылдың ақпан айында КПО «Алаш» жеткізушілердің бірыңғай деректер қорын іске қосты, бұл жүйе нарықты зерттеу және сайыстарға шақыру үшін жеткізушілерді табудың негізгі көздерінің бірі болып табылады.





## БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫН ЭЛЕКТР ҚУАТ ҚОРЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

КПО-ның электр қуатын өндіруі және Батыс Қазақстан аймағына жеткізуі Қарашығанақ кен орнының негізгі және алғашқы қажеттіліктерін қамтамасыз етумен қосымша жүргізіледі.

КПО-ның газ турбиналы электр станциясында 4 генератор іске қосылған: олардың үшеуі қос отынмен (газ-дизель), ал біреуі тек газбен жұмыс істейді.

КПО ГТЭС-да өндірілген электр қуатын ішкі нысандарға – ҚӨК, ГКДҚ-2, ГКДҚ-3, жинақтау жүйесі, эко орталық және Пилот қалашығына, сонымен қатар, электр энергиясын жеткізуші ұйымдарға: «Ақсайэнерго» ЖШС және «Батыс Энергоресурстары» ЖШС-не жібереді. Бұл ұйымдар, өз кезегінде, электр қуатымен БҚО тұтынушыларын қамтамасыз етеді.

2016 жыл ішінде КПО аймақтық желіге 40-45 МВт электр қуатын жеткізді. 2014-2016 жылдар аралығындағы КПО-ның отын газын және электр қуатын жеткізу көлемі № 47-кестеде берілген.

**47-кесте. КПО-ның отын газын және электр қуатын жеткізу көлемі, 2014-2016 жж.**

| СИПАТТАМАСЫ | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|
| БҚО-на жеткізілген электр қуаты, ГВт-сағ, соның ішінде: | 345,5 | 233,94 | 294,1 |
| – «Ақсайэнерго» ЖШС-іне | 40,8 | 29,62 | 35,49 |
| – «БатысЭнергоресурстары» ЖШС-іне | 304,7 | 204,32 | 258,61 |
| Батыс Қазақстан облысы үшін электр энергиясын өндіруге отын газын пайдалану, млн.м3, оның ішінде: | 115,8 | 76,199 | 98,064 |
| – Батыс Қазақстан облысы үшін ГТЭС-да электр энергиясын өндіруге өз газын сату | 114,3 | 68,05 | 50,808 |
| – Батыс Қазақстан облысы үшін ГТЭС-да электр энергиясын өндіруге арналған үшінші тараптан жеткізушісінен сатып алу | 1,5 | 8,147 | 47,256 |

2015 жылмен салыстырғанда, 2016 жылдағы Батыс Қазақстан облысына жеткізілетін электр қуаты көлемі өсті. Мұндай жетістік ГТГ №3 іске қосу арқасында мүмкін болды.

БҚО-на арналған электр қуатының барлығы КПО газы арқылы өндірілмегендігін айта кеткен жөн: КПО қондырғыларындағы шектеулерге байланысты облысқа арналған электр қуатының біл бөлігі сыртқы жеткізушісінің газымен өндірілді. БҚО қажеттіліктері үшін электр қуаты өндірісіне пайдаланылатын КПО отын газының 2016 жылдағы көлемінің төмендігі осымен байланысты.

2014 жылғы (133-бет) және 2015 жылғы (100-бет) тұрақты даму есептерінде КПО-ның облыстық электр қуаты желілерін жетілдіру жобасын қаржыландыруы және жобаны жүзеге асыру кезеңдері сипатталған болатын. Бұл жоба бойынша «Батыс Қазақстан Электр желілерін таратушы компаниясы» АҚ (БҚ ЭЖТК) 110-кВ төрт әуе желілерін және ҚӨК ГТЭС мен «Пойма» аралық станцисы арасындағы төрт қосалқы станциялардың жабдықтарын жаңартты, әуе желілеріне қосымша элементтер орнатылды, сондай-ақ қосалқы станциялардың ескірген жабдығының бір бөлігі және қауіпсіздік құрылғылары жаңартылды.

2016 жылы атқарылған жұмыстар нәтижесінде, БҚ ЭЖТК желілерінің газды алауда жоспарланбаған жағулардың көлеміне кері әсері күрт төмендеді. Алдыңғы жылдары БҚ ЭЖТК салдарынан бірнеше қайтара болып тұрған кеніштің апаттық тоқталысы өткен жыл ішінде бірде-бір рет орын алған жоқ.

2016 жылдың мамыр айындағы кен орны нысандарының жоспарлы жөндеу жұмыстары кезінде ГТЭС-да газбен қамтамасыз ету жүйесіне, тарату құрылғыларына және 110/35/6кВ трансформаторларына техникалық қызмет көрсету бойынша шұғыл жұмыстар жүргізілді.

Сонымен қатар, «Ақсайгазпроэнерго» АҚ-мен бірге кен орны аймағында қолданыстағы желілердің беріктігін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, КПО компаниясы қолдауымен «Ақсайгазпроэнерго» АҚ-ы ВЛ-137 әуе желісіне қосымша сегіз (8) тіреу орнатты.

# GRI КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ КЕСТЕСІ

## GRI ЕСЕПТІЛІГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ КЕСТЕСІ

КПО-ның 2016 жылға арналған тұрақты даму туралы есебі GRI есептілігі бойынша G4 жаһандық бастамасы нұсқаулығының «негізгі» нұсқасының талаптарына сәйкес келеді. Төменде берілген кестеде «негізгі» нұсқа бойынша ашылған индикаторлар түрлері берілген.

| ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАЛПЫ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ | | | |
|---|---|---|---|
| ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАЛПЫ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ | GRI ИНДИКАТОРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ | БЕТІ / ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР | СЫРТҚЫ РАСТАУ |
| СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ТАЛДАУ | | | |
| G4-1 | Ұйым үшін тұрақты дамудың мәні және тұрақты даму мәселелерін шешу кезінде ұйым қолданатын стратегиялар туралы ұйымда шешім қабылдайтын жоғары басшының (мысалы, бас атқарушы директордың, басқарма төрағасының немесе жоғарғы буындағы осы лауазымға баламалы атқарушы басшының) мәлімдемесі | Бас директордың алғысөзі (5-7 -ші бет) | ✔ |
| G4-2 | Негізгі ықпалдардың, қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктердің сипаттамасы | Қауіп-қатерді басқару (22-ші бет), Бас директордың алғысөзі (5-7-ші бет) | ✔ |
| ҰЙЫМНЫҢ ПРОФИЛІ | | | |
| G4-3 | Ұйымның атауы | Есептің аясы мен қамту шегі (3-ші бет) | ✔ |
| G4-4 | Негізгі брендтер, өнім және/немесе қызмет түрлері | Біздің өнімдер және экспорттық бағыттар (15-ші бет), 2016 жылдағы өндірістік қызметтер (16-ші бет) | ✔ |
| G4-5 | Ұйымның штаб-пәтерінің орналасқан жері | Кері байланыс (мұқабаның артқы беті), Өндірістік қызметтерге шолу (14-ші бет) | ✔ |
| G4-6 | Ұйым қызмет атқаратын мемлекеттердің саны | Өндірістік қызметтерге шолу (14-15-ші бет) | ✔ |
| | Негізгі қызмет атқарылатын немесе есепте қамтылған тұрақты даму мәселелері тұрғысынан айрықша маңызды елдердің атауы | Өндірістік қызметтерге шолу (14-15-ші бет) | ✔ |
| G4-7 | Меншік сипаты және ұйымдық-құқықтық форма | Басшылық ету және басқару жүйелері (20-21-ші бет) | ✔ |
| G4-8 | Ұйым жұмыс істейтін нарықтар (оның ішінде географиялық топтастыру, қызмет көрсетілетін салалар, сонымен бірге тұтынушылар мен бенефициарлар санаттары) | Біздің өнімдер және экспорттық бағыттар (15-ші бет) | ✔ |





| ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАЛПЫ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ | | | |
|---|---|---|---|
| ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАЛПЫ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ | GRI ИНДИКАТОРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ | БЕТІ / ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР | СЫРТҚЫ РАСТАУ |
| ҰЙЫМНЫҢ ПРОФИЛІ | | | |
| G4-9 | Ұйым ауқымы, оның ішінде: Қызметкерлердің жалпы саны | Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту (54-ші бет) | ✔ |
| | Бөлімшелердің жалпы саны | КПО өндірістік нысандары (14-ші бет), 2014 жылғы Қарашығанақ кен орнындағы өндірістік нысандар (12-15-ші бет Қарашығанақтағы тұрақты даму туралы есеп 2014) | ✔ |
| | Таза сатылым (жеке меншік сектордағы ұйымдарға) немесе таза табыс (мемлекеттік сектордағы ұйымдарға) | ӨБАК бойынша құпиялық шектеуге байланысты жарияланбайды қолданылмайды | ✔ |
| | Қарыз және жеке капиталға бөлінген жалпы капитал (жеке меншік сектордағы ұйымдарға); және | Қолданылмайды | ✔ |
| | Жеткізілетін өнімдер мен қызметтердің көлемі | 2016 жылдағы өндірістік қызметтер (16-ші бет) | ✔ |
| G4-10 | Жұмысқа алу туралы келісімшарт пен жынысына қарай бөлінген қызметкерлердің жалпы саны | Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту (54-ші бет) | ✔ |
| | Жұмыс бастылығы мен жынысына қарай бөлінген тұрақты қызметкерлердің жалпы саны | Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту (54-ші бет) | ✔ |
| | Штаттағы және штаттан тыс, сонымен бірге жынысына қарай бөлінген жұмыс күшінің жалпы саны | Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту (54-ші бет) | ✔ |
| | Аймақ және жынысы бойынша бөлінген жұмыс күшінің жалпы саны | Қызметкерлерімізді кәсіби дамыту (63-ші бет) 11-сызба. Жыныстық белгі бойынша КПО-ның қызметкерелер саны, 2014-2016 жж. (54-ші бет) | ✔ |
| | Ұйым жұмыстарының белгілі бір үлесін заңды түрде жеке еңбекпен айналысатын немесе кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалар немесе мердігерлердің штаттағы және штаттан тыс қызметкерлерін қосқанда штаттағы және штаттан тыс қызметкерлерден басқа тұлғалар атқарады ма | Жоқ | ✔ |
| | Жұмыс істейтін тұлғалар санының кез- келген айтарлықтай өзгеруі (мысалы,туризмге немесе ауыл шаруашылығына байланысты маусымдық өзгерістер) | Қолданылмайды | ✔ |

## ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАЛПЫ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

| ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАЛПЫ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ | GRI ИНДИКАТОРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ | БЕТІ / ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР | СЫРТҚЫ РАСТАУ |
|---|---|---|---|
| **ҰЙЫМНЫҢ ПРОФИЛІ** | | | |
| G4-11 | Ұжымдық келісім-шартпен қамтылған барлық қызметкерлер пайызы | Қызметкерлермен қарым-қатынас (61-ші бет) | ✔ |
| G4-12 | Ұйымға жеткізу тізбектерінің сипаттамасы | Жабдықтауды ұйымдастыру жүйесі (105-ші бет) | ✔ |
| G4-13 | Есептік мерзім ішінде болған ұйымның немесе оның жеткізу тізбектерінің ауқымындағы, құрылымындағы немесе меншігіндегі айтарлықтай өзгерістер | Айтарлықтай өзгерістер болған жоқ | ✔ |
| G4-14 | Ұйым сақтық қағидаттарын қолданады ма және қалай қолданатынын түсіндіру | 2016 мен 2017 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспары (34-37-ші бет), Өндіріс тұтастығын басқару (42-46-шы бет), ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карталар бағдарламасы (38-39-шы бет), Апатқа әрекет ету және Азаматтық қорғаныс (39-40-шы бет), Тұрғындар дайындығы (40-41-ші бет) | ✔ |
| G4-15 | Ұйым қосылған немесе қолдайтын сыртқы тараптар дайындаған экономикалық, экологиялық және әлеуметтік хартиялар, қағидаттар және басқа да бастамалар | 2013 жылға арналған Тұрақты даму туралы есептің Қоғамдастықпен қатынастағы стратегиялық көзқарас (72-ші бет) | ✔ |
